ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ

ЖӘҢГІР ХАН АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН АГРАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ZHANGIR KHAN UNIVERSITY

«ҒЫЛЫМҒА ЖОЛ – 2023»
білім алушыларға арналған
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
2023 жылдың 12 сәуірі

***

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
Международной научно-практической конференции
обучающихся «ПУТЬ В НАУКУ – 2023»
12 апреля 2023 года

***

COLLECTED PAPERS
Of the International Scientific-Practical Conference
of students "THE PATH TO SCIENCE – 2023"
12th of April, 2023

I том

Орал
2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ

ЖӘҢГІР ХАН АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН АГРАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ZHANGIR KHAN
UNIVERSITY

«ҒЫЛЫМҒА ЖОЛ – 2023»

білім алушыларға арналған
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
2023 жылдың 12 сәуірі

***

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
Международной научно-практической конференции
обучающихся **«ПУТЬ В НАУКУ – 2023»**
12 апреля 2023 года

***

COLLECTED PAPERS
Of the International Scientific-Practical Conference
of students **"THE PATH TO SCIENCE – 2023"**
12th of April, 2023

I том

ӘОЖ 001
КБЖ 72
Ғ 96

«ҒЫЛЫМҒА ЖОЛ – 2023» атты білім алушыларға арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция = «**THE PATH TO SCIENCE – 2023»** International scientific and practical conference of students = «**ПУТЬ В НАУКУ – 2023»** международная научно-практическая конференция обучающихся.-Орал: Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, 2023, I том- 344 б.

Конференция материалдары жинағында университеттің жас ғалымдарының ғылыми мақалалары жинақталған. Ғылыми мақалалар экономика мен агроөнеркәсіптік кешен, биотехнология, ветеринария, мал шаруашылығы, экология, мұнай-газ техникасы және құрылыс материалдарының өндірісі, өндірістегі энергияны үнемдейтін технологиялар мен мәселелердің кең спектрін, білім беру жүйесіндегі тәсілдерің көрсетеді. Жинақ оқу және ғылыми мекемелердің, өндірістік мамандардың, докоранттардың, магистранттардың және студенттердің кең ауқымына арналған.

ISBN 978-601-319-437-0
ISBN 978-601-319-438-7

ӘОЖ 001
КБЖ 72

© «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, 2023

Бас редактор – Главный редактор - Chief Editor

Шәмшідін Ә.С. а.ш.ғ.к. Ғылым жөніндегі проректор	кандидат с.-х. наук. Проректор по науке	**Shamshidin A. S.,** Candidate of Agricultural Sciences, Vice-rector for science

Редакция алқасы – Редакционная коллегия - Editorial team

Насиев Б.Н., а.-ш.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі	доктор с.-х. наук, проф. член-корр. НАН РК	**Nasiyev B**., doctor of agricultural Sciences, Professor, corresponding member of NAS of the RK
Рахимгалиева С.Ж., а.-ш.ғ.канд., доцент	канд. с.-х. наук, доцент	**Rakhimgaliyeva S**., cand. Agricultural Sciences, Associate Professor
Насамбаев Е. Г., а.-ш.ғ.д., проф.	доктор с.-х. наук, проф.	**Nasambayev E.,** doctor of agricultural Sciences, Professor
Траисов Б. Б., а.-ш.ғ.д., проф.	доктор с.-х. наук, проф.	**Traisov B.,** doctor of agricultural Sciences, Professor
Кушалиев К. Ж., в.ғ.д., проф.	доктор вет. наук, проф.	**Kushaliyev K.,** Doctor of Veterinary Sciences, Professor
Таубаев У. Б., в.ғ.д., проф.	доктор вет. наук, проф.	**Taubayev U.,** Doctor of Veterinary Sciences, Professor
Монтаев С. А., т.ғ.д., проф.	доктор техн. наук, проф.	**Montayev S.,** Doctor of Engineering Sciences, Professor,
Казамбаева А.М., э.ғ.к.	канд.экон.наук	**Kazambaeva A.M.,** Cand. of economic Sciences
Нуралин Б.Н., т.ғ.д.	доктор техн. наук, проф.	**Nuralin B.N.** , Doctor of Engineering Sciences, Professor,

ВЕТЕРИНАРИЯ, МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ
ТЕНДЕНЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ ВЕТЕРИНАРИИ, ЖИВОТНОВОДСТВА И ЭКОЛОГИИ

ӘОЖ 619:616.993:557.213.3
Білім алушы: Тасқараева Г., студент
Ғылыми жетекші: Ищанова А.С., жетекші
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық–техникалық университеті»КеАҚ, Орал қ.

ПАСТЕРЕЛЛЕЗ АУРУЫНЫҢ ЭТИОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

АННОТАЦИЯ

Көптеген зерттеушілер пастереллездің таралуы жыл мезгілдеріне, топырақты-климаттық жағдайларға және метеорологиялық факторларға байланысты деп атап көрсетеді.

Батыс Қазақстан облысы шаруашылықтарында ауру жануарлар жыл бойы анықталып келеді, бірақ ауру қойлардың көпшілігі наурыз, қыркүйек және қазанда, аз мөлшері – желтоқсанда, қаңтарда байқалды.

Бұл қоздырғыштардың дамуы және таралуы үшін қолайлы жағдай (қоздырғышқа қатты әсер ететін күн радиациясының азаюы, ауа және топырақтағы жылудың жеткіліктігі, жаңбыр) бар екендігімен түсіндіріледі. Жиі барлық эпизоотия наурызда және қыркүйек, қазан айларында жануарлардың жайлаудан оралуы кезінде стресс (қажу) факторларының әсерінен туындап отырды.

Кілт сөздер: *стресс (қажу), этиология, пастереллез.*

Кіріспе. А. Н. Борисенкованың [1] зерттеуінше, пастереллалар жиі патологиялық өзгерістер тудырмай сау организмде тіршілік етеді. Олар макроорганизм резистенттілігін төмендеткен кезде өзінің вируленттілік қабілеттілігін жоғарылатады, сау жануарлар үшін де патогенді болып табылады. Патологиялық үрдістің дамуы мен ауыртпалығы жануардың жағдайына және қоздырғыш вируленттілігіне байланысты.

Пастереллаларды алып жүру кезінде биологиялық тепе-теңдік жағдайы ағзаның иммунды қайта құрылуымен қамтамасыз етіледі.

Пастерелла алып жүрушінің клиникалық формасы айқын ауруға ауысуы әртүрлі факторлардың әсерінен макроорганизмнің қорғаныштық қасиеті төмендеген кезде пайда болады.

Пастереллезді бірінші және екінші реттік (асқындырушы) деп ажыратады. Бірінші реттік пастереллездің (сирек байқалады) пайда болуы ағзаға аэрогендік немесе алиментарлық жолмен вирулентті қоздырғыштың енуіне байланысты. Жиі қажу факторларының әсерінен (кенеттен пайда болған метереологиялық өзгерістер, тасымалдау кезінде) сапрофит ретінде тіршілік ететін қоздырғыштың вируленттілігінің жоғарылауымен сипатталатын аурудың екіншілік өршуін тіркейді. Көбінесе ерте жастағы ұрғашы малдар зақымданады.

А. А. Салимбаевтың [2] дерегіне сәйкес, кейбір шартты-патогенді қоздырғыштар ішек, аңқаның кілегейлі қабықтары, уретра, тері жамылғыларындағы сапрофиттер арасында тіршілік етеді. Кейде жануардың тіршілік ету жағдайы нашарлаған кезде немесе қандайда бір себептерден әлсіресе, микроб оның қорғаныштық барьерін бұзып, мүшелеріне еніп, патологиялық үрдіс тудыра отырып, қарқынды көбейеді.

В. Н. Данилевский [3] деректері бойынша, эпизоотиялық пневмонияны белсенді түрде зерттеу нәтижелері көрсеткендей, пастереллалар жиі екінші реттік індет қоздырғыштары болып табылады және сау жануарлардың асқорыту, тыныс алу жолдарының жоғарғы бөлімдерінде тіршілік етеді.

Кей ғалымдар бұзаулардың респираторлық аурулары жұқпалы ринотрахеит, вирустық диарея және пастереллез салдарынан пайда болады деген пікірде.

R.P. Dassanayake [4], Гвинея жағалауларында ауру жылдың әр мезгілінде байқалады, бірақ аурудың мерзімдік (мамыр - маусым) байқалуының өзіндік ерекшелігі бар деп жазады. Сәтсіз аймақтың клиникалық сау жануарларының 40,6%-ы пастереллатасымалдаушылар болып табылатындығы жөнінде деректер келтірілген. Елде ірі қара малы пастереллезінің клиникалық белгілерінің барлық формалары кездеседі. Септикалық формасы 45,56; өкпелік – 36,34%-ды жағдайлары анықталған.

Э. М. Агаеваның [5] деректері бойынша, клиникалық сау жануарлардың пастереллаларды алып жүруі ертерек (Е.М. Кожевников, 1974 және т.б.) дәлелденген. Әдетте, ғалымдардың бірқатары (В.П. Шаматова және біріккен авторлар, 1974), пастереллезден сәтті шаруашылықтардағы жануарларға қауіп төнбейді деп есептейді. Бұл зерттеушілердің пікірлері бойынша, қоздырғыш көздеріне тек қоздырғыш сақтаушы жануарлар ғана жатады. Жоғарғы тыныс алу жолдарының кілегейлі қабықтарындағы пастереллалардың әлсіз- және авирулентті формалары вируленттілікті күшейтуі мүмкін және ағза резистенттілігі төмендеген кезде ауру туындайды (В.Н. Павлов, 1983, В.П. Урбан және біріккен авторлар, 1984).

Алынған нәтижелер мен талдаулар

Көптеген зерттеулерде дәлелденгендей, қой пастереллезі кең таралған және Батыс Қазақстан облысындағы шаруашылықтардың дамуына кедергі келтіреді, соңғы жылдары індет ошақтарының ұлғайғаны, яғни осы ауру бойынша эпизоотиялық жағдайдың кеңейе түскені байқалады.

Ауыл шаруашылық жануарлар пастереллезі эпизоотологиясына табиғат айналымындағы қоздырғыштар қатысады. Сондықтан пастереллалардың табиғи ошақтылығының мониторингі ұсақ малдар пастереллезі эпизоотиясын болдырмаудың ең негізгі шарасы болып табылады.

Жүргізілген тәжірибелік зерттеу нәтижелері пастереллалардың иммуногенді штамдарын таңдауға мол мүмкіншілік берді.

Көптеген ғалымдар ауыл шаруашылық малдары пастереллезінің жаппай өршуінің себептерін аймақтың, мезгілдің табиғи-климаттық ерекшеліктерімен және көптеген пастерелла сероварларының көптігімен байланыстырады.

Біздің зерттеуімізбен алынған энзоотия, маусымдылық және пастереллездің пайда болуына әсер ететін климаттық факторлар жөніндегі мәліметтер басқа да зерттеу нәтижелерімен байланыстырылды (Иматшоев И.Х., 2000).

Ауру жыл сайын тіркеледі, бірақ жылдың жаңбырлы жаз және күз мезгілдерінде сәтсіз аймақтар саны және пастереллезбен ауыратын жануарлар саны қарқынды көбейіп кетеді. Суатқа айдау уақытында, негізінен жаңбырдың суынан түзілген, санитарияға қарсы жағдайдағы тұрып қалған сулардан суарады.

Ұсақ малдардың ауру жұқтыруына азықтандыру тәртібінің бұзылуы, қыс және көктем мезгілдерінде жеткіліксіз және толыққұнды емес азықтандыру әсер етеді, бұл жануар қоңдылығының және олардың резистенттілігінің төмендеуіне әкеп соқтырады, ал суарудың жеткіліксіздігі жануарлардың шалшық суларды ішуіне ықпал етеді.

Пастереллез барлық жас топтарында тіркелінді, бірақ көбінесе 9 айлық жастағы төлдері бейім келеді. Ауру және ауырып жазылған жануарлар, пастерелла тасымалдаушылар – егеуқұйрықтар және кенелер ауру көздері болып табылды.

Ұсақ малдар пастереллезі бойынша сәтсіз аймақтар және жаңа инфекция ошақтары анықталып зерттелінді.

Көптеген жетекші ғалымдар пастереллездің басқа аурулармен аралас өту барысын анықтаған болатын. Біздің зерттеу нәтижелерімізде қойлардың барлық жас аралықтарындағы пастереллездің сальмонеллез және колибактериозбен аралас өту барысы жағдайлары анықталды.

Зерттеушілердің бірқатары жануар пастереллезінің пайда болуының маусымдық сипатын атап өткен.

Әдетте, жануарларда эпизоотиялық үрдіс әртүрлі географиялық аймақтарда түрлі айларда байқалады және сол аймақтың табиғи-климаттық және экологиялық жағдайына байланысты келеді.

Ауру сирек ақпан және наурыз айларында тіркеледі, ал сәуір және май айларында ауру жануарлар саны күрт ұлғаяды. Содан соң маусымнан қыркүйекке шейін аурушаңдық бәсеңдейді, тек қазан және қараша айларында бірең-сараң жағдайлар тіркеліп отырады.

Қорытынды. Біздің анықтағанымыздай, қой пастереллезі жыл бойы, көбінесе ауру жануарлар наурызда (төлдеу кезінде), қыркүйек және қазан айларында (жануарлардың түрлі қажу факторларының әсер етуімен жазғы жайылымдардан қайта оралғанда) тіркеліп отырады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Борисенкова А. Н. Рекомендации по диагностике, меры борьбы и профилактика пастереллеза / А. Н. Борисенкова. - Л.: 1983. - 15 с.

2. Салимбаев А.А. Иммунодиагностика пастереллеза лошадей //Автореф. дис. канд. вет. наук. – Алматы: 1999. -22 с.

3. Данилевский В. Н. Бронхопневмония телят: этиология, патогенез, диагностика, профилактика и лечение / В. Н. Данилевский // Ветеринария. 1985. - №1.- С. 16-19.

4. Dassanayake, R.P. Оценка проявления патогенности Mannheimia haemolytica серотипа A1 на 2 видах овец: Ovis canadensis ovis aries / R.P. Dassanayake // Ветеринария. – 2009. - №2. – С. 39.

5. Агаева Э.М. Антигенные и типоспецифические свойства фракций капсульного антигена пастерелла мультоцида / Э. М. Агаева // Тр. ВИЭВ. – Т. 50. – 1979. – С. 95-102.

РЕЗЮМЕ

Многие исследователи отмечают, что распространенность пастереллеза зависит от времени года, почвенно-климатических условий и метеорологических факторов.

В хозяйствах Западно – Казахстанской области больные животные выявляются в течение года, но большинство больных овец наблюдалось в марте, сентябре и октябре, небольшое количество-в декабре, январе.

Объясняется это тем, что существуют благоприятные условия для развития и распространения возбудителей (уменьшение солнечной радиации, оказывающей сильное воздействие на возбудителя, достаточность тепла в воздухе и почве, дождь). Часто все эпизоотии были вызваны факторами стресса (истощения) в марте и сентябре, октябре, когда животные возвращались с пастбищ.

RESUME

Many researchers note that the prevalence of pasteurellosis depends on the time of year, soil and climatic conditions and meteorological factors.

In the farms of the West Kazakhstan region, sick animals are detected throughout the year, but the majority of sick sheep were observed in March, September and October, a small number –in December, January.

This is explained by the fact that there are favorable conditions for the development and spread of pathogens (reduction of solar radiation, which has a strong effect on the pathogen, sufficiency of heat in the air and soil, rain). Often all epizootics were caused by stress factors (exhaustion) in March and September, October, when the animals returned from pastures.

ӘОЖ 636.2.034
Білім алушы: Абилкайрова Г.С., студент
Ғылыми жетекші: Абуғалиев С.Қ., а.ш.ғ.қ.
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ.

СИММЕНТАЛ ТҰҚЫМДЫ СИЫРЛАРДЫҢ АСЫЛТҰҚЫМДЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ МЕН ӨНІМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

АННОТАЦИЯ

Зерттеулер Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданындағы «Төлеңгіт» шаруа қожалығында жүргізілді. Төлеңгіт шаруа қожалығында өсірілетін симментал тұқымды сиырлардың сүт өнімділігі төмен деңгейде екені анықталды. Екінші төлдеген сиырлардың сүттілігі бірінші төлдеген сиырларға қарағанда 213 кг-ға жоғары, P>0,999, ал толыққанды сиырлар үшін 124 кг, P0,99. Барлық жастағы сиырлардың өнімділігі орта есеппен 3524±36,6 кг болды. Орташа өнімділікке сәйкес барлық жастағы сиырлар негізінен бірінші класқа (61,6%) жатқызылады. Симменталь сиырларының репродуктивті қасиеттері мұқият зерттеуді қажет етеді, өйткені қызмет көрсету кезеңінің орташа ұзақтығы сәйкесінше 231,8 ± 15,0 күнді құрайды, ал төлдеу кезеңінің ұзақтығы жоғары (орта есеппен 21 айдан жоғары). Сонымен қатар, олардың орнын толтыратын жас малдардың өсуі баяулағаны анықталды, өйткені олар орта есеппен 28 айлық және одан жоғары жаста ұрықтандырылады.

Кілт сөздер: *Сүттілік, төларалық кезең, сервис-кезең, асылтұқымдық қасиеттер, өсіп-өнуі қасиеттері.*

Кіріспе. Мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясат оны тұтастай тұрақтандыруға және малдың басым, бәсекеге қабілетті тұқымдары мен түрлерін дамыту және енгізу үшін жағдай жасауға, сондай-ақ генофондты сақтауға бағытталған. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің барлығы дерлік асыл тұқымды жұмыстардың перспективалық жоспарлары бойынша жұмыс істейді [1,2,3].

Сүтті ірі қара малдың өнімді және асыл тұқымдық сапасын арттырудың ең маңызды алғы шарты:

- отандық және әлемдік генофондты пайдалана отырып, сүтті малдың басым тұқымдарының (түрлерінің) экономикалық пайдалы белгілерін жақсарту және генетикалық әлеуетін арттыру бойынша зерттеулер жүргізу;
- әр түрлі жоғары энергетикалық және жоғары ақуызды азық өнімдерін пайдалану негізінде лактация кезеңдері үшін өнімділігі жоғары сауын сиырларды азықтандыру үшін толық, теңдестірілген рациондар құрылымын әзірлеу;
- биотехнология саласындағы жетістіктерді пайдалана отырып, сүтті ірі қара мал басын көбейтудің және ірі қараның жаңа отандық түрлерін және қажетті түрдегі импорттық селекциялық сиырларды көбейту технологиясын жетілдірудің ғылыми-әдістемелік негіздерін;
- әр түрлі технологиялық жағдайларда жаңа типтегі жас сүтті ірі қара малын бағытты түрде өсіру технологиясының инновациялық элементтерін жасау [4,5,6].

Селекциялық және асыл тұқымды жұмыстарды жақсарту үшін жоғары асыл тұқымды қасиеттері бар жануарларды анықтауға көмектесетін жаңа селекциялық критерийлер қажет. Молекулалық генетиканың жетістіктері жануарларды фенотиптік белгілері бойынша ғана емес, сонымен қатар тікелей генотип бойынша да бағалауға мүмкіндік береді, бұл белгілі бір өнімділік белгілері бойынша жоғары генетикалық

потенциалы бар жануарларды дәл және жылдам сәйкестендіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, заманауи интенсивті технологиялармен сиырлардың денесі әртүрлі стресстік жағдайларға ұшырайды. Тіпті барлық тұқымдық және өнімділік көрсеткіштері бойынша бірегей, АҚШ селекционерлері голланд тұқымының генофондын пайдаланып өсірген голштиндік ірі қара тұқымының өзінде қазіргі уақытта жағымсыз құбылыстар бар: стресске төзімділігі төмен, ұрпақты болу қабілеті төмендеген, өнімді пайдаланудың қысқа мерзімі, ауыр төлдеу. Тұқымның барлық осы кемшіліктері экстремалды гомозиготалықпен анықталады. Ұрпақтардағы қажетті белгілерді біріктіру үшін американдық ғалымдар жиі инбридингке жүгінді [7,8].

Сондықтан қазіргі жағдайда селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс малдың жаңа тұқымдары мен линияларын құруға және жақсартуға, жануарлардың ұстаудың жаңа жағдайларына бейімделуін жақсартуға, шаруашылықта өнімді пайдалану ұзақтығын арттыруға бағытталуы тиіс. онымен жергілікті тұқымдардың гендік қорын сақтау және мал басын көбейту мәселелері қаралды.

Бірқатар зерттеушілер [9,10] табындағы сиырлардың мерзімінен бұрын жойылуының негізгі себебі ұрпақты болу функциясының бұзылуы деп есептейді. Кейбір репродуктивті тиімділік көрсеткіштерінің тұқым қуалаушылық коэффициенттері мыналар екені анықталды: төлдеудің аралығы – 0,05 (0–0,20), ұрықтандыру индексі – 0,06 (0,02–0,11), бірінші ұрықтандырудан кейінгі құнарлылық – 0,10 (0–0,17), эструс қарқындылығы. – 0,09 (0–0,21), аналық бездің жағдайы – 0,17 (0,04–0,43). Сүт кешенінде сиырларды шаруашылыққа пайдалану мерзімі орта есеппен 3,6 лактацияны құрайды, ал оларды жою деңгейі 27,9% құрайды (байланысты қораптары бар кешендерде 4,1 және 24,2, борпылдақ қорапшалары бар кешендерде тиісінше 3,4 және 29,4). .

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау

Зерттеу жұмыстары Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданына қарасты «Төлеңгіт» шаруа қожалығында жүргізілді. Зерттеуге материал ретінде осы шаруашылықта өсірілетін симментал тұқымды сиырларды бағалау нәтижелері туралы мәліметтер алынды. Зерттеулер зоотехникада жалпы қабылданған әдістер бойынша жүргізілді. Сүт өнімділігі мен асыл тұқымдылық сапасының көрсеткіштері IAC бағдарламасынан (5-сүт нысаны) асыл тұқымды жазба деректерінен алынады.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің барлық салаларында интенсивті индустриялық технологияларды енгізу өнім мен шикізаттың деңгейін де, сапасын да арттыруды қамтамасыз етуі тиіс. Бұл міндетті шешуге тек жануарлардың өнімділігіне барлық факторлардың, генетикалық және экологиялық факторлардың әсерін ескеру арқылы қол жеткізуге болады. Бұл өз кезегінде белгіленген талаптарға сай келетін малды іріктеу және асылдандыру негізі болып табылатын дұрыс және мақсатты асылдандыру бағдарламасын жасауды талап етеді.Сиырлардың сүт өнімділігін бағалау сүттің экономикалық тиімділігіне әсер ететін барлық факторларды қамтуы керек. өндіру, сондай-ақ олардың өндірістік сапаларын жақсарту.

Әртүрлі жастағы 109 бас сиырдың өнімділік көрсеткіштерін (сүттегі май және ақуызды құрайтын сүт өнімділігі) зерттедік (1-кесте).

1 кесте – Сауын маусымындағы 305 күндегі сиырлардың өнімділік көрсеткіштері

Сиырлардың жасы	Сүттілік, кг		Сүт майлылығы, %		Сүт ақуызы, %	
	$\bar{X}\pm m_{\bar{x}}$	C_v	$\bar{X}\pm m_{\bar{x}}$	C_v	$\bar{X}\pm m_{\bar{x}}$	C_v
1 сауын маусымы	3510±37	11,0	3,88±0,008	2,2	3,26±0,01	3,2
2 сауын маусымы	3723±22,9	5,8	3,87±0,01	2,0	3,25±0,01	3,4
3 және одан жоғары сауын маусымы	3634±22,4	5,9	3,87±0,01	2,0	3,30±0,02	3,5
Барлығы (орташа)	3524±36,6	10,8	3,88±0,01	2,1	3,26±0,01	3,3

1-кестедегі мәліметтерден көрініп тұрғандай, екінші төлдеген сиырлардың сүттілігі

бірінші төлдеген сиырларға қарағанда 213 кг-ға жоғары, P>0,999, ал толыққанды сиырлар үшін 124 кг, P>0,99 бойынша. Барлық жастағы сиырлардың өнімділігі орта есеппен 3524±36,6 кг болды. Бірінші бұзаулар өзгергіштігімен ерекшеленді (Cv=11,0%). Май мен ақуыздың құрамында айтарлықтай айырмашылықтар болған жоқ.

Жоғары өнімді сүтті ірі қара малды көбейтумен байланысты проблемалар, әсіресе ұрпақты болу циклінің ұзақ кезеңінде, лактацияның басым болуы және бедеулік қаупі сүтті мал шаруашылығында ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Зерттеушілердің нәтижелері бойынша көбею жылдамдығына жануарлардың физиологиялық және өнімділік ерекшеліктері көп әсер етеді, олар жоғары өнімділіктен кейін көбею функциясын қалпына келтіруді талап етеді. Сонымен, өнімділігі жылына 7 мың кг-ға дейін сүтті жыл сайын тұрақты төл алуға болады, 7,5 мың кг, төлдеу аралық кезеңі орта есеппен 13 ай, өнімділігі 8200 кг, аралық -төлдеу кезеңі 15 айдан астам, ал 9300 кг болса - 18 айға дейін және одан да көп [11,12].

Репродуктивті сапалар төлдейтін кезеңнің ұзақтығы (бұдан әрі - ТАК), қызмет көрсету кезеңінің ұзақтығы және бірінші төлдеу жасы бойынша зерттелді (2-кесте).

2 кесте – Сауын маусымындағы 305 күндегі сиырлардың өсіп-өнуі көрсеткіштері

Сиырлардың жасы	ТАК, күн		Сервис кезеңі, күн		Бірінші бұзаулау жасы, ай	
	$\bar{X}\pm m_{\bar{x}}$	C_v	$\bar{X}\pm m_{\bar{x}}$	C_v	$\bar{X}\pm m_{\bar{x}}$	C_v
1 сауын маусымы	655,0±44,0	38,0	235±23	55	37,9±0,7	21,1
2 сауын маусымы	652,5±23,3	33,6	213,1±28,6	55,4	40,6±0,9	21,3
3 және одан жоғары сауын маусымы	630,7±21,2	31,9	212,7±23,4	56,1	40,9±1,4	21,1
Барлығы (орташа)	654,9±17,1	37,4	231,8±15,0	55,2	37,9±0,5	19,0

2-кестеге сәйкес симментал сиырларының репродуктивті қасиеттері мұқият зерттеуді қажет ететіні анықталды, өйткені қызмет ету кезеңінің орташа ұзақтығы сәйкесінше 231,8 ± 15,0 күнді құрайды, ал төлдеудің ұзақтығы жоғары (орта есеппен 21-ден жоғары). ай). Сонымен қатар, олардың орнын толтыратын жас малдардың өсуі баяулағаны анықталды, өйткені олар орта есеппен 28 айлық және одан жоғары жаста ұрықтандырылады.

Мақсатты селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс өнімділігі төмен жергілікті малдың асыл тұқымдық және өнімділік сапасын арттыруға (жергілікті малды мамандандырылған әлемдік тұқымдармен шағылыстыру және сіңіру, тұқымдарды әкелу және бейімдеу), мал тұқымын көбейтуде озық технологияларды енгізуге бағытталуы тиіс. табын (биотехнология), асыл тұқымды өнімді (материалды) мақсатты өсіруді және өткізуді қамтамасыз ету арқылы мал шаруашылығының басым бағыттарының асыл тұқымдық базасын кеңейту.

Симментал сиырларының тұқымдық қасиеттері олардың кластық құрамы негізінде зерттелді (3-кесте).

2 кесте – Аналық малдың кластық таралуы

Сиырлардың жасы	Барлығы, бас	Кластар бойынша таралуы			
		элита-рекорд	элита	I класс	II класс
Барлығы	60	-	16	37	7
с.і. 1 бұзаулау	22	-	6	14	2
2 бұзаулау	19	-	6	10	3
3 және одан жоғары бұзаулау	19	-	4	13	2

3-кестеге сәйкес, орташа өнімділікке сәйкес барлық жастағы сиырлар негізінен

бірінші класқа (61,6%) жатқызылғанын айтуға болады.

Сүт өнімдерінің максималды өнімділігі біржылдық төлге тікелей байланысты екенін ескере отырып, лактация үшін ең көп сүт өнімділігінің шыңында бұзаулаудан кейін 4 ай ішінде алынатындықтан, сиырлардың көбеюіне басты назар аудару керек. кешеннің табыстылығы осы көрсеткішке тікелей байланысты. Бірақ жылына 100 сиырдан 85-90 бұзау алу үшін бұл шаруашылықта табынды көбейтудің қарқынды әдістерін жүргізу қажет. Сиырлардың көбеюінің оңтайлы деңгейі бүкіл ағзаның және ең алдымен ұрпақты болу жүйесінің мүшелерінің қалыпты жұмыс істеуімен қамтамасыз етіледі. Қолайсыз факторлар, атап айтқанда азықтандырудағы кемшіліктер, лактация басымдылығының жоғарылауымен үйлесімде, зат алмасу бұзылыстары, иммунологиялық төзімділіктің төмендеуі, бұл жануар организмінің жалпы полисистемалық патологиясына және жыныс мүшелерінің жергілікті патологиясына әкеледі, уақытша бедеулікті тудырады. және, сайып келгенде, сүт өнімділігінің төмендеуі.

Қорытынды.

Зерттеу нәтижелері бойынша мыналар анықталды:

1. Төлеңгіт шаруа қожалығында өсірілетін симментал сиырларының сүт өнімділігі төмен деңгейде. Екінші төлдеген сиырлардың сүттілігі бірінші төлдеген сиырларға қарағанда 213 кг-ға жоғары, P>0,999, ал толыққанды сиырлар үшін 124 кг, P0,99. Барлық жастағы сиырлардың өнімділігі орта есеппен 3524±36,6 кг болды. Бірінші бұзаулар өзгергіштігімен ерекшеленді (Cv=11,0%). Май мен ақуыздың құрамында айтарлықтай айырмашылықтар болған жоқ. Орташа өнімділікке сәйкес барлық жастағы сиырлар негізінен бірінші класқа (61,6%) жатқызылады.

2. Симментал сиырларының репродуктивті қасиеттері мұқият зерттеуді қажет етеді, өйткені қызмет көрсету кезеңінің орташа ұзақтығы сәйкесінше 231,8 ± 15,0 күнді құрайды, ал төлдеу кезеңінің ұзақтығы жоғары (орта есеппен 21 айдан жоғары). Сонымен қатар, олардың орнын толтыратын жас малдардың өсуі баяулағаны анықталды, өйткені олар орта есеппен 28 айлық және одан жоғары жаста ұрықтандырылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Абдуллаев К.Ш., Кинеев М.А. Основные направления создания высокопродуктивных стад молочного скота на юге Казахстана [Текст]* / К.Ш. Абдуллаев, М.А. Кинеев // Вестник с.-х. науки Казахстана. – Алматы, 2008. – № 1. – С. 33-36.

2 Батанов С.Д., Амерханов И.А., Баранова И.А., Старостина О.С., Кертиев Р.М. Молочная продуктивность коров разных экстерьерно-конституциональных типов//Известия Тимирязевской сельскохозяйственной академии. 2021. № 2. - С. 102-113.

3 Батанов С.Д., Баранова И.А., Старостина О.С., Шайдуллина М.М. Инновационный метод прогнозирования продуктивности молочных коров//Вестник Ижевской государственной сельскохозяйственной академии. 2021. № 2 (66). - С. 4-11.

4 Абугалиев С., Шамшидин А. Анализ племенных и продуктивных признаков коров отечественных пород и пород мировой селекции, разводимых на Юго-Востоке Казахстана [Текст]*/ С. Абугалиев, А. Шамшидин // Известия Национальной Академии наук РК. – Алматы, 2012. – № 2. – С. 112-114.

5 Батанов С.Д., Шайдуллина М.М. Продуктивные качества и экстерьерные особенности коров черно-пестрой породы разных линий//Ученые записки Казанской государственной академии ветеринарной медицины им. Н.Э. Баумана. 2019. Т. 239. № 3. - С. 29-34

6 Ушкова О.Ю., Батанов С.Д. - Продуктивные и репродуктивные показатели коров при использовании в рационах кормовых добавок пробиотического, пребиотического и симбиотического действия//Современные проблемы науки и образования. 2012. № 6. - С. 673.

7 Алибаев Н.Н., Абдуллаев К.Ш., Алиханов О. Состояние процесса воспроизводства в молочных стадах юга Казахстана / Н.Н. Алибаев, К.Ш. Абдуллаев, О. Алиханов // Актуальные проблемы научного обеспечения сельского хозяйства Республики Казахстан: материалы междунар.науч.-практ. конф., посв. 60-летию проф. У.Сагалбекова. – Кокшетау, 2012. – С. 152-154.

8 Абугалиев С.К., Шамшидин А.С., Абылгазинова А.Т., Алентаев А.С., Родионов Г. Сравнительный анализ признаков отбора молочного скота разных регионов Казахстана[Текст]*/ Абугалиев С.К., Шамшидин А.С., Абылгазинова А.Т., Алентаев А.С., Родионов Г. // Материалы Международной науч.-пр. конфер. «Современные технологии в животноводстве: проблемы и пути их решения». - Мичуринск, 2017. – С. 111-118.

9 Даленов Ш.Д., Спанов А.А., Султанбай Д.Т. Результаты использования сексированного семени в воспроизводстве КРС голштино-фризской породы [Текст]*/ Ш.Д. Даленов, А.А. Спанов, Д.Т. Султанбай // Материалы международной научно-практической конференции «Животноводство и Кормопроизводство: теория, практика и инновация». –Алматы, 2013. – С. 158-161.

10 Дедов М.Д., Сивкин Н.В. Племенная работа в скотоводстве в современных условиях [Текст] / М.Д. Дедов, Н.В. Сивкин // Зоотехния. – 2002. – № 11. – С. 2-4.

11 Даленов Ш.Д., Спанов А.А., Султанбай Д.Т. Соотношение пола телят у коров и телок при использовании в осеменении семени разделенное по полу [Текст]*/ Ш.Д. Даленов, А.А. Спанов, Д.Т. Султанбай // «Новости науки Казахстана». – Алматы, 2013. – С.100-105.

12 Спанов А.А., Бекенов Д.М. Восстановление половых циклов коров при овариальной дисфункции [Текст]*/ А.А. Спанов, Д.М. Бекенов // Вестник с.-х. науки Казахстана, №3. – Алматы, 2013. – С. 49-51.

РЕЗЮМЕ

Исследования проведены в крестьянском хозяйстве «Төлеңгіт» Теректинского района Западно–Казахстанской области. Установлено, что молочная продуктивность симментальских коров, разводимых в КХ «Төлеңгіт» на невысоком уровне. Удой коров второго отела выше, чем у коров первого отела на 213 кг, при P>0,999, а у полновозрастных коров – на 124 кг, при P0,99. В среднем продуктивность коров всех возрастов составила 3524±36,6 кг. В соответствии со средней продуктивностью, коровы всех возрастов отнесены в основном (61,6%) к первому классу. Воспроизводительные качества симментальских коров требуют тщательного изучения, так как средняя продолжительность сервис-периода равна 231,8±15,0 дням, соответственно и продолжительность межотельного периода высокая (в среднем выше 21 месяца). Кроме того выявлено, что рост ремонтного молодняка замедленен, так как в среднем они осеменяются в возрасте 28 месяцев и старше.

RESUME

The research was carried out in the peasant farm "Tolengit" of the Terektinsky district of the West Kazakhstan region. It has been established that the milk productivity of Simmental cows bred in the Tolengit farm is at a low level. The milk yield of cows of the second calving is higher than that of cows of the first calving by 213 kg, at P>0.999, and for full-aged cows - by 124 kg, at P0.99. On average, the productivity of cows of all ages was 3524±36.6 kg. In accordance with the average productivity, cows of all ages are classified mainly (61.6%) in the first class. The reproductive qualities of Simmental cows require careful study, since the average duration of the service period is 231.8 ± 15.0 days, respectively, and the duration of the intercalving period is high (on average, above 21 months). In addition, it was found that the growth of replacement young animals is slowed down, since on average they are inseminated at the age of 28 months and older.

ӘОК 619:618.19-002:579.252.55:636.234.1
Білім алушы: Агишева Э.Р., студент
Ғылыми жетекші: Кужебаева У.Ж., в.ғ.м.
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті»КеАҚ, Орал қ.

ІРІ ҚАРА МАЛДЫҢ МАСТИТ АУРУЫНА ТӨЗІМДІЛІГІ

АННОТАЦИЯ

Мал шаруашылығындағы әлі күнге дейін толықтай шешілмеген мәселе сиырлардың маститпен ауыруы болып табылады. Біздің еліміздің және шет елдің ғалымдары сиырлардың өнімділік деңгейін төмендететін сүт безінің қабыну жағдайларын азайту мәселесін шешудің оңтайлы жолдарын іздеуде. Себебі қазіргі уақытта әзірленген емдеу әдістері мен маститтің алдын алу шаралары жануарларды аурудан сенімді қорғауға кепілдік бермейді. Соған байланысты мақалада ірі қара малдарының мастит ауруын генетикалық таңдау арқылы азайтып, сүт өнімділігін арттыру мақсатында гендердің маститке деген төзімділігі туралы баяндалады. Мақалада маститке төзімді ең перспективалы гендер MBL1, LTF, BLG, PRL, CSN3-ке сипаттама беріліп, олардың аллельдері мен генотиптерінің жиіліктері анықталды.

***Кілт сөздер**: мастит, төзімділік, бейімділік, ірі қара мал, ген.*

Сүтті бағыттағы мал шаруашылығы - ауыл шаруашылығының маңызды салаларының бірі болып табылады. Сүтті бағыттағы мал шаруашылығының дамуына көптеген факторлар әсер етеді: нарықтағы экономикалық жағдай, шаруашылықтарда сүттің бағасына байланысты пайданың өсуі, өндірілетін өнімнің сапасы және сүтті бағытта өсірілетін сиырлардың түрлі аурулары. Соның ішінде үлкен экономикалық шығынға ұшыратын сүт бездерінің қабыну ауруы - мастит туралы осы мақалада баяндалады. Фермаларда сиырлардың сүт безінің қабынуы (мастит) жиі кездеседі. Ауру кезінде өндірілетін өнімнің сапасы күрт төмендейді, ауруға байланысты сиырлар мен бұзаулардың мал басының саны азаяды. Субклиникалық мастит клиникалық маститке қарағанда 3 есе көп сүт өнімділігін төмендетеді. Бұл жалпы экономикалық шығынның 60-70%-ын құрайды [1, 2].

Сауу технологиясын сақтаудағы шамалы ауытқулар, күтіп-бағу мен азықтандырудың ұйымдастырушылық және ветеринарлық-санитарлық ережелерін бұзу табында маститпен ауыратын сиырлардың пайызының өсуіне әкеледі.

Халықаралық сүт федерациясының (IDF) мәліметтері бойынша, дамыған сүт кәсіпорындарында жыл мезгіліне және шаруашылықтың орналасуына байланысты сүт безі ауруы жылына 100 сиырға 20-дан 40 басқа дейінгі жағдай тіркеледі [3].

Сиырлардың желінсау ауруы – әр түрлі этиологиясы бар полифакторлы ауру. Жылдың әр мезгілінде, әр түрлі физиологиялық жағдайдағы жануарларда дамуы мүмкін. Ауырған сиырлардың сүттілігі 30-40%-ға дейін төмендеп, сүтте ақуыз, лактоза деңгейі, ұшпа май қышқылдарының мөлшері төмендеп, соматикалық жасушалар саны көбейеді. Мастит аясында жануарлардың бедеулік жағдайлары, табындарды жою пайызы артады, дәрі-дәрмектер мен малды емдеуге кететін шығындар көбейгендіктен, шаруашылыққа үлкен экономикалық шығын алып келеді.Мастит желіннің бір немесе бірнеше бөлігін қамтып клиникалық түрде көрінуі мүмкін немесе зақымдану белгілері айқын болмай, жасырын түрде субклиникалық формада өтеді [4].

Жоғары сапалы сүт алу біздің ғана емес, әлемнің кез келген елінің ауыл шаруашылығы үшін өзекті мәселе болып табылады. Өйткені сүтті өндірушілердің күнделікті басты мәселесі тауарлы сүт сапасының төмендеуіне жол бермеу, құрамында

соматикалық жасушалардың көбеюін, ақуыздың деңгейінің төмендеуін, антибиотиктер мен ингибиторлық заттардың қалдық мөлшерін болдырмау болып саналады [5, 6].

Маститті жою мен алдын алудың тиімді әдістерін іздеу бүгінгі таңда ветеринариядағы ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Маститке деген төзімділікті генетикалық таңдау арқылы жақсартуға болады. Себебі, жеке сиырлар арасында айтарлықтай генетикалық айырмашылықтар бар екені анықталды. Сондықтан маститке деген тұрақтылықты өндірушілерді таңдау арқылы жақсартуға болады, бұл табынның денсаулығының ұзақ мерзімді қалыпты болуына алып келеді. Жоғарыда айтылғандарға байланысты осы мақаланың мақсаты маститке төзімділікке жауап беретін ірі қара малдың гендерін зерттеу болып табылады.

Ірі қара мал селекциясы жануарларды ұзақ уақыт пайдалануды арттыруға бағытталған, бірақ маститтің пайда болу ықтималдылығы жануарлардың жасына сәйкес пропорционалды түрде артып отырады (сурет-1) [7].



Сурет 1 - Әр түрлі лактация жасындағы сиырларда маститтің пайда болу ықтималдылығы, (%)

Жануарлардың төзімділігінің генетикалық алғышарттарын іздеу организмнің маститке төзімділігін арттыруға байланысты селекциялық әдістер мен гендерді анықтауға мүмкіндік берді. Сурет 1-де көріп отырғандарымыздай маститтің ықтималдылығы әр лактация сайын өсіп отырғанын байқаймыз. Ал мастит ауруының санын азайту үшін, неғұрлым маститке төзімді гендерді анықтап, генетикалық таңдау жұмысын жүргізу қажет.

Маститке төзімділіктің ең перспективалы гендерінің ішінде біз CSN3, PRL, BLG, MBL1, LTF-ді қарастырамыз. Кесте 1-де аталған гендерге қысқаша сипаттама берілген.

Кесте 1- Маститке төзімді гендердің қысқаша сипаттамасы

№	Ген атауы	Ген сипаттамасы	Сілтеме
1	2	3	4
1	Каппа-казеин (CSN3)	CSN3 6-шы хромосомада орналасқан.5 экзоннан тұрады. Ұзындығы 13 132 bp.CSN3 гені ірі қара малдың сүтінің қасиеттерін өндіруге әсер етеді. Ірімшік өндірісінде сүттің оңтайлы технологиялық қасиеттерін қамтамасыз ететін CSN3 ірі қара малдың асыл тұқымды құндылығының негізгі маркерлерінің бірі болып табылады. CSS3 бойынша генотипті зерттеу сүттің сапасын, атап айтқанда ірімшікке жарамдылығын арттыру мақсатында генетикалық полиморфизм негізінде мал табындарының құрамын модельдеуге мүмкіндік береді.	[8]

1	2	3	4
2	Бета-лактоглобулин (BLG)	BLG 11-шы хромосомада орналасқан. 6 экзоннан тұрады. Ұзындығы 4900 bp. BLG гені сүт ақуызына және сүттің биологиялық құндылық көрсеткішіне жауап береді. Геннің BLG B түрі сүттегі казеин ақуыздарының көп мөлшерімен, майдың жоғары пайызымен байланысты болып келеді.	[9]
3	Пролактин (PRL)	PRL гені 23-ші хромосомада орналасқан. 5 экзоннан тұрады. Ұзындығы 8616 bp. PRL-сүтқоректілерде лактацияға қатысатын гормондардың бірі және оны ірі қара малдың сүт өнімділігінің әлеуетті (потенциальный) генетикалық маркері ретінде қарастыруға болады.	[10]
4	Маннозды байланыстыратын лектин 1 (MBL1)	Ірі қара малдың MBL1 гені 28-шы хромосомада локализацияланған және 5 экзоннан тұрады. Ұзындығы 5223 bp. 249-шы аминқышқылын кодтайды. MBL 1-жануар ағзасының иммундық реакциясына белсенді қатысатын кальцийге тәуелді коллаген ақуызы. MBL 1генінің негізгі функцияларының бірі-патогендік факторлардың әсерінен комплемент жүйесін белсендіру.	[11]
5	Лактоферин (LTF)	LTF гені 22-ші хромосомада орналасқан. 19 экзоннан тұрады. Ұзындығы 40538 bp. LTF гені бактерияға, вирусқа, саңырауқұлаққа, қабынуға қарсы иммуномодуляциялық белсенділік көрсетеді. Гендегі полиморфизмдер маститке қарсы иммунитетпен байланысты екендігі де анықталды. Ол сүтте, өтте, сілекейде, көз жасында және полиморфонуклеарлы жасуша түйіршіктерінде кездеседі.	[12]

О.А. Епишко, В.В.Пешко және басқа да ғалымдардың зерттеуі бойынша MBL гені маститке төзімділікті анықтаудың генетикалық маркері бола алады. Олар белоруссиялық қара ала тұқымды ірі қара малдағы аталған геннің генотиптері мен аллельдерінің кездесу жиіліктерін анықтаған. Нәтижесінде Белоруссиялық қара-ала тұқымды сиырлардың популяциясында MBL1 генінің аллельдерінің пайда болу жиілігі келесідей болды: MBL1 T - 0.536, MBL1 C - 0,464. Ал MBL1 генінің генотиптерінің пайда болу жиіліктері MBL1 TT - 10,5, MBL1 TC - 86,2, MBL1 CC - 3,3-ті құрады. Зерттеудің нәтижесі бойынша MBL генінің CC генотипі сиыр сүтінің сапасы мен соматикалық жасушалар санына оң әсер ететіні белгілі болды. Алынған нәтижелер MBL 1 генінің C аллельін селекциялық жұмыстар мен генетикалық таңдауда пайдалану сүттің сапасын арттырып қана қоймай, маститке деген төзімділікті арттыруға себеп болатындығы дәлелдеді [13, 14].

В.Н. Макарованың зерттеуі бойынша сау және маститпен ауыратын сиырлардағы генотиптердің жиілігінде айтарлықтай айырмашылықтары бар екені анықталған. Өмір бойы маститпен ауырмаған сау сиырларда гетерозиготалардың артықшылығы байқалды. Гентотипте бетта-казеиннің жиілігі ауру жануарларға қарағанда 17-ге артық болған, яғни 84,6% және 5%-ды құраған ($P<0.01$). Дәл осындай деректер каппа-казеин бойынша тиісінше 4 есеге жоғары болған, яғни 88,5% және 20% ($p<0,01$). Бетта-лактоглобулинге

сәйкес сиыр топтары арасындағы айырмашылықтар аз дәрежеде байқалды, алайда тенденция сәйкесінше 42,3 және 35%-ға сақталды. Ауру жануарларда керісінше гомозиготалардың, әсіресе АА генотипінің үлесі айтарлықтай өсті. Осылайша сиырлардағы маститке төзімділік олардың сүт ақуыздарының генотипіне де байланысты болады. Бұл байланыс бетта және каппа-казеиндердің генотиптерімен, аз дәрежеде бетта-лактоглобулинмен жақсы көрінеді. АВ генотипті бета және каппа-казеин бар гетерозиготалы сиырлар маститке төзімді, ал керісінше АА гомозиготалы сиырлар маститке көбірек ұшырайды [15,16].

Жүргізілген зерттеулер лактоферрин генінің полиморфизмі мен мастит ауруы, сүттегі соматикалық жасушалардың құрамы арасындағы тығыз байланысты анықтады. Лактоферрин генінің өнімдері ауруларға, ең алдымен маститке төзімділікпен байланысты. Ірі қара малдың лактоферрині - сүттің көпфункционалды шағын гликопротеині, оның негізгі қызметі сүт безін қорғау болып табылады. Ғалымдардың зерттеулері гольштейн сиырларында АА, ВВ және АВ лактоферринінің генетикалық нұсқаларының жиілігін анықтады, сәйкесінше 32,5, 10 және 57,5%-ды құрады. Авторлар сүттегі соматикалық жасушалардың құрамын және мастит жиілігін болжау үшін ДНҚ маркер ретінде лактоферриннің генетикалық нұсқаларын пайдалануды ұсынады, LTF генінің А аллельі сиырлардағы мастит жиілігімен байланысты [17].

Жануарлардың маститке бейімділігі тұқым қуалауы мүмкін. Сондықтан маститке төзімділікті бағалау - асыл тұқымды мал өсіру бизнес саласында өте тиімді шара бола алады. Мақалада баяндалған PRL, MBL1, BLG, CSN3, LTF гендерін зерттеу, болашақта ірі қара малдардың сүт бездерінің қабынуымен байланыс орнатуға және маститке барынша төзімді табын алуға мүмкіндік береді. Жалпы, сүтті малдың маститке төзімділігінің генетикалық негіздерін іздеу бойынша жұмыс аяқталған жоқ және әлі де селекция үшін перспективалы бағыт болып табылады. Қорытындылай келе, маститтің алдын алу, емдеу үшін қыруар қаржы жұмсамай, генетикалық тұрғыдан маститке төзімді гендерді таңдап алу арқылы, экономикалық тиімділікке қол жеткізуге болады.

Алғыс. *Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыру жобасы шеңберінде орындалды: AP13268821 «Жас ғалым» жобасы бойынша 2022-2024 жылдарға арналған «Голштин тұқымды ірі қара малының PRL және BLG гендері бойынша маститке резістентілігінің генетикалық механизмдері».*

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Sharun K., Dhama K., Tiwari R. et al. Advances in therapeutic and managemental approaches of bovine mastitis: a comprehensive review // Vet Q.- 2021. – Vol.41(1). - P.107-136.

2. Лучко И.Т. Воспаление молочной железы у коров (этиология, патогенез, диагностика, лечение и профилактика): монография / И.Т. Лучко. - Гродно: ГГАУ, 2019. - С. 90-91.

3. Черненок В.В., Хотмирова О.В., Черненок Ю.Н. Методы диагностики и лечения мастита у коров / Вестник Курской Государственной Сельскохозяйственной академии. - 2020. - №4. - С. 40-43.

4. Кочарян В.Д., БакановаК.А., Ушаков М.А. и др. Биохимические показатели крови и молока при маститах у коров голштинизированной породы / Актуальные проблемы интенсивного развития животноводства. - 2022. - № 1. - С. 256-261.

5. Weigel K.A., Shook G.E. Genetic selection for mastitis resistance //Vet Clinics: Food Anim Pract. -2018.- Vol.34, Issue 3. - P. 457- 472.

6. Neculai-Valeanu A.S., Ariton A.M. Udder Health Monitoring for Prevention of Bovine Mastitis and Improvement of Milk Quality // Bioengineering (Basel). - 2022. - Vol.9, Issue 11. - P. 608-1-608-24.

7. Щепеткина С.В. Мастит: этиология, профилактика, диагностика, лечение / учебное пособие , составитель - Санкт-Петербург : СПбГУВМ. - 2020. - С. 215-216.

8. Mahmoudi P, Rostamzadeh J, Rashidi A. et al. A meta-analysis on association between CSN3 gene variants and milk yield and composition in cattle // Anim. Genet. - 2020. – Vol. 51(3). - P. 369-381.

9. Кабицкая Я.А. Перспективные гены-маркеры продуктивности в молочном животноводстве / Разведение, селекция. -2016. -№ 16. -С. 30-35.

10. Jarosław Pytlewski. A dependency between PRL gene polymorphism and breeding parameters in Polish Black-and-White Holstein-Friesian cows // Anim Biotechnol.- 2021. – Vol. 32(4). - P. 432-438.

11. Zhengrong Yuan. SNPs identification and its correlation analysis with milk somatic cell score in bovine MBL1 gene // Mol Biol Rep. - 2013. – Vol. 40(1). - P.7-12.

12. Karla Alejandra García-Borjas Bovine Lactoferrin can Decrease the In Vitro Biofilm Production and Show Synergy with Antibiotics Against Listeria and Escherichia coli Isolates // Protein Pept Lett. - 2021. - P. 101-107.

13. Епишко О.А., Пешко В.В., Ситько А.А. и др. Использование гена маннозо-связывающего лектина (MBL1) в селекции крупного рогатого скота / Ученые записки учреждения образования "Витебская ордена "Знак почета" государственная академия ветеринарной медицины". - 2021. - № 2. - С. 102-106.

14. Абдуллина Л.В., Юсупова Г.Р. Ген манноза-связывающего лектина (MBL) и влоияние его полиморфизма на устойчивость коров к маститу /ученые записки казанской государственной академии ветеринарной медицины им. Н.Э.Баумана. - 2019. - №2. - С.4-8.

15. Макарова Н.В. Генетический полиморфизм белков молока у коров татарского типа в связи с их устойчивостью к маститу / ученый записки Казанской государственной академии ветеринарной медицины им. Н.Э.Баумана. - 2018. - №1. - С. 103-108.

16. Макарова Н.В. Влияние генотипов на стабильность молочных белков при мастите по локусу bPRL коров татарского типа / повышение уровня и качества биогенного потенциала в животноводстве: сборник научных трудов. - 2018. - С.114 -115.

17. Прошин С.Н., Усенбеков Е.С. и др. Исследование полиморфизма генов LTF и GDF-9 у млекопитающих (bos taurus l) методом ПЦР-ПДРФ анализа для решения задач фармакогенетики / научная статья.- 2015. - №2. - С.55-58.

АННОТАЦИЯ

До сих пор полностью нерешенной проблемой в животноводстве является то, что коровы болеют маститом. Ученые нашей страны и зарубежных стран ищут оптимальные пути решения проблемы уменьшения воспалительных состояний молочной железы, снижающих уровень продуктивности коров. Это связано с тем, что разработанные в настоящее время методы лечения и меры профилактики мастита не гарантируют надежной защиты животных от болезней. В связи с этим в статье рассказывается об устойчивости генов к маститу с целью снижения заболеваемости маститом у крупного рогатого скота путем генетического отбора и повышения молочной продуктивности. В статье дается характеристика MBL1, LTF, BLG, PRL, CSN3, наиболее многообещающих генов, устойчивых к маститу, и определяются частоты их аллелей и генотипов.

RESUME

A problem that has not yet been fully resolved in animal husbandry is the incidence of mastitis in cows. Scientists of our country and abroad are looking for optimal ways to solve the problem of reducing inflammatory breast conditions that reduce the level of productivity of cows. This is because currently developed treatment methods and measures to prevent mastitis do not guarantee reliable protection of animals from the disease. In this regard, the article discusses the resistance of genes to mastitis in order to reduce the incidence of mastitis in cattle by genetic selection and increase milk productivity. The article describes the most promising genes resistant to mastitis MBL1, LTF, BLG, PRL, CSN3, and identifies the frequencies of their alleles and genotypes.

ӘОЖ 636.081
Білім алушы: Алдешова Ж.Б., магистрант, Әбілов Б.А., студент
Ғылыми жетекші: Ахметалиева А.Б., а.ш.ғ.к.
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ.

ҚАЗАҚТЫҢ АҚБАС ТҰҚЫМЫ ТӨЛДЕРІНІҢ ӨСІП-ЖЕТІЛУІ

АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада БҚО жағдайында қазақтың ақбас ірі қара тұқымының төлдерінің өсіп-жетілуін зерттеу.

Кілт сөздер: *қазақтың ақбас тұқымы, экстерьер, тірі салмақ, орташа тәуліктік салмақ, дене өлшемдері.*

Қазіргі таңда Қазақстанда өндіріліп жатқан еттің басым көпшілігі ірі қара етін құрайды. Және оның үштен бірі ет бағытындағы малдан алынады. Жалпы етті ірі қара шаруашылығы өнімді мол беретін, экономикалық тиімділігі жоғары, мамандандырылған саланың бірі болып табылады. Сонымен қатар қазақтың ақбас сиырының тұқымы осы етті ірі қара шаруашылығында негізгі тұқым болып саналатындықтан, тұқымның өнімділігін арттырып, тұқымдық сапасын жақсарту, бұл саланың экономикалық тиімділігін көтеруге әсер ететіні сөзсіз. Қазақтың ақбас тұқымын шығару барысында зауыттық будандастыру әдісі қолданылған болатын. Е.Г.Насамбаевтың пікірі бойынша, қазақтың ақбас тұқымын шығару барысында селекционерлердің тез өсіп жетілетін тұқым қалыптастыруы міндет болып қойылмағаның айтады. Айтуы бойынша АҚШ, Канада, Англия сынды шет елдерден асыл тұқым сатып аларда, ең ірілерін таңдап алуға назар аударған. Бірақ кейін 1932-1975 жылдар аралығында шет елден,шағын типті қалалардан әкелінген герефорд бұқалары көптеген шаруашылықтарда кеңінен қолданылып аласа бойлы, қысқа аяқты, кеудесі кең ірі қара тұқымы кездесе бастаған [1].

Қазақстанның әр түрлі аймағында таралған бұл тұқымның биология сапалары мен өнімділігін зерттеу арқылы мынадай қасиеттері айқындалды: түрлі азық пен әр түрлі жемге, климат жағдайларына бейімделгіштігі, тез өсіп жетілгіштігі, жем-шөп шығыны жақсы өтелетіндігі.

Сүт өндіруге мамандандырылған ірі қараны өсіруге қарағанда мамандандырылған етті бағыттағы ірі қараны өсіру аз жұмыс күшін қажет етеді. Себебі ет өндіру үшін өсірілген ірі қара тұқымы сиырлары сауылмайды, олардың бұзаулары емін еркін еміп өседі. Сондықтан мұнда жұмыс күші аз, әрі тұрғын халықтың орналасқан жерінде мамандандырылған етті бағыттағы сиыр тұқымдарын өсіру тиімді болып саналады [2].

Зерттеу материалдары және әдістемесі. Зертеудің негізгі обьектісі болып «Дөңгелек» шаруа қожалығында өсірілетін қазақтың ақбас тұқымы төлдері болып табылады. Зерттеу материалдарына толықтай сараптама жүргізу үшін бонитировка, зоотехникалық есеп журналы , асылдандыру ісі т.б құжаттар қаралды. Мұндағы мал азығының негізгі көзі болып шабындықтар мен табиғи жайылымдар болып табылады.

Бонитировка кезінде сиырлар және төлдердің әр түрлі дене өлшемдері алынған болатын, атап айтсақ: шоқтығының биіктігі, тұрқының қиғаш ұзындығы, кеуде орамы, құйымшағының биіктігі, кеудесінің тереңдігі, кеудесінің еңділігі, сербек аралық еңділігі, жіліншігінің орамы.

Мұннан дене өлшемдері бойынша дене индекстері есептелінді (Сиректылығы, тұрқы сипаты, дене еңселілігі, дене жұмырлылығы, кеуделілік, сүйектілік). Ал малдардың тірілей салмақтарын таразымен өлшеу арқылы анықталды. Осы тірілей салмақтары көрсеткіштерне тәуліктік салмақ өсімі есептелді. Төлдердің салмағын 8,12,15 айлығында

таңғы уақытта азықтандыру мен суарудан бұрын өлшеу арқылы алынды. Алынған нәтижелерді есептеуге жалпы қабылданған Плохинскии Н.А. (1970) алгоритіміне сәйкес жүргізілді.

Зерттеу нысаны. Батыс Қазақстан облысы «Дөңгелек» асылтұқымды шаруа қожалығындағы қазақтың ақбас тұқымы табыны болып табылады. Шаруашылық 2008 жылы "Скит" шаруа қожалығының негізінде құрылды. Шаруашылықтың жалпы жер көлемі – 7251 га, оның ішінде: егістік жерлері - 6602 га, шабындық - 1250 га, жайылым-5400 га құрайды. Шаруашылықтың орналасқан аймағы өзендермен оқшауланған. Грачи 1, Грачи 2 өзендері мен Кушум арнасы үш жағынан қоршап жатыр.

Зерттеу нәтижелері. Жануарлар тұқымы бұл бір тұқымға белгілі бір белгілердің тән болуы. Егерде жұптасқан жануарлар бір тұқымда болса , таза тұқымды төл болып саналады.

Өткен ғасырдың отызыншы жылдары кеңестік заманның ірі ғалымдары: К.Акопян, П.Кулешов және т.б ғалымдардың кең көлемді зерттеулер жүргізіліп, қазақ және қалмақ сиырларын ағылшынның герефорд тұқымымен шағылыстырып, осы қазақтың ақбас тұқымын шығарған болатын. Қазақтың ақбас тұқымының өзіндік қасиеті –мейлінше ыстыққа және суыққа төзімді, азыққа талғампаз емес, әрі етті,әрі қоңды мал тұқымы. Бұқаларының салмағы 850-950 кг тартып, кейде тоннадан асып жатады. Ал сиырлары 450-550 кг ге жетеді. Ең маңыздысы сойыс уақытында май мен ет мөлшері 55-65 пайыздан кем емес. Еті мәрмәр, дәмді әрі жұмсақ.

Қазірде «Дөңгелек» асылтұқымды шаруа қожалығындағы қазақтың ақбас тұқымының сапалық көрсеткішін , тұқымдық құрылымын, табынның класстық құрамын қарағанда айқын байқалады.

Соңғы 2022 жылғы бонитировка нәтижесінде барлығы **1003** бас мал бонитерленді, оны төмендегі кестеден көруге болады.

Кесте 1 - Табынның тұқымдық және класстық құрамы (2022 жыл)

Көрсеткіштер	**«Дөңгелек» ШҚ кластық құрылымы**			
	Табын бойынша		**Сиырлар бойынша**	
	Бас	%	Бас	**%**
Элита-рекорд	363	36,2	151	**53,6**
Элита	377	37,6	118	**41,8**
I класс	263	26,2	13	**4,6**
Барлығы	**1003**	**100%**	**282**	**100%**

Табынның класстық құрамы таза тұқымды барлық мал саны 1003 мал басы болса, жоғары классқа 73,8 % -ы кіреді. Сиырлар таза тұқымды мал бас саны 282 болса , оның ішінде элита рекорд - 53,6%, элита- 41.8%, 1 класс- 4.6% мал басы бар. 18 айдан жоғары жастағы тайыншалар мен қашарлар саны 310, элита рекорд- 41.6% , элита-23%, 1 класс-35.4% мал бас санын құрайды. 12 айға дейінгі және одан жоғары жастағы бұқашықтар саны- 88 , оның ішінде элита рекорд -1.1%, элита- 5.7, 1 класс -93.2% мал бас саны . 6 айдан 12 айға дейінгі бұқашықтар саны 149 болса, элита рекорд -24.8%, элита -61.7%, 1

класс – 13.5%. 6 айдан 12 айға дейінгі тайыншалар саны 146 болса, элита рекорд – 31.5%, элита- 58.2%, 1 класс -10.3% мал басы санын құрайды.

«Дөңгелек» асылтұқымды шаруа қожалығының малдары жақсы экстерьерімен ерекшелінеді.

Шаруашылықта қазақтың ақбас малдарының өнімділік, тұқымдық қасиеттерін жақсартуға бағытталған жұмыстар жүргізілуде. Шаруашылықта соңғы 5 жылдағы

малдардың салмақ динамикасын қарайтын болсақ , өндіруші бұқалар 3 жасында- 705кг, 5 жас және одан жоғары- 840кг жетеді . Сиырлар 3 жасында- 449кг, 4 жасында -473кг, 5 жас және одан жоғары-566 кг құрайды. Салмақ өлшемдері бойынша тұқым стандартына сәйкес келеді.

«Дөңгелек» асылтұқымды шаруа қожалығының ақбас тұқымы төлдерінің де өсімталдығын айтпасқа болмайды. Экстерьерлік ерекшеліктерін зерттеу мақсатында бұқашықтардың 8,12,15 айлығында дене өлшемдері алынған болатын.

Кесте 2 – Бұқашықтардың дене өлшемдері, см

Дене өлшемдері, көрсеткіштер	Жасы, ай					
	8 ай		12 ай		15 ай	
	(n=15)		(n=15)		(n=15)	
	X±Sx	Cv	X±Sx	Cv	X±Sx	Cv
Шоқтығының биіктігі	98,6±0,6	2.5	108,2±0,4	1,7	113,8±0,4	1,5
Құйымшағының биіктігі	103,2±0,4	1,8	107,2±0,6	1,3	116,2±0,2	1,1
Кеудесінің тереңдігі	48,2±0,8	6,6	54,5±0,5	3,7	62,2±0,6	4,3
Кеудесінің еңділігі	31,5±0,3	5,2	33,6±0,5	6,9	41,3±0,4	4,7
Сербек аралық еңділігі	32,5±0,3	4,3	36,2±0,6	4,8	43,7±0,8	5,8
Кеудесінің орамы	147,4±0,8	2,7	155,2±1,6	3,4	172,8±0,8	1,7
Тұрқының қиғаш ұзындығы	103,2±0,4	1,7	121,4±0,4	1,4	131,2±0,3	1,5
Жіліншігінің орамы	16,7±0,2	3,6	17,7±0,4	6,5	19,7±0,4	6,1

Жас төлдерді өсіру барысында 8 айдан 12 айға дейін аралықта еттік формалары қалыптасып, көлемі мен енінің кеңеюі байқалды. Кеуде орамы ұлғайып, тұрқының созылыңқылығы артты. Бұл жас төлдердің өзіндік ерекшелігіне байланысты тез жетіліп дамитындықтан, барлық жануарларға тән қасиет.

Осыдан алынған өлшемдерінен дене бітім индекстері есептелінеді : сирақтылығы, тұрқының сипаты, кеуделілігі, дене еңселілігі, дене жұмырлылығы, сүйектілігі т.б. жатады.

Жоғарыдағы кестеден бұқашықтардың кеуделілігінің біршама артқанын және дене бітімінің тез жетілгіштігін байқауға болады. Бұқашықтардың индекстерінен еш ауытқушылық байқалмады, осыннан олардың дамуының бірқалыпты екенін байқаймыз.

Жас төлдердің өсіп жетілуі мал тұқымдарын жетілдіру етті бағыттағы ірі қара өсірудегі негізгі бағыт болып табылады. Селекциялық асылдандыру жұмыстары кезеңінде жоғары сападағы ет өндіру үшін, төлдердің тірідей салмағы, орташа тәуліктік салмақ сынды көрсеткіштері өте маңызды [3].

Қазақтың ақбас тұқымының жас төлдерінің өсіп жетілуін зерттеу мақсатында «Дөңгелек» ШҚ -да өсірілген бұқашықтар мен тайыншалардың тірілей салмағының орташа тәуліктік өсімі бойынша жүргізілді. Асыл тұқымды мал өсіретін шаруашылықтарда жас төлдерді өсіріп , оны әрі дамыту тұқымдылық қасиеттін жақсартудағы басты мақсат болып табылады.

Кесте 3 – Бұқашықтар мен тайыншалардың орташа тірілей салмағы, кг

Жасы, ай	Жынысы			
	Бұқашықтар (n=15)		Тайыншалар (n=15)	
	X±Sx	Cv	X±Sx	Cv
8	222 ± 2,07	3,48	221 ± 3,29	5,5
12	324 ± 4,14	4,78	283 ± 3,49	4,6
15	396 ± 3	2,83	308 ± 3,7	4,4
Орташа тәуліктік салмақ қосымы				
Жасы, ай	Бұқашықтар (n=15)		Тайыншалар (n=15)	
	X±Sx	Cv	X±Sx	Cv
8-12	786.1±3.1	1.4	508.3±1.8	1.3
12-15	685.1±6.6	3.5	577.7±1.04	3.4

3-кестеде көрсетілгендей 8 айлығындағы бұқашықтардың орташа салмағы 222 кг құраған болатын, ал тайыншалардың орташа салмағы 221 кг құрады. Бұқашықтардың тірілей салмағы тұқым стандартынан 8 айлығында- 12 кг, 12 айлығында- 24 кг, 15 айлығында- 31кг асты.

Тайыншалардың тірілей салмағы тұқым стандартынан 8 айлығында- 31 кг, 12 айлығында- 23 кг, 15 айлығында- 3 кг ға асып түскен болатын. Тірілей салмағы арқылы орташа тәуліктік салмақ қосымы анықталды. Бұқашықтарда тәуліктік салмақ қосымы ең жоғары 8-12 айлық аралығында болды, ал тайыншаларда 12-15 ай аралығында болды .

Қорытынды. Республикадағы етті ірі қараның қырық екі пайызға жуығы Батыс Қазақстан аймағында, яғни ең көп біздің аймақта өсіріледі.

Қазақтың ақбас тұқымды ірі қара малы етті бағыттағы ірі қара шаруашылығында негізгі тұқым болғандықтан ,оның сапасын, өнімділік деңгейін көбейтіп, тұқымын жақсартуға , экономикалық тиімділігін арттыруға әсер ететіні сөзсіз. Бұл тұқымды шығаруда малды зауыттық будандастыру әдісі қолданылған. Еліміздің әр түрлі аймағында өсіріліп , қазақтың ақбас тұқымының мынадай қасиеттері анықталған: әр түрлі жем мен азық , климат жағдайларына бейімделгіштігі, тез өсіп жетілгіштігі, жем шөп жақты өтелетіндігі.

Шаруашылықтағы табынның тұқымқуалаушылық әлеуеті жоғары өнімді жануарлар санын көрсетеді. Салмақ динамикасын қарайтын болсақ , өндіруші бұқалар 3 жасында- 705кг, 5 жас және одан жоғары- 840кг жетеді . Сиырлар 3 жасында- 449кг, 4 жасында - 473кг, 5 жас және одан жоғары-566 кг құрайды. Салмақ өлшемдері бойынша тұқым стандартына сәйкес келеді.

8 айлығындағы бұқашықтардың орташа салмағы 222 кг құраған болатын, ал тайыншалардың орташа салмағы 221 кг құрады. Бұқашықтардың тірілей салмағы тұқым стандартынан 8 айлығында- 12 кг, 12 айлығында- 24 кг, 15 айлығында- 31кг асты.

Салмақ өлшедері бойынша тұқым стандартына сәйкес келеді. Жануарлардың қоңдылығы қанағаттанарлық.

Сурет-1. Қазақтың ақбас тұқымды ірі қаралары

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Насамбаев Е.Г. Воспроизводительная способность телок казахской белоголовой породы и ее помесей / Е.Г. Насамбаев, А.Б. Ахметалиева // Вестник с.-х. науки Казахстана. Алма-Ата, 2006. - No7. - 38-40 б.

2. Ж. Оразбеков., Б.Төлебаева., Етті ірі кара өсіру технологиясы және еңбек өнімділігі. 1987.-5.4-5.

3. А. Б. Ахметалиева., Д. А. Дуимбаев., Н. Ж. Жайназаров //Қазақтың ақбас тұқымы төлдерінің өсу даму көрсеткіштері., Ғылым жене білім. 2016, N°4 (45) -20б.

РЕЗЮМЕ

В данной статье изучено рост и развитие молодняка белоголовой породы в племенном хозяйстве «Донгелек» ЗКО по результатам бонитировки 2021-2022 гг.

RESUME

This article studied the growth and development of the young white-headed breed of the breeding farm "Dongelek" WKO based on the results of appraisal in 2021-2022.

ОӘК 551.556:551.524

Білім алушы: Альпейсова Н., магистрант
Ғылыми жетекші: Губашева Б.Е., жетекші
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ.

АТМОСФЕРАДАҒЫ ЛАСТАУШЫ ЗАТТАРДЫҢ КОНЦЕНТРАЦИЯСЫНЫҢ ЖЕЛ ЖЫЛДАМДЫҒЫНА, АУА ТЕМПЕРАТУРАСЫНА ТӘУЕЛДІЛІГІ

АННОТАЦИЯ

Ауа-райы-метеорологиялық факторлардың өзгергіштігі атмосфералық ластану деңгейіне теріс әсер етеді, сондықтан Табиғатты қорғаудың тиімді әдістерінің бірі атмосфералық ластану концентрациясының жоғарылауына ықпал ететін қолайсыз метеорологиялық жағдайларды болжау болып табылады. Ауа-райының қалыптан тыс ауытқуларының атмосфералық ауаның ластану деңгейінің жоғарылауымен біріктірілген әсері халықтың денсаулығына теріс әсер етеді.

Кілт сөздер: *ластаушы заттар концетрациясы, жел, ауа температурасы.*

Кіріспе. Әр түрлі метеорологиялық факторлар ауаның зиянды қоспалармен ластану деңгейіне әр түрлі әсер етеді. Тұрақты әсер ететін табиғи факторлар - атмосфералық қысым, ауа температурасы, желдің жылдамдығы мен бағыты, ылғалдылық және мезгіл – мезгіл пайда болатын метеорологиялық құбылыстар (жауын-шашын, тұман және т.б.) - белгілі бір комбинацияларда, синоптикалық жағдайларда және атмосфераның физикалық күйінде (стратификация) зиянды заттардың концентрациясын ондаған есе өзгертуге қабілетті. [1]Қолайсыз метеорологиялық жағдайлар жыл сайын байқалады және жылдың маусымына қарамастан пайда болуы мүмкін. Осыған байланысты қолайсыз синоптикалық жағдайларды үнемі бақылау қажет [2].

Жел гидрометеорологиялық сипаттамалардың бүкіл кешенімен байланысты. Желдің максималды болуы әрдайым атмосфералық ауаның сапасына жағымды әсер етеді және ауаның ластану деңгейінің төмендеуіне ықпал етеді [3].

Ауа температурасы да климаттың маңызды анықтаушы сипаттамасы болып табылады. Кейбір жағдайларда урбанизацияның әсері температуралық режимге әсер етеді: суық қыста қала ғимараттарды қарқынды жылытуға байланысты өзіндік «жылу аралына» айналады, ал жазда күн сәулесімен жылынатын қалалық құрылымдар мен жол жабындары қоршаған ауа температурасының айтарлықтай жоғарылауының қосымша көзі бола алады. Сыртқы температураның жоғарылауы көбінесе оның ластануына әкеледі [4].

Зерттеу әдістемесі. Зерттеу 2022 жылдың тамыз, қараша 2023 жылдың ақпан айларында Орал қаласының Зачаган кенті аумағында жүргізілді.

Атмосфераны ластаушы заттар концентрациясы МЕМСТ 17.2.1.01-76 «Тасталымдардың құрамы бойынша классификациясы» бойынша алынды. Осы стандарт атмосфераның ластану көздерінен зиянды заттар шығарындыларының құрамы мен шартты белгілеуден құрылымы бойынша жіктелуін белгілейді.

Ластаушы заттар концентрациясы мәндері автоматты ГАНК 4 РБ газанализаторымен алынды.

Метеорологиялық параметрлер (ауа температурасы, жауын-шашын, жел жылдамдығы, тұман) РМК Қазгидрометтен алынды.

Нәтижелері. Ластаушы заттардың концентрациясының жел жылдамдығына тәуелділігі. Жұмыста жел жылдамдығының ауадағы ластаушы заттардың концентрациясына әсері бағаланды.

Ластаушы заттар концентрациясы мен метеорологиялық параметрлер арасынадағы байланыс корреляция коэффициенті арқылы анықталды. Корреляция коэффициенттерінің байланыс күшін бағалау кезінде Чеддок шкаласы қолданылды (1-кесте).

1-кесте. Чеддок шкаласы бойынша корреляция коэффициентінің мәні

Байланыстың тығыздығы	Болған кезде корреляция коэффициентінің мәні	
	Тіке байланыс	Кері байланыс
Әлсіз	0,1 - 0,3	(-0,3) - (-0,1)
Орташа	0,3 - 0,5	(-0,5) - (-0,3)
Көрінетіндей	0,5 - 0,7	(-0,7) - (-0,5)
Жоғары	0,7 - 0,9	(-0,9) - (-0,7)
Өте жоғары	0,9 - 1	(-1) - (-0,9)

Корреляция - бұл объектілер немесе оқиғалар арасындағы байланысты көрсететін көрсеткіш. Бұл ұғым экономикада, статистикалық талдауда, математикада, сондай-ақ биология мен психологияда белсенді қолданылады. Корреляцияның қарапайым мысалы — оқиғалардың ықтималдығын бағалау [5].

Байланыстың сапалық сипаттамасы Чеддок шкаласы бойынша корреляция коэффициенті негізінде беріледі. Алайда, оның арқасында сандық мәнді сапалық сипаттамаға «аудару» мүмкін болады.

Әрине, желдің максималды болуы әрдайым атмосфералық ауаның сапасына жағымды әсер етеді және оның ластану деңгейінің төмендеуіне ықпал етеді, алайда, корреляциялық талдау нәтижелері таңдалған элементтер арасындағы байланыс бірдей емес екенін көрсетеді [6]. Корреляция коэффициенттерінің байланыс күшін бағалау кезінде Чеддок шкаласы қолданылды (2-кесте).

2-кесте. Жел жылдамдығы және ластаушы заттар концентрациясы арасындағы корреляциялық байланысы

Метеорологиялық параметр	Ай	Ластаушы заттар концентрациясының корреляция коэффициенті			
		Азот диоксиді	Азот оксиді	Көміртек оксиді	Күкірт диоксиді

Жел жылдамдығы	Тамыз, 2022	-0,5	0,2	-0,6	0,6
	Қараша, 2022	0,5	0	0,3	-0,1
	Ақпан, 2023	-0,2	-0,0	-0,3	-0,4

2-кестеде көрсетілгендей, тамыз айында жел жылдамдығы мен азот диоксиді, көміртек оксиді аралығында көрінетіндей кері байланыс, жел жылдамдығы мен азот оксиді арасында әлсіз байланыс, ал күкірт диоксидімен көрінетіндей байланыс байқалды. Қараша айында жел жылдамдығы мен азот диоксиді, көміртек оксиді арасында орташа байланыс, азот оксиді мен күкірт диоксиді арасында әлсіз байланыс байқалды. Ақпан айында жел жылдамдығы мен ластаушы заттар концентрациясы арасында кері байланыс болды. Нәтижесінде, зерттеу жүргізген айларда жел жылдамдығы мен ластаушы заттар концентрациясы арасында күшті байланыс болмағанды көрінеді.



1-сурет. Негізгі ластаушы заттардың орташа концентрациясының (CO, NO, NO_2, SO_2) және жел жылдамдығының (14.11.2022 – 24.02.2023жж.) тегістелген жылдық жүрісі

1-суретте негізгі ластаушы заттардың концентрациясы мен жел жылдамдығының жүрісі көрсетілген. Суреттен көріп тұрғанымыздай, ластаушы заттардың концентрациясы жел жылдамдығына тәуелді. Жел күшейген кезде, ластаушы заттардың концентрация мәндері азайған. Ал жел азайған кезде, ластаушы заттар концентрация мәндері көбейгендегі байқалады. Яғни, алынған аралықта ең күшті жел ақпан айында байқалды, және осы айда ластаушы заттар концентрациясының минимум мәндері байқалды.

Ластаушы заттардың концентрациясының ауа температурасына тәуелділігі. Жұмыста ауа температурасының ластаушы заттардың концентрациясына әсері бағаланды. Талдау үшін 2022 жылдың 14 қарашасынан 25 қарашасына дейінгі күндер Орал қаласындағы ластаушы заттардың концентрациясының орташа тәуліктік мәндері және ауа температурасы мәндері таңдалды, ақпарат РМК Қазгидромет БҚО бойынша филиалынан алынды.

Ауа температурасының минималды мәні бар қыста ластаушы заттардың концентрациясының мәні жазда ауа температурасының максималды мәндерінен екі есе төмен болады [7].

Корреляциялық талдау нәтижелері таңдалған шамалар арасында байланыс бар екенін көрсетті. Корреляция коэффициенттерінің байланыс Күшін бағалау кезінде Чеддок шкаласы қолданылды (3-кесте).

3-кесте. Ауа температурасы және ластаушы заттар концентрациясы арасындағы корреляциялық байланысы

Метеорологиялық параметр	Ай	Ластаушы заттар концентрациясының корреляция коэффициенті			
		Азот диоксиді	Азот оксиді	Көміртек оксиді	Күкірт диоксиді
Ауа температурасы	Тамыз, 2022	0,6	-0,02	0,2	-2,0
	Қараша, 2022	0,3	-0,3	-0,4	0,3

	Ақпан, 2023	0,1	0,8	0,01	0,1

3-кестеде 2022 жылдың тамыз, қараша айлары және 2023 жылдың ақпан айындағы ауа температурасы мен ластаушы заттардың орташа концентрациясы арасындағы корреляциялық байланыс көрсетілген. Азот диоксиді мен ауа температурасы тамыз айында көрінетіндей байланыс бар, ал қараша, ақпан айларында байланыс әлсіз. Азот оксиді мен ауа температурасы тамыз, қараша айларында әлсіз кері байланыс болса, ақпан айында жоғары байланыс байқалған. Көміртек оксиді мен ауа температурасы тамыз, ақпан айларында байланыс әлсіз, қараша айында орташа кері байланыс бар. Күкірт диоксиді мен ауа температурасы тамыз айында күшті кері байланыс, ал қараша, ақпан айларында әлсіз байланыс болған.



2-сурет. Негізгі ластаушы заттардың орташа концентрациясының (CO, NO, NO_2, SO_2) және ауа темературасының (14.11.2022 – 24.02.2023жж.) тегістелген жылдық жүрісі

2-суретте ластаушы заттар концентрациясы мен ауа температурасының жүрісі көрсетілген. Суреттен байқағанымыздай, ластаушы заттар концентрациясы мен ауа температурасы байланысты. Қараша айында ауа температурасының төмендеуі байқалады. Осы күні ластаушы заттар концентрациясының ең аз мәндері болғандығы байқалады. Тамыз айында температура салыстырмалы түрде жоғары болған кезде, ластаушы заттар концентрациясы мәндері де көтерілген. Сонымен қатар, ақпан айында ауа температурасы салыстырмалы түрде төмендеген кезде, ластаушы заттар концентрациясының мәндері көтерілген. Негізгі себебі, жоғары ауа температурасы ластаушы заттар концентрациясының атмосферада жоғарылауына әсер етеді, ал, қыс айында жоғары болуы, жылыту кезеңімен байланысты [8].

Қорытынды. Зерттеу барысында метеоролгиялық жағдайлардың, яғни, жел жылдамдығы мен ауа температурасының атмосферадағы ластаушы заттар концентрациясына әсері анықталды. Желдің максималды болуы әрдайым атмосфералық ауаның сапасына жағымды әсер етеді және оның ластану деңгейінің төмендеуіне ықпал етеді, алайда, корреляциялық талдау нәтижелері таңдалған элементтер арасындағы байланыс бірдей емес екенін көрсетеді. Ал, ауа температурасының әсері жаз айында және қыс айында салыстырмалы түрде жоғары екендігі байқалды. Себебі, жылу бастапқы ластаушы заттардың шығарындыларын арттырады. Температураның жоғарылауы ғимараттар мен автомобильдерде кондиционерлеу арқылы энергияны тұтынудың артуына әкеледі. Қосымша энергияны тұтыну ауаның көбірек ластануына әкеледі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Al-Harbi M, Al-Majed A, Abahussain A. Spatiotemporal variations and source apportionment of NO_x, SO_2, and O_3 emissions around heavily industrial locality. Environmental Engineering Research (2020) 25(2) 147-162

2. Maji A. Air pollution and lungs. J. Assoc. Chest Phys. 2018;6:1-3.

3. Pedersen C, Raaschou-Nielsen O, Hertel O, Mortensen P. Air pollution from traffic and schizophrenia risk. Schizophr. Res. 2004;66:83-85

4. Falocchi M, Zardi D, Giovannini L. Meteorological normalization of NO_2 concentrations in the Province of Bolzano (Italian Alps). Atmospheric Environment (2021) 246

5. C.D. Whiteman et al. Relationship between particulate air pollution and meteorological variables in Utah's Salt Lake Valley. Atmos. Environ. (2014)

6. T. Chen, S. Deng, Y. Gao, L. Qu, M. Li, and D. Chen, "Characterization of air pollution in urban areas of Yangtze River Delta, China," Chinese Geographical Science, vol. 27, no. 5, pp. 836–846, 2017.

7. L. Han, W. Zhou, W. Li, D. T. Meshesha, L. Li, and M. Zheng, «Meteorological and urban landscape factors on severe air pollution in Beijing,» Journal of the Air & Waste Management Association, vol. 65, no. 7, pp. 782–787, 2015.

8. A. Mahmud, M. Hixson, J. Hu, Z. Zhao, S.-H. Chen, and M. J. Kleeman, "Climate impact on airborne particulate matter concentrations in California using seven year analysis periods," Atmospheric Chemistry and Physics, vol. 10, no. 22, pp. 11097–11114, 2010.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются результаты проведенных исследований по определению зависимости концентрации загрязняющих веществ в атмосфере от температуры воздуха и скорости ветра. Изменчивость погодно-метеорологических факторов негативно влияет на уровень загрязнения атмосферы, поэтому одним из эффективных методов охраны природы является прогноз неблагоприятных метеорологических условий, способствующих повышению концентрации загрязнения атмосферы. Комбинированное воздействие аномальных погодных аномалий с повышением уровня загрязнения атмосферного воздуха негативно сказывается на здоровье населения.

RESUME

The article discusses the results of studies conducted to determine the dependence of the concentration of pollutants in the atmosphere on air temperature and wind speed. The variability of weather and meteorological factors negatively affects the level of atmospheric pollution, therefore, one of the effective methods of nature protection is the forecast of unfavorable meteorological conditions that contribute to an increase in the concentration of atmospheric pollution. The combined impact of abnormal weather anomalies with an increase in the level of atmospheric air pollution negatively affects the health of the population.

ӘОЖ 639.3:574.52:597.423

Білім алушы: Бексултан А.Е., студент
Ғылыми жетекші: Гинаятов Н.С., PhD, жетекші,
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ.

ТҰЙЫҚ СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚОНДЫРҒЫЛАРЫ ЖАҒДАЙЫНДА ӨСІРІЛЕТІН БЕКІРЕ БАЛЫҚТАРЫНЫҢ УЛАНУЫН АЛДЫН АЛУ ҮШІН АЙНАЛМАЛЫ СУДЫҢ ГИДРОХИМИЯЛЫҚ ТЕПЕ-ТЕҢДІГІН АНЫҚТАУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада тұйық сумен қамтамасыз ету қондырғылары жағдайында өсірілетін бекіре балықтарының интоксикациясын (улануын) алдын алу үшін айналмалы судың гидрохимиялық тепе-теңдігінің маңыздылығын анықтау мақсатында гидрохимиялық талдау жүргізілді.

Кілт сөздер: *гидрохимиялық көрсеткіштер, УЗВ, бекіре балықтары, интоксикация, инфекциялық патология*

Кіріспе. Бекіре балықтарының тығыз шоғырлануы және тұйық сумен жабдықталған қондырғылар жағдайында ветеринарлық-санитарлық нормалардың бұзылуы бекіре балықтарының өсіру жағдайының нашарлауына әкеледі, соның салдарынан гидрохимиялық көрсеткіштер мен судың өзін-өзі өңдеу процестерінің бұзылуы, судың экскрементальды балық өнімдерімен, азық қалдықтарымен және т.б. ластануы орын алады. Осы стресс факторлардың барлығы шартты-патогенді микроорганизмдердің (аэромоноз, псевдомоноз, миксобактериоз, фурункулоз, вибриоз және т.б. қоздырғыштары) жалпы микробтық санының күрт өсуіне, сондай-ақ осы бактериялардың патогендік белсенділігінің артуына ықпал етеді. [1, 2].

Сонымен қатар, тұйық сумен қамтамасыз ету қондырғылары жағдайында нитриттер мен нитраттардың концентрациясының жоғарылауы интоксикацияның жедел немесе созылмалы түрімен бірге жүретін балықтың улануын туғызады. Нитриттермен уланудың өткір ағымында бекіре балықтарының тыныс алу жүйесі зақымдалады, олар желбезек арқылы қанға енеді де, сол жерде гемоглобинді тотықтырып, оны оттегіні тиімді тасымалдай алмайтын метгемоглобинге айналдырады, бұл ақыр соңында балықтардың гипоксиядан жаппай қырылуын тудырады. Нитриттердің жоғары концентрацияларының ұзақ уақыт бойы әсер етуі, тұйық сумен қамтамасыз ету қондырғылары жағдайында салыстырмалы түрде сирек болса да, нитрат концентрациясы балықтардың өсуінің тежелуіне, жалпы жағдайының нашарлауына, репродуктивті өнімділігінің бұзылуына және иммундық жүйенің төмендеуіне әкелуі мүмкін, бұл жоғарыда аталған инфекциялардың одан әрі дамуына ықпал етеді [3]. Тұтастай алғанда, осы факторлардың барлығы балық шаруашылығына айтарлықтай экономикалық зиян келтіреді.

Сәйкесінше, бекіре балықтарын өсіру үшін пайдаланылатын тұйық сумен жабдықталған қондырғылар жағдайында айналмалы судың гидрохимиялық көрсеткіштерін анықтау және өндірістік аквакультура жағдайында гидрохимиялық көрсеткіштер мен бактериялық құрылым арасындағы байланысты орнату біздің зерттеу жұмысымыздың негізгі мақсаты болды. Зерттеу барысындағы жүктелген міндеттер:

– Балық шаруашылығы тұрғысынан қайта өңделген судың негізгі көрсеткіштерін (pH және еріген оттегінің құрамы) белгілеу;

– Тұйық сумен жабдықталған қондырғылар жағдайының әртүрлі кезеңдеріндегі айналмалы судың бактериялық құрамын анықтау.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зертханалық-өндірістік зерттеулер «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлы-техникалық университеті» сынау ортылығы мен «Тәжірибелік-өнеркәсіптік өндірістің оқу-ғылыми аквакультура кешені» ЖШС-та 2023-жылдың қаңтар-наурыз айлары аралығында жүргізілді.

Зерттеу материалы ретінде қақпағы бар зарарсыздандырылған пластик түтіктерге тұйық сумен қамтамасыз ету қондырғылары жағдайындағы бассейндерден қайта өңделген су үлгілері алынды.

Балық өсіру жағдайында судың сапасын анықтайтын негізгі гидрохимиялық көрсеткіштерді (нитриттер, нитраттар, аммоний иондары, суда еріген оттегі, pH және су температурасы) зерттеу кешені мен тұйық сумен жабдықталған қондырғылар жағдайындағы бассейндерде бактериялық бақылау жұмыстары жалпы қабылданған әдістер бойынша жүргізілді. Осы кезеңде нитриттердің деңгейін анықтау мен қоршаған ортаның белсенді реакциясын (pH) бақылау үшін Nitrite-Test SERA және pH Test SERA сынамалары қойылды. Судағы еріген оттегінің концентрациясын және температураны өлшеу үшін оттегі датчигімен комбинацияланған OxyGuard Handy Polaris термооксиметрі қолданылды.Оттегі датчигіне температура датчигі орнатылып, гидрохимиялық көрсеткіштер ГОСТ 33045-2014 бойынша анықталды.

Бактериологиялық зерттеуде жиі қолданылатын МПА қоректік ортасы және Эндро мен Сабуро селективті орталары пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау. Судың гидрохимиялық құрамы, атап айтқанда 2 күн сайын 3 ай көлемінде (қаңтар-наурыз) бақыланды.

Отырғызу материалдарының нормалары бойынша ересек бекіре балықтары орналастырылған №1 бассейннің (1 м3-ке 40 кг), талаптарға сәйкес көрсеткіштерді өлшеу күн сайын жүргізілген №5 - карантиндік бассейннің, орналасу тығыздығы жоғары ұсақ балықтар орналасқан №19 бассейннің (1 м3 үшін 20 кг) су ортасының гидрохимиялық көрсеткіштері туралы деректер 1 кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – Тұйық сумен қамтамасыз ету қондырғылары жағдайындағы қайта өңделген судың гидрохимиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Максималды-шекті концентрация	№1 бассейн	№5 карантиндік бассейн	№19 бассейн
Оттегі, мг/л	6-12	10,6±0,4	9,5±0,2	8,3±0,5
Белсенді отра реакциясы (pH)	6,0-9,0	7,5±0,5	7,0±0,5	5,5±0,5
Нитриттер, мг/л	0,25-0,3	0,289±0,043	0,392±0,019	0,369±0,070
Нитраттар, мг/л	40-тан кем емес	7,50±0,21	6,80±0,06	13,50±0,14
Аммоний иондары, мг/л	0,01-0,86	0,25±0,02	0,20±0,01	0,36±0,01
Температура, С	19-24	21,4±0,6	22,6±0,4	21,4±0,6

Кестеден № 1 және 5 бассейндердің су ортасының параметрлері оңтайлы мән шегінде болғанын, ал орналастыру тығыздығы жоғары №19 бассейнде гидрохимиялық көрсеткіштердің максималды-шекті концентрациядан асып түскенін байқауға болады.

Зерттелетін бассейндердегі айналмалы судың микробтық құрылымын бактериологиялық талдау үшін колония түзуші бірліктер саналды. Зерттеу нәтижелері 2 кестеде көрсетілген.

Кесте 2 – Тұйық сумен қамтамасыз ету қондырғылары жағдайындағы айналмалы судың бактериологиялық талдау көрсеткіштері

Үлгілер мен нысандар	Қоректік орта	Колония түзуші бірліктер саны	Микроорганизмдердің болуы/болмауы			
			E.coli	Стафило-коктар	Патогенді микрофлора	Саңырауқұлақтар
№1 бассейн	МПА	0,46 x 10^3	+	+	-	-
	Эндо	0,18 x 10^3	+	-	-	-
	Сабуро	0,23 x 10^3	-	-	-	+
№5 карантиндік бассейн	МПА	0,27 x 10^3	+	+	-	-
	Эндо	0,16 x 10^3	+	-	-	-
	Сабуро	0,15 x 10^3	-	-	-	+

№19 бассейн	МПА	0,87 х 10^3	+	+	-	-
	Эндо	0,31 х 10^3	+	-	-	-
	Сабуро	0,24 х 10^3	-	-	-	+

Кестедегі деректер тұйық сумен қамтамасыз ету қондырғылары субъектілерінде микроорганизмдердің патогендік нысандары жоқ екенін көрсетеді, шартты патогенді түрден - Pseudomonas тектес бактериялар және стафилококктар мен саңырауқұлақтар бірдей деңгейде аз мөлшерде кездеседі. Субъектілер бойынша микроорганизмдердің таралуы да біркелкі емес, №19 бассейн ең ластанғаны болып табылады.

Тұйық сумен қамтамасыз ету қондырғылары жағдайында аммоний азотының нитратқа дейін тотығу процесі үнемі жүріп отырады, егер суда бикарбонаттар және басқа да осыған ұқсас иондар жеткілікті мөлшерде болса, олар бұл қышқылды бейтараптандырады және судың pH мәні айтарлықтай өзгермейді. Бұл көрсеткіштердің тепе-теңдігінде Pseudomanas және Aeromonas азотфиксациялаушы бактериялардың судың нитрификация және өзін-өзі тазарту процесіне қатысуы маңызды рөл атқарады. Алайда, суда шартты-патогенді бактериялардың концентрациясы жоғарылаған жағдайда, осы бактериялардың патогендік қасиеттерінің көріну қаупі және тұйық сумен қамтамасыз ету қондырғылары жағдайында өсірілетін бекіре балықтарының арасында псевдомоноз және аэромоноз ошақтарының пайда болу қаупі сәйкесінше артады [3,4].

NO3- нитраттардың балықтар үшін уыттылығы аз және балықтар 1000 мг/л-ге дейін шыдай алады деп есептеледі, әдетте тұйық сумен жабдықталған қондырғылар жағдайында нитрат концентрациясы мұндай көрсеткішке дейін жетпейді [5,6].

Нитраттарға қарағанда, NO2-нитриттер балықтар үшін өте улы. Көбінесе нитриттерді «қан уы» деп атайды, себебі олар қан гемоглобинімен әрекеттесіп, оттегінің тіндерге өтуін бұзады. Нитриттің жоғарғы концентрациясының балықтарға ұзақ әсер ету белгісі - желбезек түсінің ашық қызылдан қоңырға дейін өзгеруі. Нитриттердің шекті рұқсат етілген концентрациясы 0,25 мг/л. Оның 0,1 мг/л деңгейі қолайсыз болып саналады және ол потенциалды түрде балықты стресске ұшыратуы мүмкін. NO2-тің төмен концентрациясы - бұл уақыт өте келе кумулятивті әсер ететін сағаттық бомба секілді десе де болады [6,7].

Тұйық сумен қамтамасыз ету қондырғылары жағдайында нитриттердің аздаған концентрациясы әрқашан болады, бұл нитрификациялаушы микрофлораның екі сатылы механизміне байланысты. Биофильтрлерді іске қосу кезінде, әдетте, кейбір кезеңде нитриттердің «шашырауы» орын алады. Бұл аммонийдің нитритке тотығуының химиялық реакциясының энергия шығымы нитриттің нитраттардың тотығуына дейінгі химиялық реакциясына қарағанда анағұрлым жоғары болуына байланысты, сондықтан нитрификацияның бірінші кезеңін жүзеге асыратын микрофлора (Pseudomanas және Aeromonas бактериялары) әлдеқайда жылдам өседі [8].

Қорытынды. Тұйық сумен қамтамасыз ету қондырғылары жағдайындағы қайта өңделген судың гидрохимиялық балансының көрсеткіштерінің кез келген өзгерістері жалпы балық шаруашылығы үшін ықтималды мәселе болып табылады. Осылайша, тұйық сумен жабдықталған қондырғылар жағдайындағы жұқпалы аурулардың (бекіре балықтарының псевдомоноз мен аэромоноз ошақтары) және жұқпалы емес (балықтардың жаппай улануы және қырылуы) қаупін азайту үшін бассейндердегі айналмалы судың сапасын зерттеу талап етіледі. Өндірістік-тәжірибелік зерттеулердің нәтижелеріне сүйене отырып, біздің ұсынатын ұсыныстарымыз:

1. Су температурасы, оттегі концентрациясы және pH сияқты гидрохимиялық көрсеткіштерді тұрақты бақылауда ұстау қажет. pH мәндері оптимальды диапазонда сақталуы керек, өйткені pH 6,5-тен төмен болғанда нитрификация және денитрификация процестерінің тиімділігі төмендейді. Кейбір су организмдері 6,0-ден 9,0-ге дейінгі pH ауытқуларына тежелусіз төтеп бергенімен, pH-ң төмен деңгей кезінде нитриттердің теріс

әсері күшейеді, ал жоғары деңгейінде балықтар үшін улы болып табылатын бос аммиак процесі артады. Судың температурасы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым нитриттер улы болады. Сондықтан судың температурасын 21-25 градуста ұстау керек, ал оттегінің концентрациясы 5,0-6,0 төмен болмауы шарт.

2. Судағы азот қосылыстарының – аммоний азотының, бос аммиактың, нитриттердің және нитраттардың мөлшерін бақылау. Сулы ортада аммоний және аммиак иондары ортаның pH мәніне және температурасына байланысты жылжымалы тепе-теңдікте болады. 10 мг/л дейінгі концентрациядағы аммоний иондары балыққа айтарлықтай әсер етпейді. pH мәнін реттеу арқылы бос аммиактың мөлшерін азайтуға және осылайша балық организмінің улануын болдырмауға болады.

3. Биоматериалдарды жыныс пен жас топтарына қарай отырғызу кезінде зоогигиеналық нормаларды қатаң сақтау және бассейндерді механикалық тазалау, биофильтрлерді жуу, тұйық сумен жабдықталған қондырғыларды дезинфекциялау және суды үнемі ішінара ауыстыру сияқты ветеринариялық-санитариялық шараларды жүргізу. Бассейндерді азық қалдықтарынан аптасына бір рет тазарту ұсынылады және биобалансты сақтай отырып, суды әр 2 күн сайын өзгертіп тұру маңызды. Егер су тазартылмаса, балықтар одан оттегін алып, өмір сүре алмайтындай деңгейде суды ластайды, сәйкесінше бұл балықтардың улануына және жаппай қырылуына әкеледі.

4. Профилактикалық іс-шаралар жоспарына айналымдағы суды бактериялық бақылау (айына бір рет) және осы азотты түзетін бактериялардың нитрификация және судың өзін-өзі тазарту процесіне қатысуына байланысты Pseudomanas және Aeromonas бактериялардың болу/болмауын анықтауды енгізу.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Казимирченко, О.В. Экологический анализ грамотрицательной микрофлоры сообществ грунтов, воды и европейского угря Вислинского залива: автореф.дис.на соиск. ст. канд.биол.наук. 03.00.16 / Казимирченко Оксана Владимировна. – Калининград, 2008. - 25с.

2. Обухова, О.В. Микробиологические и экологические аспекты природно-очаговых сапронозов в гидроэкосистеме Волго-Каспийского бассейна / О.В.Обухова // Экология микроорганизмов, 2013. - №5. – С.102-106.

3. Russo R.C. 1985. “Ammonia, nitrite, and nitrate”. In Fundamentals of aquatic toxicology Edited by: Rand, G. M. and Petrocelli, S. R. 455–471. Stewart G.R. The Regulation of Nitrite Reductase Level in Lemna minor L. Journal of Experimental Botany. 23 (1) : 171-183 Zsoldos F, Haunold E, Vashegyi A, Herger P. 1993. Nitrite in the root zone and its effects on ion uptake and growth of wheat seedlings. Physiol. Plant. 89 : 626-631.

4. Поддубная И.В. Исследование гидрохимических параметров водной среды УЗВ при создании оптимальных условий для выращивания маточного поголовья осетровых рыб/ И.В.Поддубная, О.А. Гуркина, Р.С. Лексаков, В.В.Соколова // Актуальные проблемы и перспективы развития ветеринарной медицины, зоотехниии аквакультуры. 2016.С.289-292.

5. Хандожкот Г.А.Рекамендации по использованию современных средств контроля и управления технологическими процессами в рыбоводных установках замкнутого водоснабжения / А.А. Васильев, Г.А. Хандожко, Ю.А. Гусева. Саратов, 2011. Издательство Саратовского государственного аграрного университета -11 с.

6. H.Kroupova, J. Machova, Z. Svobodova “Nitrite influence on fish: a review”, Vet. Med. – Czech, 50, 2005 (11): 461-471

7. Туренко О.Ю., Лукьянова А.О., Емельянова Ю.Д. «Качество водной среды в установке с рециркуляуией воды»: ФГБОУ ВО Саратовский государственный аграрный университет имени Н.И.Вавилова.

8. Тлупов Т.Х., Ерижоков А.Л. «Факторы, влияющие на развитие нитритной интоксикации рыб»/ Мир Науки, 4-2014.

РЕЗЮМЕ

В данной статье приведены результаты гидрохимических показателей и бактериальной структуры оборотной воды в УЗВ, при содержании осетровых рыб, которые указывают на то, что увеличение плотности посадки осетровых рыб и нарушение ветеринарно-санитарных норм в условиях установок замкнутого водоснабжение (УЗВ) приводят к ухудшению условий выращивания осетровых рыб, вследствие нарушения гидрохимических показателей и процессов восстановления и самоочищения водной среды, вследствие загрязнения воды экскриментными продуктами рыб, остатками кормовых масс и т.д. Все эти стресс-факторы способствуют резкому увеличению общего микробного числа (ОМЧ) условно-патогенных микроорганизмов (возбудители аэромоноза, псевдомоноза, миксобактериоза, фурункулеза, вибриоза и т.д.), а также повышению патогенной активности этих бактерий. Таким оброзом, чтобы снизить риски болезни заразного (вспышки псевдомоноза и аэромоноза среди осетров) и незаразного (массовые отравления и гибель рыб) характера в УЗВ требует изучения качества оборотной воды в посадочных бассейнах.

RESUME

This article presents the results of hydrochemical parameters and the bacterial structure of recycled water in RAS, when keeping sturgeon fish, which indicate that an increase in the stocking density of sturgeon fish and a violation of veterinary and sanitary standards in conditions of recirculating closed water supply systems (RAS) lead to a deterioration in growing conditions sturgeons, due to violation of hydrochemical parameters and processes of restoration and self-purification of the aquatic environment, due to water pollution by excremental products of fish, food residues, etc. All these stress factors contribute to a sharp increase in the total microbial number of opportunistic microorganisms (causative agents of aeromonosis, pseudomonosis, myxobacteriosis, furunculosis, vibriosis, etc.), as well as an increase in the pathogenic activity of these bacteria. Thus, in order to reduce the risks of infectious disease (outbreaks of pseudomonosis and aeromonosis among sturgeons) and non-contagious (mass poisoning and death of fish) nature in the RAS, it is necessary to study the quality of recycled water in the stocking tanks.

ӘОЖ:338.439.6

Білім алушы: Жаксыбаева А.А., Көптілеуова Н.Б., студент
Ғылыми жетекші: Абекешев Н.Т., в. ғ. к., доцент
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті»КеАҚ, Орал қ.

ТҮЙЕ ҚҰМЫРЫНА ҚАРСЫ ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚОСПАНЫҢ ЭКСТЕНСТИІМДІЛІГІН АНЫҚТАУ

АННОТАЦИЯ

Түйе фермаларынан алынатын өнімдердің мөлшері және сапасы негізінен сол өнім беретін түйелер мен малдардың денсаулығына тікелей байланысты. Еліміздің мал дәрігерлері қызметінің алдында шаруашылықтардағы жұмысты жүйелі түрде ұйымдастыру міндеттері тұр қажет. Сондықтан түйеде болатын паразитарлық аурулардың шығынын азайту қажет. Мақалада құмыр инвазиясына қарсы қолданылатын дәрінің әсерлі тиімділігін анықтау және оны арттыру жолдарын қарастырлған.

Кілт сөздер: *цефалопиноз, құмыр, түйе, бентонит, дернәсіл*

Кіріспе. Бүгінгі таңда мал басын көбейту және оның өнімділігін арттыру басты мәселелердің бірі.

Қажеттілікті арттыруға кедергі болатын факторларда аз емес. Соның ішінде түйе шаруашылығында жиі кездесетін паразитарлық аурулардың бірі құмыр (цефалопиноз) ауруы [1].

Паразитарлық аурулардың алдын алу және оны тез арада аурудан айықтыру арқылы өнім алуды арттыруға болады. Осыған орай мал организмінің табиғи резистенттілігін көтеру, функциональдік белсенділігін, зат алмасудың интенсивтілігіне әсер ете алатын заттар сұранысқа ие. Солардың бірі адцорбциялық қасиеті жоғары табиғи минерал бентонит (монтмориланит) [2].

Семененко. М.П. [3] зерттеулер барысында түрлі аурулар кезінде бентонитті қолдану арқылы, организмнің өнімділігін ынталандыруға, зат алмасуды қалыптандыруға, организмнің ауруға қарсы тұру қаблетін күшейетуге болатындығы дәлелденген.

Абекешев Н.Т. [4] түйені телязиоз инвызиясынан сауықтыру мақсатында универм атигельминттік дәрісінің әсерін арттыру мақсатында бентонитті қолданып 100 % иіімділікке қол жеткізген.

Жұмыстың негізгі мақсаты Қызылорда облысы, Арал ауданындағы түйе цефалопинозы (құмыр) ауруының таралуы және оған қарсы қолданылатын дәрі-дәрмектердің әсерін арттыру.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу жұмыстары 2021-2022 жылдар аралығында Қызылорда облысы, Арал ауданындағы жеке шаруа қожалықтары мен ауыл тұғындарының малдары арасында жүгізілді.

Жұмысқа қажетті деректер өндірістік сараман кезінде жиналды.

Зерттеу нысандары: 2 - 6 жас аралығындағы тайлақ және інгендер. Зерттеу, барлығы 15 бас түйе арасында жүргізілді. Соның ішінде сойылғаннан кейін тексерілгендеі 5 бас.

Тәжірибеге қатысты түйелерге алдынала клинникалық (визуалдық) зерттеулер жүргізіліп құмырға шалдыққандары іріктелді. Мұрын қуысы мен жұтқыншақтың қосылған жеріне шоғырланған құмыр құрттарының көп болуы салдарынан байланысты тыныс алулары қиындай түседі. Түйе ауызын ашып демалуға мәжбүр, пысылдайды, тұмсығын қатты заттарға немесе қасында тұрған түйеге үйкейді, мойынын созып басын жоғарыға қаратып ұстайды, пысқырынады мазасызданаданады және жөтел белгілері айқын болады. Осындай айқын клинникалық белгілері бар 15 түйені анықтап бес бастан үш топқа бөлдік. Сәйкесінше жалпы жағдайлары бағаланды.

Сойылған түйелердің бастарын К.И. Скрябин әдісі бойынша тексердік [5]. Тәжірибе жүргізу барысында Аверсект-2, антипаразитарлық дәрілерінің құмыр дернәсілдеріне әсері салыстырылды.

Аверсект-2 нематоздардан, арахноэнтомоздардан емдеу және алдын-алуға қолданылатын препаратты бірінші тәжрибелік топтағы 5 бас түйеге қолдандық. Нұсқаулыта берілгендей әр түйенің 50 кг тірілей салмағына 1 мл-ден есептеп мойын терісінің астына бір мәрте енгізілді.

Екінші тәжірибелік топтағы 5 бас түйеге Аверсект-2 дәрісін бірінші тәжірибелік топтағы түйелерге салғандай мөлшерде енгізіп, қосымша, бентонит ұнтағын 300 гр мөлшерінде жемге араластырылып 10 күн бойына бір мәрте беріліп отырды.

Қалыптастырылған үшінші топ барлығы 5 бас түйе бақылау тобы болып бекітілді.

Зерттеу нәтижелері. Құмыр өңірде түйе арасында жиі кездесетін инвазиялық ауру. Құмыр инвазиясының өңірде таралуы ауылдар мен аудан орталықтарындағы қасапханаларда сойылған түйелердің бастарын жарып-сойып тексеру арқылы анықтадық. Сойылған түйелердің дені аудан орталығына жақын орналасқан шаруа қожалықтарынан болды.



Сурет – 1. Мұрын қуысында шоғырланған құмыр дернәсілдері

Кесте-1 . Түйе құмырына қарсы аверсект -2 атипаразитарлық дәрісінің әсерінің көрсеткіштері (n-4)

Р/с	Дәріленген түйелер	Әр басқа берілген дәрінің мөлшері	Клинникалық белгілерді анықтау мерзімдері (күн)						
			3	7	10	15	18	20	25
1	1	Аверсект – 2, мл / 50 кг	+	+	+	+	-	-	-
2	1		+	+	-/+	-/+	-	-	-
3	1		+	+	-/+	-	-	-	-
4	1		+	+	+	+	+	-	-
5	1		+	+	-	-	-	-	-
Барл-ығы	5	30 мл	+	+	-/+	-/+	-/+	-	-

Дәрінің әсерін 1-ші кестеде көрсетілгендей үш күнен кейін бірінші тексеру жүргіздік. Кейінгі бағалауларды кестеде берілген мерзімдерге сәйкес жүргіздік. Бірінші және екінші бағалауда топтағы түйелердің жағдайында айтарлықтай өзгерістер байқалмады. Үшінші тексеруде тек екі түйеде цефалопиноз белгілері сақталған. Екі түйеде әліде болса тыныс алуы қиындау екені байқалды. Бірақ аса мазасыздану (ауызын ашып, мойынын созып басын жоғары қаратып қиналып тыныс алу, пысылдау, тұмсығын қатты заттарға немесе қасында тұрған түйеге үйкеу, пысқырыну) белгілері әлсіз байқалды. Аталған клинникалық белгілердің болмауы түйенің құмыр дернәсілдерінен арылғандығының басты белгілері деп есептедік. Алтыншы мәрте қадағалауда барлық түйелерде инвазияға тән клинникалық белгілер болмады.

Екінші тәжірибелік топқа аверсект -2 дәрісін екпес бұрын жеті күн қатарынан жемдеріне 300 гр мөлшерінде бентонит ұнтағын араластырып беріп отырдық. Антипаразитарлық дәрі егілгеннен кейін де бентонитті беруді жалғастырдық. Нәтижесінде

оң өзгерістер екінші мәрте тексеруден бастап байқалды. Екі түйеде аурудың белгілері мүлдем байқалмады. Үшінші мәрте тексеруде тек бір түйеде құмырдың клинникалық белгісінің бар екендігі әлсіз білінді.

Кесте -2. Түйе құмары кезіндегі аверсект -2 дәрісің бентонитпен қосып бергеннен кейінгі әсерінің көрсеткіштері (n-4)

Р/с	Дәріленген түйелер	Әр басқа берілген дәрінің мөлшері мөлшері	Бентонит	Клинникалық белгілерді анықтау мерзімдері (күн)						
				3	7	10	15	18	20	25
1	1	Аверсект – 2, мл / 50 кг	Әр басқа 200 гр	+	-	-	-	-	-	-
2	1			+	-	-	-	-	-	-
3	1			+	+	-	-	-	-	-
4	1			+	+	-/+	-	-	-	-
5	1			+	+	-	-	-	-	-
Бар лығы	5	30 мл		+	-/+	-/+	-	-	-	-

Берілген мерзім арасында бақылау тобында болған, дәріленбеген бес бас түйеде клиникалық оң өзгерістер байқалмады. Екі түйенің мұрын қуысынан қан аралас сорап кеткендігі анықталды. Ол түйелердің тыныс алуылары қиындап,басқа да инвазияға тән белгілрдің асқынуана байланысты мамандар тарапынан малдәрігерлік жәрдем көрсетілді.

Кесте -3. Құмырға шалдыққан түйелердің бақылау тобы

Р/с	Дәріленбе-ген түйелер	Инвазияға шалдыққан	Клинникалық белгілерді анықтау мерзімдері (күн)						
			3	7	10	15	18	20	25
1	1	+	+	+	+	+	+	+	+
2	1	+	+	+	+	+	+	+	+
3	1	+	+	+	+	+	+	+	+
4	1	+	+	+	+	+	+	+	+
5	1	+	+	+	+	+	+	+	+
Бар лығы	5	+	+	+	+	+	+	+	+

Қорытынды. Аверсект-2 антипаразиталық дәрісінің бір өзін қолданғанда және бентонит қосып қолданған жағдайдағы антипаразитарлық әсері анықталды. Жалпы тәжірибе барысында аверсект-2 дәрісі құмыр дернәсілдеріне әсері 100 % тиімділік көрсетті.

Екінші тәжірибелік топқа аверсект-2 дәрісін екпестен жеті күн бұрын және егілгеннен кейін де 300 гр мөлшерінде жеммен бентонит ұнтағы беріліп отырды. Бұл топта құмырдың клинникалық белгілері екінші мәрте тексеруден бастап жойыла бастады. Экстенстиімділік қысқа мерзімде он күн ішінде 100 % көрсетті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Шалменов М.Ш. Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары: Оқулық /М.Ш. Шалменов, Н.Т. Абекешев.- Орал: Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, 2021.-414 бет
2. Кисилев А.В. Природа адсорбции цеолитов. М. 1965. с.5-25
3. Семененко. М.П Фармакология и применение бентонитов в ветеринарии: автореф. ... доктор. вет. наук.: – М.:Научная библиотека диссертаций и авторефератов.
4. Абекешев Н.Т. Түйе телязиозы және оған қарсы шаралар: автореф. ... мал дәрігері ғылым. канд. 03.00.19.-Алматы, 2007.-28 б.
5. Скрябин К.И. Метод полных гельминтологических вскрытий позвоночных, включая и человека. – М.:МГУ, 1928. – 45 с.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены способы определения и повышения эффективности препарата, применяемого против цефалопиноза верблюдов. За семь дней до прививки препарата Аверсект-2 и после пременения давали порошок бентонита с кормом в количестве 300 гр. В этой группе клинические симптомы цефалопиноза начали исчезать со второго обследования. Экстенсэффективность в течение десяти дней показало 100 %.

RESUME

The article discusses ways to determine and improve the effectiveness of the drug used against camel cephalopinosis. Seven days before the vaccination of Aversect-2 and after application, bentonite powder with feed in the amount of 300 g was given. In this group, the clinical symptoms of cephalopinosis began to disappear from the second examination. Extensefficiency for ten days showed 100%.

ӘОК 639.3.03
Білім алушы: Жеткерген А., студент
Ғылыми жетекші: Габдуллина А.Т., жетекші
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ.

КЛАРИЙ ЖАЙЫНДАРЫНЫҢ (CLARIAS GARIEPINUS) ДЕРНӘСІЛДЕРІН ЖАСАНДЫ ОРТАДА ӨСІРУ

АННОТАЦИЯ

Мақалада балық өсірудің ең перспективалы нысандарының бірі - кларий жайыны болып табылады. Зерттеу «Ихтиология және аквакультура» зертхана базасында реттелетін жағдайда кларий жайындарының дернәсілдерін бастапқы 5 аптада өсіру нәтижелері келтірілген. Өсіру кезіндегі су сапасына баға берілді. Су температурасы, ылғалдылық, оттегі концентрациясы, аммоний ионы, нитраттар, нитриттер анықталды.

Кларий жайындарының дернәсілдерінің апта сайынғы өсу динамикасы көрсетілді.

Дене ұзындығы, дене ұзындығының өсімі, дене салмағы, дене салмағының өсімі және шығын (дернәсіл өлімі) анықталды. Алдағы уақытта зерттеу кларий жайындары тауарлық салмаққа дейін жеткенше жалғасады.

Кілт сөздер:*кларий жайыны, тұйық жүйелі сумен қамтамасыз ету, дернәсіл,өсім, тірі қалу.*

Кіріспе. Тұйық жүйелі сумен қамтамасыз ету қондырғыларында (ТЖСҚЕҚ) қазіргі таңда аквакультураның перспективалы нысандарының бірі - кларий жайыны (*Clarias gariepinus)* болып табылады. Кларий жайындарының еті дәмділігі, жұмсақ және ұсақ сүйектердің болмауымен ерекшеленеді. Кларий жайынының етін балалар тағамының мәзірінде көптеп қолданады. Сондай ақ аспаздық өнімдер (кептірілген, бұқтырылып пісірілген) дайындалады, ысталған жайын еті қазіргі таңда нарықта сұранысқа ие өнімдердің бірі.

Кларий жайынын өсіріп-көбейту кезінде су сапасына, гидрохимиялық құрамының ауытқуына, азық талғамайтын қарапайым түр және тез өсімталдылығымен ерекшеленеді. Кларий жайыны жоғары рентабельділікке ие аквакультура объектілерінің бірі болып табылады.

Африкалық кларий жайыны (лат. Clarias gariepinus). Бұл балықтардың тараған жері Африка елі. Жайынның сыртқы көрінісі денесі ұзынша келген қоңыр дақтары бар құрсағы ақшыл түсті келеді. Барлық жайындардың айрықша ерекшелігі – ұзын мұрты болады. Кларии жайынында 4 жұп мұрты болады. Балықтың бұл түрі ауадан оттегін өңдеп желбезек үсті тыныс алу мүшесін пайдалану арқылы тыныс алады. Осы мақсатта жайын су бетіне шығып, ауамен тыныс алады. Дәл осы ерекшелік кларии жайынын қолдан өсіруге қолайлылығын көрсетті. Оны таза сумен қамтамасыз етудің қажеті жоқ. Сонымен қатар, бір текше метр суға шамамен 300 килограмм тірі балық отырғызуға болады. Әрине, бұл үнемі азық, фекалий және т.б. қалдықтардан тазалап отырса ғана мүмкін болады.

Кларий жайыны су мөлшері аз немесе үнемі өзгеріп отыратын су қоймаларында: Кіші Азияда, Үндістанда, Африкада кең таралған. Алғаш рет жайындарды өсіру және көбейту Африкада 1970-1972 жылдары жүзеге асырыла бастады. 1975 жылы Камерундағы гормоналды ынталандыру кезінде алғашқы ұрпақ алынып, балықтың осы түрінің қарқынды өндірісі басталды. Кларий жайыны Еуропадағы өнеркәсіптік балық өсірудің маңызды нысанына айналды. Еуропада алғаш рет бұл нысан Нидерландыға 80-ші жылдары енгізілді, содан кейін басқа елдерде зерттеу жұмыстары мен өнеркәсіптік өсіру жүргізіле бастады.

Африка жайындары тіршілік етеді:

Африканың табиғи суларында мекендейді;

Жерорта теңізі бассейні елдерінде (Израиль, Сирия, Ливан, Түркия) мекендейді;

Барлық тұщы су орталарында (су басқанжерлер, өзендер, көлдер) мекендейді.

Интродукция

Қытай (Zheng I in.1988, Haylor 1993), Филиппин, Индонезия, Тайланд (Viveen i Verred 1993), Бразилия (Galvao 1991);

Голландия (ғылыми зерттеулерге арналған алғашқы материал 1977 жылы жіберілді), 1980 жылы Голландияда африкалық жайынды өсіретін фермалардың пайда болуы басталды (Dijekem 1992);

Бельгия, Германия, Венгрия, Чехия жәнеРесейдефермаларындапайдаболды (1990 ж.);

Польшаға африкалық жайын 1989 жылы Вагенингенге ауылшаруашылық университетінен алып келінген.Алғашқы көбеюі 1990 жылы Польшада болды;

Ресейге африкалық жайын Голландиядан 1996 жылы Липецк металлургия зауытының шаруашылығына әкелінді.

Қазақстанда қазіргі уақытта африкалық жайын Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан және Ақтөбе облыстарында тауарлық мақсатта өсіріледі, ал Павлодар және Батыс Қазақстан облыстарында балықтың осы түрін өсірумен айналысатын шаруашылықтар салу жоспарлануда.

Еуропалық Өнімнің сипаттамасы

1980 жылы Голландияда фермаларда өсіріліп басталуы (Dijekem 1992);

1985 жылдан 1986 жылға дейін Голландияда 300 тоннаға жуық балық өндіретін 60-тан астам ферма пайдаболды;

1992 жылы африкалық жайын өндірісі 1235 тоннаны құрады, оның 71,3% - ы, яғни 880 тонна, Голландияда 8 ірі фермада өндірілді (Веррет, Рединг 1995);

1997 жылы өндіріспен 28 Батыс Еуропа фермасы айналысқан, оның 13 - і Голландияда;

1998 жылы еуропалық өндіріс шамамен 1800 тоннаны құрады, оның ішінде 1000 тоннасы Голландияда өндірілген, қазіргі уақытта Голландияда 1000 тоннаға жуық өндіріс бар;

Венгрия өндірісі 2002 жылы-880 тонна, 2003 жылы-986 тонна (тұқы өндірісінің 8,3% құрайды) (өзмәліметтері);

Қазіргі уақыттаПольшада жайынының сауда өндірісі жылына 300 тоннаны құрайды;

Ресейде африкалық жайын өндірісімен қазіргі уақытта «Акватория» ЖШҚ (100 тоннаға дейін тауарлық балық) және бірқатар шағын шаруашылықтар айналысады.

Қазіргі уақытта аквакультура объектісі ретінде кларий жайыны Қазақстанда кеңінен таралды. Республикада, әсіресе Қазақстанның солтүстік өңірлерінде кларий жайынын ТЖСҚЕҚ –да өсіріледі. Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде кларий жайынын ТЖСҚЕҚ - да бастапқы кезеңде өсіру, кейіннен тоған шаруашылығында одан әрі тауарлық өсіру үшін ауыстыру тәжірибеде қолданылады. [1,2]

Материалдар және зерттеу әдістері.

Кларий жайынын өсіру кезіндегі қалыпты су сапасының гидрохимиялық көрсеткіштері келесідей болуы қажет: температура, 20^0C –тан жоғары, оттегі концентациясы 2 мг/л-да жоғары, нитраттар 100 мг/л дейін, аммоний ионы 10 мг/л-дан артық емес болуы керек.

Инкубация.Уылдырық желімсізденгеннен кейін оны науаларда немесе арнайы құрылғыларда инкубациялау басталады. Инкубациялық жақтаулар шамамен 0,5 мм тормен қапталған болуы керек. Уылдырық торға 1 уылдырық қабатымен таратылады. Судың температурасы 27 C^0 аспаған кезде дернәсілдер пайда болады. Ұрықтанғаннан бастап дернәсіл пайда болғанға дейін, біздің жағдайда 1,5 тәулік кетеді. Науалардағы су минутына 10 литр жылдамдықпен жұмсалады.

Табиғатынан кларий жайындары өте агрессивті балық түрі, әсіресе аталықтары. Өндіргіштер жыныс өнімдері алынғаннан кейін бөлек бассейндерде ұсталады. Зерттеу барысында өндіргіштердің су сапасына баға берілді.

Дернәсілдерді ұстау

Дернәсілдерді сарыуыз қапшықтары жоғалғанша науаларда немесе шағын бассейндерде ұстау керек. Алғашқы екі күнде дернәсілді бассейнге салып, содан кейін науаларға ауыстыра аласыз. Африкалық жайын шабағы қараңғыда ***сақталуы керек,*** өйткені дамудың бастапқы кезеңдерінде олар теріс фототаксиспен сипатталады.

Сарыуыз қапшығы жоғалғаннан кейін үш күн өткен соң, науаның түбінен ***қалдық*** қабатты алып тастау керек. Егер дернәсілдер белсенді болса, онда сарыуыз қапшығы толығымен жоғалады[3,4,5]**.**

Дернәсілдерді өсіру бірнеше кезеңге бөлінді. Өсудің бірінші кезеңі (дернәсіл сатысында) 2 аптаға созылды, бұл балықтардыңтек судағы оттегімен тыныс алу кезеңі. Өсіру ауданы шамамен 1000 л, тереңдігі 50-60 см бассейндерде жүргізілді.

Бассейндердегі оттегінің деңгейі қанықтылықтың 50-70% құрады. Су алмасу сағатына 2 рет болды. Жарық жағдайлары-қараңғыланған.Бастапқы отырғызу тығыздығы 150 дана/л болды.

Дернәсілдерді азықтандыру. Дернәсілдер шыққаннан бастап күніне 5 рет артемия салина шаяндарымен және тауық жұмыртқасының сарыуызымен азықтандырылды. Азықтандыру рационы балық биомассасының 12-15% құрады.

Екі апта өсіргеннен кейін балық 50 дана/л тығыздыққа дейін отырғызылды. Өсірудің үшінші аптасында, балықтардың орташа салмағы 300-500 мг-ға жеткенде, личинкаларды сұрыптады.

Өсудің екінші кезеңі 3 аптаға созылды.Дернәсілдер атмосфералық оттегі мен судағы оттегімен тыныс алуға көше бастайды. Бұл кезеңде 0,2 см-лік құрама жеммен азықтандырылды. 10%-ын құрады [6]. Құрама жемде 50-55% ақуыз және шамамен 14% май болды.

Ол бассейндерді меншікті салмағы 30-50 мг болатын сұрыпталған өсірілген личинкалармен толтырудан басталды. личинкалар мөлшері бойынша екі топқа бөлінді: 30-40 және 40-50 мг.

Өсу барысында, личинкаларда метаморфоз болып олардың шабақтарға айналуы байқалды. Шабақтарды тамақтандыру теңдестірілген жеммен жүзеге асырылды. Азықтандыру балық биомассасының 4,5-5,0% құрады.Күнделікті тамақтану төрт бөлікке бөлінді. Азықтандыру әр алты сағат сайын жүргізілді [7,8].

Зерттеу нәтижелері. Судың гидрохимиялық параметрлеріне қойылатын талаптар және зерттеу барысындағы алынған нәтижелер - кестеде сипатталған.

1-кесте. Кларий жайынын өсіру кезіндегі су сапасының гидрохимиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Өндіргіштердің бассейніндегі орташа көрсеткіштер	Дернәсілдердің (1-кезең) бассейніндегі орташа көрсеткіш	Дернәсілдердің (2-кезең) бассейніндегі орташа көрсеткіш
Су температурасы, ^{0}C	22	23	26,2
Ылғалдылық, %	52	52	52
Оттегі концентациясы, мг/л	6,5	6,5	7
Аммоний ионы, мг/дм^3	2,3	2,5	2,6
Нитраттар, мг/дм^3	5,3	2,4	1,7
Нитриттер, мг/дм^3	0,314	0,320	0,228

Тәжірибе барысында су температурасы дернәсілдердің екі кезеңі үшін талапқа сай. Өндіргіштер ұсталған бассейнде де жағдай қалыпты.

Дернәсілдер отырғызылған бассейндегі су температурасын қажетті көрсеткішке жеткіп, сол қалпында сақтап қалу үшін қосымша ауа жылытқыш пештер қосылды. Ылғалдылық барлығында бірдей. Оттегі концентрациясы дернәсілдері бар бассейнде өндіргіштер мен шабақтар орналасқан басссейндерге қарағанда 7,1% жоғары. Нитрат салыстырмалы түрде өндіргіштерде шабақтардан 45 %-ға, дернәсілдерден 32 % -ға артып отыр. Нитрит болса дернәсілдерде аз мөлшерде төмен. Дернәсілдер және шабақтар отырғызылған бассейндердегі нитраттар мен нитриттердің төмен болуы, олардың өндіргіштермен салыстырғанда дене массасының кіші болуымен және су сүзгіштерінің жүктемені көтеріп отыруымен түсіндіріледі. Барлық көрсеткіштер шекті нормадан аспады.

2–кесте. Кларий жайындарының дернәсілдерінің апта сайынғы өсу динамикасы

Апталықтар	Тәжірибе басында (1- аптасында)	2	3	4	5

Дене ұзындығы, мм	2,2	8,5	15,3	22,76	28,87
Дене ұзындығының өсімі, мм	-	6,3	6,8	7,46	6,11
Дене ұзындығының өсімі, %		286	80	48,7	26,84
Дене салмағы, мг	-	24,4	84,2	147,2	191,2
Салмақтың өсімі, мг	-	-	59,8	63,0	44
Салмақтың өсімі, %	-	-	245	74,8	29,9
Шығын, %	35	29	26	21	18

Тәжірибе нәтижелері көрсеткендей дернәсілдердің екінші аптадан бастап өсімі анықталды. Екінші аптада 6,3 мм ұзындыққа, 3,3 мг салмаққа өсті. Үшінші аптада 6,8 мм ұзындыққа және 29,7 мг артты. Төртінші аптада дернәсілдердің қозғалысы ширақталды. Көпшілік дернәсілдерде 1 кейбірінде тіпті 2 жұп мұртшалардан бар. Ірі дернәсілдердің дене түсі аздап ақшыл сұр түске айналған. Дене ұзындығы 7,46 мм-ге, салмағы 113,0 мг –ға артқан. Зерттеудің соңғы аптасында дернәсілдердің дене ұзындығы 6,11 мм-ге, салмағы 44 мг –ға артты. Балықтардың сырт түрі толығымен ересектеріне ұқсас, жүзбе қанаттары, мұртшалары толық. Дене салмағы мен ұзындығының ең үлкен салыстырмалы өсімі алғашқы аптада байқалды.

Абсолютті өсімнің ең жоғары көрсеткіші зерттеудің соңғы аптасында, 5 аптада байқалды. Бұл көрсеткішті тек эндогендік факторлармен түсіндіруге болады, өйткені тәжірибе барысында температура, азықтандыру сапасы және азықты тұтыну жиілігі сияқты сыртқы факторлар өзгерген жоқ.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей дернәсілдердің апта сайын өсім динамикасы көбейіп, дернәсілдердің өлімі азайды. Ең көп шығын 1 аптасында эмбриондардың жаңа ортаға шығуы кезінде байқалды.

Қорытынды. Кларий жайындарының алғашқы 5 апталық кезеңінде зерттеу көрсеткендей дернәсілдердің абсолютті өсімі соңғы апталарда, салыстырмалы ең жоғары өсім алғашқы апталарында байқалған. Дернәсілдер өскен сайын ортаға бейімделу қабілеті жоғарылап, сәйкесінше өміршеңдігі де артты.

Дернәсілдік кезеңінде ұзындығын өлшеуді 3 аптадан бастау ұсынылады (алғашқы апталарында өлшеу барысында дернәсілдер шыдамай өледі).

Балықтар тауарлық салмаққа дейін жеткенше зерттеу жалғасады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Правдин И.Ф. Руководство по изучению рыб. – М.: Пищевая промышленность, 1966. – 376 с.

2. Holcik J. General introduction to fishes. 2. Determination criteria // The freshwater Fishes of Europe.- Aula-Verlag Wiesbaden. 1989. - Vol.1. Part 2. P.38- 58.

3. K.Syzdykov, Zh.Kuanchaleyev, A.Assylbekova, E.Marlenov, S.Mussin Breeding new aquaculture objects at geothermal sources / Ecology, Environment and Conservation Journal Papers Issue: Vol 25, Issue 2, 2019 p.907-912.

4. Микодина Е.В., Широкова Е.Н. Биологические основы и биотехника аквакультуры африканского сомикаClariasgariepinus // Обзорная информация. Сер. Аквакультура. 1997. №2. 45 с.

5. Фаттолахи, М. Весовой и линейный рост африканского сома (Clariasgariepinus В.) в зависимости от факторов среды и качества корма / М. Фаттолахи // Рыбоводство и рыбное хозяйство. –2008. – № 1.– С. 42 – 53.

6. Власов, В.А. Рост клариевого сома (Clariasgariepinus) в УЗВ и его морфологические качества / А.В. Власов, А.И. Никифоров, М. Фатталахи // Материалы III Международной науч.-практ. конференции. – Астрахань, 2005. – С. 89–91.

7. Власов, В.А. Размножение клариевого сома с помощью гипофизарных инъекций / А.В. Власов, К.В. Ковалев // Материалы III Международной науч.- практ. конференции. – Астрахань, 2005 – С. 125 – 127.

8. Коуржил, Я. Гормональная индукция овуляции самок разных видов рыб при помощи GnRH и его аналогов. / Я. Коуржил, И. Гамачкова, О. Линхарт [и др.] // Сборник тезисов Первого конгресса ихтиологов России. – М.: Изд-во ВНИРО, 1997. – С. 270 – 271.

9. Лурье, Ю.Ю. Унифицированныеметодыанализавод /М.:Химия, 1973. – 376 с.

10. Привезенцев Ю. А. Интенсивное прудовое рыбоводство. - М.: Агропромиздат, 1991.- С. 386. References

РЕЗЮМЕ

Одним из наиболее перспективных объектов в рыбоводстве является клариевый сом. В исследовании приводятся результаты выращивания личинок клариевых сомов в течение первых 5 недель в регулируемых условиях на базе лаборатории «Ихтиология и аквакультура». Дана оценка качества воды при выращивании. Определены температура воды, влажность, концентрация кислорода, ион аммония, нитраты и нитриты.

Показана недельная динамика роста личинок клариевых сомов.

Были определены длина тела, прирост длины тела, масса тела, прирост массы тела и отход (гибель личинок). В дальнейшем исследование будет продолжаться до тех пор, пока клариевые сома не достигнут товарного веса.

RESUME

One of the most promising objects in fish farming is the clary catfish. The study presents the results of growing larvae of clary catfish during the first 5 weeks under controlled conditions on the basis of the laboratory "Ichthyology and Aquaculture". The assessment of water quality during cultivation is given. Water temperature, humidity, oxygen concentration, ammonium ion, nitrates and nitrites were determined.

The weekly growth dynamics of larvae of clary catfish is shown.

Body length, body length gain, body weight, body weight gain and waste (death of larvae) were determined. In the future, the study will continue until the clary catfish reaches marketable weight.

ӘОЖ 636.2.081

Білім алушы: Курбангалыева А.М., магистрант
Ғылыми жетекші: Ахметалиева А.Б., а.ш.ғ.к., жетекші
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті»КеАҚ, Орал қ.

ӘУЛИЕКӨЛ ТҰҚЫМЫ ТӨЛДЕРІНІҢ ӨСУ, ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

АННОТАЦИЯ

Мақалада Ақтөбе облысы Алға ауданы «Реймкул» шаруа қожалығындағы әулиекөл тұқымы төлдерінің өсу,даму ерекшеліктерін зерттеу бойынша жүргізілген жұмыстардың соңғы 3 жылғы деректер бойынша салыстырмалық нәтижелері көрсетілген.

Зерттеу жұмыстары әулиекөл тұқымы төлдерінің өсу динамикасы және экстерьерлік ерекшеліктерін зерттеу бағытында жүргізілді. Мақалада 2020,2021,2022 жылдардағы

нәтижелер бойынша салыстырылған ақпарат ұсынылған.Жүргізілген зерттеу жұмыстары әулиекөл тұқымының еліміздің батыс өңірі жағдайында қарқынды дамып келе жатқанын көрсетеді.

Кілт сөздер: *тірілей салмақ, экстерьер, әулиекөл тұқымы,абсолюттік өсім орташа тәуліктік өсім*

Кіріспе. Әулиекөл тұқымының малдарын сұрыптау жұмыстары соңғы жылдары үлкен ауқымға ие болып келеді.Қазақстанның әр аймақтарында таралып,жақсы нәтижеге ие болып келеді.Тұқымның селекциялық және де өнімділік қасиеттерін қалыптасуына азықтандыру мен күтіп бағудың тигізетін әсері мол.[1]

Әулиекөл тұқымын елімізде өсіріп дамыту алдағы уақытта бұл тұқымның санының артып,шет ел нарығында дамуына негіз болып табылады.[2]

Әулиекөл бұқаларын өзге тұқым сиырларымен шағылыстырғанда алынған будан ұрпақтар жоғары өнімділікке ие болып,өсу қабілеттілігі жоғары нәтиже көрсетіп,еттілік қасиеттері де басым болған.Алынған ұрпақтардың түгінің түсі ақшыл болып,бұл қасиеттерін әулиекөл тұқымынан дарытқанын көре аламыз.[3-4]

Еліміз бойынша шығарылған отандық тұқымдардың ішінде әулиекөл тұқымы алдыңғы қатарлы орынды алады,бұл дегеніміз етті бағыттағы тұқымдар ішінде әулиекөл тұқымы еліміздің брендіне айналуына мүмкіндік алады.[5]

Етті бағыттағы ірі қара тұқымдары ет өнімділігінің жоғарылығымен, ет сапасының жоғары құндылығымен, тез өсіп жетілгіштігі және бұларға кеткен азықтың толықтай қорытылуымен ерекшелінеді. Малдарды сойғанда стандартқа сәйкес келетін сапасы жоғары ұшалар,әрі мол,дәмді ет пен тері өнімдері алынады. [6].

Әулиекөл тұқымы шығарылуы бойынша тез жетіліп дамыйтын тұқымдардың бірі болып табылады.Бұл тұқым жайып семіртуге де қолайлы болып келеді. Сондықтан, әулиекөл тұқымы үлкен сұранысқа ие.Негізгі өсірілетін аймақтардың бірі-Қостанай облысы болып табылады.[7].

Тәжірибеге қойылған малдың өсуі мен дамуының ерекшеліктерін зерттеу үшін,ең алдымен дене өлшемдері алынады және дене индексі анықталып,тірілей салмағы өлшенеді.[8].

Ауыл шаруашылығы малдарының шаруашылыққа пайдалы белгілерін зерттегенде олардың әртүрлі екенін байқай аламыз. Іріктеу белгілеріне қарапайым және күрделі белгілерді жатқыза аламыз.Қарапайым белгілерінің тұқым қуалаушылығы моногибридті ажырау схемасына сәйкес келеді. Күрделі белгілерге бірнеше қарапайым белгілерден құралғандар жатады.[9].

Етті ірі қара тұқымдардың биологиялық ерекшеліктері және де шаруашылыққа пайдалы негізгі белгілері бойынша 3 негізгі топтарға бөлуге болады: аймақтық,биік және тезжетілгіш. Етті тезжетілгіш тұқымдарға тезжетілгіш,жеке даму сатылары тез, етке өсіріп және бордақылағанда жоғары жетілу қабілетімен сипатталады. Етті биік тұқымдар дене бітімінің тезжетілгіштігімен сипатталып,қарқынды бір қалыпты өсіп,төл кезінде-ақ жоғары салмақты болуымен ерекшеленеді. Етті аймақтық тұқымдардың тобына бір аймақта өсіп дамып,сол аймаққа бейімделген тұқымдарды айта аламыз. Бұл топқа ыстық климатқа бейімделіп,ауруларға төзімді мал тұқымдары жатады.Олардың негізгі ерекшеліктерінің бірі –басқа мал тұқымдарының өсіп өне алмайтын, өнімділігі төмендеп кететін,қолайлы емес аймақта өсу. [10].

Зерттеу әдістері Жүргізілген жұмыстардың мақсаты әулиекөл тұқымы төлдерінің өсу, даму көрсеткіштерін зерттеп, салыстырмалы талдау жүргізу.

Зерттеудің негізгі объектісі болып «Реймкул» шаруа қожалығындағы етті бағыттағы әулиекөл тұқымының төлдері алынды.Әулиекөл тұқымының шаруашылыққа

пайдалы белгілерін зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін ең алдымен, жоспарға сәйкес кешенді бағалау жұмыстары жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері. Зерттеулер Ақтөбе облысы «Реймкул» шаруа қожалығында жүргізілді. Сонғы үш жылдық «Реймкул» ШҚ-ның тұқымдық кластық құрамы 1 кестеде келтірілген.

Кесте 1 – «Реймкул» ШҚ-ның тұқымдық кластық құрамы

Класс	2020 жыл		2021 жыл		2022 жыл	
	n	%	n	%	n	%
Табын бойынша						
Элита-рекорд	311	51.32	468	61,26	270	31,95
Элита	156	25,74	156	20,42	465	55,03
1 класс	139	22,94	140	18,32	110	13,02
Барлығы	606	100	764	100	845	100
Сиырлар бойынша						
Элита-рекорд	210	99,06	369	100	225	56,39
Элита	2	0,94	-	-	168	42,11
1 класс	-	-	-	-	6	1,5
Барлығы	212	100	369	100	399	100

1 кесте бойынша 2020 жылдың бағалау қорытындысына сәйкес, «Реймкул» шаруа қожалығында 606 ірі қара мал бағалаудан өткен, оның 311 басы элита-рекорд, 156 басы элита, 139 басы 1-ші класқа жатқызылды.

Табын ішіндегі сиырлардың барлығы 210 басты құраған, оның 210 басы элита-рекорд, 2-і элита класына жатқызылды. 2020 жылғы мал бағалау жұмыстарының нәтижесінде табындағы сиырлардың үлес салмағы -34,9%, 2021 жыл бойынша 48,3%, 2022 жыл бойынша 47,2%-ды құрады. Табынның класстық құрамы бойынша барлық зерттелген мал басы тұқым стандартына сай және асылтұқымды жоғары өнімді жануалардан құралған. Зерттеулер нәтижелері бойынша сиырлардың саны жыл сайын артып отырғанын көре аламыз.Табын бойынша шаруашылықтағы мал басы санының артып отырғанын көре аламыз. Соның ішінде 2021 жылы мал басы 158 басқа ал 2022 жылы 81 басқа артқанын көре аламыз. Зерттеу барысында аулиекөл тұқымының 6,8,12 айлықтарындағы төлдерінің экстерьерлік ерекшеліктері, соның ішінде бұқашықтар мен қашарлардың дене өлшемдері алынды(кесте 2).

Кесте 2 – Бұқашықтар мен қашарлардың дене өлшемдері

Көрсеткіш	6		8		12	
	Бұқашық	Қашар	Бұқашық	Қашар	Бұқашық	Қашар
	n=20	n=20	n=20	n=20	n=20	n=20
Шоқтығының биіктігі	109,0±2,22	108,3±2,30	115,0±1,41	114,7±1,74	119,5±4,05	117±3,84
Құйымшақ биіктігі	111,0±1,11	110,4±2,12	117,0±1,80	116,3±2,12	120,9±3,88	119,1±2,99
Кеудесінің тереңдігі	47,5±0,90	46,1±0,68	49,0±0,70	47,9±0,96	58,9±1,41	58,2±0,37
Кеудесінің енділігі	25,0±0,80	25,1±0,52	26,5±0,50	26,3±0,85	38,1±0,34	37,9±0,33
Сербек аралық енділігі	25,4±1,01	25,2±0,36	27,0±0,32	26,8±0,76	38,9±0,56	38,9±0,29
Кеуде орамы	124,5±1,11	123,7±2,10	129,3±1,51	128,3±2,86	158,9±3,64	159±2,87
Тұрқының	100,5±1,40	100,1±1,36	105,7±0,72	105,4±3,12	125,9±3,77	125±2,93

қиғаш ұзындығы						
Жіліншік орамы	13,7±0,11	13,4±0,17	14,0±0,21	14,0±0,23	18,5±0,37	17,6±0,21

2 кестеде әулиекөл тұқымы бұқашықтар мен қашарлардың дене өлшемдері келтірілген бұқашықтарының шоқтығының биіктігі 6-8 ай аралығында 6 см-ге, қашарларда 6,4 см-ге жоғарылады. Әулиекөл тұқымының бұқашықтары мен қашарларының кеудесінің тереңдігі 1,5 см-ге және 1,8 см-ге артты. 6-8 ай аралығындағы бұқашықтардың кеуде орамы 4,8 см-ге ал қашарларда 4,6 см-ге, тұрқының қиғаш ұзындығы бұқашықтарда 5,3 см-ге ал қашарларда 5,2 см-ге артқанын көре аламыз.Дене өлшемдерінің ішінде бұқашықтарда 8-12 ай аралығындағы шоқтығының биіктігінің 4,5 см-ге ал қашарларда 2,3 см-ге, кеудесінің тереңдігі бұқашықтарда 9,9 см-ге,қашарларда 10,3 см-ге жоғарылағанын артты. Осы аралықта кеуде орамы бұқашықтарда 29,6 см-ге ал қашарларда 30,7 см-ге өсті.Тұрқының қиғаш ұзындығы 8-12 ай аралығында бұқашықтарда 20,2 см-ге,ал қашарларда 19,6 см-ге басым көрсеткішке ие болды.

Зерттеу жұмыстары бойынша төлдердің 6 айынан бастап 12 айлығына дейінгі дене өлшемдері алынып, дене индекстері есептелінді.(кесте 3)

Кесте 3 – Бұқашықтар мен қашарлардың дене индекстері (2022 ж)

Көрсеткіш	6		8		12	
	Бұқашық	Қашар	Бұқашық	Қашар	Бұқашық	Қашар
	n=20	n=20	n=20	n=20	n=20	n=20
Сирақтылық	56,4±1,12	57,4±1,21	57,3±1,23	58,2±1,14	50,7±1,24	50,2±1,30
Тұрқының сипаты	92,2±1,14	92,4±1,13	91,9±1,12	91,8±1,32	105,3±1,32	106,8±1,37
Кеуделілік	52,6±1,23	54,4±1,25	54,0±1,34	54,9±1,23	64,6±1,12	65,1±1,20
Дене еңселілік	101,8±1,28	101,9±1,30	101,7±1,31	101,3±1,30	101,1±1,34	101,7±1,29
Дене жұмырлылығы	123,8±1,30	123,5±1,29	122,3±1,39	121,7±1,58	126,2±1,48	127,2±1,67
Сүйектілік	12,5±0,12	12,3±0,25	12,1±0,21	12,2±0,18	15,4±0,19	15,0±0,19

3 кестеде әулиекөл тұқымы төлдерінің дене индекстерінің нәтижелері көрсетілген. Төлдердің дене индекстерінің нәтижелері өзгеріске ұшырап отырды.Алайда өзгерістер бұл ретте белгілі бір онтогенез заңдылығымен өзгеріп отырғанын көре аламыз. Осы ретте төлдердің жас аралығына тәуелді болмай сирақтылық, кеуделілік индекстері мен тұрқының сипатының артып отырғанын көре аламыз. Бұл дене индекстерінің даму ерекшеліктері ірі қараның кеуде және де жамбас белдеуі сүйектерінің қарқынды дамығаны нәтижесінде туындағанын байқай аламыз.Дене бітімінің индекстері бойынша төлдер етті ірі қараға тән дене бітімінің көрсеткіштеріне толықтай сай келді.

Етті қара шараушылығында ең басты көрсеткіш- тірілей салмағы, сондықтан 4-кестеде төлдердің туылған кездегі мен 12 айлығына дейінгі тірілей салмағы соңғы 3 жылдағы деректер бойынша салыстырмалы зерттеу жұмыстары келтірілген.

Кесте 4 – Бұқашықтар мен қашарлардың туылғанынан 12 айға дейінгі өсу динамикасы

Көрсеткіш	2020 жыл		2021 жыл		2022 жыл	
	Бұқашық	Қашар	Бұқашық	Қашар	Бұқашық	Қашар
n	20	20	20	20	20	20
Туылған кездегі тірілей салмағы,кг	31±1,20	28,3±1,13	32,1±2,11	29,8±1,51	30±2,4	33±2,91
8 айлығындағы тірілей салмағы,кг	258±2,71	240,2±2,63	260±3,10	250,1±2,30	261,5±3,41	252±3,31
12 айлығындағы тірілей салмағы,кг	330±4,10	290±3,22	345±4,32	310,3±3,31	347,7±4,01	315,6±3,10

Абсолюттік өсім, кг	299±2,10	261,7±2,72	312,9±4,10	280,5±3,01	317,7±2,53	282,6±2,41
Орташа тәуліктік өсім, г	830,5±24,10	726,9±25,32	869,1±32,32	779,1±32,12	882,5±23,30	785±23,42

«Реймкул» шаруа қожалығындағы әулиекөл тұқымының 8 айлық төлдерінің тірілей салмағын тұқым стандартымен салыстырғанда 2020 жылы бұқашықтар мен қашарлардікі 20%-ға, ал 12 айлық бұқашықтары 6,4%-ға,тиісінше қашарлары 7,4%-ға артық болды. Осындай айырмашылық 2021 жылғы нәтиже бойынша 8-айлық бұқашықтарда 20,9% ,ал қашарлардың тірілей салмағында тұқым стандартынан 25%-ға басымдылық байқалды және тиісінше 12 айлық бұқашықтар 11,2%-ға,қашарлар 14,9%-ға тұқым стандартынан артық болды. Салыстырмалы түрде 2022 жылғы нәтижелер бойынша 8 айлық бұқашықтардың салмақ көрсеткіші тұқым стандартынан 21,6%-ға және қашарлардікі 26%-ға жоғары болды. Бұл көрсеткіштер 12 айлық бұқашықтарда 12,1%-ды, қашарларда 16,8%-ды құрады. Бұл шаруашылықтағы малды азықтандыру жұмыстарының, және өсіру технологиясының қарқынды дамып келе жатқанын білдіреді және бұл жоғарғы абсолюттік және тәуліктік қосымша салмақтың бұл шаруашылықта жоғары екендігімен де дәлелденді. Әулиекөл тұқымының бұқашықтары мен қашарларының 8 және 12 айлығындағы өсу, даму көрсеткіштері 2022 жылы жоғары болды. Сондықтан да тірілей салмақ көрсеткіштерінің артуы малдың өсіп жетілуімен тікелей байланысты.

Отандық Әулиекөл тұқымының төлдерінің тірілей салмағы тез жетілгіш белгілі бір өсу кезеңінде маңызды, салмағы баяу өсіп жетіледі, олар шөпті ғана емес, бұталар мен ағаштардың жапырақтарын да жей алады; жақсы дамыған табын инстинктінің арқасында олар жайылымда бірге жақсы жайылады. Шаруашылықта асыл тұқымдық жұмыстарды ұйымдастыру іс-шаралары нақты жүргізсе Әулиекөл тұқымының ірі қара малы бар генетикалық әлеуетін сақтап жоғары көрсеткіштерге жетуге болады, соның ішінде ет өнімділігін арттыруға.

Қорытынды. Қорыта келе айтқанда зерттелінген сандық көрсеткіштер негізінде әулиекөл тұқымының жылдар сайын қарқынды дамып, санының артып келе жатқанын байқаймыз. Зерттеу барысында бұқашықтардың салмағының өсу қарқындылығы тұқымдық стандарттан артық болып жоғары нәтижеге ие болғанын көре аламыз. Зерттеу нәтижелері бойынша бұқашықтар мен қашарлардың жоғары нәтиже көрсетуі негізінде төлдердің еліміздің батыс өңірі климатына төзімді болып, өсіп дамуы қарқынды деген қорытындыға келеміз.

Мақалада көрсетілген зерттеу нәтижелері еліміздің батыс өңірі бойынша әулиекөл тұқымының өсу, даму көрсеткіштері жөнінде мәлімет алуға мүмкіндік береді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тамаровский М.В.,Отандық етті ірі қара мал қазақтың ақбас сиыры және әулиекөл тұқымдарының шаруашылыққа пайдалы белгілерін селекциялық жетілдіру нәтижелері. /Тамаровский М.В., Аманжолов Қ.Ж., Жуманов Қ.Ж., Жүйрікбаев М.Н// Ғылым және білім.-2020.-№2.-С.129-135.

2.АманжоловҚ.Ж., Қазақстанның солтүстік аймағындағы әулиекөл малының жаңа генотипінің селекциясы/Аманжолов Қ.Ж.,Даниленко О.В.,Тамаровский М.В., Жуйрикбаев М.Н.//Ғылым және білім.-2020. № 3-1 (60).-30-34 б.

3.Тамаровский, М.В. О селекции специализированного мясного аулиекольского скота в Казахстане / М.В. Тамаровский, О.В. Даниленко //Зоотехния. – 2017. - №8. – С. 14 17

4.Тореханов,А.А.Заводские линии аулиекольской породы крупного рогатого скота / А.А.Тореханов, В.Д. Крючков, С.Ш. Сатыгул, З.А.Жанбуршинов, Ш.А. Жузенов, А.К. Жуманбай, А. Естанов.// – Алматы, 2005. –140с

5. Даниленко, О.В. Селекция аулиекольского мясного скота в северном регионе Казахстана / О.В. Даниленко, М.В. Тамаровский // Известия Оренбургского государственного аграрного университета. – 2017. - №2 (64). – С. 124-126

6. Бейшова И.С., SNP высокойзначимости для прогнозирования наследственного потенциала продуктивности у аулиекольской породы/ И.С.Бейшова, Т.В.Ульянова, Е.В. Белая, Р.С. Шулинский, А.С.Бабенко// Ғылым және білім.-2022.-№3.-С.28-38.

7.Даниленко О.В. Аулиекольский мясной скот в казахстане: состояние и перспективы развития/О.В.Даниленко, М.В.Тамаровский, Ш.Т.Рахимов//Доклады Таджикской академии сельскохозяйственных наук. 2017. № 4 (54). С. 33-37.

8. Насамбаев Е.Г.Әулиекөл тұқымы малдарының асыл тұқымдық және өнімділік қасиеттері/ Е.Г. Насамбаев,А.Б.Ахметалиева,А.Е. Нугманова,А.М. Курбангалыева// Ғылым және білім.-2022.-№2.-С.11-21.

9.Даниленко О.В. Эффективность ускоренного выращивания подсосного молодняка аулиекольской и шаролезской пород в условиях северного Казахстана/ О.В.Даниленко,М.В.Тамаровский,Ш.Т.Рахимов// Зоотехния. – 2017. – С. 135- 137

10.Кальнаус, В.И. Мясная продуктивность чистопородных и помесных бычков аулиекольской породы / В.И. Кальнаус, З.Е. Кальнаус // Главный зоотехник. – 2009. - №11. – С. 24-26

РЕЗЮМЕ

В статье приведены породный классный состав стада КХ Реимкул, экстерьерные особенности молодняка, рост и развития молодняка с 8- до 12 месячного возраста за последние 3 года. По результатам исследования молодняк по живой массе во все возрастные периоды превосходил стандарт породы на 6,4-25%. Молодняк аулиекольской породы характеризуется скороспелостью и быстро набирает массу тела.

RESUME

The article presents the pedigree class composition of the herd of KH Reimkul, the exterior features of young animals, the growth and development of young animals from 8 to 12 months of age over the past 3 years. According to the results of the study, the young by live weight in all age periods exceeded the breed standard by 6.4-25%. The young of the Auliekol breed is characterized by precocity and is rapidly gaining body weight.

ОӘК 112454
Білім алушы: Қырықбаева А., магистрант
Ғылыми жетекші: Нургалиев Б. Е., в. ғ. к., қауымдастырылған профессор, жетекші, «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті»КеАҚ, Орал қ.

ОРАЛ-КӨШІМ СУАРУ-СУЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНЕН АЛЫНҒАН БАЛЫҚТАРДЫ СЕЗІМДІК ЖӘНЕ ИНВАЗИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада Батыс Қазақстан облысының Орал-Көшім суару-суландыру жүйесінен алынған балықтардың органолептикалық және инвазиялық зерттеулердің нәтижелері келтірілген. Аталған зерттеулер 2021 жылы қазан айында балықтарды зерттеу үшін Орал-Көшім су – суару жүйесінің, Бітік, Киров, Пятимар су қоймаларының табиғи су қоймаларына шығу ұйымдастырылды. Осылайша, осы су айдындарында ауланған

балықтардың 435 данасы, 16 түрі зерттелді, оның ішінде: қызылқанат - 37, сазан - 18, табан – 27, алабұға – 37, мөңке – 17, плотва -44, ақсыла –28, қылыш балық – 18, ақтұқы – 12, көкше -36, густера -47, көксерке -37, тұқы -13, жайын-16, шортан – 48. Органолептикалық және физико-химиялық зерттеу нәтижелері бойынша 435 балықтың 14 -. (3,2%) үлгілерде қабыршақты жамылғының өзгеруі болды постодиплостомозға тән, ішкі ағзаларды тексеру кезінде 18 балықта (4,1%) Ligula intestinalis табылды.

Балық өсіру шаруашылықтарын дамыту және суару жүйесіндегі балық өнімділігінің өсуі саланы қарқындату есебінен жүзеге асырылады. Концентрацияланған тағамның қалдықтары, нәжіс және балықтың басқа да қалдықтары жиналады. Мұның бәрі тоған суларының санитарлық жағдайын нашарлатады және балықтардың жұқпалы және инвазиялық аурулармен жаппай зақымдануына ықпал етеді.

Кілт сөздер: Кілт сөздер:балық, сезімдік зерттеу, инвазия, Орал-Көшім суару-суландыру жүйесі, лигулез

Зерттеу жұмысы ҚР АШМ-нің 2021-2023 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы, "Батыс Қазақстан облысындағы балық және балық өнімдерінің ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздігінің мониторингі" бағыты бойынша "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне талдамалық бақылау және мониторинг жүргізу әдістерін әзірлеу" BR10764944 БНҚ бағдарламасы шеңберінде орындалды.

Кіріспе. Балық шаруашылығы – балық аулау, тасымалдау, қорғау және өсірумен, өңдеумен, су өсімдіктерін жинаумен шұғылданатын сала. Қазақстанда балық су айдындары жеткілікті. Каспий теңізінің қазақстандық бөлігі, Арал, Балқаш, Алакөл бассейндері, Бұқтырма, Шардара, Көксарай, Қапшағай су қоймалары, сонымен қатар, Орал, Сырдария, Ертіс өзендері мен оның бойында орналасқан көптеген көлдерден мол балық ауланады.

Балықтар суда тіршілік еткенімен, олардың іс-әрекеттері әр түрлі. Табиғатта олардың таңғажайып пішіндерін кездестіруге болады. Бірі шар тәрізді болса, енді бірі жұмыр, тағы бірі таспа тәріздес болады. Өкінішке орай балықтардың саны жыл сайын азайып барады, оған себеп-ең алдымен экологиялық жағдайлар және көптеген аурулар балық арасында кең тараған деп айтуға болады. Аурулардың ішінде инфекциялық, инвазиялық және жұқпалы емес аурулар балық арасында кең тараған деп айтуға болады.

БҚО-да адам денсаулығына қауіпті балықтардың инвазиялық ауруларының таралу қаупі сақталуда. Сонымен бірге экологиялық қауіптіліктің аймақтық ерекшеліктері, сондай-ақ балықтардың паразиттік аурулары кезіндегі эпизоотиялық процесс жеткілікті зерттелмеген, бұл елдің азық-түлік проблемасын шешуде балық пен балық өнімдерін пайдалану қауіпсіздігінің тиімділігін айтарлықтай төмендетеді. Сондай-ақ, қазіргі уақытта су ортасының ластануы жаһандық сипатқа ие. Тұщы су айдындарына антропогендік химиялық әсер ету олардың биологиялық өнімділігіне теріс әсер етеді, бұл биологиялық өзін-өзі тазарту қарқындылығының төмендеуімен, балық қорының азаюымен және түрлердің алуан түрлілігімен көрінеді. Балық тіндерімен зиянды заттардың жинақталуы жеуге болатын балық өнімдері арқылы адам ағзасына әсер ету қаупін тудырады. Тиісті органдар тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін бақылауды тек органолептикалық зерттеулермен және физикалық-химиялық қауіпсіздік көрсеткіштерімен шектеліп, толық көлемде жүзеге асырмайды. Бұл көрсеткіштер тамақ өнімдерінің толық биологиялық қауіпсіздігін көрсетпейді. Енгізілетін жаңа ғылыми негізделген тиімді бағдарламаларды одан әрі әзірлеу, балық және балық өнімдерін ветеринариялық - санитариялық бағалау жөніндегі тамақ қауіпсіздігі зертханаларының қызметкерлері үшін ұсынымдар шығару және балықтан ауыр металдар мен олардың тұздарын шығару тәсілдерін енгізу қажет.

Зерттеудің мақсаты: Орал-Көшім су-суару жүйесіндегі балықтардың органолептикалық және паразитологиялық көрсеткіштерге зерттеу.

Материалдар мен зерттеу тәсілдері. Зерттеу жұмысы ҚР АШМ-нің 2021-2023 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы, "Батыс Қазақстан облысындағы балық және балық өнімдерінің ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздігінің мониторингі" бағыты бойынша "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне талдамалық бақылау және мониторинг жүргізу әдістерін әзірлеу" BR10764944 БНҚ бағдарламасы шеңберінде орындалды.

Зерттеу объектісі ретінде Орал – Көшім су-суару жүйесінің су айдындарында, Орал өзенінің оң жағалауында, БҚО жергілікті маңызы бар резервтік су айдындарында балық түрлері алынды.

2021 жылғы қазан айында балықтарды зерттеу үшін Орал-Көшім су – суару жүйесінің, Бітік, Киров, Пятимар су қоймаларының табиғи су қоймаларына шығу ұйымдастырылды.

Балықтың барлық түрлері органолептикалық және паразитологиялық көрсеткіштерге зерттелді. Органолептикалық зерттеу кезінде балықтың сыртқы түріне, қоңдылығына, кілегейдің жағдайына, сыртқы жамылғысына, көзіне, желбезек түсіне назар аударады, ал иісін беткі және терең бұлшық етінен анықтайды. Тұтас балықты кейде жарып, ішкі ағзалары зерттелді.(сур.1)

1-сурет. Орал—Көшім сусуару жүйесіндегі балықтарды зерттеу

Сезімдік зерттеу барысында балық балаусалығына күмән туған жағдайда келесідей зертханалық зерттеу жүргізеді: жұғындыларды бактериоскопиялау, pH-ын анықтайды, күкірт қышқылды мыспен реакция қояды, редуктаза және пероксидаза сынамасы, аминдіаммиакты азот мөлшерін анықтау, 5%-ды күкірт қышқылды мыспен реакция, люминесцентті-спектральді талдау.

Нәтижелер мен талқылаулар. Осы су айдындарында ауланған балықтардың 435 данасы, 16 түрі зерттелді, оның ішінде: қызылқанат - 37, сазан - 18, табан – 27, алабұға – 37, мөңке – 17, плотва -44, ақсыла –28, қылыш балық – 18, ақтұқы – 12, көкше -36, густера -47, көксерке -37, тұқы -13, жайын -16, шортан – 48.

Осы су қоймаларынан алынған балықтардың түрлік құрамы 1-кестеде келтірілген.

Кесте – 1-Орал – Көшім су-суару жүйесінің су айдындарында, Орал өзенінің оң жағалауында, БҚО жергілікті маңызы бар резервтік су айдындарында зерттеу үшін ауланған балық түрлері

№	Балық түрлері	Бітік су қоймасы	Киров су қоймасы	Пятимар су қоймасы	саны, дана 435
1.	Қызылқанат	5	7	-	
2.	Сазан	7	4	7	

3.	Табан	11	4	5	249
4.	Алабұға	4	-	-	
5.	Тұқы	7	3	-	
6.	Плотва	4	7	3	
7.	Ақсыла	11	10	7	
8.	Қылышбалық	5	7	6	
9.	Ақтұқы	-	-	-	
10.	Көкше	14	5	17	
11.	Густера	5	18	-	
12.	Көксерке	15	9	13	
13.	Тұқы	7	5	1	
14.	Жайын	-	-	6	
15.	Шортан	5	2	3	
	Барлығы	100	81	68	

Кесте - 2 Орал-Көшім су – суару жүйесінің су айдындарынан, Орал өзенінің оң жағалауынан, БҚО жергілікті маңызы бар резервтік су айдындарынан балықтарды органолептикалық зерттеу нәтижелері

Су қоймаларының атауы	Көрсеткіштері						
	Шырыш	Қабыршақ жамылғысының жағдайы	Көзі	Ауыз қуысы	Желбезектер	Ішкі органдар және іштің жағдайы	Бұлшықет тінінің консистенциясы
Бітік-су қоймасы n=100	«»	Теріге мықтап жабысады	«»	«»	«»	Іші үлкейген жоқ	«»
Киров-су қоймасы n=81	«»	6 балықта постодиплостомиозға тән дақтар байқалды	«»	«»	«»	Жарып-сою кезінде іші кеңейген және плероцеркоидты лигулид 8-де табылды	«»
Пятимар су қоймасы n=68	«»	Теріге мықтап жабысқан	«»	«»	«»	Жарып-сою кезінде іші кеңейген және плероцеркоидты лигулид 4-де табылды	«»

Осылайша, органолептикалық зерттеу нәтижелері бойынша 435 балықтың 14 -. (3,2%) үлгілерде қабыршақты жамылғының өзгеруі болды постодиплостомозға тән, ішкі ағзаларды тексеру кезінде 18 балықта (4,1%) Ligula intestinalis табылды.

Кесте-3. Жайық-Көшім су – суару жүйесінің су айдындарында, Жайық өзенінің оң жағалауында, Батыс Қазақстан облысының жергілікті маңызы бар резервтік су айдындарында описторхоз, лигулез, постодиплостомоз және ермакидозбен балықтардың инвазиялану көрсеткіштері, n-435

	Су қоймалардың атауы	Ауру атаулары			
		Описторхоз	Лигулез	Постодипло-стомоз	Анизакидоз
1.	Бітік су қоймасы	-	-	-	-
2.	Киров су қоймасы	-	8	6	-
3.	Пятимар су қоймасы	-	4	-	-

Осылайша, лигулезбен балықтардың инвазиясын зерттеу Киров су қоймаларынан ауланған балықтардың инфекцияға бейім екенін көрсетті, Пятимар ИЭ-4,1% және ИИ-3 дана. Постодиплостомоз Киров су қоймасынан ауланған балықтарға ИЭ -3,2% және ИИ-6 дана. Осы су қоймаларындағы балықтарда Анизакидоз табылған жоқ.

Қорытынды. Орал-Көшім суару-суландыру жүйесі Батыс Қазақстан облысының ең ірі су жүйесі болып табылады. Ол Орал-Көшім суару-суландыру алабын суландырады, оның ауданы 15 мың км^2 құрайды. Бұл жүйенің орталық элементі-Көшім өзені-Жайықтың ежелгі ағысы, қазіргі уақытта Көшім кентінің маңында Круглоозерное ауылының маңындағы Жайықтан ағатын Шаған каналымен байланысқан. Кушумның ұзындығы-375 км. Өзен ірі су қоймаларын құрайтын төрт бөгетпен қоршалған: Киров, Бітік, Дөңгелек және Пятимар.

2021 жылғы қазан айында балықтарды зерттеу үшін Орал-Көшім су – суару жүйесінің, Бітік, Киров, Пятимар су қоймаларының табиғи су қоймаларына шығу ұйымдастырылды.

Осы су айдындарында ауланған балықтардың 435 данасы, 16 түрі зерттелді, оның ішінде: қызылқанат - 37, сазан - 18, табан – 27, алабұға – 37, мөңке – 17, плотва -44, ақсыла –28, қылыш балық – 18, ақтұқы – 12, көкше -36, густера -47, көксерке -37, тұқы - 13, жайын -16, шортан – 48.

Зерттеу нәтижесі бойынша, органолептикалық зерттеу нәтижелері бойынша 435 балықтың 14 -. (3,2%) үлгілерде қабыршақты жамылғының өзгеруі болды постодиплостомозға тән, ішкі ағзаларды тексеру кезінде 18 балықта (4,1%) Ligula intestinalis табылды. Ал, лигулезбен балықтардың инвазиясын зерттеу Киров су қоймаларынан ауланған балықтардың инфекцияға бейім екенін көрсетті, Пятимар ИЭ 4,1% және ИИ-3 дана. Постодиплостомоз Киров су қоймасынан балықтарға ИЭ -3,2% және ИИ-6 дана. Осы су қоймаларынан балықтарда Анизакидоз табылған жоқ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Давыдов О.Н., Л.Я. Куровская. Паразитохозяйнные отношения при цестодозах рыб. Киев-1991.

2 Бауэр С.А, Ю.В.Белякова, Е.Г. Сидоров. Методы изучения промежуточных хозяев возбудителя описторхоза. Алматы-1987.

3 Қарамендин Ө.С, Тоқпанов С.С., Ыбраев Б.К. Жануарлардың гельминтоздарын анықтауға арналған әдістемелік құрал. 1 бөлім ,1997.

4 Мысик А.Л., Белова С.И. и др. Справочник по качеству продуктов животноводства. М.: «Агропромиздат», 1986. 328 с.

5 Коряжнов В.П. Практикум по ветеринарной санитарной экспертизе. М., 1970. С.87-89.

6 Крылова Г.Д. Основы стандартизации, сертификации, метрологии. Учебник для ВУЗов. М.: «Аудит, ЮНИТИ», 1998. 532 с.

7 Сергеев А. Г., Латышев М.В., Теоегеря В.В. Метрология, стандартизация, сертификация. М.: «Логос», 2001. 343 с.

8 Димитров С.В., Джуров А.М. Диагностика отравлений животных. М., Агропромиздат. 1986. 67-68 бет.

РЕЗЮМЕ

В данной статье представлены результаты органолептических и инвазивных исследований рыб из оросительно-оросительной системы Урал-Кушим Западно-Казахстанской области. Данные исследования показали, что в октябре 2021 года для

изучения рыб был организован выход на естественные водоемы Урало-кушумской водо – оросительной системы, водохранилища Берик, Киров, Пятимар. Так, исследовано 435 экземпляров, 16 видов рыб, пойманных в этих водоемах, в том числе: кызылканат - 37, карп - 18, камбала – 27, окунь – 37, карась – 17, плотва -44, аксыла -28, рыба – меч – 18, актукши-12, Кокше -36, густера -47, Судак -37, карп -13, сом-16, щука – 48, по результатам органолептических и физико-химических исследований 14 из 435 рыб. (3,2%) образцы имели изменения чешуйчатого покрова, характерные для постдиплостомоза, при обследовании внутренних органов у 18 рыб (4,1%) была обнаружена Ligula intestinalis.

Развитие рыбоводных хозяйств и рост рыбопродуктивности в ирригационной системе осуществляется за счет интенсификации отрасли. Накапливаются остатки концентрированной пищи, фекалии и другие рыбные отходы. Все это ухудшает санитарное состояние прудовых вод и способствует массовому поражению рыб инфекционными и инвазивными заболеваниями.

RESUME

This article presents the results of organoleptic and physico-chemical studies of fish from the Ural-Koshim irrigation system of the West Kazakhstan region. These studies in the period from October 2021, for the study of fish, access to natural reservoirs of the Ural-Koshim water and irrigation system, Bitik, Kirov, Pyatimar reservoirs was organized. Thus, 435 specimens of fish caught in these reservoirs, 16 species were studied, including: krasnoperka - 37, carp - 18, leshch – 27, Okun – 37, karasya – 17, plotva – 44, zherech – 28, chekhon – 18, Yaz-12, sinets-36, gustera -47, Sudak-37, Karp-13, som -16, Shchuka-48. according to the results of organoleptic and physico-chemical studies, 14 out of 435 fish -. In (3.2%) samples, there was a change in scaly cover characteristic of postodiplostomosis, Ligula intestine was found in 18 fish (4.1%) when examining internal organs.

The development of fish farms and the growth of fish productivity in the irrigation system is carried out due to the intensification of the industry. The remains of concentrated food, feces and other waste from fish accumulate. All this worsens the sanitary condition of pond waters and contributes to the mass infestation of fish with infectious and invasive diseases.

ӘОЖ 504.75

Білім алушы: Малик М.Н., студент
Ғылыми жетекші: Аккереева Э.К., жетекші
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті»КеАҚ, Орал қ.

ЖАЙЫҚ ӨЗЕНІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

АННОТАЦИЯ

Батыс Қазақстан территориясы жер үсті ресурстарына кедейлеу. Кейбір аудандарда жер үсті сулары мүлдем жоқ. Осындай жағдайларда қалаларды, елді-мекендерді, өнеркәсіптік кешендерді, мұнай-газ өнеркәсібін, жерлерді суаруда, жайылымдарды суландыруда ауыз сумен, шаруашылыққа және техникалық сумен қамтамасыз ету үшін жер асты сулары пайдаланылады.

Жайық өзені - Батыс Қазақстан облысындағы негізгі су өзегі болып табылады. Оның бастамасы Оңтүстік Оралдан басталып, оның ағымының түзілуі Батыс Қазақстан облысындағы Көшім кентінен аяқталады.

Жайық өзенінің экологиялық проблемалары , басқа да өзендер сияқты, кешенді табиғи, антропогендік және техногендік үрдістермен байланысты.

Кілт сөздер: *су, ресурс, классификация, параметлер,өлшем*

Жұмыс мақсаты. Жайық өзенінің су режимнің экологиялық жағдайын бағалау және су қорларындағы антропогендік ластануларды сараптау. Орал қаласы маңындағы өзендердің экологиялық жағдайларын салыстыра отырып Жайық өзенінің экологиялық жағдайын бақылап,баға беру.

Материалдар мен қолданылатын тәсілдер.

Судың тазалаудың технологиялық жолдарына назар аударатын болсақ, седиментация және фильтрация процестері көпшілік жағдайда бәріне ортақ әдістердің бірі.

Судың құрамының өзгеріп тұруы, суды тазалау процестерін жүргізуді күрдендіреді. Сондықтан, су тазалау технологиясын қолданғанда, негізгі мәселелердің бірі - әр түрлі реагенттерді және әдістерді қолдана отырып оптималды режимді реттей білу.

Суды тазалауда қолданылатын негізгі реагенттер: темір (III) сульфаты, алюминий сульфаты, әк (известь), активтелген көмір, сода, хлор, натрий гипохлориті және т.б.

Коагуляциямен суды тазалауда ең негізгі этаптардың бірі – ол реагенттерді дайындау. Қатты түрінде қолданылатын реагнттер – алюминий сульфаты, темір (III) хлориді, әк, т.б. алдын ала ерітіп, белгілі концентрациясын дайындап, оларды тазалайтын суға қосып отырады. Әдетте 10 – 17% Al2(SO4)3 ерітіндісі дайындалады. Кейбір жағдайларда, оны майда ұнтақ түрінде де суға қосады.

Коагуляциялау кезінде суды аздап болса да сілтілендіру үшін 5 – 10% әк ерітіндісі қосылады.

Суды дезинфекциялау үшін органикалық қосылыстарда қолданылады, мысалы – иодоформ.

Ультрафиолетті сәулелермен, ультрадыбыс толқындарымен және де басқа әдістермен суды залалсыздандыру.

Термиялық жолмен залалсыздандыру, мөлшері көп емес сулар (санаторияларда, емханада, пароход, поездарды және т.б.) үшін қолданылады. Судың микробтардан толық залалдануы, оларды 5 – 10 минут қайнату арқылы іске асырылады. Термиялық әдіс кең қолданыс таппай отыр, себебі ол өте қымбатқа түседі.

Суды бактериялардан тазалау үшін, жоғарғы жиіліктегі токтар да қолданылып жүр.

Суды аэрациялау.

Тегі биологиялық заттардан пайда болған және өндіріс ағын суларына қосылған, оңайшылықпен ыдырай қоймайтын органикалық заттар, судың иісін және дәмін бұзып тұрады. Бұлардан құтылу үшін арнайы шаралар қолдану керек. Кейін 40 – 50 жылдар бойы, судың иісінің, дәмінің бұзылуын, аэрация процесі арқылы шешіп жүр. Бұл процесс, органикалық қосылыстардың оңай ұшқыштық қасиеттеріне негізделген. Әдетте, аэрация процесін арнайы қондырғыларда жүргізеді.

Барботаж типтес аэраторда тесіктері бар трубалар арқылы, белгілі қысыммен ауа беріледі.

Бұл аэраторлардағы судың тереңдік қабаты 2,7 – 4,5 метр аралығында болады, резервуардың ені оның тереңдігінен екі еседей көп болады. Ауаны үру уақыты әдетте 15 минуттан көп болмайды. Ауаның шығымы – 1 м3 суға 0,37 – 0,75 м3 аралығында.

Суды аэрациялау үшін – барботажды шашыратқыш және каскад типтес аэраторлар қолданылып жүр.

Аэрация әдісінің кемістігі сонда, кейбір тұрақты ластағыш заттардың исі және дәмі толық кете қоймайды. Сонда да болса бұл әдіс, су тазалау технологиясында кеңінен қолданылып жүр.

Суды дезодорациялаудың адсорбциялы әдісі.

Сасық, жаман иісті кетіру – дезодорациялау деп аталады. Адсорбция процесін қолдану, суға сасық жаман иіс, дәм беретін органикалық ластағыш қоспалардан құтылудағы көп қолданылып жүрген әдістердің бірі. Әдетте сорбент ретінде активтелген көмір қолданылады. Адсорбция әдісі, бактерия және әр түрлі микробтардан залалсыздандыру үшін де пайдаланылады. Активтелген көмір – судың дәмін, иісін бұзатын заттардан басқа, гербицидтерді, инсекктицидтерді, вирустарды ссорбциялай алады.

Активтелген көмірді қолдану Кеңес үкіметі кезінде 1930 – 1940 жылдары басталды. Адсорбциялау әдісінің сапасы, тек оптималдытехнологияның сақталуына ғана емес, қолданылатын сорбенттің қасиетіне де байланысты.

Су құрамындағы еріген газдарды кетіру (суды дегазациялау)

Көпшілік жағдайда судың құрамында еріген газдардың болуы, оның сапасын төмендетеді. Көбінесе суды көмір (IV) оксидінен, оттегінен, күкіртсутектерінен тазалауға тура келеді. Олар қондырғылардың, трубалардың коррозиясын күшейтеді. Ал күкіртті сутек өте жағымсыз сасық иіс береді. Күкіртті сутек жер беті суларының құрамында болмайды, олар негізінен жер асты суларында кездеседі. Судың құрамындағы ерігіш газдарды тазалау процесін – суды дегазациялау деп атайды.

Физикалық дегазация әдісі мынаған негізделген: судың құрамынан кетіретін газды ауамен жанастырғанда, егер ол газдың ауадағы парциялды қысымы нольге жақын болса, газдың судағы ерігіштігі өте аз болатын жағдай туады. Осындай әдіспен, демек суды аэрацциялау арқылы, ондағы газдардың ауа атмосферасындағы парциалды қысымдарын нольге жақындатуға болады.

Суда еріген оттегінің құтылу үшін оны қайнатады. Көптеген газдардың ерігіштігі бұл температурада нольге дейін төмендейді. Кейбір жағдайда вакуумдік дегазаторларқолданылады.

Химилық дегазация әдісі бойынша, белгілі бір реакция негізінде, суда еріген газ химиялық қосылыс түзеді.

Суда еріген оттегінен құтылу үшін, суды оңай тотығатын заттар арқылы сүзіп өткізеді, мысалы темір қиқымдары арқылы. Судағы еріген оттегінен құтылу үшін гидразинді де қолдануға болады.

Гидразинмен судың сттексізденуі катализаторлар қатысында жақсы жүреді. Активтелген көмір, шыны және т.б. заттар катализатор қызметін атқара алады. Гидразин үй жылыту трубалардағы суларды өңдеу үшін қолданылады, себебі бұл жағдайда трубаларды бітеп тастайтын тұнбаалар түзілмейді және зиянды ұшатын газдар бөлінбейді.

Суды оттексіздендіруде гидразинді қолданудың негізгі кемістігі – ол оның бағасының қымбаттығы.

Судағы ауыр металдардың иондарының бөліп алу үшін, әдетте реагент ретінде кальций және натрий гидроксидтері, натрий карбонаты және сульфиді және т.б.қолданылады. Ең көп қолданыс тауып жүргені – кальций гидроксиді. Тазалау процесінде судағы ауыр металл иондары, гидроксид түрінде тұнбаға түседі. Бұл процесс, әр түрлі pH мәндеріне жүргізіледі.

Зерттеу нәтижесі

Жайық өзені - Батыс Қазақстан облысындағы негізгі су өзегі болып табылады. Оның бастамасы Оңтүстік Оралдан басталып, оның ағымының түзілуі Батыс Қазақстан облысындағы Көшім кентінен аяқталады. Облыс көлеміндегі су жинағының ауданы 26125 км2, жылдық ағымының көлемі 10955 млн. м3, орташа көпжылдық көлемінің Орал

өзеніне жылдық ағымы кірісінде–318 м3/с, ал шығысында (Атырау қаласына) –196 м3/с құрайды.

Сурет 1.Жайық өзенінің орналасу аймағы мен шекарасы

Жайық өзенінің жерүсті суларының сапасы жалпы қанағаттанарлық. Оның негізгі ластаушылары Орал қаласының ағынды сулары, Ресейдің кейбір қалалары және Қарашығанақ МГКК болып табылады. Судағы химиялық талдаулардың мәліметтері бойынша соңғы үш жылда мұнай өнімдерінен таза және БПК 5, аммиак, хром байқалмады. Негізгі ластаушыларының қатарына аммонилі азот (1,7 ПДК), органикалық заттар және мұнай өнімдері, мырыш (12 ПДК), мыс (4 ПДК), қала төңірегіндегі фенол (2-4 ПДК) жатады. Аммонийлі азоттың ПДК-дан артуы тасқын су кезінде байқалады. Судың ластану индексінің мағынасы 0,65 құрайды. Орал қаласының қажеттілігі үшін су алу жиынтығы тәулігіне орташа есеппен 25 мың. м3 құрайды.

Жайық өзенінің экологиялық проблемалары , басқа да өзендер сияқты, кешенді табиғи, антропогендік және техногендік үрдістермен байланысты.

Жайық өзенінің тозып өзгеруінің бірінші себептері болып, толассыз су ағынының табиғи үрдістердің механикалық үрдістер түріндегі әсерінен болатын арнаның бұзылуы болып табылады. Оның жағымсыз салдары болып табылатындар:

- Арнаның лайлануы, өзеннің тайыздалуы мен оның гидрологиялық режимінің нашарлауына соқтыратын қайраңдардың пайда болуы;

- Жағалаулардың иреңдері мен топырақты жерлерінің жеңіл механикалық құраммен шайылуы. Бұл өзеннің арнадан шығып және үлкен аумақты басып кетуіне қауіп туғызады.

Осы үрдістер Жайықтың көктемгі қатты тасқынымен тіптен тереңдей түседі. Қазақстандық аймақта өзен арнасының лайлануына теріс әсер ететін факторларға ағысты баяулатын даланың жазықтылығы және арнаның көп иреленділігіне әсер ететін жер

бедерінің сәл жотылығы жатады. Осыған байланысты өзеннің тұтастығы мен қызметі оның тұрақты күтімсіздігінсіз мүмкін емес. Өзен арнасының лайлануына оның салалары мен бастау көздерінің тазаланбауы әсер етеді. Батыс Қазақстан облысындағы Жайық өзенінің алабына кіретін кіші өзендерге Шаған, Деркөл, Елек, Утва, Рубежка, Быковка, Емболат, Барбастау және т.б. кіреді.

Бұдан басқа , Жайық өзенінің табиғи экожүйесінің тозуына оның су, өсімдіктер, жануарлар мен балық ресурстарын пайдаланатын шаруашылық қызметтері де өзіндік әсерін тигізеді. Елді мекен жерлердегі жағалай өзеннің жағалаулары мен су алатын алаңдарда, тасқын кезінде өзенге шайылатын қалдықтар төгіледі.

Жайық бойында орналасқан үлкен қалалардың арналы тазалық құралғылары ескірген, қайта жаңғыртуды қажет етеді және арналық ағындарды қажетті дәрежеде тазартуды қамтамасыз етпейді.

Жайық өзенінің беткі суларының ластануының маңызды факторы өндірістік кәсіпорындарының қызметі, суалатын алаңдар аумағындағы ескіден бергі ластар, қалалық, және кенттік шайынды сулар болып табылады.

Жайық өзенінің аңғарындағы аллювиальды шөгінділерде жерасты тұщы сулары жинақталған және оларды шаруашылық-ауыз су мақсатында қолдануға әбден жарамды. Жайық өзенінің аңғарындағы аллювиальды шөгінділерде шаруашылық-ауыз су үшін 8 орын, жерлерді суару үшін 2 орын табылды. Олардың жалпы пайдаланылатын қоры тәулігіне 198,9 және 67,5 м3 құрайды.

Облыстың оңтүстік шығыс бөлігінде аллювиалды шөгінділерде тұщы сулар жинақталған. Бұл аймақтарда жер астының әлсіз тұщы сулары жоғарыда көрсетілген қабаттарда жақсы дамыған.

Өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап Жайық өзеніндегі су ағынының көлемі біртіндеп азайып келеді

Қазақстан мен Ресей Жайық өзенінің экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған жұмысты бастады, деп хабарлады экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің трансшекаралық өзендер департаменті.

Орал тұрғындары Жайық өзенінің тез тартылып жатқанын үреймен бақылап отыр. Мұнда су азайып, орнына құм пайда болып жатыр. Жергілікті тұрғындар өзеннің қазіргі жағдайын фотоға түсіріп, дабыл қақты.

Экология министрлігінің хабарлауынша, өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап Жайық өзеніндегі су ағынының көлемі біртіндеп азайып келеді. Оның бірнеше себебі бар. Ең алдымен бұл судың азаю кезеңінің басталғанына байланысты болып отыр. Бұл өзендердегі су деңгейінің төмендеуіне, жерді жыртуға және орманды кесуге байланысты өзеннің гидрографиялық желісінің нашарлауына әсер ететін климаттық факторлар.

Жайық өзеніндегі су жағдайын жақсарту бойынша шаралар қабылдау үшін Ресей тарапымен Жайық өзенінің гидрологиялық режиміне бірлескен зерттеулер жүргізу туралы келісімге қол қойылды. Осы мақсатта 2020 жылдың қазанында Жайық, Ертіс секілді ірі өзендерде зерттеулер жүргізу бойынша іс-шараның кестесі бекітілді.

"Қазір қазақстандық және ресейлік сарапшылар бірыңғай жол картасын жүзеге асыруға кірісті", - делінген ақпаратта.

Іс-шара барысында Жайық өзенінің гидрологиялық режимін және экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған бірлескен шаралар қабылданады. Алайда министрлік өзен суын қалпына келтіру жоспарына сай қандай шаралар қабылданатынын нақтыламады.

Сурет 2. Жайық өзенінің жағасында тұрып жатырған тұрғындардың өзеннің жағасын ластауы

Сәуірдін, ортасында Жайық озені суынын денгейі шамамен 800 см-ге дейін кетерілуі мумкін. Бұл туралы "Казсушардын" облыстаны филиал мамандары мәлімдеді. Жалпы өздеріниз байқағандай өнірдегі барлык су қоймаларында биыл ылғал қоры мол. Шаруалар тіршілік нәрінен тарықпаймыз деп дән риза. Ал өнірде су тасқыны қаупі сейілген.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жер-су атаулары (этимологиялық анықтамалық) «Өнер» баспасы, Алматы 2011 ISBN 978-601-209-161-8

2. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Су шарушылығы. – Алматы, Мектеп, 2002.

3. Гидролого-гидрохимическая характеристика бассейна реки урал на территории республики башкортостан. https://cyberleninka.ru/article/n/gidrologo-gidrohimicheskaya-harakteristika-basseyna-reki-ural-na-territorii-respubliki-bashkortostan

4. А.А.Чибилёв Река Урал: Историко-географические и экологические очерки о бассейне р. Урал. — Л.: Гидрометеоиздат, 48-бет.

5. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. — Алматы: «Арыс» баспасы, 2002 жыл. ISBN 9965-607-02-8.

РЕЗЮМЕ

По мере того, как устье озера сужается, а русло реки еще не заполнено, ухудшается и состояние леса на берегу,потерял леса сказывается на жизни животных в целом.Даже после той ситуаций между Казахстаном и Россией был составлен поотокол о сохранении озера Жайык. Но состояние Жайыка не улучшилось. В ходе этих иследований мы яснр видим, что река Жайык вообще исчезает и что на нее непросредственно влияет человечество (антропогенный фактор).

RESUME

As the mouth of the lake is narrowed and the river bed is still not full, the condition of the forest on the shore is also deteriorating. The loss of the forest affects the life of animals in general. Even after that situation, a protocol was drawn up between Kazakhstan and Russia regarding the preservation of Zhaiyk. But the condition of Zhaiyk did not improve. In the course of this research, we can clearly see that the river Zhaiyk is disappearing in general and that it is directly affected by humanity, i.e. anthropogenic factor.

ОӘК 636.081
Білім алушы: Рамазанов О.У., магистрант
Ғылыми жетекші: Ахметалиева А.Б., а.ш.ғ. к., жетекші
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті»КеАҚ, Орал қ.

ҚАЗАҚТЫҢ АҚБАС ТҰҚЫМЫНЫҢ ТӨЛДЕРІНІҢ ӨНІМДІЛІК ҚАСИЕТТЕРІНЕ АҚУЫЗ-ВИТАМИНДІ-МИНЕРАЛДЫ КОСПАСЫНЫҢ ӘСЕРІ

АННОТАЦИЯ

Мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің тиімділігін арттыру жемшөп сапасына және жануарлардың ағза үшін оңтайлы арақатынаста барлық қажетті қоректік және биологиялық белсенді заттармен қамтамасыз етілуіне байланысты. Минералды заттар жануардың денесінде маңызды рөл атқарады. Зерттеудің мақсаты азықтандыруда ақуызды- витаминді-минералды коспаны қолдану арқылы бұқашықтардың өнімділігіне әсері зерттелді.

Кілт сөздер*: бұқашықтар, ақуызды-витаминді-минералды кешен, қазақтың ақбас тұқымы, тірілей салмағы, орташа тәуліктік салмағы*

Кіріспе. Мал шаруашылығының тиімділігін арттыру үшін әртүрлі азық қоспалары кеңінен қолданылды. Сонымен қатар, алынған өнім жоғары сапалы, үнемді, бәсекеге қабілетті және сұранысқа ие. Нарықтық жағдайда өндірістің рентабельділігіне қойылатын жоғары экономикалық талаптар мал өсірушілерді жануарлардың өнімділігінің максималды деңгейін қамтамасыз ететін жетілдірілген технологияларды қолдануға мәжбүр етеді. АВМК ақуыздардың, дәрумендер мен минералдардың жетіспеушілігін толықтырады. Оларды қосу негізгі жемшөп өнімдерін тұтынуды азайтады және жануарларды емдеуге айтарлықтай үнемдеуді қамтамасыз етеді. АВМК негізгі компоненті-белгілі бір түрге қажетті аминқышқылдары бар жеңіл сіңімді ақуыз. Олар табиғи өнімдерден алынады: торт, ұн, қан жасушалары, сарысу. Негізгі дәрумендерге майда еритін және суда еритін А, D3, Е, тобы жатады. Минералды тапшылықтың орнын толтыру үшін жануарлардың жасын ескере отырып, пайыздық мөлшерлеме таңдалады, құрамында темір, селен, мыс және йод бар компоненттер қосылады. Концентрацияланған АВМК етті тұқымдарындағы бұлшық ет өсуін жақсартады , иммунитет жоғарылайды және жас жануарлардың өмір сүру деңгейі артады.

Зерттеу мақсаты. «Дөңгелек» ШҚ жағдайында қазақтың ақбас тұқымының бұқашықтарының өсіп-өнуіне ақуызды-витаминді-минералды кешенінің әсерін анықтау.

Зерттеу материалдары мен әдістері

"Дөңгелек" ШҚ-да тәжірибеге қазақтың ақбас тұқымының бұқашықтарынан 2 топ құрылды. Бұқашықтарды жасына байланысты іріктеп алынды, I – ші топ (n=14) бақылау тобы болса(пішен+судан шөбі+ұсақталған арпа), II – ші топ (n=14) тәжірибелік(пішен+судан шөбі+ұсақталған арпа+АВМК «МЕГАМИКС»). Азықтандыру нормалары Калашников А.П. бойынша есептелді[3]. Минералды қоспалардың тәуліктік дозасы бір басқа 250 г құрады.

Бұқашықтардың өсуі мен дамуын зерттеу ай сайын таңертең азықтандыру мен суару алдында өлшеу арқылы жүргізілді. Ал экстерьерлік ерекшеліктерін тәжірибе барысында және соңында жүргізілді, яғни 8 айлығында және 12 айлығында. Дене өлшемдері арнайы өлшеуіш құралдармен өлшенді. Өлшеу нәтижелері бойынша бұқашықтардың өнімділік көрсеткіштері анықталды: тірілей салмағы, орташа тәуліктік салмағы анықталды.

Сандық материалдар "Excel" ("Microsoft", АҚШ) бағдарламасын қолдана отырып, "Microsoft Office" кеңсе бағдарламалық кешенінің көмегімен биометриялық әдістермен өңделді.

Зерттеу нәтижелері. «Дөңгелек» шаруа қожалығының табынының генеалогиялық құрылымы алғашқы зоотехникалық есеп және жиынтық бағалау ведомос құжаттары арқылы жүргізілді. Байкал 442к, Замок 3035, Кактус 7969, Король 09, Ландыш 9879, Марсиан С-12, Норд 1394, Черчиль 60, Джилинд, Аивона 58Х, Болеслав С-12, Салем 12747, Аромат 7392, Ветеран 7880 өндіруші-бұқалар ұрпақтарынан құрылған.

2022 жылы генеалогиялық құрылымда. Норд 1394 – аталық ізінің тұқымдары бас саны бойынша басқа аталық із тұқымдарына қарағанда едәуір көп болды (28,6%), Норд 1394 аталық ізінен кейін Ландыш 9879 - аталық ізінің тұқымдары басымдық көрсетті (20,4%), Король 09 – 14,2%, Черчиль 60 – 7,1%, Джилинд – 7,5%, Аивона 58Х – 8,7% секілді аталық іздерінің тұқымдары аз пайызын құрады.

Бұқашықтардың қоректік заттар мен энергияға деген қажеттілігі жасына, жынысына, өсіру мақсаты мен қарқындылығына, сондай-ақ жануарларды ұстау технологиясына байланысты, сондықтан азықтандыру рационы норма бойынша құрылды.

«Дөңгелек» шаруа қожалығының жемшөптерінің химиялық құрамы ақуыз, қант және каротинге айтарлықтай кедей екенділігі байқалды. Сонымен, 1 кг әр түрлі-шөпті шөпте 0,44 азық өлшем бірлік, 6,6 МДж алмасу энергиясы, 56,3 г сіңірімді ақуыз және каротин 10,2 мг, ал судандық шөпте тиісінше 0,57; 7,44; 74,2 және 15,1 мг. Бұқашықтарды азықтандыруда минералды заттардың жетіспеушілігін толық қамтамасыздандыру үшін біз зерттеулерімізде «МЕГАМИКС» АВМК қолданылған болатынбыз, 1-кестеде оның химиялық құрамы келтірілген.

Кесте 1. “МЕГАМИКС” АВМК – ның химиялық құрамы.

	Өлшем бірлігі	**АВМК құрамы**
1	2	3
Монензин натрия	мг/кг	460
АЭ	КРС, МДж/кг	8,6
Азық өлшемі	г	0,85
Ылғалдылығы	%	7,04
Шикі ақуыздық зат	%	49,00
Шикі май	%	4,16
Шикі талшық	%	4,11
Кальций	%	9,00
Фосфор	%	1,00
Натрий	%	1,70
Монензин натрия	мг/кг	460
Дәрумендер:		
А Дәрумені	тыс. МЕ/кг	54
Д3 Дәрумені	тыс. МЕ/кг	8
Е Дәрумені	мг/кг	162
Микроэлементтер:		
Темір	мг/кг	250
1	2	3
Мыс	мг/кг	215
Цинк	мг/кг	1100
Марганец	мг/кг	900
Кобальт	мг/кг	12
Йод	мг/кг	15
Селен	мг/кг	3,5
Басқада компоненттер:		
Өсімдік тектес ақуыз		

Қоспалар:		
Карбамид	кг/т	71,43

Қазақтың ақбас тұқымының бұқашықтарының өсуін экстерьерлік ерекшеліктерін зерттеу арқылы көруге болады. Біздің тәжірибиемізде 8, 12- айлықтарында дене өлшемдері алынды. Бұқашықтарды өлшеу нәтижелері 2-ші кестеде келтірілген.

Кесте 2. Бұқашықтардың дене өлшемдері, см

Топтар	Шоқтығының биіктігі	Құйымшағының биіктігі	Кеудесіні ң еңділігі	Кеудесіні ң тереңдігі	Кеуде орамы	Тұрқының қиғаш ұзындығы	Жілін шік орамы	Сербек аралық еңділгі
Тәжірибе басында, 8 ай								
I топ	98,45±1,8	100,2±1,3	28,8±5,1	46,8±2,0	146,05 ±0,51	101,2±0,97	16,5± 2,8	30,7±3,5
II топ	102,3±1,7	104,7±1,3	34,2±4,03	50,2±2,4	148,4± 0,94	103,87±1,1	16,4± 3,8	35,2±4,2
Тәжірибе соңында, 12 ай								
I топ	106,7±0,96	108,4±0,89	32,62±3,1	53,00±1,6	154,3± 0,40	118,1±0,50	17,2± 2,25	35,15± 2,3
II топ	111,4±1,16	111,8±0,94	36,3±2,1	57,3±2,05	156,7± 0,39	121,8±0,5	17,5± 2,2	37,5± 2,07

2- кестеде тәжірибе тобының денесінің қиғаш ұзындығы 121,8 см болды, бұл бақылау топтан сәйкесінше 14,7% артық. Сондай-ақ, II–ші топтың бұқашықтарында кеуде тереңдігі мен орамы бойынша қарқынды даму байқалды. Бұл өлшеулердің салыстырмалы өсімі тәжірибелі топтың бұқашықтарында да жоғары болды 12,3% және 5,2%, бақылау тобына қарағанда.

Тәжірибелі топтың бұқашықтарының шоқтығының және құйымшағының биіктігі, кеуде ені мен сербек аралық ені өлшемдері бақылау тобындағы құрдастарынан асып түсті.

Осы алынған дене өлшемдері арқылы дене индекстерін есептеген болатынбыз, нәтижесінде бұқашықтардың өсу қарқыны қалыпты жақсаруын білдік.

Тәжірибелі топтың бұқашықтарының толық құнды азықтандыру нәтижесінде осьтік қаңқасының өсуі мен дамуы бақылау тобына қарағанда қарқынды байқалды.

Мал шаруашылығының тиімділігін, жануарлар ағзасының дамуын және оның ет өнімділігінің деңгейін анықтайтын маңызды фактор-тірілей салмақ. Дене салмағы тұқымдық қасиет болып табылады және оның деңгейі жануардың генетикалық потенциалымен анықталады.

Биологиялық процесс ретінде өсу ұғымы, уақыт өте келе жануар ағзасының массасының артуы оның азықтандыруына байланысты және оны осы процестің мерзімді өлшеу нәтижелерінің өзгеруін ескеру арқылы анықтауға болады. Тірілей салмақ жануарлардың өсуі мен дамуының маңызды көрсеткіші және олардың өнімділігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі екені белгілі [3].

Тірілей салмағының өзгеруі әр жануарды ай сайын жеке өлшеу арқылы бағаланды. Олардың мәліметтері бойынша, орташа тәуліктік өсім мен салыстырмалы өсу қарқыны есептелді. Тірілей салмағының динамикасы 2-кестеде келтірілген.

Кесте 3. Бұқашықтардың тірілей салмағының динамикасы, кг

Жасы, ай	Топтар	
	I топ (n-14)	II топ (n-14)

8	219,2±1,85	219,4±1.44
10	262,7±1,62	272,2±1,83
12	307,4±0,82	320,8±0,69
	Орташа тәуліктік өсім, г	
8-10	726,1±9,1	879,1±7,7
10-12	744±11,3	810,7±8,1
8-12	735,1±5,4	844,9±3,1

Сынаққа қойылған тірілей салмақта айтарлықтай айырмашылықтар болған жоқ, 8 айдан бастап ұсақталған арпа мен "МЕГАМИКС" АВМК алған бұқалардың тірілей салмағы бойынша артықшылық тенденциясы байқалды.

Бұқашықтардың тірілей салмағы бойынша тәжірибелі топ тірілей салмағы тұқым стандартынан 8 айлық жаста 4,2%, тиісінше 10 айлықта 6,3%, 12 ай жаста 6,4%-ға жоғары болды.

Сонымен, 8 айлық жастағы тәжірибелі топтың тірілей салмағы бақылау топтан 4,5 % жоғары болды; 10 айлықта 3,4%, 12 айлық жаста-тиісінше 4,1%.

Тәжірибе аяқталғаннан кейін азықтың құрамында ұсақталған арпа алған 12 айлық бұқашықтардың тірілей салмағы 307,4 кг, “МЕГАМИКС” АВМК құрама жемінің салмағы 320,8 кг болды, бұл дегеніміз бақылау топтағы аналогтарымен салыстырғанда 4,1% жоғары.

Тірілей салмақтың өсуімен қатар орташа тәуліктік өсім де өсті. Алғашқы айлардан бастап бұқашықтардың тірілей салмағының орташа тәуліктік өсу тенденциясы тәжірибелі топтарда байқалғаны анықталды (3-кесте).

Сонымен, 8 айдан 10 айға дейін тәжірибелі топтағы бұқашықтардың орташа тәуліктік өсуі бақылау топтың құрдастарымен салыстырғанда 17,4%- ға жоғары болды. 10-12 ай кезеңінде тәжірибелі топтың бұқашықтарының пайдасына айырмашылық 8,2%, 8-12 ай – тәжірибелі топ 12,9%-ға басым болды (P>0,95),

Зерттеудің алынған нәтижелерінен "МЕГАМИКС" АВМКоспасын жас бұқашықтарының толық құнды азықтандыру рационында, тез жетілгіштігін және ет өнімділігін арттыру мақсатында қолдануға ұсынамыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Животноводство и кормопроизводство 2021 Т.104 №1 https://cyberleninka.ru/article/n/vliyanie-razlichnyh-kormovyh-dobavok-na-effektivnost-vyraschivaniya-molodnyaka-kazahskoy-belogolovoy-porody/viewer

2. Востриков Н.И. Использование породных ресурсов скота разного направления продуктивности для увеличения производства говядины: автореф. дис. .. д-ра с.-х. наук. Оренбург, 2000. 35 с.

3. Нормы и рационы кормления сельскохозяйственных животных: справ. пособие / А.П. Калашников и др. 3-е изд., перераб. и доп. М.: Агропромиздат, 2003. 103 с.

РЕЗЮМЕ

В статье приведены результаты применения в кормлении бычков казахской белоголовой породы белково-витаминно-минеральной добавки “МЕГАМИКС”. Были сформированы две группы I –группа (n=14) контрольная, II – группа (n=14) опытная. Изучены экстерьерные показатели бычков в 8, 12- месячном возрасте. В результате проведенного опыта бычки опытной группы превзошли по живой массе стандарт породы в 8-месячном возрасте на 4,2%, в 12-месячном возрасте на 6,4%. По сравнению с опытной группой по живой массе в 8-мес. на 4,5%, в 12-мес. на 4,1%.

RESUME

The article presents the results of the use of the protein-vitamin-mineral supplement "MEGAMIX" in the feeding of Kazakh white-headed bulls. Two groups were formed: group I (n=14) control, group II (n=14) experimental. The exterior indicators of bulls at 8, 12 months of age were studied. As a result of the experiment, the bulls of the experimental group exceeded the standard of the breed in live weight by 4.2% at the age of 8 months, by 6.4% at the age of 12 months. Compared with the experimental group by live weight in 8 months. by 4.5%, in 12 months. by 4.1%.

ОӘК 638.145.
Білім алушы: Сатыбаев Б.Г., докторант
Ғылыми жетекші: Каиргалиева Г.З., б. ғ. м., жетекші
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті»КеАҚ, Орал қ.

ОРГАНИКАЛЫҚ АРА ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘЛЕМ МЕН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БОЛАШАҒЫ

АННОТАЦИЯ

Бұл жұмыста әлемдегі органикалық ара шаруашылығы туралы статистикалық және жалпы мәліметтер келтірілген. Ара шаруашылығы органикалық егіншілікте ерекше орын алады, өйткені ол көбінесе ауыл шаруашылығының қалған бөлігінен бөлек жүзеге асырылады.

Органикалық бал өндіру процесінде химиялық тыңайтқыштар, жәндіктер мен саңырауқұлақтарға қарсы химиялық препараттар және химиялық гербицидтер жоқ жем-шөп базасы қажет. Осыған байланысты органикалық Ара шаруашылығының негізгі міндеттері ара колонияларының денсаулығы мен өміршеңдігін ұқыпты сақтау және нығайту және қоршаған ортаның теріс әсерін азайту болып табылады.

Органикалық ара ұялары санының оң динамикасы байқалды, олардың жалпы саны 2007 жылдан бері бес есеге өсіп, 2021 жылы 2,73 миллион органикалық ара ұялары құрады, бұл әлемдегі ара ұяларының жалпы санының 3,0% құрайды.

Кілт сөздер: органикалық ара шаруашылығы, органикалық ауыл шаруашылығы, бал, ара үйірімі, органикалық ара ұялары.

Кіріспе. Органикалық ара шаруашылығы бұл ара шаруашылығындағы азықтандыру және басқару үшін қол жетімді көптеген жасанды өнімдерден аулақ болатын ара шаруашылығы әдістерінің жиынтық термині.

Ең алдымен, органикалық бал өндірісі құрамында химиялық тыңайтқыштар, жәндіктер мен саңырауқұлақтарға қарсы химиялық заттар және химиялық гербицидтер қолданылмаған бал көздерін қажет етеді. Омартадан 3 километр қашықтықтағы кез келген дақылдар немесе өсімдіктер органикалық дақылдардың зиянкестерімен күресу үшін қол жетімді табиғи өнімдерді қоспаған кезде ғана ешқандай химиялық заттарды пайдалануға ұшырамауы керек.

Әлемнің әртүрлі елдерінде органикалық егіншілікпен 30 млн гектарға жуық территорияда жұмыс жасалып жатыр, ал органикалық технология бойынша өндірілген өнімдердің құны 40 млрд. долларды құрайды. Экономикалық дамыған елдер халқының рационында органикалық өнімдердің үлесі 5% құрайды және ол өсуін әрі қарай жалғастыруда. Органикалық ара шаруашылығы (мұнда және одан әрі ОАШ) қазіргі уақытта әлемнің 60 елінде бар. Ол жұмыс органикалық егіншілік сияқты принциптерге негізделген және көп уақытты қажет ететін және қымбат болып келеді.

Органикалық ара шаруашылығының негізгі принциптері.

Органикалық ара шаруашылығы осы түрге ең қолайлы бал араларын табиғи жағдайда ұстауға, азықтандыруға және өсіруге, сондай-ақ ара өнімдерінің жоғары сапасын әрі қарай жоңғарылатуға ұмтылады. Сондықтан аурулардың алдын алу, табиғи материалдар мен ресурстарды пайдалану, сондай-ақ жақсы бал жинауға жақсы жерлермен тұрақты қамтамасыз ету үлкен маңызға ие.

Органикалық ара шаруашылығы органикалық егіншілікпен бірдей принциптерге негізделген. Оның өнімдерінің сапасы омарта орналасқан аймақтағы қоршаған ортаның қаншалықты қолайлы екендігіне және араларды ұстау, өнімді өндіру, өңдеу, сақтау және тасымалдау бойынша тиісті талаптардың қаншалықты мұқият сақталуына байланысты. Қазіргі уақытта осындай органикалық ара шаруашылығы туралы басты ережелер мен талаптардың 20-дан астамы бар органикалық өнімдерге арналған стандарттар 1991 жылдан бастап жоспарланып, әзірленіп, енгізіліп келеді. Органикалық ара шаруашылығы технологияларына көшу кезіндегі қосымша шығындардың негізгі баптарына келесілер жатады: аумақты экологиялық тазалыққа сертификаттау, омарта сертификаты, айтарлықтай қымбатырақ органикалық балауыз бен қантты сатып алу шығындары [3]. Төмендегі принциптер негізгі болып табылады, бірақ органикалық стандартқа байланысты олар әртүрлі тәсілдермен қарастырылады:

Омарталардың қолайлы ортада орналасуы;

Табиғи материалдардан ара ұяларын жасау. Жергілікті жағдайларға бейімделген төзімді ара тұқымдары;

Басқа біреудің аналықтардың пайдаланбай табиғи өсіру, өміршеңдігі бойынша таңдау;

Мүмкіндігінше аз араласу және аралар колониясына бейімделген;

Бал ұясының табиғи құрылысына және табиғи үйірілімге ықпал ету;

Тек өзіңіздің балыңызбен немесе органикалық сапалы тағаммен қосымша тамақтандыру;

Ара ауруларының алдын алу және зиянкестермен күресу шараларын қолдану;

Ауруларды тікелей бақылау және зиянкестердің санын тек қажет болған жағдайда және тек табиғи заттардың көмегімен реттеу.

Органикалық фермадағы омарта дәстүрлі түрде және жоспарлы ұйымдастырылуы мүмкін. Немесе ара шаруашылығын органикалық принциптерге сәйкес жүргізуге болады, дегенмен қоршаған бал аралар үшып, азықтанатын өрістер дәстүрлі түрде өңделеді. Егер органикалық ара шаруашылығы дәстүрлі фермада жүргізілсе, онда ара өнімдерінің ластануын болдырмау үшін зиян әкелетін қолайсыз жағдайларды талдау қажет. Бұл пестицидтерді немесе генетикалық түрлендірілген дақылдарды пайдалану кең таралған ауыл шаруашылығы қарқынды аймақтарда органикалық сертификаттауды қиындатады [2].

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің әдістемелік негізі статистикалық мәліметтер, органикалық ара шаруашылығы саласындағы шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми жарияланымдарына сүйенген.

Зерттеу барысында жалпы және арнайы әдістер қолданылды: индукция және дедукция, абстракция және жалпылау (теориялық жалпылау және қорытынды қалыптастыру). Зерттеудің негізі органикалық ара шаруашылығын реттеу жүйесін зерттеуге жүйелі көзқарас болды. Ара шаруашылығы саласы мен оның өнімінің проблемаларын теориялық негіздеу үшін абстрактілі-логикалық әдіс қолданылды, кестелік әдістер де қолданылды [3].

Нәтижелер мен талқылаулар. Румыниядағы зерттеу нәтижелері органикалық ара шаруашылығын омарташылардың 5,2% пайдаланған, ал ұялардың 9,7% органикалық жүйеде болғанын көрсетті. Сауалнамаға қатысқан омарташылардың көпшілігі органикалық принциптерді білді және органикалық ара шаруашылығы мен "Ара шаруашылығының экологиялық аймақтарын" құру қоршаған ортаға, омарташылар мен фермерлерге өте пайдалы деп санады. Стационарлық ара шаруашылығы органикалық ара шаруашылығымен және аз аралармен (11-50 ара ұясы) көбірек байланысты болды. Бұл

Румынияда органикалық ара шаруашылығын дамытудың үлкен әлеуетінің болуын растайды [4]. Шетелдік ғалымдардың көптеген еңбектері органикалық ара шаруашылығының дамуы мен проблемаларына арналған [5-8].

2023 жылдың басында Органикалық ауыл шаруашылығын зерттеу (FiBL және IFOAM -organics International) институтының "Органикалық ауыл шаруашылығы әлемі. Статистика және тенденциялар, 2022" атты жылнамасында жарияланған мәлімет бойынша әлемдік органикалық ара шаруашылығы туралы айтылған.

2021 жылы 2,73 миллионға жуық органикалық омарта болды, бұл әлемдегі жалпы омартасының 3,0 % құрайды. Органикалық ара ұялар Еуропада (39,1 %) және Латын Америкасында (37,8%) шоғырланған (кесте.1).

Кесте 1 - Әлем аймақтарындағы органикалық ара ұяларының саны (2019-2021 жж.)

№	Аймақ, континент	2021 жылғы әлем бойынша орг. ара ұяларының жалпы ұялардан %	2020 жылғы әлем бойынша орг. ара ұяларының жалпы ұялардан %	2015 жылғы әлем бойынша орг. ара ұяларының жалпы ұялардан %
1.	Европа	39,1	40,9	47
2.	Латын Америкасы	37,8	33,7	30
3.	Африка	13,6	15,7	14
4.	Азия	9,0	9,2	9
5.	Солтүстік Америка және Океания	0,5	0,5	1:0,2

Органикалық ара ұялары ең көп ел Бразилия болды (шамамен 630 000), одан кейін Замбия (шамамен 370 000) және Мексика (260 000-нан астам) (кесте.2). Жалпы саны 2007 жылдан бастап бес есеге өсті, 535 000 - нан астам ара ұялары тіркелген кезде 2,7 млн. 2,7 млн. органикалық ара ұялары болды, оны БҰҰ азық түлік және ауыл шаруашылық ұйымы 90,5 млн. деп бағалаған 2020 жылы әлемдегі ара ұяларының жалпы санының 2,9% құрады.

Кесте 2 - 2020 жылы ең көп органикалық ара үйірімі бар 15 ел

№	Ел	Ара ұясы
1	2	3
1.	Бразилия	630
2.	Замбия	370
3.	Болгария	264
4.	Қытай	229
5.	Италия	171
6.	Румыния	170
1	2	3
7.	Мексика	152
8.	Франция	123
9.	Турция	89
10.	Португалия	49
11.	Мадагаскар	48
12.	Германия	35
13.	Аргентина	28

14.	Чили	24
15.	Уругвай	24

Жаңадан бастаған органикалық омарташылар үшін басты мәселелердің бірі-органикалық ара өсіру әдістері мен органикалық сертификаттау процесі туралы білімге қол жетімділіктің болмауына байланысты трансформациялану процесі. Сонымен қатар, жоғары сапалы органикалық бал өндіру және варроа паразитін органикалық әдістермен бақылау, органикалық омарташылар үшін негізгі кедергілер болып табылады [3,4].

Ресейде органикалық ара шаруашылығына алғашқы қадам 2008 жылы жасалды: Ресей Федерациясының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 21.04.2008 ж. №26 қаулысымен СанПиН 2.3.2.1078-01 "Азық-түлік қауіпсіздігі мен тағамдық құндылығының гигиеналық талаптарыны4" № 8 толықтырулар мен өзгерістері бекітілді, онда алғаш рет "Органикалық өнім" терминінің анықтамасы берілді және санитарлық тұрғыдан тұжырымдалды, оған қойылатын эпидемиологиялық талаптар, оның ішінде органикалық ара шаруашылығы өнімдерін өндіруге қойылатын талаптар [2].

Қазақстанда органикалық өнім өндірісін заңнамалық реттеу 2015 жылдың соңында тиісті заңның қабылдануынан басталды. Содан бері органикалық өнімдерді өндіру бойынша негізгі құқықтық актілер, сондай-ақ нормативтік-техникалық құжаттар әзірленді және қабылданды [9]. Қазақстан Республикасында ара шаруашылығында органикалық өндіріске қойылатын талаптар "Органикалық өнімді өндіру және оның айналымы қағидаларында" белгіленген:

1. Органикалық бал өндіру үшін омартадан үш шақырым радиуста орналасқан органикалық өндіріс бөлімшесінде өсетін органикалық өсірілген ауылшаруашылық және (немесе) жабайы өсімдік дақылдарынан алынған нектар мен тозаң көздері пайдаланылады.

2. Органикалық ара шаруашылығына енгізілген омарталар пестицидтерді пайдаланатын, сондай-ақ радиоактивті, химиялық, биологиялық заттармен және өндірістік объектілермен (полигондар, қатты қалдықтарды жағу орындары немесе автобандар) кемінде алты километр радиуста ластану қаупі бар шаруашылықтардан орналастырылады.

3. Ара ұялары қоршаған ортаның немесе ауылшаруашылық өнімдерінің ластану қаупі жоқ табиғи материалдардан жасалған.

4. Бал алу кезінде химиялық синтетикалық репеллленттер қолданылмайды.

5. Тек сау және физикалық зақымданбаған аралар қолданылады.

6. Түтіндеткішпен түтіндету минимумға дейін азаяды, табиғи материалдар қолданылады.

7. Климаттық жағдайларға байланысты тамақтанудың үзілуімен колониялар органикалық әдіспен өндірілген бал мен қантты қолдана отырып қоректенеді. Өндірушілер бұл фактіні жазбаша түрде жазады.

8. Өндіріс маусымының соңында (бал жинау кезеңі) ұяларда балдың мол қоры қалады, бұл колонияның күту кезеңінде өмір сүруіне жеткілікті.

9. Қысқы кезеңде ара ұясы үй – жайда болған кезде бір корпусты ара ұяларында екі жарым килограмм, көп корпусты ара ұяларында-екі килограмм мөлшерінде жемдік бал қалдырады. Қысқы кезеңде ара ұясы ашық ауада болған кезде жемшөп балын: бір корпусты ара ұяларында – үш килограмм және көп корпусты ара ұяларында – екі жарым килограмм есебімен қалдырады.

10. Ара шаруашылығы өнімдерін жинау және өңдеу кезінде 40 оС-тан аспайтын температура сақталады.

11. Ара шаруашылығындағы органикалық өндіріс химиялық синтезделген дәрілік заттарды пайдаланбай жүзеге асырылады.

12. Ветеринариялық препараттар профилактикалық шаралардың әсері болмаған кезде қолданылады.

13. Ветеринарлық дәрі-дәрмектерді қолданған кезде өңделген ара ұялары

оқшауланып, конверсиядан өтеді.

14. Ветеринарлық дәрі-дәрмектерді қолдану кезінде конверсия мерзімі алты айды құрайды [10].

Қорытынды. Осылайша, органикалық ара шаруашылығы әлем және Қазақстанда да оның өнімдеріне тұрақты жоғары сұранысының арқасында дамуы үшін қолайлы перспективаларға ие. Әлемдік қауымдастық болашақтың ең перспективалы өндірістік әдістерінің бірі органикалық ауыл шаруашылығы екенін анықтады. Әлемде шаруашылық субъектілері келісілген органикалық ара шаруашылығына қайта бағдарланған елдердің саны үнемі өсіп келеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Комлацкий, В.И., Перспективы развития органического пчеловодства / В.И. Комлацкий, О.В. Стрельбицкая // Монография по мат. межд. научно-практ. конф «Современные проблемы пчеловодства и апитерапии». - 2019. - С.137-142.

2 Яценко, О. Система регулирования органического пчеловодства: международный опыт и отечественная практика / О. Яценко, Ю. Завадская // Management theory and studies for rural business and infrastructure development. 2011. Nr. 1 (25). - с. 253-261.

3 Сальвадор, Г. Органическое пчеловодство Принципы и внедрение / Г. Сальвадор, Б. Томас, В. Михаэль // Брошюра. - Научно-исследовательский институт органического сельского хозяйства FiBL FiBL & IFOAM – Organics International 2021.

4 Pocol, C.B. Organic Beekeeping Practices in Romania / C.B Pocol, P. Šedík, I.S. Bruma Amuza, A.; A.Chirsanova. Status and Perspectives towards a Sustainable Development. Agriculture 2021, 11, s. 281. doi.org/10.3390/agriculture11040281.

5 Helga, W. The World of Organic Agriculture Statistics and Emerging Trends 2023. / W. Helga, S. Bernhard and T. Jan // 2023. – 358 s. http://www.organic-world.net/yearbook/yearbook-2023.html.

6 Kagiali, E. Four-Year Overview of Winter Colony Losses in Greece: Citizen Science Evidence That Transitioning to Organic Beekeeping Practices Reduces Colony Losses / E. Kagiali, M. Kokoli, P. Vardakas, G. Goras, F. Hatjina, S.Patalano // Insects. 2023 Feb 15; 14(2) s. 193. doi: 10.3390/insects14020193.

Tadesse, B. Factors influencing organic honey production level and marketing: evidence from southwest Ethiopia / B. Tadesse, Y. Tilahun, W. Woyamo, M. Bayu, Z. Adimasu // Heliyon. – 2021. - Sep 27;7(9):e07975. doi: 10.1016/j.heliyon.2021.e07975.

7 Estevinho, LM Organic honey from Trás-Os-Montes region (Portugal): chemical, palynological, microbiological and bioactive compounds characterization / L.M. Estevinho, X. Feás, J.A. Seijas, M. Pilar Vázquez-Tato // Food Chem Toxicol. 2012 Feb; 50(2):258-64. doi: 10.1016/j.fct.2011.10.034.

8 https://agrardialog-kaz.de/wp-content/uploads/2021/03/statusquo-organic-report ru_fin.pdf

9 Об утверждении Правил производства и оборота органической продукции. Приказ Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 23 мая 2016 года № 230. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 4 июля 2016 года № 13875.

РЕЗЮМЕ

В данной работе приведены статистические и общие сведения о органическом пчеловодстве в мире. Пчеловодство занимает особое положение в органическом земледелии, поскольку оно часто ведется отдельно от остального сельского хозяйства.

В процессе производства органического меда требуется кормовая база, которая не содержит химических удобрений, химических препаратов от насекомых и грибков и химических гербицидов. В связи с этим, основными задачами органического пчеловодства являются бережное поддержание и укрепление здоровья и жизнеспособности пчелиных

колоний и минимизация негативного влияния окружающей среды.

Отмечена положительная динамика в количестве органических ульев, их общее число увеличилось в пять раз с 2007 года, составив в 2021 году 2,73 миллиона органических ульев, что составляет 3,0 % от общего числа ульев в мире.

RESUME

This paper provides statistical and general information about organic beekeeping in the world. Beekeeping occupies a special position in organic farming, as it is often conducted separately from the rest of agriculture.

In the process of producing organic honey, a feed base is required that does not contain chemical fertilizers, chemical preparations against insects and fungi and chemical herbicides. In this regard, the main objectives of organic beekeeping are to carefully maintain and strengthen the health and viability of bee colonies and minimize the negative impact of the environment.

There has been a positive trend in the number of organic hives, their total number has increased fivefold since 2007, amounting to 2.73 million organic hives in 2021, which is 3.0% of the total number of hives in the world.

ӘОЖ 619:616.381-089:636.7:636.8
Білім алушы: Талғат А.Т., Айсабаева А.Т., студент
Ғылыми жетекші: Ертлеуова Б.О., в.ғ.м.
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті»КеАҚ, Орал қ.

ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫНЫҢ МЕДИАНДЫ ЛАПАРОТОМИЯЛЫҚ ТІЛІГІН ЖАБУ ӘДІСТЕРІН САЛЫСТЫРМАЛЫ БАҒАЛАУ

АННОТАЦИЯ

Негізінен экспериментте қолданылған жануарлар Орал қаласындағы иесіз иттер. Операциядан кейінгі жануарлар барлық кезеңде «Жәрдем-Вет» оқу-ғылыми-өндірістік орталығының операциядан кейінгі жеке бөлмелерде бағып күтілді. Мақалада зерттеуге қолданылған тігіс салу әдістерінің клиникалық және жазылу үрдісінің морфологиялық көрсеткіштері сипатталған. Салыстырмалы тұрғыда зерттелген әдістердің ішінде лапоратомиялық тіліктерді жабуда Реверден-Мультановский және Холстедтің тігістері зерттеу әдістемелеріне сәйкес жоғары нәтиже көрсетті. Клиникалық зерттеу нәтижелері бақылау мерзімінде қалыпты жағдайдағы физиологиялық көрсеткіштен ауытқу байқалмады.

Кілт сөздер: *медианды, ит, хирургиялық тігістер, жаралар, лапоротомия.*

Кіріспе. Клиникалық жағдайларды талдау абдоминальды операциялардан кейін лапаротомиялық тіліктерді жабу кезінде операциядан өткен жануарлардың асқыну пайызы 3,1% - дан 14,6% - ға дейін екенін көрсеткен [1].

Негізінен жануарлардағы лапаротомиялық жаралар үздікті, түйінді, косметикалық және ситуациялық тігістер және Реверденнің үздіксіз тігістерін қолдана отырып, әртүрлі модификациялардың екі қатарлы немесе үш қатарлы тігістерімен тігіледі [2,3,4,5].

Маңызды фактордың бірі жануарлар беткейлік салынған тігістерді оңай тістеп алып тастауы мүмкін.

Медиандық лапаротомиялық тіліктерді тігу кезінде олардың шеттері мен қабырғаларын оппозиция жағдайында толық біріктірілгенге дейін және тігіс аймағында микроциркуляцияның минималды бұзылуын қамтамасыз ету қажет. Бұл құрсақішілік

қысымның болуына, құрсақ бұлшықеттерінің кернеуіне, бұлшықет апоневроздарының әлсіз қанмен қамтамасыз етілуіне, сәйкесінше олардың ұзақ қалпына келуіне байланысты [6,7,8].

Медициналық тәжірибеде лапаротомиялық тіліктерді тігу үшін "косметикалық" тігістер жиі қолданылады, олардың ішіндегі ең танымал және жиі қолданылатыны – көп қатарлы Холстед тері тігісі немесе Холстед-Золтан тігісі. Мұндай тігістердің артықшылығы-терінің эпидермисі мен тері қабаттарының толық бейімделуіне байланысты жақсы косметикалық әсер береді [9,10].

Медициналық және ветеринарлық тәжірибеде қолданылатын әдістердің әртүрлілігі, тіліктерді тігу кезіндегі жазылу ерекшеліктері, тері эпидермисінің косметикалық тұрғыда жақсы қалыптасуы осы аталған әдістерді дұрыс таңдауға негізделеді.

Біздің зерттеуімізде «Орал қаласының аумағындағы қаңғыбас иттер мен мысықтарды биозарарсыздандыру және кастрациялау бойынша қызметтер» жобасы аясында иесіз қалған ит-мысықтарға жүзеге асырылып жатқан абдоминальды операциялар кезінде медианды тіліктерді жабудан кейінгі асқынулық жағдайларды болдырмау және өз мекен ету ортасына жіберілгенге дейінгі кезеңде операция жасалған аймақтағы тігістердің толықтай жабылуына жағдай жасау болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу барысында ғалымдардың медицина және ветеринарлық хирургияда тәжірибеде қолданылып келе жатырған тігіс түрлерінің ыңғайлы нұсқасын таңдап, клиникалық-тәжірибелік зерттеулер жүргізу. Аталған әдістер ретінде үздіксіз Реверден-Мультановская, Холстед және үздікті тігіс әдістері таңдалды. Тәжірибелік зерттеуге клиникалық тұрғыда сау, көзге көрінетін патологиялық белгілері байқалмаған 7 айдан 6 жасқа дейінгі 15 бас ит (салмағы 15-17 кг) алынды.

Овариоэктомия немесе овариогистерэктомия жасағаннан кейін иттердегі лапаротомиялық тіліктер (n=15) хирургиялық тігістердің келесі комбинацияларымен жабылды:

1-ші тәжірибелік топқа: Реверден-Мультановская + үздіксіз Холстед тігісі (5 бас ит);

2-ші тәжірибелік топқа: Реверден-Мультановская + үздікті тігіс (5 бас ит);

3-ші тәжірибелік топқа: үздікті + үздікті тігіс (5 бас ит). Тігістердің салыну әдістемесі 1,2 және 3-ші суреттерде сипатталған.

Сурет 1 – Реверден-Мультановская бойынша және үздіксіз Холстед тігісін салу

Сурет 2 – Реверден- Мультановская бойынша және үздікті тігіс салу

Сурет 3 – Екі қабатқа да үздікті тігіс салу

Бірінші топқа сіңіп кетуге арналған заманауи үлгідегі ПГА 2/0 («Футберг» ААҚ, Минск қ.) тігіс материалы қиғаш құрсақ бұлшық етіне, тері асты клетчаткасына салынды. Екінші топқа ПГА 2/0 (Қытай, Чан қ.) тігіс материалы екі қабатқа да салынды.Үшінші топқа қиғаш құрсақ бұлшық етіне ПГА 2/0 («Футберг» ААҚ, Минск қ.) тігіс материалы қолданылса, сыртқы тігіске синтетикалық полифиламентті POLYCON 2 («Тонзос-95», Болгария) салынды.

Тігістердің жағдайын сипаттау үшін бірыңғай зерттеу сұлбасы қолданылды. Тігіс аймағында визуалды тексеру кезінде келесі параметрлер анықталды: лапаротомиялық жараның шеттері мен қабырғаларын, операциядан кейінгі ісінудің сипаты мен дәрежесін, дегисценцияның болуы немесе болмауы, ұлпаларға сіңуінің болуы немесе болмауы және тігістерінің ажырауы, эпителизацияланған тыртықтың ені, тыртық аймағында жұмсақ ұлпалардың клиникалық айқын қабынуының болуы немесе болмауы немесе басқа асқынулар айқындалды.

Зерттеу нәтижелері мен талдаулар.

Кестеден жануарлардың дене температурасының орташа көрсеткіштері операциядан кейінгі бүкіл кезеңде физиологиялық шектен шықпайтынын көруге болады. Иттердегі тыныс алу қозғалысының жиілігі көрсеткіштерінің динамикасы операциядан кейінгі 7 күн кезеңінде тыныс алудың айтарлықтай өзгерістері байқалмағанын, тыныс алу жиілігінің күрт ауытқуы байқалмағанын көрсетеді. 1-кестеде келтірілген деректер операциядан кейінгі 7 күн ішінде иттердің жүрек соғу жиілігінің ауытқуы физиологиялық норма шегінде болғанын көрсетеді.

Кесте 1 - Операциядан кейінгі кезеңде иттердегі дене температурасының, пульстің, тыныс алудың орташа топтық көрсеткіштері (M±m; n=15)

Топтар	*1-ші тәжірибелік топ* (Реверден-Мультановская+ үздіксіз Холстед тігісі; ПГА 2/0 («Футберг» ААҚ, Минск қ.)		*2-ші тәжірибелік топ* (Реверден-Мультановская + үздікті тігіс; ПГА 2/0 (Қытай, Чан қ.)		*3-ші тәжірибелік топ* (үздікті + үздікті тігіс; ПГА 2/0 («Футберг» ААҚ, Минск қ.), POLYCON 2 («Тонзос-95», Болгария)	
Клиникалық көрсеткіштер	Бастапқы деректер	Операциядан кейінгі кезеңдерде	Бастапқы деректер	Операциядан кейінгі кезеңдерде	Бастапқы деректер	Операциядан кейінгі кезеңдерде
Дене температурасы °С	38,1±0,06	38,3±0,08	38,5±0,11	38,6±0,06	38,3±0,03	38,4±0,04
Пульс жиілігі, соққы/мин.	123,4±1,13	122,5±1,97	126,7±3,60	127,3±3,11	120,9±0,81	121,4±1,11
Тыныс жиілігі, тыныс қоз./ мин.	21,8±0,33	21,5±0,70	24,5±0,65	24,3±1,15	23,5±1,08	23,2±1,25

Алынған мәліметтердің нәтижелерін талдай отырып, дене температурасының, пульстің және тыныс алудың ауытқуы операцияға дейін және одан кейінгі анықтамалық мәндерде болды және операциялық жарақаттың ауырлығына сәйкес келеді деген қорытынды жасауға болады. Операцияланған жануарлардың жалпы күйінде айтарлықтай өзгерістер болған жоқ. Лапаротомиялық тіліктерді жабу үшін тігістер мен тігіс материалдарының әртүрлі комбинацияларын қолданғаннан кейінгі иттердегі клиникалық зерттеулердің нәтижелері айқындалды.

Иттердегі іш қабырғасының операциялық жараларын әртүрлі тігістермен тігу кезіндегі жара тыртықтарының пайда болуының морфологиялық сипаттамасы келесідей болды.

Үш тәжірибелік топтағы иттердегі эпителизацияланған жара тыртықтарының жағдайын бағалау күн сайын жүргізілді. Зерттеу топтарындағы жануарлардың салынған тігістерінің жазылу үрдісі 4,5 және 6-шы суреттерде көрсетілген.

Сурет 4 – Бірінші тәжірибелік топтағы жануардың тігісінің жазылу (бақылаудың 3,5,7-ші күндері) көрінісі

Реверден-Мультановская және Холстед тігісін пайдаланған кезде операциядан кейінгі кезеңнің бірінші күнінен бастап бірінші (ПГА 0, 2/0) тәжірибелік топтағы иттердің жара шеттері мен қабырғаларының жабылуы жақсы байқалды. Операциядан кейінгі кезеңде жараның тыртықтары мен тігілген жараның айналасындағы ұлпалар таза және құрғақ болды. Визуалды зерттеу кезінде дегисценция анықталған жоқ. Операциядан кейінгі кезеңнің алғашқы 3-4-ші күнінде тігіс салынған аймақта жара бетінің жабылуы жақсы жүре бастады, бұл операциядан кейінгі қолайлы кезеңге сәйкес келді. Тігістің бірінші қатарының аймағында пальпация кезінде (перитонеум мен бұлшықет апоневрозында) пайда болған тыртықтың ені 3 см көлемінде болды. Зерттеудің 7-ші күнінде жара беті тегіс қалыпта болды. Жануар мекен ету ортасына жіберілді.

Сурет 5 – Екінші тәжірибелік топтағы жануардың тігісінің жазылу көрінісі

Операциядан кейінгі ерте және кейінгі кезеңде жараның тыртық беті және оның айналасындағы жерлер құрғақ және таза болды, алғашқы 5-7 күнде қыртыс түрінде аз мөлшерде жарадан бөлінділер бөлініп шықты. Тігіс аймағындағы қабынулық ісінуі тігістерінің ұлпаға аздап батырылуымен орташа дәрежеде байқалды. 7-ші күні қалыптасу процесінде ені 4 см-ге дейін жара тыртығының пайда болуы байқалды. Жараның шеттері мен қабырғаларының сәйкессіздігі байқалмады. Тыртыққа іргелес тері аймақтары орташа қозғалмалы болды. 7-ші күні тігіс материалын алып тастағаннан кейін, жіптер арналарының іріңдеуі байқалмады. Бірақ қосымша бақылау мақсатында 10-шы күнге дейін қадағалауға қалдырылды.

Сурет 6 – Үшінші тәжірибелік топтағы жануардың тігісінің жазылу көрінісі

Алғашқы күндерде тігіс аймағындағы ұлпалардың операциядан кейінгі ісінуі мен кернеуі жақсы байқалды, ал тігіс жіптері оларды қоршаған ұлпаларға орташа батырылды.

7-ші күні жараның тыртық беті құрғақ болды, қыртыс түрінде аз мөлшерде кептірілген жара қабыршақтары бөлініп шықты. Қалыптасу процесінде ені 5 см болатын тығыз тыртықтың пайда болуы байқалды. Тігіс 7-ші күні өздігінен жартылай түсумен сипатталды және қосымша бақылауға қалдырылды.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеулерге сүйене отырып, біз экспериментте қолданылатын барлық жануарлардың бақылау кезеңінде (7 күн) дене температурасының, пульстің, тыныс алудың ауытқуы қалыпты жағдайдағыдан асып кетпейтінін және операциялық жарақаттың ауырлығына сәйкес келетіндігін анықтадық. Жанама түрде бұл лапаротомиялық жараларды жабудың зерттелген әдістерін оң жағынан сипаттады және

морфологиялық және клиникалық зерттеулердің нәтижелерімен расталды.

Клиникалық тәжірибеде үй жануарларында медиандық лапаротомиялық тілікті жабу үшін Реверден-Мультановская және Холстед тігісін қолдану нәтижелері 100% жағдайда операциялық жараларды емдеудің бастапқы кезеңінен нәтижелі жүретінін көрсетті. Жоғарыда сипатталған тігіс түрлері жануарларды мекен ету ортасына жіберу алдында толықтай жара бетінің жазылуына мүмкіндік береді.

Алғыс. *Жұмыстың орындалуы «Орал қаласы бойынша иесіз қалған иттер мен мысықтарды ұстау және дегельминтизациялау, сәйкестендіру, зарарсыздандыру, вакцинациялау жөніндегі қызметтер» жобасы аясында жүзеге асырылды.*

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Вилковыский И.Ф., Жукова К.А., Трофимцов Д.В. и др. Абдоминальная хирургия мелких домашних животных: учебное пособие / И.Ф. Вилковыский, К.А. Жукова, Д.В. Трофимцов, Ю.А. Ватников, С.Б. Селезнев, С.С. Горшков, Н.В. Уланова, С.А.– Издание 2-е, переработанное и дополненное. – М.: Издательский дом «Научная библиотека», 2016. – С.168.

2. Винник Ю.С. К вопросу о выборе шовного материала / Ю.С. Винник, Н.М. Маркелова, Е.С. Василеня // Современные проблемы науки и образования. –2013. – № 2. – С. 108-112.

3. Винник Ю.С., Маркелова Н.М., Шишацкая Е.И. Иммуногистохимические маркеры местной реакции тканей при имплантации изделий из ПГА / Ю.С. Винник, Н.М. Маркелова, Е.И. Шишацкая, Е.С. Василеня, Н.С. Соловьева, В.А. Хоржецкий // Журнал Сибирского федерального университета. Серия «Биология». – 2016. – Т. 9,№ 1. – С. 109-120.

4. Мохов Е.М. О разработке новых биологически активных шовных материалов и их применении в абдоминальной хирургии / Мохов Е.М., Сергеев А.Н., Серов Е.В. // Новости хирургии. – 2013. – № 3. – Т. 21. – С. 23-32.

5. Веремей Э.И., Стекольников А.А., Семенов Б.С. Общая хирургия ветеринарной медицины / Э.И. Веремей, А.А Стекольников, Б.С. Семенов, О.К. Суховольский, В.М. Руколь, А.А. Мацинович, В.А. Журба, В.А. Ходас; под ред. А.А. Стекольникова, Э.И. Веремея. – СПб.: ООО «КВАДРО», ООО «Издательско-полиграфическая компания КОСТА», 2012. – С. 300-308.

6. Шебиц Х. Оперативная хирургия собак и кошек / Х. Шебиц, В. Брасс. – М.: «Аквариум», 2012. – С. 76-95, 271-276.

7. Шкатулов А.А. Морфолого-клиническая оценка заживления закрытых операционных ран / Автореферат диссертации на соискание учѐной степени кандидата ветеринарных наук. Санкт-Петербург, 2010. – С. 3-9.

8. Leaper D.J. Surgical-site infection / D.J. Leaper // Br. J. Surg. 2010. - Vol. 97, №11. – P. 1601-1602.

9. Rodero M.P. Skin wound healing modulation by macrophages / M.P. Rodero, K. Khosrotehrani // Int J Clin Exp Pathol. – 2010. – Vol. 25, № 7. – P. 643-653.

10. Самарцев В.А. Дифференцированное применение однорядного шва в абдоминальной хирургии для профилактики хирургической инфекции / В.А. Самарцев, В.А. Гаврилов, А.Г. Кучумов // Новости хирургии. – 2013. – Т. 21, № 6. – С. 38-46.

РЕЗЮМЕ

Основные использованные животные в эксперименте, были бездомные собаки города Уральска. В течение всего послеоперационного периода за животными ухаживали в отдельных послеоперационных кабинетах учебно-научно- производственного центра "Жардем-Вет". В статье описаны клинические и морфологические показатели заживления

швов, использованных в исследовании. Среди сравнительно изученных методов наибольшие результаты в покрытии лапоратомических разрезов показали швы Ревердена-Мультановского и Холстеда в соответствии с методиками исследования. Результаты клинического исследования за период наблюдения изменение от физиологического показателя не наблюдалось.

RESUME

The main animals used in the experiment were stray dogs of the city of Uralsk. During the entire postoperative period, the animals were cared for in separate postoperative rooms of the Jardem-Vet educational, scientific and production center. The article describes the clinical and morphological indicators of healing of the sutures used in the study. Among the comparatively studied methods, the greatest results in covering laparotomic incisions were shown by the Reverden-Multanovsky and Halsted sutures in accordance with the research methods. Results of the clinical study during the observation period, no change from the physiological indicator was observed.

ОӘК 619:616-089.888.61:636.8
Білім алушы: Төлегенов Н. С., студент
Ғылыми жетекші: Кереев А.К., PhD.
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті»КеАҚ, Орал қ.

МЫСЫҚТАРДАҒЫ КЕСАРЬ ТІЛІГІ КЕЗІНДЕ ӘРТҮРЛІ ЖАНСЫЗДАНДЫРУ ТӘСІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТИІМДІЛІГІ

АННОТАЦИЯ

Мақалада мысықтардың кесарь тілігі кезіндегі салыстырмалы жансыздандыру нәтижелері көрсетілген. Кесарь тілігін жасаудың негізгі көрсетілімдеріне көп төлділік, ірі төлдер, жамбас қуысының қысқа орналасуы және төлдер гипоксиясы болды. Ксилазинді қолданған кезде тәжірибелі топпен салыстырғанда жүрек соғу жиілігінің тұрақты төмендеуі анықталды және бұл препарат құсуды тудырды. Кесарь тілігі операциясы кезінде төлдердің тірі қалуының жоғары пайызы золетил қолданылған тәжірибелік топта анықталды. Ксилазин тек төл енесіне ғана емес, сонымен қатар төлдің өзіне де көптеген зиян әсерлер тудырады, ал Золетил қолайлы анестезияны қамтамасыз етеді және операция кезінде және операциядан кейінгі кезеңде де анестезияның зиян әсерлерін азайтады.

Кілт сөздер: *тілігі, жансыздандыру, клиникалық белгілер, мысықтар, марғаулар*

Кіріспе. Ветеринариялық анестезиологияны білу көптеген ветеринарлық мамандардың күнделікті тәжірибесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Ветеринариялық анестезиологияның дамуы, әсіресе, ұсақ үй жануарларына жасалатын хирургиялық операциялар мен әртүрлі инвазиялық манипуляциялардың ауқымын кеңейтуге мүмкіндік береді. Ветеринариялық анестезиологияның ауқымдылығы ветеринарлық препараттар нарығында түбегейлі жаңа және жоғары сапалы, жақсартылған анестетиктердің көбеюіне әсерін тигізеді [1, 2, 3, 4].

Көпкомпонентті анальгезия тұжырымдамасы ауырсынудың пайда болуының, өткізілуінің және бір-бірінің әсерлеріне сезімталдықты төмендету, олардың әрқайсысының жанама әсерлерін азайту үшін, әсер ету механизмдері әртүрлі топтардың анальгетиктерін қолдануды білдіреді. Мысықтардағы жалпы ауырсынуды басудың әртүрлі схемаларының, соның ішінде пропофолды қолданудың фармакологиялық әсерлерін

бақылау, мониторинг жүргізу және оны қолдану көрсеткіштерін нақтылау мен кеңейту, анестезиологиялық қауіпке тәуекелділікті азайту үшін қажет [5, 6, 7, 8].

Бұл жұмыстың мақсаты мысықтардағы кесарь тілігі үшін ксилазин мен золетилді біріктіріп қолдану арқылы анестезияның оңтайлы схемасын анықтау болды.

Материалдық және зерттеу әдістері. Зерттеу жүргізу Ақтөбе қаласындағы «Айболит» клиникасының базасында жүргізілді. Зерттеу нысаны ретінде көп компонентті анальгезия мен седацияны қажет ететін, тууы жақындаған, клиникаға түскен асыл тұқымды және асыл тұқымды емес мысықтар (n=20) болды. Клиникаға келген барлық жануарларға хирургиялық ем жүргізу үшін клиникалық тексеруден, анамнез жинаудан, қажет болған жағдайда қосымша аспаптық диагностикадан өткізілді. Ауырсынуды басатын және седативті препараттың тиімділігін анықтау үшін біз анестезияның екі схемасын құрастырдық және осы мақсатқа жету үшін мысықтарды әрқайсысы 6 және 7 ден тұратын 2 тәжірибелік топқа бөлдік. Бірінші топқа 1 жастан 5 жасқа дейінгі 6 мысық , екінші топқа 1 жастан 5 жасқа дейінгі 7 мысық кірді. Жедел акушерлік туу көрсеткіштері: туу белсенділігінің әлсіздігінен. Бұл ретте жануар иелері жануар толғата бастағаннан кейін 3-9 сағаттан соң ветеринарлық көмекке жүгінген.

Кесте – 1 – Кесарь тілігін жасаудың негізгі себептері

Көрсеткіштер	Саны
Көп төлділік туу	4
Үлкен төлдің болуы және жамбас сүйектерінің тар орналасуы	5
Төлдің гипоксиясына күдікті	4

Клиникалық тексеру жүргізіп, қосымша ақпарат жинап, диагностикалық зерттеулер жүргізгеннен кейін мысықтар клиникада жеке торларға орналастырылды. Физикалық тексеру және клиникалық тексеру нәтижелері бойынша келесідей мәліметтер алынды: ректальды температурасы - 38,21 ± 0,12 ° С, пульс - 141 ± 2,21 соққы / мин, тыныс алу жиілігі - 21,15 ± 1,36 тыныс алу жиілігі/мин. Алынған деректер бойынша мысықтардың жағдайы физиологиялық тұрғыда қалыпты болды.

Кесарь тілігін жасау үшін жоғары көрсеткіштер: төлдің саны көп болуы, төлінің үлкен болуы және жамбас сүйектерінің тар орналасуы. Бұл жағдайда төлдің бас сүйегінің диаметрі туу каналының диаметрінен асып түсті, төлдің гипоксиясына күдік болды. Диагностикада күтілетін туу күнінің асып кетуіне байланысты, иелерінің өтініші негізінде жүргізілді. Зерттеулер жүргізу кезінде төлдің жүрек соғу жиілігінің минутына 180 соққыдан төмен екендігі анықталды.

Анестезияда болу уақытын азайту үшін жаңа туған марғауларға арналған операция бөлмесін және жабдықталған орын дайындау мысықтарға седативті препараттарды енгізгенге дейін жүргізілді. Дайындық жұмыстары аяқталғаннан кейін әрбір мысыққа зерттеу тобына сәйкес бұлшықет ішіне анальгетикалық препарат енгізілді (Ксилазин 2 мг/кг / Золетил 1 мг/кг). Жалпы анестезия күйіне түсіру үшін 1-4 мг/кг дозада пропофол салынды. Содан кейін новокаин 2% ерітіндісімен бүйірімен жатқан жағдайда жергілікті анестезия жасалды. Анестезия белгілері пайда болғаннан кейін, мысықты операциялық үстелге шалқасынан жатқызып, бекітілді [9, 10].

Кесте – 2 – Кесарь тілігін жасау алдындағы физиологиялық көрсеткіштер

Көрсеткіштер	
ректальды температурасы	38,21±0,12
жүрек соғу жиілігі	141 ± 2,21
тыныс алу жиілігі	21,15 ± 1,36

Ауырсынуды басудың әртүрлі жолдарын фармакологиялық әсерлерін зерттеуді

бағалау үшін біз келесідей клиникалық көрсеткіштерді қарастырдық. Марғауларды жатырдан шығарып алғаннан кейін кіндік бауын кескеннен кейін, оларға реанимация жүргізілді, яғни, тыныс алу жолдарын ашу, кептіру, кіндік бауын өңдеу кірді. 38°С температурада жылыту жастықшасы бар жаңа туған марғаулар үшін бокс дайындалды [11, 12].

Нәтижелер және талқылау. Тиімді анальгезия операция кезінде және операциядан кейінгі болатын асқынулардан сақтану үшін жүргізіледі. Ауырсынуды басатын дәрілердің дұрыс таңдалған кешені тиімді түрде жүргізілсе, мысықтардың стресс алуын азайтады және дененің қалпына келу мерзімін тездетеді. Бірінші топтағы мысықтарға ксилазинді бұлшықет ішіне енгізілгеннен кейін, 11-14 минут аралығында жануар ұйқыға кетеді. Инъекциядан кейін орта есеппен 5 минуттан кейін мысық мазасызданады, тыныс алуы жоғарылайды, барлық жануарларда құсу әрекеті байқалды, содан кейін седация жағдайы пайда болды. Мысықтарды кейінгі тексеру кезінде көлденең жолақты бұлшықеттердің босаңсуы, вегетативті рефлекстердің төмендеуі байқалды. Кейін анестезия пропофолмен жүргізілді

Жүрек соғу жиілігінің 92,55 ± 2,4 соққы/мин дейін тұрақты төмендеуі, феморальды артерияны пальпациялау кезінде орташа күш импульсі анықталды. Брадиаритмия бірінші топтағы 15 мысықта анықталды. Брадикардияның пайда болуы перифериялық тамыр тартылуы салдарынан болды, сонымен қатар қан қысымының жоғарылауы байқалды. Дене температурасының шамалы төмендеуі байқалды. Жүрек соғу жиілігінің уақытша жоғарылауы байқалды.

Кесте – 3 – Кесарь тілігін жасаудан кейінгі физиологиялық көрсеткіштер

Көрсеткіштер/уақыт	5 мин кейін		30 мин кейін		60 мин кейін	
	Ксилазин	Золетил	Ксилазин	Золетил	Ксилазин	Золетил
Температура, °С	38,2 6 ± 0,21	38,31± 0,17	37,43 ± 0,11 _	37,82 ± 0,13 _	37,45 ± 0,16 _	37,81 ± 0,15 _
Жүрек соғу жиілігі, соққы /м	13 8, 22 ± 3,7	11 7 , 69 ± 3,6	9 2 , 55 ± 2,4	12 2 , 49 ± 2,1	91 , 52 ± 2,12	129 , 97 ± 2,2 _
Тыныс алу жиілігі, тыныс алу/мин.	2 8, 14 ± 1,95	2 3 , 81 ± 1,97	15 , 72 ± 2,1 _	17 , 77 ± 2,4 _	16 , 84 ± 1,86 _	2 2 , 16 ± 1,79

Операция кезінде тыныс алу өздігінен, тәуелсіз болды, импульстік оксиметр көрсеткішіне сәйкес қандағы оттегі деңгейі төмен түсті, бұл қанағаттанарлықсыз көрсеткіш. Айта кету керек, тыныс алу және жүрек-қан тамырлары жүйесінің бұзылуы түрінде жағымсыз реакциялар пайда болған кезде, антагонист препаратын енгізу тиімді әсерін бермейді. Мысықтардың седация мен анальгезия әсерінен қайтуы болады. Анестезиядан мысықтардың қалпына келуі орташа есеппен 70,07±4,11 минутты құрады. Осылайша, Ксилазинді қолдану кезінде тәжірибеге алынған мысықтардың 100%-нан жүрек соғу жиілігінің төмендеуі және ауытқулар анықталды.

Осы топтағы 6 мысықтан кесарь тілігі арқылы 24 марғау алынды, оның ішінде операциядан кейін 2 сағаттан соң 12 марғау өміршең болып шықты, қалған марғаулар жатырдан шыққаннан кейін тіршілік белгілері байқалмады. Операциядан кейін 9-11 сағаттан соң мысықтардың тәбеті ашыла бастады.

Екінші топқа 1 жастан 5 жасқа дейінгі 10 мысық кірді. Жануарлардың осы тобы үшін бұлшықет ішіне инъекциялық анестетик ретінде Золетилді қолдану арқылы жансыздандыру тәсілі қолданылды . Препаратты енгізгеннен кейін седация 2-5 минут ішінде пайда болды. Бұлшықеттердің кішігірім релаксациясы байқалды. Операция кезінде дене температурасының аздап төмендеуі тіркелді, бұл хирургиялық араласудың айтарлықтай кең ауқымына байланысты болуы мүмкін. Гемодинамикалық көрсеткіштер физиологиялық нормада болды. Тыныс алу жүйесі тарапынан кішігірім әлсіздік пайда болды: тыныс алу қозғалыстарының жиілігі төмендеді, бірақ тыныс алудың қалыпты

жағдайы сақталды, оттегі қаныықьылық көрсеткіштері төмен түспеді.

Осы топтағы 10 мысықта кесарь тілігін жасаған кезде 26 марғау алынды. Кесарь тілігімен алынған марғауларға седация әсер еткендіктен, ұзақ мерзімді реанимацияны қажет етті, атап айтқанда, өздігінен тыныс алуды ынталандыру және өкпе ателектазын түзету үшін кеуде қуысы тазартылып сүртілді. Кейіннен 26 марғаудың өмір сүруге деген қабілеті пайда бола бастады. Золетилді енгізген кезден бастап мысықтарды ояту уақыты 92,00 ± 3,75 минутты құрады, бұл препараттың мысық ағзасындағы ұзақ метаболизмімен байланысты. Жануарлар үшін анестезиядан кейін қалпына келу тез әрі ыңғайлы болды. Операциядан кейінгі кезеңде құсу және басқа да асқынулар болған жоқ. Операциядан 1-2 сағаттан кейін мысықтардың тамаққа деген тәбеті ашылып, қалыпты физиологиялық белсенділік танытты. Сонымен қатар ауырсыну, жүрек айну әсерлері болмады, өз марғауларына көңіл аудара бастады.

Кесте – 4 – Кесарь тілігін жасау кезіндегі жансыздандыру тәсілдерінің тиімділігі

Көрсеткіштер	Ксилазин	Золетил
Құсу	100	-
Анестезияға кіру уақыты	11-14	4-5 минут
Анестезиядан шығу уақыты	70,07±4,11	92,00±3,75
Наркоздан кейінгі физиологиялық жағдай	орташа ауыр	Жақсы
Аналық мысықтарда тәбеттің пайда болуы	9-11 сағат	1-2 сағат
Марғауларына қызығушылық таныту	10-11 сағ кейін	1,5-2,5 кейін
Алынған марғаулар	24	28
Тірі қалғандары	12	26

Зерттеу барысында жалпы анестезия жүргізу тәсілінде Золетилді қолдану аналық мысықтардың тыныштандырылуының бірқалыпты болуы, сонымен қатар жөтел, құсу, тыныс алу бұзылыстары түріндегі жанама әсерлердің жоқтығын байқадық. Өз кезегінде, Ксилазин қолданған кезде жүрек ырғағының бұзылуы, жүрек соғу жиілігінің күрт төмендеуі, ауырсыну реакциясының болуы болды. Анальгетиктердің екеуін де қолдану барысында температураның айтарлықтай ауытқуы болмады, кейбір жағдайда температураның орташа 0,5-0,8°С төмендеуі хирургиялық кесілген орынның кеңдігімен және операцияның ұзақтығымен байланысты болуы мүмкін. Тыныштандырғыш әсердің аяқталуы орта есеппен 92,00±3,75 минуттан кейін болды. Препаратты енгізу сәтінен бастап, ол операцияның аяқталуынан кейін де бірнеше минутқа созылды. Осы уақыт аралығында аналық мысықтарды операциядан кейінгі тыныңу бөлмесіне жатқызу, хирургиялық жараны емдеу мен операциядан кейінгі таңғышты кигізу арқылы жараның орны қорғау сынды әрекеттер жүргізілді. Тыныш күйдегі ағзаның тыныс алу қызметін бағалау көрсеткіштері бойынша анестезияның ең қолайлы курсы екінші зерттеу тобында болды. Ал Ксилазинді қолдану оттегі қанықтылық деңгейінің төмендеуіне әкеліп соқтырғандықтан, бұл төлдің гипоксиясының пайда болуына әсерін тигізді.

Золетилді мысықтарға қолданған кезде құсудың бір ғана жағдайы тіркелді, ал ксилазинді қолдану 100% жағдайда құсуды тудырды. Буаздықтың соңғы кезеңдеріндегі мысықтарда құсу актісі, іш құрылысының аздаған өзгеруімен қатар жүрді. Золетил тыныштандырып, мысықтарда ауырсынуды азайтып және гемодинамикалық көрсеткіштердің тұрақтылығын қамтамасыз етті, әсіресе оның гипотензиялық әсерін тұрақтандыру үшін Пропофол препаратымен біріктіріп қолдануға жарамды. Алайда, бұл препаратты кесарь тілігі үшін үлкен дозада қолдану, ұзақ уақыт бойы әсеріне байланысты мүмкін емес. Біздің зерттеуімізде Золетилдің минимальды дозалары қолданылды. Препараттың нұсқауларына сәйкес седативті әсерді төменгі дозада қолданғанда қажетті клиникалық әсерге қол жеткіздік .

Зерттелетін жануарлардың бірінші тобында кесарь тілігі кезінде марғаулардың өмір сүруінің ең төмен деңгейі байқалды. Болжам бойынша, бұл нәтиже препаратты енгізу кезінде мысықтарда пайда болған брадикардия мен гипоксияның салдары, сондай-ақ төлінің жарақаттану қаупі мен құсу актісі болуы мүмкін.

Қорытындылар. Мысықтардағы кесарь тілігі үшін инъекциялық анестетик ретінде Золетилді қолдану қауіпсіз анальгезияны қамтамасыз етеді, операцияға дейін, операция кезінде және операциядан кейінгі кезеңде де жанама әсерлердің қаупін айтарлықтай төмендетеді, дененің тез қалпына келуіне ықпал етеді. Сондай-ақ, зерттеу барысында препараттың ең аз ұсынылған дозасы қолданылғанын атап өткен жөн, толыққанды седация болуын қамтамасыз етеді және препаратты қайта енгізу қажет емес.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Виденин В. Н., Семенов Б. С., Баженова Н. Б. Пути улучшения результатов оперативного лечения животных при патологиях в брюшной полости //Вестник Ульяновской государственной сельскохозяйственной академии. – 2013. – №. 1 (21). – С. 80-83.
2. Пащенко В. В., Соина Э. И. Кесарево сечение у собак //коллегия. – 2022. – С. 142.
3. Чеботарев В. М., Сахно Н. В. Кесарево сечение у коров //Российский ветеринарный журнал. – 2007. – №. Спецвыпуск. Май. – С. 16-17.
4. Малафеева К. Д. Влияние микроклимата на физиологические показатели новорожденных щенков, извлеченных путем кесарева сечения //Актуальные проблемы в ветеринарии и в животноводстве. – 2022. – С. 39-44.
5. Жигарев А. А. и др. Причины кесарева сечения у собак //Ветеринария, зоотехния непродуктивных животных. – 2020. – С. 20-23.
6. Ганиева А. Р. Кесарево сечение у кошек //Молодежь и наука-2021. Ветеринария. – 2021. – С. 31-36.
7. Курилин О. Ф. Лапаротомия при кесаревом сечении у французских бульдогов //Ветеринария Кубани. – 2007. – №. 1. – С. 25-26.
8. Киселева Е. В., Голенкова А. А. Кесарево сечение. Случай из практики //Лучшая студенческая статья 2019. – 2019. – С. 272-277.
9. Дружинина Н. В., Альдяков А. В. Кесарево сечения у мелких домашних животных //студенческая наука-первый шаг в академическую науку. – 2021. – С. 233-235.
10. Васильева Н. И., Кашин А. С. Кесарево сечение у коров //Вестник Алтайского государственного аграрного университета. – 2003. – Т. 9. – №. 1. – С. 157-158.
11. Roos J. et al. Neonatal puppy survival after planned caesarean section in the bitch using aglepristone as a primer: A retrospective study on 74 cases //Reproduction in domestic animals. – 2018. – Т. 53. – С. 85-95.
12. MartíAngulo S. et al. Caesarean section in the dog and the cat //Argos-Informativo Veterinario. – 2016. – №. 177. – С. 86-90.

РЕЗЮМЕ

В статье показаны результаты сравнительного обезболивания у кошек при кесарево сечении. Показаниями при кесарево сечении стали многоплодность, крупные плоды, узкое расположение костей таза и подозрение на гипоксию плодов. При применении Ксилазина выявлено устойчивое снижение частоты сердечных сокращений в сравнении с опытной группой и данный препарат вызывал рвоту. Высокий процент живых плодов при операции кесарево сечение выявлен в опытной группе где применяли Золетил. Ксилазин вызывает множественные побочные эффекты не только для матери но и для плода, а золетил обеспечивает подходящую анестезию и уменьшает побочные проявления анестезии при операции и после операции.

RESUME

The article shows the results of comparative anesthesia in cats during cesarean section. Indications for cesarean section were multiple pregnancy, large fruits, a narrow location of the pelvic bones and suspicion of fetal hypoxia. When using Xylazine, a steady decrease in heart rate was revealed in comparison with the experimental group and this drug caused vomiting. A high percentage of live fetuses during cesarean section was detected in the experimental group where Zoletil was used. Xylazine causes multiple side effects not only for the mother but also for the fetus, and zoletil provides suitable anesthesia and reduces side effects of anesthesia during and after surgery.

ӘОЖ 636.06:636.32/.38
Білім алушы: Уразова Г.М., магистрант
Ғылыми жетекші: Бейшова И.С., а.ш.ғ. кандидаты (ҚР), б.ғ.д. (РФ), қауымдастырылған профессор
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті»КеАҚ, Орал қ.

МИКРОСАТЕЛЛИТТІ МАРКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ЕДІЛБАЙ ҚОЙ ТҰҚЫМЫНЫҢ ГЕНЕТИКАЛЫҚ ПОЛИМОРФИЗМІ

АННОТАЦИЯ

Мақалада ДНҚ микросателлиттерінің 12 локустары негізінде Батыс Қазақстан облысында өсірілген еділбай қой тұқымының генетикалық әртүрлілігіне жасалған талдау жұмыстарының нәтижелері көрсетілген. Генетикалық талдау жұмыстары McM042, INRA006, McM527, ETH152, CSRD247, OarFCB20, INRA172, INRA063, MAF065, MAF214, INRA005, INRA023 сияқты 12 микросателлиттік локус бойынша жүрізілді. Зерттеу жұмысына 75 бас еділбай қойының жүн талшықтары қолданылды.

Зерттеудің мақсаты ДНҚ-ның 12 микросателлиттік локусы бойынша еділбай қой тұқымының генетикалық құрылымын анықтау болды. Еділбай тұқымды қойлар мынадай популяциялық-генетикалық көрсеткіштер бойынша сипатталды: аллельдердің орташа саны (N) – 11,25, күтілетін гетерозиготалық деңгейі (He) – 0,768, бақыланатын гетерозиготалық деңгейі (Ho) - 0,735, күтілетін гомозиготалық деңгейі (Ca) – 0,232, полиморфтық деңгей (A_e) – 4,816 және фиксация индексі (Fis) – 0,044.

Кілт сөздер: *еділбай қой тұқымы, гетерозиготалық, микросателлиттер, локус, ДНҚ.*

Кіріспе. Еділбай қойы – денесінің ірілігімен және айтарлықтай деңгейдегі жоғары ет-май өнімділік ерекшеліктері бойынша өте бағалы тұқым болып саналады [1]. Олар құйрықты тұқым және жүн түсімі мен сапасы жоғары деңгейде болып келеді.

Ауыл шаруашылығы жануарларының өнімділігін, көбею, даму ерекшеліктерін көрсететін қасиеттерін арттыру мал шаруашылығындағы генетика мен селекцияның негізгі міндеті болып табылады. Отандық мал шаруашылығы селекциясында жануарлардың тұқымдық бағалы қасиеттерін анықтау үшін дәстүрлі «халықтық іріктеу» әдістерін қолдану жеткіліксіз. Сол себепті, бұл бағытта генетикалық зерттеу әдістері мен молекулярлық-генетикалық маркерлер қолданылады.

ДНҚ технологиясының дамуы мал шаруашылығындағы көптеген жаңалықтардың ашылуымен байланысты. Олардың маңыздыларына: жануарлардың генетикалық ресурстарының қазіргі жағдайы туралы маңызды ақпарат көзіне айналған микросателлиттердің анықталуы, әртүрлі генетикалық маркерлердің ашылуы мен қолданылуы жатады [2].

Микросателлиттер (қысқа тандемді қайталау, STR), жоғары генетикалық полиморфизмнің арқасында бүкіл геномға кеңінен енгізілген қысқа тандемдік қайталанулар. Олар тұқымның генетикалық құрылымын белгілейді, осылайша сирек кездесетін және жойылып бара жатқан тұқымдардың генофондын сақтай отырып, генетикалық анықтамалыққа айналады [3] .

Микросателлиттерді генетикалық маркерлер ретінде таңдау олардың ерекшеліктеріне байланысты: геномдағы кең таралуы және біркелкі таралуы, аллельдік әртүрлілік, жоғары ақпараттылық, мендельдік типтегі кодоминантты тұқым қуалаушылық, жоғары репродуктивтілік, сонымен қатар талдауды автоматтандырудың қарапайымдылығы [2].

Қазақстанның мал шаруашылығы өнімінің сапасын жақсарту және оны әлемдік нарыққа интеграциялау үшін өсірудің қандай да бір аймағына бейімделген жаңа жоғары өнімді тұқымдарды, жануарлардың түрлері мен желілерін жасауға мүмкіндік беретін озық селекциялық-генетикалық әдістерді пайдалану талап етіледі. Селекциялық процестің тиімділігі үшін жоғары өнімді дараларды іріктеу қатаң генетикалық мониторингті сақтай отырып жүргізілуі тиіс. Асыл тұқымды мал шаруашылығында, оның ішінде қой шаруашылығында ауыл шаруашылығы жануарларының шығу тегін генетикалық бақылау әдісі үлкен маңызға ие, ал жоғары құнды генотиптерді генетикалық паспорттау асыл тұқымды шаруашылықтарда зоотехникалық есепке алудың міндетті элементі болып табылады. Осыған байланысты құрылымды оңтайландыру, құнды генотиптерді сәйкестендіру және құжаттау, сондай-ақ қой шаруашылығындағы генетикалық ресурстарды жүйелеу үшін генетикалық зерттеулер өзекті болып табылады [4, 5].

Аталған деректерді назарға ала отырып, бұл зерттеу жұмысының мақсаты – ДНҚ-ның 12 микросателлиттік локусы бойынша еділбай қой тұқымының генетикалық құрылымын анықтау.

Зерттеу материалдары және әдістері: Зерттеу жұмыстары «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ Сынау орталығы базасында аккредиттелген биотехнология және жұқпалы ауруларды балау зертханасында жүргізілді. Зерттеудің биологиялық материалы ретінде Батыс Қазақстан облысының «Аймекен» шаруа қожалығындағы еділбай қой тұқымы (n=75) қолданылды.

Биологиялық материалдардан ДНҚ оқшаулау жалпы қабылданған әдістермен жүзеге асырылды. Жүн талшықтарынан ДНҚ оқшаулау үшін Синтол фирмасының "ДНҚ-Экстран-2" коммерциялық жиынтығы қолданылды. Алынған ДНҚ саны мен сапасы *NanoVue Plus* спектрофотометрінде тексерілді.

ДНҚ амплификациясы өндірушінің әдістемесіне сәйкес Proflex (Thermo Fisher Scientific) амплификаторында «COrDIS» (Мәскеу, Ресей) компаниясының COrDIS Sheep "12 микросателлиттік маркерлер мен қой амелогенинінің локусын мультиплексті талдауға арналған реагенттер жиынтығы" коммерциялық жиынтығын пайдалана отырып, ПТР әдісімен жүргізілді.

COrDIS Sheep – микросателлиттік локустар және жыныс маркері ретінде амелогенин гені деп те аталатын қысқа тандемдік қайталанулары (STR) бар 12 локустың мультиплексті ПТР талдауы негізінде жануарлардың туыстық және ДНҚ дараландуын талдау мақсатында қойлардың молекулалық-генетикалық сипаттамаларына арналған реагенттер жинағы [6].

Талданатын 12 локус Халықаралық жануарлар генетикасы қоғамы (International Society of Animal Genetics – ISAG) ұсынған стандартты маркерлерді құрайды: McM042, INRA006, McM527, ETH152, CSRD247, OarFCB20, INRA172, INRA063, MAF065, MAF214, INRA005, INRA023[7].

Электрофорез АҚШ-тың 3500 Genetic Analyzer (Applied Biosystems) 8-капиллярлы автоматты генетикалық анализаторында жүргізілді.

Алынған мәліметтер GeneMapper бағдарламалық жасақтамасымен талданды [8].

Зерттеу нәтижелері. Мал шаруашылығында, оның ішінде қой шаруашылығында селекциялық-асыл тұқымдық жұмыстың тиімділігін арттыру мал шаруашылығы өнімін өндіруді қарқындату және индустрияландыру кезеңінде ерекше маңызға ие. Осы мақсатта гендердің молекулалық-генетикалық маркерлері қолданылады. Олар гендердің аллельдік нұсқалары туралы ақпарат алуға және жеке гендерді тікелей эксперименталды түрде зерттеуге мүмкіндік береді. Селекциялық процестердің критерийлері ретінде көптеген генетикалық маркерлерді пайдалану тұқымдардың, популяциялардың және жеке дарақтардың генетикалық әлеуетін неғұрлым сенімді бағалауға, табындардағы селекциялық процестерді дәлірек бақылауға, олардың бағытын реттеуге мүмкіндік береді [9].

Еділбай қой тұқымына ДНҚ-ның 12 микросателлиттік локустары бойынша полиморфизмін анықтауға жүргізілген зерттеу жұмысы бойынша 136 аллель анықталды. Локустардағы аллельдер саны 5-тен 15- ке дейін болды.

Жеке локустар аспектісінде алынған деректерді талдау бойынша, еділбай қойларындағы генетикалық әртүрліліктің төмен деңгейі ETH152 және McM042 локустарына тән болды, яғни бұл локустар 5 және 8 аллельден тұрды.

Ең жоғары генетикалық әртүрлілік 15 аллельден тұратын INRA063 локусынан анықталды.

Зерттелетін қой тұқымындағы генетикалық әртүрлілікті бағалау үшін гетерозиготалықтың бақыланатын және күтілетін дәрежесі, фиксация индексі, полиморфтылық деңгейі есептелді (1 кесте).

Кесте 1 – Еділбай қой тұқымының микросателлиттік STR-локустарының полиморфизміне сипаттама (n=75)

Микросателлитті локус	Күтілетін гетерозиготалық деңгей*(He)*	Бақыланатын гетерозиготалық деңгей*(Ho)*	Фиксация индексі *(Fis)*	Күтілетін гомозиготалық деңгейі*(Ca)*	Полиморфтылық деңгей *(Ae)*
McM042	0,661	0,560	0,153	0,339	2,950
INRA006	0,701	0,707	-0,009	0,299	3,344
McM527	0,843	0,720	0,146	0,157	6,369
ETH152	0,649	0,627	0,034	0,351	2,849
CSRD247	0,782	0,720	0,079	0,218	4,587
OarFCB20	0,864	0,853	0,013	0,136	7,353
INRA172	0,708	0,693	0,021	0,292	3,425
INRA063	0,873	0,827	0,053	0,127	7,874
MAF065	0,797	0,747	0,063	0,203	4,926
MAF214	0,729	0,733	-0,005	0,271	3,690
INRA005	0,835	0,880	-0,054	0,165	6,061
INRA023	0,771	0,747	0,031	0,229	4,367
Орташа мәні	**0,768**	**0,735**	**0,044**	**0,232**	**4,816**

Полиморфизм деңгейін бағалау үшін тиімді аллельдердің (Ae) саны есептелді. Тиімді аллельдердің саны неғұрлым аз болса, популяцияның генетикалық әртүрлілігі соғұрлым төмен болатыны белгілі [11]. Біздің жұмысымызда тиімді аллельдердің саны ETH152 локусында 2,950-ден INRA063 локусында 7,874-ке дейін болды. Полиморфизм деңгейінің орташа көрсеткіші **4,816** болды (1-кесте). Зерттелген еділбай қой тұқымының 12 микросателлиттік локус іріктемесінің бесеуінде аллельдер саны орташа полиморфтық деңгейден жоғары, ал қалған жетеуінде төмен болды.

Зерттеу барысында жануарлардың гетерозиготалығы бағаланды, өйткені бұл популяциялардың генетикалық жағдайының динамикасы мәселелерінде маңызды параметр болып табылады. Өздеріңіз білетіндей, гетерозиготалық көрсеткіш мутациялық процестерді, іріктеудің әртүрлі түрлерін, гендік дрейфті, кездейсоқ емес жұптасуды және популяция динамикасының басқа факторларын көрсетеді [10]. Бақыланатын гетерозиготалылық дәрежесі (*Ho*) популяциядағы генетикалық әрүрліліктің өлшемі болып табылады. Гетерозиготалардың жиілігі маңызды көрсеткіш, өйткені әрбір гетерозиготада әртүрлі аллельдер болады және өзгергіштіктің болуын көрсетеді. Популяцияның өзгергіштігін дәл бағалау үшін аллельдік әртүрлілік деңгейін қарастыратын күтілетін гетерозиготалылық (*He*) көрсеткіші енгізіледі [12]. Зерттеу жұмысымыздың талдау

нәтижелері еділбай қойларында гетерозигота тапшылығы бар екенін көрсетеді (1 кесте). Күтілетін гетерозиготалық деңгейдің (*He*) мәндеріне қатысты максимум INRA063 (0,873) локусымен сипатталды, ал минималды мән ETH152 (0,649) локусында белгіленді, ең жоғары бақыланатын гетерозиготалылық деңгей (*Ho*) INRA005 (0,880) локусымен, ал ең төмені McM042 (0,560) локусымен сипатталды. Бақыланатын гетерозиготалықтың орташа көрсеткіші **0,735** болды, ал күтілетін гетерозиготалықтың орташа мәні **0,768** болып, бақыланатын гетерозиготалыққа қарағанда жоғары көрсеткішке ие болды.

Әр локус үшін Райттың фиксация индексінің (Fis) мәндері есептелді. Индекс мәні оң және теріс мәндерге ие болуы мүмкін. Fis индексінің оң мәні берілген популяцияда гетерозиготалардың жетіспеушілігін білдіреді, ал индекстің теріс мәні гетерозиготалардың артық болуын көрсетеді. Еділбай қойы зерттеу тобы үшін гетерозиготалардың артық мәні тек қана INRA005 (-0,054), INRA006 (-0,009), MAF214 (-0,005) локустарында байқалды. Қалған локустарда (McM042, McM527, ETH152, CSRD247, OarFCB20, INRA172, INRA063, MAF065, INRA023) гетерозиготалардың жетіспеушілігі байқалды, фиксация индексінің мәні 0,013-тен 0,153-ке дейінгі шаманы көрсетті.

Орташа алғанда, зерттелген барлық 12 STR локустары бойынша фиксация индексі 0,044-ке тең болып, оң мәнге ие болып, бұл герезиготалардың жетіспеушілігін және сәйкесінше еділбай қой тұқымының генетикалық әртүрлілігінің төмен деңгейін көрсетті.

Қорытынды. Зерттеудің нәтижелері бойынша, еділбай қой тұқымы үшін 12 микросателлиттік локустарда 136 аллель анықталды, әр локуста 5-тен 15-ке дейін аллель саны болды. Полиморфтылықтың ең жоғары деңгейі INRA063 локусымен, ал ең төмені ETH152 локусымен сипатталды. Сонымен қатар, зерттелген еділбай қой тұқымының бақыланатын гетерозиготалық деңгейінің орташа мәні 0,735-ке тең болды, күтілетін гетерозиготалық – 0,768, фиксация индексі – 0,044-ті құрады, бұл зерттелген қой тұқымында гетерозиготалықтың жетіспеушілігін білдіреді. Осылайша, еділбай қой тұқымының зерттеу тобы STR-локустар бойынша генетикалық әртүрліліктің төмен деңгейін көрсетті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Есенгалиев К.Г., Давлетова А.М. Етті-майлы және етті-жүнді қойлардың өнімділігін жоғарылату әдістері: оқу құралы / К.Г. Есенгалиев, А.М. Давлетова – Алматы: Альманахь, 2022. – 90б.

2. Денискова Т.Е., Селионова М.И., Гладырь Е.А., Доцев А.В., Бобрышова Г.Т., Костюнина О.В., Брем Г., Зиновьева Н.А. Изменчивость микросателлитов в породах овец, разводимых в России// Сельскохозяйственная биология, 2016, том 51, №6, с. 801-810.

3. Селионова М.И., Лущихина Е.М., Чижова Л.Н. Особенности микросателлитного профиля овец, разводимых в условиях Кыргызстана // Сельскохозяйственный журнал №1(11), 2018. С. 84-90.

4. Данкверт А.Г. Животноводство / Учебное пособие (ISBN978-5-94939-065-8) – Москва: Издательство «Репроцентр М», 2011. – 376 с.

5. Мирзабеков С.Ш. Овцеводство / С.Ш. Мирзабеков, А.И. Ерохин. – Алматы: Издатмаркет, 2005. – 507 с.

6. Инструкция пользователя [Электронный ресурс]: COrDIS Sheep Набор реагентов для мультиплексного анализа 12-ти микросателлитных маркеров и локуса амелогенина овец. – Режим доступа: *https://gordiz.ru/wp-content/uploads/2021/05/instrukcziya-cordis-sheep-140521.pdf*

7. ISAG conference Camelid Genetics and Genomics Workshop, Equine Genetics and Thoroughbred Parentage Testing Workshop, Pig Genetics and Genomics, Applied Genetics

in Sheep and Goats, Cattle Molecular Markers and ParentageTesting Workshop. Xian, China,2014.

8. Genemapper software. Applied Biosystems: http://www.appiiedbiosvstems.com/absites/en/home/support/software/dna-sequencing/genemapper.htm

9. Юлдашбаев Ю.А., Чиндалиев А.Е., Нурбаев С.Д., Сейтпан К.М., Баймуканов Д.А., Ертай А. Генетическая структура популяции овец казахской тонкорунной породы по молекулярно-генетическим маркерам ДНК // «Овцы, козы, шерстяное дело», № 3, 2020, с.2-7.

10. Левонтин Р. Генетические основы эволюции. – М.: Мир, 1978. – 352 С.

11. Бейшова И.С., Ульянова Т.В., Сидарова А.Ж. Генетическое разнообразие абердин-ангусской породы с использованием микросателлитных маркеров // «Наука и Образование», № 4-1 (61), 2020, с.26-31

12. Насамбаев Е.Г., Ахметалиева А.Б., Нугманова А.Е. Генетическая структура молодняка герефордской и абердин-ангусской пород по данным полиморфизма микросателлитных локусов ДНК // «Наука и Образование», № 4-1 (61), 2020, с.83-91

РЕЗЮМЕ

Исследования были посвящены выявлению генетического полиморфизма едилбаевских породы овец КХ "Аймекен" Западно-Казахстанской области с использованием микросателлитных маркеров. Генотипирование едилбаевской породы овец проводилось методом полимеразной цепной реакции (ПЦР), а выделение и детектирование продуктов амплификации выполнялось методом капиллярного электрофореза на 8-м капиллярном генетическом анализаторе 3500 Genetic Analyzer (Applied Biosystems, США) в автоматическом режиме. Анализ полученных графических результатов осуществлялся в программе GeneMapper, а статистический анализ в программе Microsoft Excel. Овец едилбаевской породы характеризовали по следующим популяционно-генетическим показателям: среднее количество аллелей (N), ожидаемый гетерозиготный уровень (He), контролируемый гетерозиготный уровень (Ho), ожидаемый гомозиготный уровень (Ca), полиморфный уровень (Ae) и индекс индивидуальной фиксации (Fis). Таким образом, выявлены характерные признаки полиморфизма по всем изученным показателям микросателлитных локусов ДНК едилбаевских овец.

RESUME

The research was devoted to the identification of genetic polymorphism of the Edilbay sheep breed of the «Aimeken» farm in the West Kazakhstan region using microsatellite markers. The genotyping of the Edilbay sheep breed was carried out by polymerase chain reaction (PCR), and the isolation and detection of amplification products was performed by capillary electrophoresis on the 8th capillary genetic analyzer 3500 Genetic Analyzer (Applied Biosystems, USA) in automatic mode. The analysis of the obtained graphical results was carried out in the GeneMapper program, and statistical analysis was carried out in the Microsoft Excel program. The sheep of the Edilbay breed were characterized by the following population-genetic indicators: the average number of alleles (N), the expected heterozygous level (He), the observed heterozygous level (Ho), the expected homozygous level (Ca), polymorphic level (Ae) and the index of individual fixation (Fis). Thus, characteristic signs of polymorphism were revealed for all the studied indicators of microsatellite DNA loci of Edilbay sheep.

ӘОЖ 619:616-001:615.33
Білім алушы: Утегалиева М.Б., магистрант
Ғылыми жетекші: Кереев А.К., PhD, жетекші
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті»КеАҚ, Орал қ.

ЖАНУАРЛАР ЖАРАЛАРЫНДАҒЫ МИКРОФЛОРАНЫ ЖӘНЕ ПРОПОЛИСТІҢ ОЛАРҒА ҚАРСЫ АНТИБАКТЕРИАЛЬДЫҚ ҚАСИЕТІН ЗЕРТТЕУ

АННОТАЦИЯ

Мақалада әртүрлі жануарлардағы жараның микрофлорасын және прополистің бактерияға қарсы белсенділігін зерттеу нәтижелері көрсетілген. Жараның алғашқы сағаттарында жарадағы микрофлора таза, 24 сағаттан кейін жара микрофлорасы 68-ден 82% - ға дейін жетеді. Олардың ішінде E. coli 44%, P. aeruginosa - 34%, Pr. Vulgaris . Vulgaris - 26%, Staphylococcus aureus - 40%, Staphylococcus epidermidis - 38%, Streptococcus pyogenes-22% 09рады. Грам позитивті дақылдар 40% құрады, олардың ішінде стафилококк (78%) және стрептококк (22%) болды. Прополис E. Coli, *P. aeruginosa*, Pr. Vulgaris, *Staphylococcus aureus*, Staphylococcus epidermidis, Streptococcus pyogenes қарсы жоғары бактерияға қарсы белсенділікті көрсетті және өсуді тежеу аймағы сәйкесінше 26 мм, 27 мм, 25 мм, 20 мм, 22 мм және 21 мм болды.

Кілт сөздер*: жара, жара микрофлорасы, прополис, антибактериальды белсенділік, микроорганизмдер*

Кіріспе. Ветеринарлық хирургиядағы тәжірибеде күрделі және өте маңызды мәселелердің бірі бұл әртүрлі этиологиядағы жараларды емдеуде тиімді көмек көрсету. Бактерияға қарсы ең жаңа заттардың ашылуы және кеңінен қолданылуы микробпен залалданған жараларды тиімді емдеу мәселесін шешіп қана қоймай, сонымен қатар антибиотикке төзімді бактериялық микрофлораның пайда болуына және өсуіне, соның әсерінен микробтық пейзаждың өзгеруіне әкелді. Жараларды емдеудің ең кең таралған және қол жетімді әдістердің біріне жергілікті дәрі-дәрмектерді қолдану болып табылады [1, 2].

Медицина мен ветеринарияда әртүрлі жараларды емдейтін дәрілер әзірленіп, ұсынылды. Алайда, жануарлар ағзасының иммунологиялық реактивтілігінің төмендеуі, сондай-ақ патогендік микроорганизмдердің қолданылатын дәрілік заттарға төзімділігінің артуы бұрыннан бар препараттарды жетілдіруді және жараларды емдеудің жаңа құралдарын іздеуді талап етеді [3, 4, 5].

Ұлпалардың зақымдануынан бірнеше күн өткен кейін дамитын инфекциялық асқынулардың негізгі көздерінің бірі ол жараның микрофлорасы. Зақымдалған ұлпалардың залалдану дәрежесі терінің және зақымдайтын заттың инфекциялық діреже сіне байланысты. Тері немесе кілегеейлі қабаттардың бүтіндігі бұзылған жағдайда, зақымдалған ұлпа алғашқы сағаттан бастап әртүрлі микроорганизмдердің ассоциацияларымен залалданады. Жарадағы бактериялардың түрлік құрамы тұрақты емес және тез өзгереді [6, 7].

Прополис бұл аралар ұяны қорғау үшін пайдаланатын заттардың қоспасы. Бұл қорғаныс ұяның қабырғаларындағы қуыстарды толтыруға, суық күндері салқын желдің соғуын азайтуға, сондай-ақ шақырылмаған қонақтарды мумификациялауға, осылайша олардың іріп шіріуіне жол бермейді [8, 9].

Прополисті адам ежелгі заманнан бері және халықтық медицинада микробқа қарсы қасиеттері үшін қолданған. Прополис бактериялардың, саңырауқұлақтардың, ашытқылардың, вирустардың және инвазиялық дернәсілдердің кең ауқымды қарсы әрекет

ете алады. Прополистің құрамы оны жинау орнына байланысты өзгереді. Прополистің маңызды белсенді компоненттеріне хош иісті қышқылдар, фенолдық қосылыстар, әсіресе флавоноидтар (флавондар, флавонолдар және флавонондар) және фенол қышқылдары жатады. Соңғы зерттеулер прополистің бактерияларға тежегіш әсері көптеген қосылыстардың синергиясына байланысты екенін көрсетті. Прополистің әртүрлі бактерияларға қарсы белсенділігі әртүрлі болғанымен әлемдік нарықта құрамында прополис бар көптеген өнімдер ұсынылады [10, 11, 12].

Бұл зерттеудің мақсаты - әртүрлі жануарлардағы жараның микрофлорасын зерттеу, жарадағы колонияның өсуін көрсету және прополистің әртүрлі бактерияға қарсы белсенділігін зерттеу.

Зерттеу материалы мен әдістері. Әртүрлі материалдардағы микроорганизмдердің жалпы санын анықтау үшін микроскоппен жасушаларды тікелей санау әдістері қолданылады (арнайы санау камераларында, бекітілген жағындыларда, мембраналық сүзгілерде). Мұндай санаудың тиімділігі, әдетте, себу әдісімен санауға қарағанда 10-10000 есе жоғары, өйткені көптеген микроорганизмдер қоректік ортада өспейді және оларды тек микроскоппен есепке алуға болады. Әдіс зерттелетін объектінің мөлшері мен морфологиясы туралы қосымша ақпарат алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, микроорганизмдерді тікелей санау тезірек, арзанырақ, оны жүзеге асыруға арналған жабдық әр зертханада бар. Микроорганизмдерді аз мөлшерде сандық анықтау біз қолданған визуалды санау арқылы жүзеге асырылады.

Жаралардың микрофлорасы стерильді мақта тампонымен алынып, олардың микроскопиясын жүргіздік және жараның құрамы ЕПА мен ЕПС-ға себу арқылы жүргізілді. Жануарлардың жұқтырылған жараларынан микроорганизмдердің түрін анықтау үшін микроорганизмдердің культуралары морфологиялық, культуральды және биохимиялық белгілері бойынша жалпы қабылданған әдістер бойынша зерттелді.

Бөлінген микроорганизмдердің зерттелетін препараттарға сезімталдығын анықтау ет - пептон агарында қағаз дискілері бар препараттарды диффузиялау әдісімен жүргізілді. 37ºС температурада термостатта 18 сағат бойы бақылау үлгілеріне малынған дискілері бар петри аяқшаларында ұстағаннан кейін микроорганизмдер колонияларының өсуін тежеу арқылы алынған нәтижелер талданды.

Зерттеу нәтижелері және талқылау. Жараның микрофлорасы сапалы құрамымен ерекшеленеді. Микроорганизмдер патогенді, шартты патогенді, патогенді емес болып бөлінеді. Инвазивтілік пен уыттылық тірі организмдегі микрофлораның патогенділігінің критерийлері ретінде қызмет етеді. Ағзаның гипоксиясы, ацидозы және метаболикалық интоксикациясы көбінесе іріңді қабыну ошақтарында анаэробты және аэробты микрофлора болған кезде пайда болады, нәтижесінде ұлпаларда бұзылулар пайда болады, соның арқасында жазылу орындарында ұлпалардың тыныс алуының бұзылуы анықталады. Жараның жазылуын бәсеңдетудегі микробтық жүктеменің клиникалық мәні бактериялық жүктеме жара сұйықтығынан көп болған кезде ғана дамиды. Зақымданбаған ұлпаларда шартты патогенді микрофлора дамымайды. Сондықтан да жара инфекциясының типтік қасиетіне байланысты шартты патогендік бактериялар мен сапрофиттер жараға енген кезде инфекциялық процестің дамуымен айқын патогендік қасиеттер дамиды.

Іріңді-некротикалық жаралар, жануарлардың ең көп таралған патологияларының бірі болып табылады. Іріңді-некротикалық зақымданулардағы патологиялық процесінде жетекші рөлді патогендік және шартты патогенді микрофлораға алады.

Жүргізілген зерттеулер жануарлардың ұлпаларының тұтастығы бұзылғаннан кейінгі алғашқы 4 сағатта жара бетінде микроорганизмдердің өспейтіндігін көрсетті. 8 сағаттан кейін жараларда микроорганизмдердің өсуі басталады. Жарақат алғаннан кейін 24 сағаттан кейін жануарлардың жараларында 68-ден 82% - ға дейін өсуі байқалды, бұл микроорганизмдердің өсуі жануар түріне байланысты. Жануарлардың әртүрлі түрлерінде

колониялардың өсуі пайыздық жағынан бірдей болмайды.

Кесте – 1 - Жарақат алғаннан кейін әртүрлі жануарлардың жараларында микрофлораның өсуі пайызы

Жануар түрі	Уақыт, сағат					
	2-4	8	12	16	20	24
Ірі қара	-	10%	22%	47%	51%	75%
Жылқы	-	8%	15%	32%	48%	72%
Ит	-	12%	27%	50%	56%	82%
Мысық	-	7%	15%	30%	52%	68%

Біздің мәліметтеріміз бойынша жараларда грам-оң және грам-теріс қоздырғыштар болған. Олардың ішінде E. Coli 44%, P. aeruginosa - 34%, Pr. Vulgaris - 26%, Staphylococcus aureus - 40%, Staphylococcus epidermidis - 38%, Streptococcus pyogenes-22% Зерттеулердің 40% грам-позитивті культуралар анықталды, олардың арасында стафилококк (78%) және стрептококк (22%) штамдары басым болды. Жануарлардың барлық түрлерінің сынамаларын себуде St. Aureus пен E. Coli. басым болды.

Прополистің бактерияға қарсы белсенділігін екі деңгейде қарастырылуы керек. Біріншіден, бұл микроорганизмге тікелей әсер етумен, екіншіден, иммундық жүйені ынталандырумен байланысты, бұл дененің табиғи қорғаныс күштерінің белсендірілуіне әкеледі. Прополистің әсер ету механизмдерін талдау оның микроорганизмдердің жасуша мембранасының өткізгіштігіне, мембраналық потенциалдың және АТФ өндірісінің бұзылуына, сондай-ақ бактериялардың қозғалғыштығының төмендеуіне әсері туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Кесте – 2 - Жануарлардың жараларынан анықталған микрофлора

Микрофлора	%
E. Coli	44%,
P. aeruginosa	34%,
Pr. Vulgaris	26%,
Staphylococcus aureus	40%
Staphylococcus epidermidis	38%
Streptococcus pyogenes	22%

Жалпы, прополистің микробқа қарсы белсенділігі грам-теріс бактерияларға қарағанда грам-оң бактерияларға жоғары екендігі байқалады. Бұл грамтеріс бактериялардың сыртқы мембранасының түрге тән құрылымымен және прополистің белсенді заттарын ыдырататын гидролитикалық ферменттердің өндірілуімен түсіндіріледі. Артепиллин С (3,5-депренил--*n* -кумар қышқылы) - прополисте кездесетін көптеген фенолдық қосылыстардың бірі (*n* -Кумар қышқылының пренилді туындысы).

Кесте – 3 - Прополистің жарада анықтадған микрофлоралардың өсуін тежеуші аймақтарының сипаттамасы

Микрофлора	Өсуді тежеу аймағы
Staphylococcus aureus	26
Staphylococcus epidermidis	27
Streptococcus pyogenes	25
P. aeruginosa	20
E. coli	22
Proteus vulgaris	21

Жүргізілген зерттеулердің нәтижелерінен прополистің E. Coli, *P. aeruginosa* , Pr. Vulgaris, *Staphylococcus aureus*, Staphylococcus epidermidis, Streptococcus pyogenes микроорганизмдеріне қатысты тиімді микробқа қарсы агент екенін көруге болады. Өсу аймағы сәйкесінше 26 мм, 27 мм, 25 мм, 20 мм, 22 мм және 21 мм құрады. Кестеден прополистің хирургиялық инфекцияның қоздырғыштарына қатысты айқын микробқа қарсы әсері бар екенін көруге болады.

Прополистің жанаспалы бактерицидтік әсерін зерттеу оның микробқа қарсы әсерін 1, 3, 6, 12 және 24 сағат ішінде бактерицидті екенін көрсетті, бұл препараттың көрсетілген қоспаларын микробтық культурамен себу зерттелетін микроорганизмдердің өсуін толығымен басуға әкелді.

Бүгінгі таңда жараларды күту бойынша көптеген мамандар арасында E. Coli, *P. aeruginosa* , Pr. Vulgaris, *Staphylococcus aureus*, Staphylococcus epidermidis, Streptococcus pyogenes микроорганизмдері жедел және созылмалы жаралардың жазылуының кешігуінің және инфекциялануының негізгі себептері болып табылады. Біздің зерттеуіміз жараларды емдеудегі микроорганизмдердің рөлін зерттеген соңғы екі онжылдықта жасалған бұрын айтылған түсініктемелер мен зерттеулерді растайды.

Қорытынды. Зерттеулер жануарлардың ұлпаларының тұтастығы бұзылғаннан кейінгі алғашқы 4 сағатта жара бетінде микроорганизмдердің өспейтіндігін көрсетті. 8 сағаттан кейін жараларда микроорганизмдердің өсуі басталады. Жарақат алғаннан кейін 24 сағаттан кейін жануарлардың жараларында 68-ден 82% - ға дейін өсуі байқалды, бұл микроорганизмдердің өсуі жануар түріне байланысты. Жануарлардың әртүрлі түрлерінде колониялардың өсуі пайыздық жағынан бірдей болмайды.

Жараларда грам-оң және грам-теріс қоздырғыштар болған. Олардың ішінде E. Coli 44%, P. aeruginosa - 34%, Pr. Vulgaris - 26%, Staphylococcus aureus - 40%, Staphylococcus epidermidis - 38%, Streptococcus pyogenes-22% Зерттеулердің 40% грам-позитивті культуралар анықталды, олардың арасында стафилококк (78%) және стрептококк (22%) штамдары басым болды. Жануарлардың барлық түрлерінің сынамаларын себуде St. Aureus пен E. Coli. басым болды.

Жүргізілген зерттеулердің нәтижелерінен прополистің E. Coli, *P. aeruginosa* , Pr. Vulgaris, *Staphylococcus aureus*, Staphylococcus epidermidis, Streptococcus pyogenes микроорганизмдеріне қатысты тиімді микробқа қарсы агент екенін көруге болады. Өсу аймағы сәйкесінше 26 мм, 27 мм, 25 мм, 20 мм, 22 мм және 21 мм құрады.Кестеден прополистің хирургиялық инфекцияның қоздырғыштарына қатысты айқын микробқа қарсы әсері бар екенін көруге болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Безрук Е. Л. Сравнительная характеристика некоторых способов глубокой антисептики свежих инфицированных ран у животных //Международный журнал экспериментального образования. – 2016. – №. 9-2. – С. 277-279.

2. Медведева Л. В., Макаров А. В., Кречетова В. Н. Состояние раневой микрофлоры после применения биоклея «Сульфакрилат» для обработки ран дистального отдела конечностей у крупного рогатого скота //Вестник Алтайского государственного аграрного университета. – 2013. – №. 2 (100). – С. 093-096.

3. Гимранов В. В., Юсупов И. З. Влияние биопаг-д на микрофлору кастрационных ран у крупного рогатого скота //Российский электронный научный журнал. – 2015. – №. 1. – С. 160-169.

4. Глущенко В. В. Микробиоценоз инфицированных ран и динамика иммунобиологических показателей у собак при лечении перкутаном //Актуальные проблемы ветеринарной медицины: Мат. – 2007. – С. 36-47.

5. Конакова И. А., Медетханов Ф. А. Фармакологические свойства прополиса и его применение в ветеринарии //Ученые записки Казанской государственной академии ветеринарной медицины им. НЭ Баумана. – 2018. – Т. 235. – №. 3. – С. 100-104.

6. Конакова И. А., Медетханов Ф. А., Ларина Ю. В. Лечебные свойства прополиса и его применение в животноводстве //Современные научные исследования: актуальные вопросы, достижения и инновации в АПК. – 2018. – С. 98-103.

7. Маринина Т. Ф., Савченко Л. Н., Куль И. Я. Перспективы разработки технологии гидрогеля с нативным прополисом для профилактики и лечения стоматологических заболеваний //Известия Самарского научного центра Российской академии наук. – 2013. – Т. 15. – №. 3-6. – С. 1864-1867.

8. Фирсов Г. М. Действие 10% мази прополиса на мёде при инфицированных ранах у собак //Аграрная Россия. – 2019. – №. 9. – С. 29-33.

9. Ляховичус М. А. и др. Эффективность прополисно-энрофлоксациновой мази на основе молозивного жира в комплексе лечения собак с инфицированными ранами //xiii международный московский конгресс по болезням мелких домашних животных. – 2005. – С. 93-94.

10. Карроматов И. Д., Тураева Н. И. Антибактериальные и противовоспалительные свойства прополиса //Биология и интегративная медицина. – 2018. – №. 2. – С. 313-325.

11. Šuran J. et al. Antimicrobial activity of propolis and its potential uses in veterinary medicine //Veterinarska Stanica. – 2016. – Т. 47. – №. 4. – С. 381-385.

12. Gonsales G. Z. et al. Antibacterial activity of propolis collected in different regions of Brazil //Journal of Venomous Animals and Toxins Including Tropical Diseases. – 2006. – Т. 12. – С. 276-284.

РЕЗЮМЕ

В статье показаны результаты исследования микрофлоры раны у различных животных и антибактериальная активность прополиса. В первые часы появления раны микрофлора в ране чистая, через 24 часа раневая микрофлора доходить от 68 до 82%. Среди них выявлены E. Coli 44%, P. aeruginosa - 34%, Pr. Vulgaris - 26%, Staphylococcus aureus - 40%, Staphylococcus epidermidis - 38%, Streptococcus pyogenes-22%. Грамм позитивные культуры составили 40%, среди них стафилококк (78%) и стрептококк (22%). Прополис показал высокую антибактериальную активность против E. Coli, *P. aeruginosa*, Pr. Vulgaris, *Staphylococcus aureus*, Staphylococcus epidermidis, Streptococcus pyogenes и зона подавления роста составила, соответственно 26 мм, 27 мм, 25 мм, 20 мм, 22 мм и 21 мм.

RESUME

The article shows the results of a study of the wound microflora in various animals and the antibacterial activity of propolis. In the first hours of the appearance of the wound, the microflora in the wound is clean, after 24 hours the wound microflora reaches from 68 to 82%. Among them, E. Coli 44%, P. aeruginosa - 34%, Pr. Vulgaris - 26%, Staphylococcus aureus - 40%, Staphylococcus epidermidis - 38%, Streptococcus pyogenes-22% were identified. Gram positive cultures accounted for 40%, among them Staphylococcus (78%) and streptococcus (22%).

Propolis has shown high antibacterial activity against E. Coli, P. aeruginosa, Pr. Vulgaris, Staphylococcus aureus, Staphylococcus epidermidis, Streptococcus pyogenes and the growth suppression zone were, respectively, 26 mm, 27 mm, 25 mm, 20 mm, 22 mm and 21 mm.

УДК: 619:636.082.451(574.25)
Обучающийся: Джуматаева К.К., докторант, НАО «Казахский национальный аграрный исследовательский университет», г. Алматы,
Научный руководитель: Джуланов М.Н., доктор ветеринарных наук, профессор, руководитель,
НАО «Казахский национальный аграрный исследовательский университет», г. Алматы

ИСКУССТВЕННОЕ ОСЕМЕНЕНИЕ КОРОВ С ПРИМЕНЕНИЕМ РАЗЛИЧНЫХ СХЕМ СИНХРОНИЗАЦИИ ПОЛОВОЙ ОХОТЫ

АННОТАЦИЯ

В статье приводятся результаты проведенных работ по определении эффективности различных схем применения гормональных препаратов для синхронизации половой охоты у 124 коров и 15 телок случного. В эксперименте были животные казахской белоголовой породы, содержащиеся в условиях КХ «Азамат» Бескарагайского района Восточно-Казахстанской области. Авторы сравнивали 4 схемы синхронизации половой охоты с использованием гормональных препаратов (Сурфагон, Магэстрофан, Фертагон, Эстрофантин, Эстрофан), витаминов (Тетрамаг, Е-Селен) и био стимулятора (АСД-ф2).

Методика исследования включала проведение гинекологической диспансеризации коров и телок случного возраста по общепринятой методике. Проводили ультразвуковое исследование прибором «Mindray» Z5 (China).

Ключевые слова: *АСД-ф2, биостимулятор, синхронизация половой охоты,*

Введение. В настоящее время животноводство является приоритетной областью сельского хозяйства, требующей внедрения современных технологий. Увеличение производства животноводческой продукции рассматривается как важная задача агропромышленного комплекса Казахстана [1-3]. При этом интенсификация воспроизводства в животноводстве и повышение продуктивности стада – является основным направлением в обеспечении населения мясной и молочной продукцией высокого качества [4,6].

Одним из путей повышения продуктивности животных является искусственное осеменение. Синхронизация половой охоты позволит контролировать время и количество приведенных в охоту и овуляцию животных [7,8]. Для этого используют гормональные препараты, чаще всего синтетического происхождения, синтезированные аналоги препаратов имеют более высокую эффективность, экономически выгоднее, а также крайне меньше приносят вреда здоровью животного [9, 10].

Разработка более эффективной схемы синхронизации половой охоты является актуальной задачей для повышения интенсивности ведения скотоводства. Существенным резервом повышения оплодотворяемости является различное сочетание простагландинов и релизинг-гормонов в схемах синхронизации [11].

Существует множество схем синхронизации, каждая из которых наиболее успешно и экономически оправданно работает в разных ситуациях [12].

Цель исследования – определить в сравнительном аспекте схемы синхронизации половой охоты при использовании АСД-ф2 у коров.

Материалы и методы исследования

Исследование проводилась в условиях крестьянского хозяйства «Азамат» Бескарагайского района Восточно Казахстанской области. Эксперимент проводили на коровах казахской белоголовой породы.

Проводили гинекологическое исследование коров и телок случного возраста для проведения синхронизации половой охоты. Всего исследовано коров 140 голов. Из них отобрали для синхронизации 125 коров, 15 телок случного возраста.

Указанным животным в период с 02 по 15 июня 2021 года проводилась синхронизации половой охоты по схемам и двукратное искусственное осеменение с интервалом 10-12 часов. При проведение эксперимента сформировали четыре группы животных для определения более рациональной схемы синхронизации половой охоты. При этом в первой группе было 52 коров, 8 телок случного возраста, во второй - 53 коров, 7 телок случного возраста, в третьей - 9 коров и в четвертой -12 коров. Подробные схемы синхронизации описаны в таблице 1. В период проведения синхронизации половой охоты, спонтанно пришедших в охоту коров походу осеменяли спермой, полученной из АО «Асыл Тулик». Условия кормления, содержания животных отвечали ветеринарно-зоотехническим требованиям. Хозяйство является благополучной от инфекционных и инвазионных болезней. Состояние животных было удовлетворительное и отвечает к предъявляемым требованиям для проведения синхронизации половой охоты.

При проведении ректального исследования использовали прибор для ультразвукового исследования фирмы «Mindray» Z5 (Китай) (Рисунок 1).

В ходе проведения исследования из 40 телок было выявлено 25 стельных. Для синхронизации половой охоты отобрано - 15 голов.

Рисунок 1. Проведении ультразвукового исследования прибор «Mindray» Z5 (Китай)

Таблица 1 - **Схемы синхронизации половой охоты коров**

Схема синхронизации коров 1 -ой группы 52 коров,8 телок случного возроста						
Наименование препаратов	Доза	Место введения	Дни синхронизации половой охоты			
			1-й день	7-й день	9-й день	10-й день
1	2	3	4	5	6	7
Сурфагон	10 мл	внутримышечно	+			
АСД-ф2	20 мл	подкожно	+			
Магэстрофан	3 мл	внутримышечно		+		
Сурфагон	5 мл				+	
Искусственное осеменение	0,25 мл	цервикально				+
Схема синхронизации коров 2 -ой группы 53 коров, 7 телок случного возроста						
Наименование препаратов	Доза	Место введения	Дни синхронизации половой охоты			
			1-й день	7-й день	9-й день	10-й день
Сурфагон	10 мл	внутримышечно	+			
Тетрамаг	10 мл	внутримышечно	+			
АСД-ф2	20 мл	подкожно	+			
Е-Селен	10 мл	внутримышечно		+		

1	2	3	4	5	6	7
Магэсстрофан	3 мл	внутримышечно		+		
Сурфагон	5мл	внутримышечно			+	
Искусственное осеменение	0,25 мл	цервикально				+
Схема синхронизации коров 3 -ой группы 9 коров						
Наименование препаратов	Доза	Место введения	Дни синхронизации половой охоты			
			1-й день	7-й день	9-й день	10-й день
Фертагон	10 мл	внутримышечно	+			
АСД-ф2	20 мл	подкожно	+			
Эстрофантин	2 мл	внутримышечно		+		
Фертагон	5 мл	внутримышечно			+	
Искусственное осеменение	0,25 мл	цервикально				+
Схема синхронизации коров 4 -ой группы 12 коров						
Наименование препаратов	Доза	Место введения	Дни синхронизации половой охоты			
			1-й день	11-й день	14-й день	
Эстрофан	2 мл	внутримышечно	+			
АСД-ф2	20 мл	подкожно	+	+		
Искусственное осеменение	0,25 мл	цервикально			+	

Результаты исследования

Анализ УЗИ на беременность по истечении 30 дней после осеменения показали следующие результаты: из 139 голов 96,4% (134 гол.) оказались стельными сроком 1 месяц, а 3,60% (5 гол) - яловых. Из них по синхронизации половой охоты в июне 2021г. – 74,9% (104 гол), стельных от быков, используемых в вольной случке для «Зачистки» - 21,5% (30 гол.).

Проанализированы результаты применения четырех схем синхронизации половой охоты. Высокий показатель оплодотворяемости была в группе, где по схеме применяли синтетический аналог простагландина F2α «Эстрофан» и биостимулятор «АСД-ф2». При этом оплодотворяемость составила 83,3%. А так же, комплексное применение гормональных препаратов и биологически активных веществ оплодотворяемость составило 83,0%. Исходя, из этого мы рекомендуем шире применять схемы второй и четвертой группы.

Наши исследования подтверждают данные Дербеденева О.И. с соавтором. Исследование указанных авторов утверждают, что эффективность применение «Эстрофана» (90%) применение после однократной инъекции, повторно ввели препарат с интервалом в 10 дней [21].

Таблица 2 - **Результаты оплодотворяемости по группам**

Группы	Всего синхранизировано	Стельных от синхронизации		Стельных от зачистки		Всего стельных		Условно стельные	
		коров	%	коров	%	коров	%	коров	%
1	8	4	50	4	50	8	100	0	-
	50	37	78	11	22	48	96	2	4
2	7	3	42,8	3	42,8	6	85,7	1	14,3
	53	44	83,0	9	17,0	53	100	0	-
3	9	6	66,6	1	11,1	7	77,7	2	22,3
4	12	10	83,3	2	16,6	12	100	0	-
Всего	139	104	74,9	30	21,5	134	96,4	5	3,6

Заключение

1. При синхронизации половой охоты коров и телок случного возраста казахско-белоголовой породы по схеме, где применяли синтетический аналог простагландина F2α «Эстрофан» и биогенный стимулятор «АСД-ф2» получена максимальная оплодотворяемость.

2. Высокая оплодотворяемость объясняется наиболее благоприятным сочетанием гормона способствующий рассасыванию желтого тела и создающий, таким образом, предпосылки для наступления половой охоты и овуляции.

3. В опыте на коровах казахско-белоголовой породы комплексное применение гормональных препаратов и биологически активных веществ позитивно повлиял на оплодотворяемость до 80%.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Гаврилов Б.В., Родин И.А., Вишнивецкая Л. П., Родин М.И., Яковец М.Г. Оценка действия гонадотропинов на коров-доноров при трансплантации зигот. // Известия Оренбургского государственного аграрного университета, 2019. №1, (75), С. 175-178.

2. Гизатова Н.В., Миронова И.В., Долженкова Г.М. [и др.] Эффективность использования питательных веществ рациона тёлками казахской белоголовой породы при скармливании им пробиотической добавки БиоДарин. // Известия Оренбургского государственного аграрного университета. 2016. № 2 (58). С. 104–106.

3. Косилов В.И.,. Никонова Е.А., Вильвер Д.С. [и др.] Влияние пробиотической добавки Биогумитель 2г на эффективность использования питательных веществ кормов рационов // АПК России. 2016. Т. 23. № 5. С. 1016–1021.

4. Косилов В., Мироненко С., Литвинов К. Мясная продукция красного степного молодняка при интенсивном выращивании и откорме // Молочное и мясное скотоводство. 2008. № 7. С. 27–28.

5. Мироненко С., Крылов В., Жаймышева С. [и др.] Качество мяса молодняка казахской белоголовой породы и ее помесей // Молочное и мясное скотоводство. 2010. № 5. С. 13–18.

6. Thomas W. Geary, Gregory W. Burns, Joao G.N. Moraes et al. Identification of Beef Heifers with Superior Uterine Capacity for Pregnancy. // BiolReprod. 2016; 95(2):pp.47.

7. Walsh S.W., Williams E.J., Evans A.C. A review of the causes of poor fertility in high milk producing dairy cows. //Anim Reprod Sci. 2011; 23(3): pp.127 – 138

8. Боранбаев А.В. Искусственное осеменение маралух с применением различных схем синхронизации половой охоты. //Вестник КрасГАУ. 2021. № 9. С.126-131

DOI: 10.36718/1819-4036-2021-9-126-131

Бұл мақалада қатты бидай және оның сұрыптары бойынша әдебиеттерге шолу жасалды. Әдебиеттерге сүйене отырып, мақалада қатты бидай өндірілу көлемі, БҚО-дағы отандық қатты бидай сұрыптары, олардың сапа көрсеткіштері мен ерекшеліктері туралы деректер қарастырылған. Сонымен қатар БҚО-дағы қолданыстағы жаздық бидай сұрыпы Волго-Уральская мен қатты бидай сұрыпы Каргала 9-дың сапа көрсеткіштерінің мәліметтері салыстырылған.

Кілт сөздер: *қатты бидай, бидай, бидай сұрыбы, Каргала 9, сапа көрсеткішері.*

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 02.09.2022 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында: «Ауыл шаруашылығын дамыту басты мәселелердің бірі болып табылады.

Бұл саладағы жағдай мемлекетіміздің азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Елдің ауыл шаруашылығы өнімінің көлемін және оның қосымша құнын ұлғайту қажет. Бұл стратегиялық міндет» деп атап өткен болатын [1].

Жалпы Қазақстан ірі астық жеткізу көлемі бойынша әлемдік үздік ондыққа кіреді. Тұтастай алғанда, қазақстандық астық тасымалы 70 елді қамтиды және ұнды тасымалдау бойынша әлемде жетекші орынға ие.

Әлемде жыл сайын 35-40 млн тоннаға жуық қатты бидай дәні өндіріледі, бұл бидай дәнінің жалпы өндірісінің 9%-ын құрайды. Ал, Қазақстандағы қатты бидай өндірісінің көлемін төмендегі 1-суреттен көруімізге болады.



Сурет 1 - Қазақстандағы қатты бидай өндірісі

2021-2022 жылғы статистикаға сүйенетін болсақ, Қазақстан қатты бидай өндіру бойынша, 2020-2021 жылға қарағанда 0,47 мың тонна, 2019-2020 жылға қарағанда 0,35 мың тонна аз өндіргенін көруімізге болады. Сондай – ақ, соңғы үш жылда қатты бидай алқаптары азайып келеді-2018/19 жылы 481 мың гектардан 2019/20 жылдары 420-ға дейін және 2020/21 жылдары 308-ге дейін [2].

Батыс Қазақстан үшін жаздық қатты бидай ерекше құндылық болып табылады. Аймақ оның жоғары сапалы астығының тұрақты өндіріс аймағына айналуы мүмкін. БҚО-да келесі қатты бидай сұрыптары кең таралған: Каргала 9, Каргала 69, Каргала 34, Оренбургская 10, Каргала 71, Юбилейный 150 және т.б. Батыс Қазақстанның қатты бидайлары шынылығының жоғарылауымен, ақуыздың және глютеннің жоғары мөлшерімен ерекшеленеді, бұл олардың халықаралық нарықтағы жоғары сұранысын анықтайды. Алайда, соңғы жылдары қатты бидайдың егістік алқаптары айтарлықтай қысқарды. Бұл қоршаған ортаның белгілі бір топырақ-климаттық жағдайларына бейімделген оның жоғары өнімді сорттарының төмен өндірілуіне байланысты. Батыс Қазақстанда аудандастырылған сорттар құрғақ жылдары төмен өнімділікпен сипатталады, қарқынды егіншіліктің заманауи талаптарына жауап бермейді.

Қатты бидай дәнінің жұмсақ бидай дәнінен көптеген айырмашылықтары бар. Қатты бидай дәндеріндегі қабықтары мен алейрон қабаты қалыңдауға бейім, қатты бидай үшін қабықтың қалыңдығы 125 мкм, ал жұмсақ бидай үшін 115 мкм. Қатты бидай дәндерінің біркелкілігі жұмсақ бидай дәндеріне қарағанда жоғары, орташа шыны тәрізділігі 94%. Бұл көрсеткіштердің мағынасы өте зор, өйткені дәнді дақылдардың өнімділігі олардың шыны тәрізділігімен тығыз байланысты және ұнтақтау барысында таза жарманы эндоспермнен алуға болады. Сондықтан эндоспермнің табиғи құрылымын сақтау үшін дәнді ұн тартуға дайындау кезінде қатты бидайға көп көңіл бөлінеді [3,11].

Осыған дейін қатты бидай сұрыптарының ерекшеліктері біраз жұмыстарда зерттеліп келген болатын.

Абуова А.Б., Вьюрков В.В., Баймуканов Е.Н., Ертаева Н.Т мақаласында жаздық және күздік бидай дәндерінің сорттық ерекшеліктері мен өсу жағдайларына байланысты технологиялық қасиеттерінің нәтижелері келтірілген. Қатты және жұмсақ жаздық және күздік бидай сорттарындағы шикі глютеннің мөлшері 30,0 - 40,8% аралығында болған, жоғары көрсеткіштер қатты бидай сорттарына тән және технологиялық, нан пісіру қасиеттері бойынша зерттелетін барлық үлгілерді нан пісіруде қолдануға болады деген қорытындыға келген [4].

В.И. Цыганков, М.Ю. Цыганкова, И.Г. Цыганков, Р.А. Уразалиев, С.А. Аширбаеваның мақаласында жоғарыда атап өтілген Каргала 69, Каргала 9 және т.б. сияқты қатты бидай сұрыптарының әрқайсысына тоқталып, олардың сапа көрсеткіштеріне, өсу ұзақтықтарына, құрылысына жете назар аударылған [5].

Г.К. Искакова, А.Н. Жилкайдаров, Б.Ж. Мулдабековаңың мақаласында жұмсақ (Астана, Ақмола 2) және қатты (Дамсинская 90, Дамсинская янтарная) бидайдың жаңа сұрыптарының қасиеттері қарастырылды. Ұсынылған бидай дәндерінің үлгілері ылғалдылығы мен дән түріне, натурасына, 1000 дәннің салмағына, шикі глютеннің мөлшері мен сапасына, күлділігіне және қаттылығына байланысты өзгереді, яғни ерекшеленеді және әртүрлі топтар мен сыныптарға жатқызылады [6,8].

Осы тұста, Искакова Г.К., Жилкайдаров А.Н., Умирзакова Г.А мақаласында зерттелетін бидай сұрыптарының макарон қасиеттерін бағалауға арналған жұмсақ және қатты бидай сұрыптарын ұнтақтау арқылы алынған ұнның сапалық көрсеткіштері және қамырдың физикалық қасиеттері қарастырылды. Зерттелген жұмсақ (Астана, Ақмола 2) және қатты бидай (Дамсинская 90, Дамсинская янтарная) сұрыптарының макарон қасиеттерін байланыстыру қатты бидай сұрыптарының ұнның сапалық көрсеткіштерінің жоғары мәндерімен және қатты бидай қамырының қасиеттерімен анықталған. Қатты

бидай сұрыптарының ішінде Дамсинская 90 бидай сұрыбы жоғары көрсеткіштермен айқындалған [7].

Сонымен бірге, Жилкайдаров А.Н., Искакова Г.К., Черных В.Ю жұмыстарында астықтың қасиеттерін, оның ұнының сапасын, қамыр мен қамырдың қасиеттері мен макарон өнімдерінің сапасын, сондай-ақ жұмсақ бидайдың жаңа сорттарының (Астана, Ақмола 2) және бидайдың қатты сорттарының (Дамсинская 90, Дамсинская янтарная) физика-химиялық, биохимиялық және макарон қасиеттеріндегі елеулі айырмашылықтарды зерттеу нәтижелері негізінде табылды. Зерттелген сорттардың макарон өнімдерінің қасиеттерін салыстыру қатты бидайдың ұн сапасының жоғары көрсеткіштерін көрсетті. Бидайдың қатты сорттарының ішінде Дамсинская 90 ең жоғары көрсеткіштерді көрсетті [9].

Ал, Маудархан Ж, Тапишев М, Шабаков Б, Утемисова А мақаласында 2013 жылы Қазақстанда өсірілген бидайдың 13 түрлі сұрыптарының сапасын талдау, жергілікті өндірілген бидайға талдау жасалынып, олардың технологиялық көрсеткіштерін анықтады және өнім сапасы мен экономикалық өнімділігін арттыру үшін экспорттық әлеуетті зерттеді [10].

Шолу жасалған деректер негізінде 1-кестеде қазіргі БҚО-дағы қолданыстағы жаздық бидай сұрыпы Волго-Уральская мен қатты бидай сұрыпы Каргала 9-дың сапа көрсеткіштерінің мәліметтері берілген.

Кесте 1 - Жаздық бидай сұрыбы Волго-Уральская мен қатты бидай сұрыбы Каргала 9-дың сапа көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Бидай сұрыбы	
	Волго-Уральская	Каргала 9
Ылғалдылығы, %	11,6	9,6
Натурасы, г/л	700-790	790-815
1000 дәннің массасы, г	33-36	34-38
Шынылығы, %	93	95-100
Қаттылығы, ИТ	89	92
Күлділігі, %	2,10	1,92
Шикі клейковина массасы, %	32-36	34-37
Ақуыз, %	14,5-17,5	17-17,5
Құлау саны, с	330	335
Ұнның шығымы, %	70,3	65

1-кестеде көрсетілгендей, Волгоуральская мен Каргала 9-ды салыстырғанда, сапа көрсеткіштері бойынша Каргала 9-дың көп көрсеткіштері Волго-Уральскаямен сәйкес келеді, мысалы, ылғалдылықтарында, 1000 дәннің массаларында, шикі клейковина мөлшерлерінде айырмашылық 2-ге тең, күлділіктерінде 0,18-ге тең, ақуыз мөлшерлерінің шамасы бірдей, ұнның шығымының, құлау санының айырмашылығы 5-ке, қаттылығының айырмашылығы 3-ке тең. Тек Каргала 9 натурасының, шынылығының жоғарылығымен ерекшеленеді. Яғни, Каргала 9-дың сапа көрсеткіштері Волго-Уральскаямен қалыспайды. Макарон өнімі өндірісінде қатты бидай тапшылығы кездескен кезде, Волго-Уральскаяны қолдануға болады немесе керісінше.

Қатты бидай елдің азық-түлік қауіпсіздігі үшін үлкен маңызға ие. Оның дәндері жоғары сапалы жарма, құнды макарон және кондитерлік өнімдерді өндіру үшін қолданылады. Шет елдерде, экспорттауда оның дәні жұмсақ бидай сұрыптарынан жоғары бағаланады, бәсекеге қабілеттілік күмән тудырмайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2022 жылғы 1 қыркүйек | Президент Жолдауы 2022 | Ассамблея народа Казахстана / Қасым-Жомарт Тоқаев [Электронный ресурс] // Ассамблея народа Казахстана: [сайт]. — URL: https://assembly.kz/ru/poslanie-prezidenta/memleket-basshysy-

asym-zhomart-to-aevty-aza-stan-khal-yna-zholdauy/ (дата обращения: 20.02.2023);

2. Иван Малыгин Качество казахстанского дурума в этом году наивысшее — Агро Бизнес Казахстан / Иван Малыгин [Электронный ресурс] // Агро Бизнес Казахстан : [сайт]. — URL: https://agbz.kz/kachestvo-kazahstanskogo-duruma-v-etom-godu-naivysshee/ (дата обращения: 24.02.2023);

3. Ә. Істаев, С. Т. Жиенбаева, М. П. Байысбаева, Б. А. Істаев, С. Т. Дайрашева, А. Ж. Рүстемова, Д. Р. Даутканова, Б. Ж. Молдабекова, А. Г. Сатвалдинова, Г. И. Байгазиева, Л. С. Сыздыхова, Г. Т. Увакасова Өңдеу өндірістерінің технологиясы [Текст] / Ә. Істаев, С. Т. Жиенбаева, М. П. Байысбаева, Б. А. Істаев, С. Т. Дайрашева, А. Ж. Рүстемова, Д. Р. Даутканова, Б. Ж. Молдабекова, А. Г. Сатвалдинова, Г. И. Байгазиева, Л. С. Сыздыхова, Г. Т. Увакасова — 1. — Алматы: Оқулық, 2012 — 631 б;

4. Абуова, А. Б., Вьюрков, В. В., Баймуканов, Е. Н., Ертаева, Н.Т. Технологические качества зерна яровой и озимой пшеницы [Текст] / А. Б. Абуова, В. В. Вьюрков, Е. Н. Баймуканов, Н. Т. Ертаева // Наука, образование и культура. — 2017. — № 8. — С. 15-16;

5. В.И. Цыганков, М.Ю. Цыганкова, И.Г. Цыганков, Р.А. Уразалиев, С.А. Аширбаева Районированные и новые конкурентоспособные сорта твёрдой пшеницы отечественной селекции для степных и сухостепных зон Казахстана [Текст] / В.И. Цыганков, М.Ю. Цыганкова, И.Г. Цыганков, Р.А. Уразалиев, С.А. Аширбаева // Известия ОГАУ. — 2013. — № 6. — С. 37-40;

6. Г.К. Искакова, А.Н. Жилкайдаров, Б.Ж. Мулдабекова Исследование качества новых сортов мягкой и твердой пшеницы Казахстана Урожая 2014 года [Текст] / Г.К. Искакова, А.Н. Жилкайдаров, Б.Ж. Мулдабекова // ВЕСТНИК КазНТУ. — 2015. — № 3. — С. 230-234;

7. Искакова, Г. К., Жилкайдаров, А. Н., Умирзакова, Г. А Исследование качества муки и физических свойств теста из новых сортов мягкой и твердой пшеницы Казахстана [Текст] / Г. К. Искакова, А. Н. Жилкайдаров, Г. А. Умирзакова // ВЕСТНИК КазНТУ. — 2015. — № 3. — С. 218-222;

8. Искакова Г.К., Мулдабекова Б.Ж., Жилкайдаров А.Н. Исследование технологических свойств новых твердых сортов пшеницы Казахстана /Scientific Journal of the Modern Education and Research institute. – Brussels, Belgium, 2016. – P.52-55;

9. Zhilkaidarov A.N., Iskakova G.K., Chernyh V.Y. Development of Pasta Production by Using of Hard and Soft Domestic Sorts / Wheat Research Journal of Pharmaceutical, Biological and Chemical Sciences. - 2015. - № RJPBCS 6 (5). - P.559- 566;

10. Маудархан Ж, Тапишев М, Шабаков Б, Утемисова А Қазақстанда аудандастырылған жаздық бидай сорттарының технологиялық сапа көрсеткіштерін талдау және оның маңыздылығы [Текст] / Маудархан Ж, Тапишев М, Шабаков Б, Утемисова А // ҚазҰТУ хабаршысы. — 2015. — № 3. — 27-31 б;

11. Медведев Г.М. Технология макаронных изделий. – СПБ: ГИОРД, 2005. - 312 с.

АННОТАЦИЯ

В этой статье представлен обзор литературы по твердой пшенице и ее сортам. Исходя из литературы, в статье рассматриваются данные об объемах производства твердой пшеницы, отечественных сортах твердой пшеницы в ЗКО, их показателях качества и особенностях. Также были сопоставлены данные показателей качества действующих в ЗКО сортов яровой пшеницы Волго-Уральская и твердых сортов пшеницы Каргала 9.

RESUME

This article provides an overview of the literature on durum wheat and its varieties. Based on the literature, the article discusses data on durum wheat production volumes, domestic durum wheat varieties in the West Kazakhstan region, their quality indicators and features. The data of quality indicators of Volga-Ural spring wheat varieties operating in the West Kazakhstan Region and Kargala 9 durum wheat varieties were also compared.

ӘОЖ 635.6:631.52:578:581. 19:577.17
Білім алушы: Гайнетдинова М. Ж., студент
Ғылыми жетекшілері: Шектыбаева Г.Х., Тулегенова Д. К.,
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті»КеАҚ,
Орал қ.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚУАҢШЫЛЫҚ АЙМАҒЫНДА НОҚАТ СОРТТАРЫНЫҢ ӨНІМДІЛІГІ МЕН ҚҰНДЫЛЫҒЫ

ТҮЙІН

Мақалада Батыс Қазақстанның қуаңшылық жағдайларында ноқаттың экологиялық сорттық питомнигінің зерттеу нәтижелері берілген. Дәнді – бұршақ дақылдарының ішінде ноқат өсімдік ақуызының көзі ретінде жетекші орын алады. Ноқат өте жоғары мал азықтық қасиеттерге ие. Оның басты ерекшелігі - топырақты азотпен байыту арқылы құнарлығын артттыру болып табылады.

Түйін сөздер: *ноқат, өнімділік, сорт, құрғақшылық, бұршақ тұқымдас.*

Бұршақ тұқымдас дақылдар өндірісін арттырмай, өсімдік ақуызы мәселесін шешу мүмкін емес. Оралдың қара қоңыр топырақты дала аймағында негізгі бұршақ тұқымдас дақыл – ноқат. Ноқат басқа бұршақ дақылдарына қарағанда құрғақшылыққа төзімді және өнімді. Сабағы тік өседі, қырлы, бұтақты, жапырылмайды, биіктігі 20-60 см және одан да жоғары, зиянкестермен аздап зақымдалады [1]. Дүниежүзінде 9 млн. гектар аумақта ноқат өсірілсе, соның тоқсан пайызы Үндістан, Қытай, Пәкістан сияқты Азия елдеріне және Африка құрлығындағы тропикалық табиғатты елдердің еншісіне тиеді (шамамен 10 млн. га) [2].

Ноқат *(Cicerarietinum*L.) - биіктігі 60 см-ге дейін жететін бұршақ тұқымдастарына жататын бір жылдық өсімдік.

Сабағы қатты, бұтақтанған, жатып қалмайды. Жапырақтары түйіршіктелген, гүлдері әдетте ақ немесе қызыл-күлгін. Ноқат – өздігінен тозаңданатын өсімдік, дегенмен айқас тозаңдану мүмкіндігі жоққа шығарылмайды. Бүршіктері қысқа, ісінген, 1-3 тұқымы бар. Тұқымдары дөңгеленген, сәл бұрышты, мұрынды (қозы басына ұқсас). Өсімдік безді түктермен жабылған, бұл оны көптеген жәндіктер зиянкестерінің зақымдануынан қорғайды.

Ноқат – құрғақшылыққа төзімді, басқа дәнді бұршақ дақылдарына қарағанда жоғары температураға жақсы төзеді. Ылғалды жерлерде және жаңбырлы жылдары саңырауқұлақ ауруларымен (аскохитоз, фузариоз және т.б.) зардап шегеді. Ноқат суыққа төзімді, оның көшеттері -11 ° С дейін аязға төзімді. Орта Азия жағдайында қыстайтын формалар бар. Ол бұршақ қоңызымен аз зақымданады, бірақ ноқат шыбынынан зардап шегеді. Бұршақтың көптеген сорттары жарылып кетпейді. Ол қара және қара қоңыр топырақтарда жақсы, ал сортаң топырақта нашар өседі.

Ноқат өсіру үшін оңтайлы климат - тропикалық немесе субтропиктік климат, ең аз жылдық жауын-шашын шамамен 400 мм. Қорытылатын протеиннің шығымдылығы бойынша ноқат біздің аймақтағы негізгі дәнді-азықтық дақыл арпадан әлдеқайда жоғары. 100 кг ноқатта 19,5 кг сіңімді ақуыз болса, 100 кг арпада 8,5 кг болады. Ноқат ақуызы маңызды аминқышқылдарының, әсіресе лизиннің жоғары мөлшерімен сипатталады. 1 кг ноқат дәнінде оның мөлшері 31,8 г, арпаның 1 кг – 4,1 г.

Ноқаттың жемдік артықшылықтарымен қатар, оның құндылығы азотпен байыту арқылы топырақтың құнарлылығын арттыруда. Ноқат жаздық қатты бидайдың тамаша алғы дақыл болып табылады. Станцияның көп жылғы мәліметтері бойынша ноқаттан кейін егілген қатты бидайдың өнімділігі күздік бидайға қарағанда 25 пайызға жоғары.

Азықтың протеин бойынша теңгерімсіздігі үлкен мөлшерде артық шығынға әкеледі. Бір жағдайда 1 кг салмақ қосуға 6-7 кг жем, екіншісінде 10-11 кг жем жұмсалады.

Батыс Қазақстан облысында бұл дақылдың егіс көлемі 3 мың гектарға жетті. Соңғы жылдары бұл көрсеткіш 300-ден 1500 гектарға дейін өзгерді. 2025 жылға дейін бұл көрсеткішті 2000 мың гектарға жеткізу жоспарлануда.

Өндірілетін астық, әдетте, шаруашылық мақсаттарына жіберіліп, малға концентрлі қоспалар ретінде рационға беріледі. Нарықтың, әсіресе экспорттық сұраныстың артуына байланысты егіс көлемін ұлғайту, өнімдірек сорттарды пайдалану қажеттілігі туындады.

Өнімді арттыруда жаңа сорттар маңызды рөл атқарады. Батыс Қазақстан облысында ноқаттың екі сорты шығарылды: Краснокутск селекциялық тәжірибе станциясында өсірілген «Юбилейный» (аудандастырылған жылы 1967 ж.) және Волгоград мемлекеттік ауыл шаруашылығы академиясында өсірілген «Волгоградский 10» (1990 жылы аудандастырылған). 2021 жылдан бастап өңірге Ресейдің Краснодар өлкесінің ғылыми-зерттеу институты шығарған ноқаттың Ровен сорты шығарылды. Батыс Қазақстан аймағы үшін өткен жылдарда осы дақылға зерттеу жүргізілген 2 жаңа «Ер-Сұлтан» және «Деркул» сорттары жасалып, базалық шаруашылықта өндірістік сынақтан өтіп, көбейтілуде.

Бұршақ тұқымдастардың ішіндегі құрғақшылыққа ең төзімдісі ноқат екені белгілі. Күшті тамыр жүйесі және ылғалды үнемді пайдалану арқасында ноқат жазда жиі құрғақшылықтан зардап шегетін аймақтарда өсіруге өте қолайлы. Бұл құрғақ және ыстық жағдайда тұрақты өнім бере алатын жалғыз бұршақ дақылы.

Метеорологиялық көрсеткіштер бойынша 2021 жылдың күз мезгілі жылы және құрғақ болды. Температура режимі облыс бойынша дәстүрлі көрсеткіштерден ерекшеленді: қыркүйекте нормадан 7,3^{0}С төмен, қазан және қарашада сәйкесінше 0,6 және 1,9^{0}С жоғары болды. Қыркүйек-қарашадағы жауын-шашын мөлшері орташа жылдық нормадан (96 мм) 17,7 мм төмен болды, бұл негізінен қыс мезгіліне дейін топырақта ылғалдың әлсіз жиналуына ықпал етті.

Вегетациялық кезеңнің алғашқы айларының температуралық режимі де тұрақсыз болды, яғни сәуірде жылу 3,5^{0}С артық, ал мамырда 3,6^{0}С жетіспеушілік 28 мм қалыптыға қарсы 38,2 мм болды. Жалпы көктем ұзақ, салқын жаңбырлы болды.

Метеорологиялық жағдайларға сәйкес маусым-шілде айларындағы үздіксіз ауа құрғақшылығы топырақтағы ылғалдың жоғалуына әкелді. Маусымдағы жауын-шашын мөлшері 8,0 мм, 33,0 мм. Осылайша, өсімдіктердің вегетативті массасының жиналуы (түзілуі) атмосфералық және топырақ құрғақшылығының экстремалды жағдайында өтті. Шілдеде жағдай аздап өзгерді.

Орташа тәуліктік температура 23,2^{0}С, норма бойынша 22,9^{0}С болды. Жауын-шашын 40 мм жылдамдықпен небәрі 15 мм болды. Шілде айының 3-ші онкүндігінен бастап, тамыз айы бойы жауын-шашын аз болды. Тамыз айында орташа тәуліктік температура 24,2^{0}С, норма бойынша 21,1^{0}С болды. Шілдеде орташа тәуліктік температураның ауытқуы +0,3 градус, тамызда +3,1 градус болды. Шілдеде жауын-шашынның болмауы -25 мм, тамызда -25,9 мм болды. Қыркүйек айында жауын-шашын мөлшері 30,9 мм, айлық нормасы 29 мм.

Тәжірибе учаскесінің топырақтары қара қоңыр ауыр сазды. Егістік горизонтында 2,74% қарашірік бар. Фосфордың жылжымалы түрлерінің болуы орташа – 13,7 – 16,3 мг/кг топырақ. Сілтілік гидролизденетін азот мөлшері өте аз – 25 мг/кг, алмаспалы калий – топырақта 466 мг/кг.

Селекциялық-тұқымдық ауыспалы егісте жаздық бидайдың алғы дақылы бойынша тәжірибе жинақталды. Егістік алдындағы өңдеу ОПО-4.25 қопсытқышымен жер бетін өңдеуден, одан кейін сақиналы шығыршықтармен нығыздаудан тұрады.

Егіс 6 мамырда өздігінен жүретін «Wintersteiger TC» сепкішімен жүргізілді. Ноқаттың болжамды себу нормасы 1 га жерге 0,8 млн өнгіш дәнді құрайды. Тұқым себу

тереңдігі 6-7 см. Егуден кейін топырақты ЗККШ-6 катогымен нығыздайды. Өскіндер көктегеннен кейін егіс қатарлар бойымен тырмаланған.

Өнімділік деректері дисперсияны талдау арқылы өңделеді. Тәжірибе күнтізбелік жоспарға сәйкес қойылды (1-кесте).

Кесте 1- Ноқатты экологиялық сұрыптау бойынша жұмыс кестесі мен көлемі

Питомник	2022 жыл			
	үлгілері	мөлдектер	учаскелер өлшемі, м^2	қайталау
Ноқаттың экологиялық сорттарын сынау	50	186	21	3

Ноқаттың экологиялық питомнигінде биыл 50 сорты болды. Питомникте үлгі негізгі экономикалық құнды белгілері бойынша бағаланды.

Егіс гектарына 0,8 млн дана дәнді дақыл себумен жүргізілді. Өсімдікті есептеулер стандартты Юбилейный сортының егістік өнгіштігі 63 дана/м^2 болғанын көрсетті. Үлгілер 63 дана/м^2-ден 73 дана/м^2-ге дейін болатын жоғары далалық өнуді қамтамасыз етті. Ең жоғары өну F 98-30 (74шт/м^2), ЗК-7 (73шт/м^2), ТН 45/01 (73шт/м^2), Деркул (72шт/м^2) сорттарында болды. Питомникте егін жинауға арналған өсімдіктердің сақталуы сорттар бойынша 91%-дан - 96%-ға дейін ауытқиды.

Экологиялық питомникте жүргізілген фенологиялық бақылаулар вегетациялық кезеңнің құрғақ жағдайында барлық зерттелген саны мен сорттары 79-85 күндік вегетациялық кезеңмен ерте пісетіндігін көрсетті. Өскіннен гүлдену кезеңіне дейінгі кезеңнің орташа ұзақтығы 35 күн болды.

Ағымдағы жылдың климаттық жағдайында іріктелген сорттардың өсімдік биіктігінде ауытқу 33,4-41,2 см аралығында болды.

Ноқаттың жоғары сапалы механикаландырылған жиналуы көп жағдайда сорттың биологиялық ерекшеліктеріне және ауа-райының қолайлы жағдайларына, төменгі бұршақты бекіту биіктігіне байланысты.

Орташа алғанда сорт үлгілеріндегі төменгі бұршақтың бекіну биіктігі 19,3 см-ден 24,7 см-ге дейін ауытқиды.

Төменгі бұршақтың стандартқа бекінуі орта есеппен 19,2 см деңгейінде белгіленді.

Ағымдағы жылы барлық зерттелген ноқат үлгілері зиянкестер мен ауруларға төзімді болды. Батыс Қазақстан облысының жағдайында ноқат шыбыны, бұршақ қоңызы, бұршақ көбелегі іс жүзінде зақымдамайды. Ағымдағы жылы ноқат улы зиянкестермен – мақта көбелегімен, кеміргіш зиянкестермен аздап зақымдалды. Жоғары температурада және төмен атмосфералық ылғалдылықта аурулардың (аскохитоз, тат) көрінісі байқалған жоқ.

Тәжірибеде егін жинау ылғалдылығы 14% болған Юбилейный стандартының астық өнімділігі 9,1 ц/га құрады. Бұл көрсеткіштен айтарлықтай асып кету 16 сортта алынды, оның ішінде 0,3-2,5 ц/га артық сорттар мен сорт үлгілері: Приво 1, F 97-121, F 97-60, Lin C-93, F 02-10.

Стандарт сорттың 1000 дәнінің салмағы орта есеппен 224,7 г құрады. Шығымдылығы бойынша ерекшеленетін барлық сорттардың салмағы 1000 дәнді құраған: ең жоғары көрсеткіш 260,4 г - F 97-60 сорты болды.

«Краснокутск ауылшаруашылық тәжірибе станциясы» федералдық мемлекеттік бюджеттік ғылыми мекемесінің [2] зерттеу мәліметтері бойынша, сіңімді протеиннің шығымдылығы жағынан ноқат біздің аймақтағы негізгі дәнді-азықтық дақыл арпадан әлдеқайда жоғары. 100 кг ноқатта 19,5 кг қорытылған протеин, 100 кг арпада - 8,5 кг болады. Ноқат ақуызы маңызды аминқышқылдарының, әсіресе лизиннің жоғары мөлшерімен сипатталады. 1 кг ноқат дәнінде оның мөлшері 31,8 г. Мал азықтық өлшемдердің шығымы бойынша ноқаттың 4 сорты ең өнімді болды (2 кесте).

Кесте 2 - Ноқат дәніндегі негізгі химиялық көрсеткіштердің сипаттамасы

Сорт	Мал азықтық өлшем	Қорытылатын протеин, г / кг
Юбилейный, ст.	1,27	23,0
Приво 1	1,32	24,2
Ер-Султан	1,30	23,0
ЗК-7	1,32	24,2
Деркул	1,30	22,8

Юбилейный (стандарт) сортының дәнінде қорытылатын протеин мөлшері 23 г/кг құрады. Бұл көрсеткіштер Приво 1 және ЗК-7 сорттарында жоғары.

Ноқаттың өнімдірек сорттарын өсірудің экономикалық тиімділігін бағалау үшін экологиялық сорт сынау нәтижелері бойынша іріктеліп алынған Деркул, Ер-Сұлтан сорттары таңдалды. Осылайша, ноқат Қазақстанның батыс өңірі үшін маңызды дақылға айнала алатыны сөзсіз, өйткені оның егіншіліктің жоғары мәдениетімен жүзеге асатын әлеуетті мүмкіндіктері бар.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1 Бушулян О., Сичкарь В. Нут как новый козырь севооборота / Земледелие. - 2011 - №7

2 Германцева Н.И., Калинина Г.В., Селезнева Т.В. Роль мировой коллекции в селекции нута // Сборник научных трудов, посвященный 135-летию Г.К. Мейстера и 100-летию со дня основания Аркадакской опытной станции. ГНУ НИИСХ Юго-Востока. Саратов. -2009.- С. 137-141.

3 Методика Государственного сортоиспытания сельскохозяйственных культур. Алматы.- 2002.

4 Методика определения экономической эффективности использования с/х результатов научно-исследовательских работ, новой технологии, изобретений и рационализаторских предложений. – М.: Колос.- 1989.

5 Методика полевого опыта. Доспехов Б.А. -1985.

6 Жуматаева Д., Айткалиева Г., Баянтасова М., Тулегенова Д.К., Шектыбаева Г.Х. Ноқат сорттарының сапалық көрсеткіштері //Журнал « Ғылым және білім» БҚАТУ Жәнгір хан атындағы. Халықаралық ғылыми- практикалық конференция « Ғылымға жол-2022». Орал қ. 15.04.2022ж. - Бет. 226-231

7 Шектыбаева Г.Х., Лиманская В.Б., Касенова А.С. Ноқат сортүлгілерінің шаруашылықтық құнды белгілері //Халықаралық ғылыми-практикалық конференция «Өсімдік шаруашылығын климаттың жаһандық өзгеру жағдайларына бейімдеу: Проблемалар мен шешу жолдары» КазНИИЗиР 24-25 маусым 2022ж. – Алмалыбақ, 2022. - Бет. 224-227.

8 Лиманская В.Б., Шектыбаева Г.Х. Потенциальные возможности возделывания сортов нута на зерно в засушливых условиях Западно-Казахстанской области //Материалы Международной научно-практической конференции, посвященной 140-летиию со дня рождения академика ВАСХНИЛ П.Н. Константинова. В сборнике: Роль современной селекции и агротехники в мерах борьбы с засухой. 2017.-С. 77-81.

9 Брабарян А.А.,Матевосян Л.Г., Шабоян Г.Г., Казарян Р.Г., Алиханян Н.А. Экологические испытания сортов нута в разных почвенно-климатических условиях Республики Армения. /Евразийский союз ученых. 2020. №8-5(77). С.55-57.

10 Хасанова Г.Ж., Куришбаев А.К., Джатаев С.А. Определение засухоустойчивости коллекционных образцов нута по физиологическим и анатомо-морфологическим признакам /3i:Intellect, Idea, Innovation-интеллект, идея, инновация. 2020.№2. С.166-176.

11 А.В.Балашов. Результаты государственного сортоиспытания нута в волгоградской области /Известия, 2019г. Нижневолжского агроуниверситетского комплекса: наука и высшее профессиональное образование.

РЕЗЮМЕ

В статье дан обзор зернобобых культур, среди которых выделен нут – как перспективная, засухоустойчивая, неприхотливая к условиям выращивания и высокоурожайная зернобобовая культура.

RESUME

The article provides an overview of leguminous crops, among which chickpea is singled out as a promising, drought-resistant, undemanding to growing conditions and high-yielding leguminous crop.

УДК 332.33(574.1)
Білім алушы: Есенғалиева Ш.С., студент
Ғылыми жетекші: Утегалиева Н.Х., магистр, аға оқытушы
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті»КеАҚ, Орал қ.

БҚО БОЙЫНША ЖЕР РЕСУРСТАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

ТҮЙІН

Мақалада аймақтың ерекшеліктерін ескере отырып, үнемі суармалы жерлердің болуы мен қазіргі жағдайы мен пайдалану тиімділігін талдау нәтижелері келтірілген. Суармалы жерлерді пайдаланудың динамикалық өзгерістеріне салыстырмалы талдау келесі әдістерді қолдана отырып жүргізілді: суармалы жерлердің болуы мен пайдаланылуын қашықтықтан талдау әдістері; үнемі суармалы жерлердің жай-күйіне әсер ететін факторларды анықтауға мүмкіндік беретін деректерді бақылау және топтастыру әдісі.

Түйін сөздер*: тұрақты суару, ұтымды пайдалану, тиімділік, суармалы жерлерді, дақылдарды пайдалану қарқындылығы.*

Жерді ұтымды пайдалану жер құқығының маңызды принциптерінің бірі болып табылады. Құқық қағидаты ретінде жерді ұтымды пайдалану жер иелерінің, жер пайдаланушылардың, жер иелерінің оларды тиімді пайдалануын талап етуде көрінеді. Бұл қағидаттың мазмұны жерді пайдалану мен қорғауға қойылатын жалпы талаптармен де, белгілі бір санаттағы жердің құқықтық режимінің ерекшелігімен де анықталады. Ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалану кезінде бұл қағидат ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін сонымен қатар құнарлылығын арттыруды, осы жерлерді тиімді экономикалық пайдалануды ұйымдастыруды талап етеді және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиісінше қорғауды көздейді.

Суармалы аймақтардың ауыл шаруашылығында суармалы гектардың қарқындылығын арттырудың бастапқы міндеті жақсартатын іс-шараларды жүргізу негізінде жер жамылғысының экономикалық құнарлылығын және суармалы жердің әрбір гектарының өнімділігін барынша арттыру болып табылады.

Жер ресурстарын ұтымды пайдалану және қорғау мәселесі қоршаған ортаны қорғаудағы ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады, өйткені ол табиғаттың ең құнды сыйлықтарының бірі – топырақ пен оның құнарлылығын пайдалана отырып, адам тағамдарын өндірумен байланысты.

Ұтымды деп олардың жоғары әлеуметтік, экономикалық және экологиялық тиімділігіне кепілдік беретін заманауи ғылыми-техникалық тәсілдерге сәйкес жерді нысаналы мақсаты бойынша пайдалану түсініледі. Қазіргі қоғамда жер аумағын үнемі ұлғайтуды қажет етпейтін халық шаруашылығының мұндай саласы жоқ. Жерге деген сұраныс әрдайым және сөзсіз оның ресурс ретіндегі құндылығының өсуіне әкеледі.

Жерге орналастыру органдарының елдің жер қорын жақсарту жөніндегі жұмыстарының әлеуметтік маңыздылығын асыра бағалау қиын. Бұл үлкен мемлекеттік маңызы бар әлеуметтік, саяси жұмыс сияқты техникалық, құқықтық, экономикалық емес. Жер кодексінде жерді қорғау оларды ұтымды пайдалануға, ауыл шаруашылығы айналымынан негізсіз алып қоюдың алдын алуға, зиянды антропогендік әсерлерден қорғауға, сондай-ақ шабындықтарды, жайылымдарды және орман қоры жерлерін молықтыру мен өнімділігін арттыруға бағытталған ұйымдастырушылық, экономикалық, құқықтық және басқа да іс-шаралар жүйесі түрінде қаралады.

Жер ресурстарын ұтымды пайдалану және қорғау өзара байланысты. Міндет-жер байлығын дұрыс пайдалану, сонымен бірге олардың құнарлылығын көбейту, жерді эрозияның әртүрлі түрлерінен қорғау, топырақтың құнарлы қабатын көбейту және т. б.

Жерді ұтымды пайдаланудың экономикалық маңыздылығы тұрақты мәнге ие.

Тиімділік ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерден ауыл шаруашылығы өнімінің барынша көп мөлшерін алуға және ауыл шаруашылығы емес өндірісті жүргізу үшін жер учаскелерінің ең аз мөлшерін бөлуге қажет.

Антропогендік әсердің деградациясы – эрозия мен тұздану, ластану, тау-кен қазбаларындағы бұзушылықтар және т.б. салдарынан ең құнды Жер ресурстарын ауылшаруашылық айналымынан үнемі алып тастауға байланысты процестерге қарамастан, қоғам жердің өндірістік қасиеттерін жақсартуға мүдделі. Бұл мәселені шешу ауылшаруашылық өндірісінде ең өзекті болып табылады.

Жалпы Батыс Қазақстан облысы бойынша 1991 жылға дейін 311,8 мың га суармалы жер тіркелген. Қазіргі уақытта 55,8 мың гектар тұрақты суармалы жердің 3500 гектары нақты пайдаланылуда. Қалған 49,2 мың га суармалы жерлер суармалы жерлер құрамының айналымынан тиімсіз пайдаланылуына және суару жүйелерінің бұзылуына байланысты шықты. ArcGIS бағдарламалық қамтамасыз ету дерекқорының негізінде облыс аудандарының шекараларын пайдалана отырып, тұрақты суару жерлерінің аумақтары бойынша картограмма салынды (1-сурет).



Сурет 1 – Тұрақты суару жерлері

Бұл картограммада жіктеуге сәйкес тұрақты суару жерлерін пайдаланудың болуы көрсетілген.

Статистикада жердің жай-күйі, ең алдымен, тұрғысынан қоғамдық позициялардан қарастырылады оларды экономикалық пайдалануға жарамды, әсіресе ауылшаруашылық өндірісі үшін. Ол үшін қосымша жіктеулер қолданылады және жердің жай-күйін ашатын және соңғы жылдардағы салыстыратын құрылымның көрсеткіштерін есептейді. Жердің ауылшаруашылық өндірісіне жарамдылығын жердің жалпы ауданындағы суармалы жерлердің көрсеткіші бойынша бағалауға болады.

Облыс аумағының өзіне тән ерекшелігі ауыл шаруашылығы өндірісінің нәтижелерінің жылдың құрғақшылығына қатты тәуелділігі болып табылады. Құрғақ жылдары астық өндірісі мен мал шаруашылығының жемшөп базасы күрт төмендейді.

Осылайша, жер қоры негізінен жайылымдық жерлер мен шабындықтармен ұсынылған, облыста табиғи шабындықтар мен шалғындарды табиғи пайдалануға негізделген ауыл шаруашылығының негізінен мал шаруашылығы бағыты қалыптасты.

Облыста мал шаруашылығын дамыту үшін ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқаптарының ауданын ұлғайту және жемшөптің едәуір мөлшерін алу қажет.

1-кестеде 2022 жылы Батыс Қазақстан облысының аудандары бойынша Ауыл шаруашылығы дақылдарының қанша гектар егіс алқабы (алдын ала) бөлінгені, оның ішінде ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына берілген жер көлемі және жеке кәсіпкерлер мен жұртшылықтың шаруашылықтарына қанша гектар бөлінгені нақты көрсетілген.

Кесте 1 - Аудандар бойынша ауыл шаруашылығы дақылдарының (алдын ала) егістік алқабы, гектар

	Шаруашылықтың барлық санаттары	Оның ішінде		
		ауыл шаруашылық кәсіпорындары	дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтары	жұртшылық шаруашылығы
Батыс Қазақстан облысы	586 158,3	203 968,7	376 532,3	5 657,3
Ақжайық	2 397,0	7,5	2 134,7	254,8
Бөкей Орда	261,0	-	200,0	61,0
Бөрлі	66 939,1	16272,0	50 451,6	215,5
Жаңақала	160,0	-	100,0	60,0
Жәнібек	600,0	200,0	266,5	133,5
Бәйтерек	249 535,8	114 819,7	133 088,3	1627,8
Казталов	1 544,0	642,0	816,6	85,4
Қаратөбе	1 155,0	270,0	802,0	83,0
Сырым	21 226,0	1780,0	19 076,8	369,2
Тасқала	42 345,2	5252,0	36 973,0	120,2
Теректі	140 768,8	44 210,4	96 136,2	422,2
Шыңғырлау	33 833,0	1 999,0	31 788,0	46,0
Орал қаласы	25 393,4	18 516,1	4 698,6	2 178,7

Кестедегі мәліметтерге қарайтын болсақ, шаруашылықтың барлық санаттары бойынша басты назарға алынып отырған Бәйтерек ауданы, сәйкесінше 586 158,3 гектардың 249 535,8 гектары тиесілі. Атап айтсақ, ауыл шаруашылық кәсіпорындарына 114 819,7 гектар, дара кәсіпкерлерге 133 088,3 гектар, жұртшылық шаруашылығына 1627,8 гектар бөлінген. Яғни бұл дегеніміз жалпы шаруашылықтың барлық санаттарына берілген жердің 42,5 % - ын алып отыр. Аз көлем жердің үлесі Жаңақала ауданына тиесілі. Шаруашылықтың барлық санаттарының көлемі Жаңақала ауданында 160 гектар. Бәйтерек ауданы мен Жаңақала ауданының көрсеткіштерін салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, Бәйтерек ауданының 0,06 % ғана құрайды. Бұл әрине үлкен айырмашылықты құрайды.

Жерді ұтымды пайдалану, топырақтың құнарлылығын арттыру-маңызды міндеттердің бірі. Нарықтық экономика жағдайында мемлекеттің жер ресурстарының әлеуетін тиімді пайдалану проблемасы болып жатқан реформалардың басым бағыты ретінде қарастырылуы тиіс. Жер ресурстары-маңызды ұлттық қазына, елдің қоғамдық байлығы мен адамдардың әл-ауқатының басты көздерінің бірі, экономиканың барлық

салаларын дамытудың негізгі объектісі. Барлық кезеңдерде жер реформасы басты мақсатқа - жерді пайдалану тиімділігі мен қорғауды арттыруға, оның өндірістік қасиеттерін сақтауға бағынуы керек. Әлемдік қоғамдастықта мемлекеттердің жерді пайдалану мен иелік ету талаптарын күшейте отырып, бақылау функцияларын көбірек қабылдауы туралы көптеген мысалдар бар.

2022 жылғы деректерді осыдан 5 жыл бұрынғы, яғни, 2018 жылдың көрсеткіштерімен салыстырып қарайтын болсақ, үлкен өзгерісті байқауға болады.

2 кестеде 2018 жылғы аудандар бойынша ауыл шаруашылығы дақылдарының (алдын ала) егістік алқабы бойынша мәліметтерін көре аламыз. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалануды жақсартуда аумақтарды ұйымдастырудың инновациялық жобаларын енгізу, егіншілік мәдениетін арттыру, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің белгіленген технологиясын сақтау, ұсынылатын ауыспалы егістерді енгізу және игеру, эрозияға қарсы және басқа да табиғатты қорғау іс-шараларын жүзеге асыру бірінші кезектегі маңызға ие.

Осы бағыттардың ішінде өнімділікті арттыру және топырақтың құнарлылығын сақтау басым болып табылады.

Кесте 2 - Аудандар бойынша ауыл шаруашылығы дақылдарының (алдын ала) егістік алқабы (2018), гектар

	Шаруашылықтың барлық санаттары	Оның ішінде		
		ауыл шаруашылық кәсіпорындары	дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтары	жұртшылық шаруашылығы
Батыс Қазақстан облысы	513 242,1	160 991,2	346 372,7	5 878,0
Ақжайық	927,0	-	691,8	235,2
Бөкей Орда	80,0	-	-	80,0
Бөрлі	52 732,8	16 644,0	35 571,5	517,3
Жаңақала	70,0	-	18,3	51,7
Жәнібек	460,0	-	338,6	121,4
Бәйтерек	225 032,9	99 934,7	123 620,4	1477,8
Казталов	475,0	-	344,1	130,9
Қаратөбе	98,0	-	8,5	89,5
Сырым	17 831,5	2 790,0	14 603,0	438,5
Тасқала	33 352,6	5 149,0	28 115,5	88,1
Теректі	133 984,1	24 313,0	109 212,7	458,4
Шыңғырлау	28 897,0	1 034,0	27 824,5	38,5
Орал қаласы	19 301,2	11 126,5	6 023,8	2 150,9

2-кесте бойынша да шаруашылықтың барлық санаттары бойынша берілген жер көлемі жөнінен бірінші орында Бәйтерек 225 032,9 гектар, соңғы тұрған Жаңақала ауданы 70,0 гектар. 5 жылдың ішінде біраз айырмашылық бар екені көрініп тұр. Бұл дегеніміз егін алқабына берілген жер көлемі жылдан – жылға артуда.

Жалпы, облыс бойынша тұрақты суармалы жерлердің жалпы ауданынан суармалы жерлердің тек 6,5% - ы ғана пайдаланылды, ал ең аз суармалы жерлер облыстың Теректі және Сырым аудандарында пайдаланылады.

Суармалы жерлердің неғұрлым белсенді шоғырлануы бар ауылдық жерлер Алмалы және Шаған ауылдық округтері болып табылады (үлес салмағы тиісінше 14,01 және

52,1%). Пайдаланылатын суармалы жерлердің басым бөлігі алмалы, Шаған және Тасқала ауылдық округтерінде шоғырланған (тиісінше 28,76, 17,47 және 5,32%).

Талданатын суармалы жерлер қандай дақылдар үшін пайдаланылатынын қарастыру ерекше назар аударуды талап етеді.

Суармалы жерлердің көп бөлігі көкөністердің астында орналасқан. Ақжайық ауданында сүрлемге арналған жүгері 47 га суармалы жерді алып жатыр. Облыстың қалған суармалы жерлерін 30,19% үлесімен бақша дақылдары алып жатыр. Суармалы жерлердегі бақша дақылдары Зеленов ауданын қоспағанда, қарастырылып отырған барлық аудандарда өсіріледі.

Ең күрделі және көп қырлы-жерді ұтымды пайдалану ұғымы. Ұтымдылық мағынасы бойынша жерді пайдаланудың орындылығын, яғни жер бөлудің белгілі бір өндірістің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігін білдіреді. Сондықтан рационалдылықты тек ауыл шаруашылығымен немесе басқа саламен байланыстыруға болмайды. Кез-келген жер учаскесін пайдалану сипаты әр түрлі болуы мүмкін болғандықтан, оны анықтаудың негізі, демек, ұлттық экономикалық оңтайлылық принципі жер қорын ұтымды пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралардың негізі болуы керек. Бұл қағида белгілі бір шешімдер қабылдаған кезде олардың халық шаруашылығының одан әрі дамуына оң әсерін тигізбеу керек дегенді білдіреді. Қазіргі жағдайда бұл шешім немесе болжам барлық мүмкін жағдайлардың ішіндегі ең жақсысы екеніне сенімділік қажет. Қазіргі жағдайда бұл шешім немесе болжам барлық мүмкін жағдайлардың ішіндегі ең жақсысы екеніне сенімділік қажет. Мұндай сенімділік кез-келген "әмбебап" индикатормен емес, тек әлеуметтік-бағдарланған экономиканың мақсатына, сондай-ақ өндіріс процесінің нақты міндеттеріне сәйкес келетін өлшенетін көрсеткіштер жүйесімен негізделуі мүмкін [27].

Табиғатты ұтымды пайдалану деп пайдаланылатын табиғи объектілерді де, тұтастай алғанда қоршаған табиғи ортаны да қорғау талаптарын бір мезгілде сақтай отырып, табиғат пайдалану мақсаттарын жүзеге асыруда қажетті экономикалық тиімділікке қол жеткізу түсініледі.

Өздеріңіз білетіндей, кеңейтілген көбею-бұл бүкіл халық шаруашылығында біртұтас тұтастық ретінде жүзеге асырылатын жоспарлы, реттелетін процесс. Ол қоғамдық өнімді, жұмыс күшін және өндірістік қатынастарды көбейтуді қамтиды. Көбею әртүрлі салалар мен кәсіпорындардың органикалық үйлесімі мен бірлігімен сипатталады. Нәтижесінде жекелеген кәсіпорындарда көбею бүкіл мемлекет көлемінде тікелей қоғамдық ұдайы өндірістің құрамдас бөлігі ретінде әрекет етеді.

Көбею процестері бір-бірімен тығыз байланысты болғандықтан, жер қорын пайдалану халық шаруашылығының барлық байланыстарын қамтамасыз ететін, әртүрлі мүдделердің органикалық үйлесіміне қол жеткізетін етіп реттеледі.

Нарықтық экономика жағдайында мемлекеттің жер ресурстарының әлеуетін тиімді пайдалану проблемасы болып жатқан реформалардың маңызды бағытына айналса, ал жерге орналастыру бағыты үшін бұл басты міндетке айналды. Өткен жылдардағы объективті және субъективті себептерге байланысты олар негізінен жерді қайта бөлумен, жаңа шаруашылық жүргізуші субъектілерді ұйымдастырумен айналысты. Жерді пайдалану мен қорғауда бірқатар проблемалар бар. Ауыл шаруашылығы айналымынан ауыл шаруашылығы алқаптарының едәуір саны шығарылып, қорға ауыстырылды. Егістік алқабы қысқарып, оның аумағында ауыспалы егіс жүйесі бұзылды, көптеген жағдайларда дақылдарды өсіру технологиясы сақталмайды, суармалы жерлердің ауданы азайды. Көптеген шаруашылықтарда суару желісі бұзылған. Нәтижесінде осы жағымсыз проблемаларды жою шаралары қажет [23].

Жалпы Батыс Қазақстан облысы бойынша 1991 жылға дейін 311,8 мың га суармалы жер тіркелген. Қазіргі уақытта 55839 га тұрақты суару жері және 255985 га жайылмалы суару жері бар.

Тұрақты суару негізінен жемдік біржылдық дақылдар мен жасыл жем үшін жоңышқа өсіру үшін пайдаланылды. Алайда, соңғы жылдары ол негізінен көкөніс дақылдарын, картоп пен түйнек дақылдарын, қарбыз мен қауын өсіру үшін қолданылады. Ақжайық ауданында сүрлемге арналған жүгері 47 га суармалы жерді алып жатыр. 55,8 мың гектардың 6,5 мың гектарына жуығы суармалы жерлер пайдаланылуда. Қалған 46,2 мың га суармалы жерлер суару жүйелерінің бұзылуына байланысты іс жүзінде пайдаланылмайды. Үнемі пайдаланылатын суармалы жерлердің ең үлкен ауданы Теректі,

Ақжайық, Зеленов аудандарында шоғырланған. Сонымен қатар, ең аз суармалы жерлер облыстың Теректі және Сырым аудандарында қолданылады.

Су үнемдеу технологиясын қолдана отырып, суару алаңы облыс бойынша 4232 га құрайды, ол Зеленов ауданының суармалы жерлерінде тиімді көрінеді, онда бүрку және тамшылатып суару қолданылады. Бүріккіш машиналарды қолдану, өз кезегінде, дақылдардың өнімділігін 1,5–2 есе арттыруға мүмкіндік береді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1.Спектр М.Д. Оценка использования земельных ресурсов . – Астана: Фолиант, 2016. – 300 с.

2.Концепция инвестиционной отраслевой программы развития орошаемого земледелия на 2018-2027 г.г. - Астана, 2018. – 35 с.

3. Джигильдиева Ж.Г. Землеустроительное проектирование: учебное пособие/ Ж.Г. Джигильдиева. – Алматы, Альманахь, 2019 – 98 б.

4. Спектор М.Д. Земельно – хозяйственное устройство и планировка сельских населенных мест: Учебник/М.Д.Спектор. – Астана: Фолиант, 2014 – 336 с.

5. Утегалиева Н.Х. Жерге орналастыру және кадастр негіздері. Оқу құралы/ Н.Х. Утегалиева, Ж.Б. Тасанова – Алматы, Альманахь, 2019 – 108 б.

6. Тасанова Ж.Б. Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау: оқу құралы/ Ж.Б.Тасанова, Н.Х.Утегалиева. – Орал: Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, 2022 – 101 б.

7. Утегалиева Н.Х. Кадастрлық бағалау және жерді аймақтарға бөлу: оқу құралы / Н.Х.Утегалиева, Б.М.Мусаева. – Орал: Жәңгір хат атындағы БҚАТУ, 2022. – 97 б.

8. Әймен Ә.Т Аграрлық құрылымдардағы жер ресурстарын тиімді пайдалануды ұйымдастыру/ Әймен Ә.Т., Ахметов Е.С. – Алматы, «Отан» баспасы, 2021. – 108 б.

9.Статистические данные Республики Казахстан «Сельское, лесное и рыбное хозяйство Казахстана 2018-2022». Статистическое агентство Республики Казахстан. http://stat.gov.kz

РЕЗЮМЕ

Выявлены и рекомендованы методы эффективного использования земельных ресурсов Западно-Казахстанской области и их значительный вклад в сельское хозяйство и экономику страны. При этом вывод сделаем, сравнив количество обрабатываемых земель с показателями пятилетней давности. Выделять деньги из бюджета страны на удобрение сельскохозяйственных угодий, активно заниматься охраной природы от эрозии. Ставя на первое место развитие рыночной экономики и увеличивая пахотные земли. Путем увеличения посевных площадей с учетом других природных условий, с учетом применения методов водной эрозии, ветровой эрозии, эрозии почв.

RESUME

Methods for the efficient use of land resources in the West Kazakhstan region and their significant contribution to agriculture and the country's economy have been identified and recommended. At the same time, we will draw a conclusion by comparing the amount of cultivated land with the indicators of five years ago. To allocate money from the country's budget for the fertilization of agricultural land, to actively engage in the protection of nature

from erosion. Putting the development of a market economy in the first place and increasing arable land. By increasing the area under crops, taking into account other natural conditions, taking into account the use of methods of water erosion, wind erosion, soil erosion.

ӘОЖ 006.034
Білім алушы: Айтжанов Б.Б., т.ғ.б., магистрант
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Зерттеу Университеті, Алматы қ.
Ғылыми жетекші: Сакиева З.Ж., х.ғ.к., жетекші
Қазақ Ұлттық Аграрлық Зерттеу Университеті, Алматы қ.

ТАҒАМ ҚАУІПСІЗДІГІ: ТАҒАМДЫҚ ҚОСПАЛАР ҮШІН ЖАҢА ҚР СТ OIC/SMIIC 24-2022 ХАЛАЛ СТАНДАРТЫН НЕГІЗДЕУ

ТҮЙІН

Тағам өнімінің қауіпсіздігі ұлт денсаулығы мен елдің әл-ауқатының ажырамас құрамдас бөлігі саналады. Тағам өнімінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінде жазылған. Алайда халал призмасынан алып қарағанда бұл ТР құжаты мұсылмандардың қалауын қанағаттандырмайды. Осы орайда Халал өнімдеріне қатысты тағамдық қоспаларды қарастыратын нормативтік құжат әзірлеу қажеттілігі туындайды. «Халал» термині діни анықтамасынан бөлек қазіргі таңда «сапа», «қауіпсіздік» мағыналарының синониміне айналды.

Түйін сөздер: *қауіпсіздік, стандарт, халал, индекс, азық-түлік.*

Economist Intelligence Unit компаниясы әзірлеген және Corteva Agriscience демеушісі болып табылатын азық-түлік қауіпсіздігінің жаһандық индексі 113 елдің ішінде қолжетімділік, ассортимент, сапа мен қауіпсіздік және тұрақтылық пен бейімделу секілді төрт басты көрсеткішті қарастырады. Индекс бүкіл әлем бойынша көптеген елдерде азық-түлік қауіпсіздігін бағалаудың объективті негізін беретін 68 бірегей көрсеткіштерден құралған динамикалық сандық және сапалы бенчмаркинг үлгісі болып табылады. Азық-түлік қауіпсіздігі айналасында стандартталған метрик құру арқылы біз тұтынушыларды азық-түлік қауіпсіздігін қамтитын мәселелерді, соның ішінде рейтинг мен нәтижелерді зерттеп, саясаттар, бизнес-операциялар және болашақ зерттеулерге қатысты тұжырымдар жасай аламыз [1].

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде мәселелерді шешу мен проблемаларды зерттеу мақсатында 113 мемлекетте жүргізілген азық-түлік қауіпсіздігінің 11-ші жаһандық индексінің көрсетуінше, әлемдегі азық-түлік қауіпсіздігі үш жыл қатарынан нашарлап бара жатыр. Азық-түлік қауіпсіздігінің жаһандық индексі (АҚЖИ) келесі көрсеткіштер арқылы есептеледі:

- Қолжетімділік (Affordability): тұтынушылардың азық-түлік тауарларын сатып алу қабілеті өлшенеді.
- Ассортимент (Availability): ауылшаруашылық өндіріс пен ферма мүмкіндіктері, азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етудегі ұлттық потенциал өлшенеді.
- Сапа және қауіпсіздік (Quality and Safety): қарапайым тамақтану рационының әртүрлілігі мен тағамдық сапасы, сондай-ақ тағам өнімдерінің қауіпсіздігі өлшенеді.
- Тұрақтылық және бейімделу (Sustainability and Adaptation): климаттың өзгеруіне және оның салдары мен табиғи ресурстардың қауіп-қатеріне мемлекеттің төтеп бере алуы және осы қатерлерге бейімделе алу қабілеті өлшенеді.

Азық-түлік қауіпсіздігі – мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Бұл зерттеудің негізі ретінде 1996 жылғы Дүниежүзілік азық-түлік саммитінде (the 1996 World Food Summit) бекітілген азық-түлік қауіпсіздігінің анықтамасы пайдаланылады. Азық-түлік қауіпсіздігі – бұл белгілі бір елдің барлық адамдары әр уақытта белсенді және салауатты өмір сүру үшін қажетті қоректік тағамға физикалық, әлеуметтік және экономикалық тұрғыда қол жеткізе алатын жағдай. Бұл ретте Қазақстан Республикасының жаһандық индекстегі сипаттамасы мынадай: асқа жарымау (недоедание) көрсеткішінің таралуы – 2,5%; бой өсімі кідіріп қалған балалар үлесі – 6,7%; салмағы өте аз балалар үлесі – 2,0%; семіздік үлесі – 21,3%; адам даму индексі – 0,83 [2]. 2022 жылғы азық-түлік қауіпсіздігінің жаһандық индексінің (АҚЖИ) ашық деректеріне сүйенсек, Қазақстан 113 мемлекет арасында жалпы бағалау рейтингінде 32-орында жайғасты (индекс балы – 72,1, былтырмен салыстырғанда 5 балға жоғары, ал биыл Мажарстан (71,4 балл), Оңтүстік Корея (70,2 балл), Малайзия (69,9 балл), Түркия (65,3 балл) мемлекеттерінен жоғары). Ал негізгі төрт параметр бойынша статистика мынадай (1-сурет):



Сурет 1. - 2022 жылғы азық-түлік қауіпсіздігінің жаһандық индексі (АҚЖИ) рейтингіндегі Қазақстанның орны. *Дереккөз: Global Food Security Index 2022*

- Қолжетімділік (Affordability): 78,0 балл – 49-орын.
- Ассортимент (Availability): 67,2 балл – 23-орын.
- Сапа және қауіпсіздік (Quality and Safety): 76,3 балл – 32-орын.
- Тұрақтылық және бейімделу (Sustainability and Adaptation): 65,4 балл – 22-орын.

Азық-түлік қауіпсіздігінің жаһандық индексінің (АҚЖИ) XI шығарылымында әлемдік азық-түлік саласы құлдырап бара жатқаны туралы айтылған [2]. 2012 жылдан 2015 жылға дейінгі уақытта азық-түлік қауіпсіздігі саласының жағдайы әлем бойынша едәуір жақсарды, АҚЖИ жалпы көрсеткіштері алты пайызға өсті. Алайда жаһандық азық-түлік жүйесінің құрылымдық проблемаларының салдары өсімнің тежелуіне алып келді, соңғы үш жылда азық-түлік қауіпсіздігінің жалпы прогрестік тенденциясы күрт нашарлап кетті.

Азық-түлік қауіпсіздігінің жаһандық индексі сарапшыларының пікірінше, 2022 жылы АҚЖИ көрсеткіштері төмендеуінің басты себебі – «қолжетімділік» пен «тағам өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі» екі параметрінің нашарлауы. Бұл ретте «тағам өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі» параметріне аса назар аударған жөн.

Сапалы, сондай-ақ қауіпсіз саналатын тағам өнімдерінің әрдайым болуы тұтынушылардың барлығына салауатты өмір салтын ұстану үшін өте маңызды. «Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі» термині азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған кез келген қызмет түрін қамтиды. Тағам өнімдерін өндіруде сондай-ақ

халықаралық фактордың да рөлінің маңызы артып келеді, оның себебі – кейбір ингредиенттер, өнімдер не олардың компоненттері шет елден импортталып келуі мүмкін, ал бұл импортер-мемлекеттерің талабына сәйкестікті растауды талап етеді. Қазіргі таңда тағам өнімдерін өндірушілер инспекциялық органдарға, сертификаттау органдарына және валидация/верификациялау органдарына нормативтік талаптарға сәйкестікті растау мен мониторің мәселелері бойынша жүгіне алады [3].

Өндірушілерді жоғары сапа талаптарына сәйкестігіне итермелейтін басты қозғаушы күш – тұтынушы. Тұтынушы өндіруші ұсынған тауарын тұтынуын тоқтатпайынша өндіруші өзінің өнімін өндіре береді. Бұл ретте Қазақстан тұтынушылары ретінде «халал өнім мен мұсылман адам» концептісін мысалға келтіруге болады. Халал концептісі бүгінгі таңда тек сапа емес, сонымен қатар жоғары қауіпсіздік көрсеткіші ретінде Қазақстанда ерікті сала ретінде жұмыс істейді және ұлттық техникалық реттеу жүйесі аясында нормативтік-құқықтық актілермен реттеледі.



Сурет 2. - Өңірлер бойынша Қазақстандағы мұсылмандар (потенциал халал өнімін тұтынушы) саны. *Дереккөз: Jusan Analytics – «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі*

2-суретте 2021 жылғы Ұлттық санақ бойынша Қазақстандағы мұсылмандар саны көрсетілген. Қазақстанда мұсылмандардың жалпы саны 13,3 млн адамға жетеді (бүкіл халықтың 69%) [4]. Мұсылман адамдарды шартты түрде «потенциал халал өнімін тұтынушы» деп қарастырсақ болады. Азық-түлік қауіпсіздігі бойынша Ислам ұйымының бас директоры Ерлан Байдәулеттің пікірінше, халал саласының басты проблемалары – мемлекеттік және халықаралық деңгейдегі аккредиттелудің жоқтығы, бір мемлекет аумағында орналасқан халал сертификаттау орталықтарының бірін-бірі танымауы. Бұның салдары – ҚазСтандарт бекіткен халал саласының ұлттық санаттағы стандарт саны тым аз:

1. ҚР СТ «Халал өніміне қойылатын жалпы талаптар»;
2. ҚР СТ «Халал өнімі өндірісі процесіне қойылатын талаптар. Сою және өңдеу»;
3. ҚР СТ «Халал қоғамдық тамақтану қызметтері»;
4. ҚР СТ «Халал өнімін маркілеу тәртібі және оған қойылатын техникалық талаптар»;
5. ҚР СТ Халал өнімі мен өндірісінің сәйкестігін растауды өткізу тәртібі».

«Халал» термині діни анықтамасынан бөлек қазіргі таңда «сапа», «қауіпсіздік» мағыналарының синониміне айналды. Бүгінгі уақытта «халал» ислами сапа стандарты тауарлар мен қызмет өндірісінде ауқымды масштабта кең таралып жатыр [5]. Ислами ынтымақтастық ұйымына (OIC - Organisation of Islamic Cooperation) мүше мемлекеттерге халал өнімін жеткізуші елдер – негізінен мұсылман емес елдер, оларға әлемдік нарықтың 78% үлесі тиесілі. Оларға Бразилия (4,7 млрд. АҚШ долл.); Үндістан (2,1 млрд. АҚШ

долл.); Аустралия (1,6 млрд. АҚШ долл.); АҚШ (1,2 млрд. АҚШ долл.); Жаңа Зеландия (500 млн. АҚШ долл.) жатады.

Осы статистикадан көріп отырғанымыздай, халал өнімі – әлемдік нарықта тек сапа емес, сонымен қатар қауіпсіздік кепілі. Бұл ретте мақаланың негізгі өзектілігі ашылады. Тағам өнімінің қауіпсіздігі ұлт денсаулығы мен елдің әл-ауқатының ажырамас құрамдас бөлігі саналады. Тағам өнімінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінде жазылған. Мысал ретінде 2014 жылғы 18 қыркүйектегі «Тағамдық қоспа, ароматизатор және технологиялық қосалқы заттардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» №58 КО ТР жатқызуға болады [6]. Алайда халал призмасынан алып қарағанда бұл ТР құжаты мұсылмандардың қалауын қанағаттандырмайды. Осы орайда Халал өнімдеріне қатысты тағамдық қоспаларды қарастыратын нормативтік құжат әзірлеу қажеттілігі туындайды.

Қазіргі таңда ең перспективті әрі жылдам дамып жатқан тағам салалаының бірі – Халал өнімінің өндірісі. Халал өнімдері – ол тек мұсылмандарға рұқсат етілген өнім емес, сондай-ақ тамақтану сапасы мен денсаулыққа көңіл бөлу секілді факторларды қамтитын өнім. Ең алдымен, тұтынушы «халал» өнімін дүкеннен сатып ала отырып, оның сапалы, ерекше технология бойынша өндірілгенгі мен Құранда тыйым салынған заттар мен компоненттердің құрамында жоқ екендігіне сенімді болады.

Бұл фактор әлемдік өндірушілердің тағам өнімінің сапасы мен экологиялығына жоғары талап қоюына байланысты. Көптеген тұтынушылар өнімді сатып алмас бұрын оның құрамында химиялық тағамдық қоспалар мен канцерогендер, сондай-ақ гендік модификацияланған организмдердің бар-жоқтығына көз жеткізеді.

Осы тұста Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті бірнеше жұмыс атқарды. Сондай өнімді әрі нәтижелі жұмыстардың бірі – халал тағамдық өніміне қосылатын тағамдық қоспалар мен басқа да химиялық заттарға қойылатын талаптар туралы ұлттық стандарт әзірлеу.

Әзірленген ұлттық стандарттың сипаттамасы:

1. Әзірлеуші: «Қазақстан стандарттау және метрология институты» РМК

2. Әзірлеуге жауапты орган: Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті

3. Стандарт атауы: ҚР СТ «Халал тағам өніміне қосылатын тағамдық қоспа мен басқа химиялық заттарға қойылатын жалпы талаптар»

4. Стандарт белгіленуі: ҚР СТ OIC/SMIIC 24-2022

5. Стандарт нысаны: Халал өнімі

6. Стандарт негіздемесі: Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2021 жылғы «30» желтоқсандағы №485-НҚ бұйрығымен бекітілген 2022 жылдың Мемлекеттік стандарттау жоспары

7. Стандарт әзілеуді бастау уақыты: 2022 жылғы наурыз

8. Стандарт әзірлеуді аяқтау уақыты: 2023 жылғы наурыз

Бұл стандарт ашық қолжетімді күйінде интернет ресурстары мен нормативтік-техникалық құжаттар қорында жоқ, алайда стандарттың жобасы ҚазСтандарт сайтында /стандарт жобалары/ бөлімінде бар (www.ksm.kz). Сондай-ақ бұл стандарт 2023 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді.

Стандарт мәтінінде келесі халықаралық нормативтік құжаттарға сілтеме көрсетілген:

- OIC/SMIIC 1:2019 General Requirements for Halal Food (Халал өніміне қойылатын жалпы талаптар);

- OIC/SMIIC 2:2019 Conformity Assessment – Requirements for Bodies Providing Halal Certification (Сәйкестікті бағалау. Халал сертификаттаумен айналысатын органдарға қойылатын талаптар);

- CXS 192:1995 General Standard for Food Additives (Тағамдық қоспаларға қойылатын жалпы талаптар);

- CXG 36:1989 Class Names and The International Numbering System for Food Additives (Тағамдық қоспалар класс атаулары мен нөмірлеудің халықаралық жүйесі).

Бұл стандартта өндірістің соңғы өнімі Халал саналатынына және OIC мемлекеттері мен бүкіл әлемде тұтынуға қауіпсіз екеніне кепілдік беру үшін тағам өнімдері өндірісінде қолданылатын тағамдық қоспалар мен басқа кез келген химиялық заттарға (технологиялық тағамдық қоспалар, ароматизаторлар, қосымша қоректік заттар, ферменттер) қажетті шарттар мен талаптар жазылған.

Сондай-ақ бұл стандарттың күшімен адамның тұтынуына арналған тамақ өнімдерінің құрамындағы тағам қоспаларының Халал статусы анықталады. Стандартта таза халал, күмәнді және Халалға сәйкес келмейтін тағамдық қоспалар мен олар болған жағдайда әрі қарай не істеу керек шаралары жазылған [7].

Қорытынды

1. Бұл стандарт OIC/SMIIC 24:2020 General Requirements for Food Additives and Other Added Chemicals to Halal Food (Халал тағам өніміне қосылатын тағамдық қоспа мен басқа химиялық заттарға қойылатын жалпы талаптар) халықаралық стандартына пара-пар сәйкестік дәрежесі негізінде әзірленді.

2. Осы стандарт барлық мүдделі талаптармен (мемлекеттік органдар, комитеттер, ассоциациялар), соның ішінде «Қазақ Ұлттық Аграрлық Зерттеу Университеті» базасындағы «Халал» стандарттау бойынша №101 техникалық комитетімен мақұлданды.

3. Қауіпті өнім Халал ретінде саналмайтындығын есепке алсақ, адам организмі үшін зиян және канцерогенді екендігі дәлелденген химиялық заттар мен тағамдық қоспалар да Халал саналмайды және оларды қолдануға болмайды.

4. Тек Алиментариус Кодексінде рұқсат етілген қоспалар ғана OIC/SMIIC 1 стандартына сәйкес болса және ислам ережелеріне қайшы келмесе, Халал өнімдері өндірісінде қолданылады.

5. Бұл стандарт Ислами Ынтымақтастық Ұйымы (OIC) мемлекеттеріне ортақ стандартқа негізделіп әзірленуіне байланысты, осы стандарт бойынша дайындалған тағам өнімдері – сапалы, толықтай қауіпсіз, әрі отандық пен әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті деп тұжырым жасауға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1. А.Ж. Жолмұханова, Ә.Ж. Қойтанова, Ш.Е. Альпеисова. Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігі: мәселелер мен даму перспективалары // Проблемы агрорынка. 2018;(4):14-20.

2. Global Food Security Index 2022 (URL: https://impact.economist.com/sustainability/project/food-security-index/#key-findings)

3. Сергеева, Н.В. Особенности стандарта ISO 9001:2015 / Н.В. Сергеева, А.Г. Ивахненко // В сборнике: Качество продукции: контроль, управление, повышение, планирование. Сборник научных трудов Международной молодежной научно-практической конференции: в 2-х томах. – 2015. – С. 245 – 249.

4. 2021 жылғы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағының қорытындылары (URL: https://stat.gov.kz/for_users/national/2020).

5. Новак А.И., Лящук Ю.О., Иванищев К.А., Платонова О.В. Анализ показателей качества и безопасности при производстве халяльной мясной продукции // Вестник ВГУИТ. 2020. №4 (86).

6. «Тағамдық қоспа, ароматизатор және технологиялық қосалқы заттардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» 2014 жылғы 18 қыркүйектегі №58 КО ТР.

7. ҚР СТ OIC/SMIIC 24-2022 «Халал тағам өніміне қосылатын тағамдық қоспа мен басқа химиялық заттарға қойылатын жалпы талаптар».

РЕЗЮМЕ

В настоящее время исламский стандарт безопасности «халал» распространяется в огромном масштабе в производстве товаров и услуг. В статье был рассмотрен вопрос связи безопасности и халал продукции. Проведено исследование на наличие стандартов для продуктов в сфере халал. Была обоснована необходимость нового разработанного стандарта на пищевые добавки, добавляемые в халал продукцию. На основе тщательного рассмотрения сводки отзывов на проект, были изучены основные ошибки и недостатки стандарта и способы устранения их.

RESUME

Currently, the Islamic security standard «Halal» is spreading on a huge scale in the production of goods and services. The article considered the issue of the connection between safety and halal products. A study was conducted on the availability of standards for products in the field of halal. The necessity of a new developed standard for food additives added to halal products was justified. Based on a thorough review of the summary of feedback on the project, the main errors and shortcomings of the standard and ways to eliminate them were studied.

ӘОЖ 633.2.03:636.084.3

Білім алушы: Кайнушева Д.Р., магистрант
Ғылыми жетекші: Оңаев М.Қ., т.ғ.қ., доцент,
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті»КеАҚ, Орал қ.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ЖАЙЫЛЫМДАРЫН СУЛАНДЫРУ
IRRIGATION OF PASTURES OF WEST KAZAKHSTAN REGION

ТҮЙІН

Мал шаруашылығы ауыл өндірісінің басым бағыттарының бірі болып табылады. Жайылымдық жерлерді пайдалануды кеңейту мақсатында Батыс Қазақстан облысында жайылымдарды суландыру инфрақұрылымын құру және мал шаруашылықтарын сумен қамтамасыз ету бойынша айтарлықтай жұмыстар жүргізілуде.

Қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайларда Батыс Қазақстан облысында жайылымдарды суландыруды жандандырмай тұрақты және жоғары өнімді ауыл шаруашылығы өндірісін құру іс жүзінде мүмкін емес.

Мақалада Батыс Қазақстан облысының жайылымдарының жай-күйі туралы статистикалық мәліметтер қарастырылған. Суландыру көздері ретінде облыстағы өзендер, каналдар, тоғандар, су қоймалары түріндегі ашық су көздері және жер асты сулары туралы мәліметтер зерделенген.

Талдау көрсеткендей, облыстың дала және құрғақ дала аймағы өзендерді, каналдарды қамтитын жайылымдарды суландырудың ашық су көздерін пайдаланумен сипатталады. Шөлейт және шөл аймақта жайылымдарды суландыру негізінен жер асты суларын пайдалану есебінен жүзеге асырылады.

Суару-суландыру жүйелерінің әсер ету аймағына іргелес аумақтарда жануарлардың орналасу орындарын қамтамасыз ету оларда суару алаңдарын орната отырып, жер тоғандарын орнату арқылы шешіледі. Бұл шешім іс жүзінде негізделген және тұтынушылар үшін үнемді, дегенмен судың тиісті сапасын үздіксіз ұстап тұруға байланысты мәселелер туындайды.

Кілт сөздер: *Батыс Қазақстан облысы, мал шаруашылығы, жайылымдар, су көздері, суландыру*

Кіріспе. Ел алдында мал шаруашылығын жандандыру және жоғары деңгейге көтеру міндеті тұр [1].

Қазақстанның ауыл шаруашылығында суармалы егіншілікпен қатар мал шаруашылығы да кеңінен таралған. Ғасырлар бойы мал шаруашылығы халқымыздың өмірінің бір бөлігі болды, сондықтан жайылымдарды пайдалану әрқашан қазіргі саяси жүйелер мен әлеуметтік жүйелердің көрінісі болды. Жайылымдар республикамыздың ең маңызды табиғи ресурстардың бірі болып табылады. Республикамызда мал шаруашылығы өнімдерін өндіру үшін жалпы көлемі 183 миллион гектар болатын табиғи жайылым жерлерді пайдалануға мүмкіндік бар [2]. Өнімділігі жоғары жайылымдық жерлердің едәуір алаңдарының болуы Батыс Қазақстан облысын мал шаруашылығы саласын дамыту үшін үлкен перспективасы бар өңір ретінде Қазақстанның басқа облыстарынан ерекшелендіреді. Батыс Қазақстан облысының жайылымдары дала, құрғақ дала, шөл және шөлейт 4 ландшафттық аймақта орналасқан. Облыстың жайылымдық жерлерінің басым бөлігі шөлейтті (барлық жайылымдық жерлердің 73%) және құрғақ далалы аймақтарда (тиісінше 23,65%) шоғырланған. Дала және шөлді аймақтарда орналасқан жайылымдық жерлердің үлес салмағы елеусіз, тиісінше 2,66% және 0,69% құрайды [3].

Облыста жайылымдарды пайдалануды жақсарту мақсатында жайылымдарды суландыру жұмыстары жүргізілуде [4-10].

Шөлейт аймақтағы жайылымдарды суландыру проблемалары өте өткір. Облыстың құрғақ дала аймағында шабындықтар мен жайылымдарды суландыру мәселесі өзекті болып қала береді. Облыстың өткір құрғақ климаты жағдайында су шаруашылығы іс-шаралары ауыл шаруашылығының одан әрі дамуына, оның орнықтылығы мен қарқындылығына ықпал ететін басты факторлардың бірі болып табылады [11].

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында Батыс Қазақстан облысындағы жайылымдық жерлердің және суландырылған жайылымдардың көлемі, мал саны туралы есептер алынып анықталды.

Алға қойылған мақсаттарды орындау үшін Батыс Қазақстан облысындағы су қорлары туралы ақпараттар жинақталып, жайылымдық жерлердегі су көздеріне талдау жүргізілді. Сонымен қатар, мал шаруашылығында пайдаланатын жер асты су көздері-шахталық және құбырлы ұңғымалар туралы мәліметтер жинақталды. Облыс бойынша әр ауданның жер санаттары туралы картографиялық мәліметтер талданды.

Зерттеу нәтижелері. Батыс Қазақстан облысы үшін ауылшаруашылық өндірісі дәстүрлі сала болып саналады, жыл сайын ауыл шаруашылығының жалпы өнімі өсіп келеді [4].

БҚО-ның жалпы жер көлемі 15 133 850 га жерді құраса, оның 52%-ын ауылшаруалық мақсатындағы жерлер алып жатыр.

Батыс Қазақстан облысының жер қатынастары басқармасының 2022 жылға есебі бойынша аудандық тұрғыда жайылымдардың едәуір алқаптары Ақжайық ауданы – 1 229 мың га, Жаңақала ауданы – 983 мың га, Қазталов ауданы – 871 мың га орналасқан (1-кесте) [12]. Жалпы облыстағы ауылшаруашылық жерлердің 78%-ы жайылымдық жерлерге тиесілі.

Кесте 1 – БҚО-ның аудандары бойынша жайылымдық жерлер көлемі

№	Аудан атауы	Жайылымдар, мың га	Жайылымдардың аудан көлеміндегі үлесі, %
1	2	3	4
1	Ақжайық	1 229,4	48
2	Бәйтерек	133,7	18
3	Бөкей ордасы	577,4	30
4	Бөрлі	126,4	23
5	Жаңақала	983,6	47
6	Жәнібек	453,7	55
7	Казталов	871,2	47

1	2	3	4
8	Қаратөбе	362,5	36
9	Сырым	564,4	50
10	Тасқала	361,5	45
11	Теректі	266,6	33
12	Шыңғырлау	241,1	33
13	Орал	9,44	13
	Барлығы	6180,6	41

Облыста мал өнімділігі мен мал шаруашылығының перспективалық дамуы жайылымдардың сулануына, жайылымдарда малға күтім жасау жөніндегі зоотехникалық талаптарға сәйкес келетін мал суаруды ұйымдастыру мүмкіндігіне байланысты.

Батыс Қазақстан облысы ауылшаруашылық басқармасының 2022 жылғы есебі бойынша облыста шаруашылықтың барлық санаттарындағы мал басы саны анықталған (1-сурет). Ірі қара мал басы саны 2021 жылғы мерзіммен салыстырғанда 106,7 %, қой саны 102,5% және жылқы саны 112,2% көрсетіп тұр [13]. Бұл көрсеткіштер бойынша облыстағы мал басы санының артуын байқауға болады.

Мал шаруашылығының одан әрі дамуына жайылымдардың сапасы және суландыру деңгейі үлкен рөл атқарады. Жалпы зерттелген аумақта малды суару көздері өзендер, тоғандар, шахта құдықтары және құбырлы құдықтар (ұңғымалар) болып табылады. Сумен жабдықтау үшін суару және суландыру арналары да қолданылады [11].



Сурет 1 – 2022 жыл бойынша облыстағы мал басы саны

Оралдың оң жағалауында әр түрлі бағытта Орал-Көшім суару-суландыру жүйесінің көптеген арналары орналасқан. Облыстың бұл бөлігінде өзендер мен каналдардың тығыздығы өте жоғары(2-кесте).

Кесте 2 – Облыс бойынша суару жүйелерінен суландырылған жайылымдар алаңы

Суландыру-суару жүйесі	Су қоймалары	Магистралдық каналдар	Жайылымдарды суландыру алаңы (мың га)
1	2	3	4
Орал-Көшім ССЖ	Киров	Первомайск	2177
	Бітік	Киров-Чижа	
	Донгелек	Бударино	
	Пятимарск	Тайпак	
		Фурманов	

1	2	3	4
Кіші Өзен ССЖ	Казталов I	Кіші Өзен	327
	Казталов II	-	
	Мамай су торабы	-	
Үлкен Өзен ССЖ	Сарышығанақ	-	445,7
Үлкен Өзен ССЖ	Баубек-Айдархан	-	
	Айдархан	-	
Жәнібек ССЖ	-	-	489,3
Орал-Шалқар ССЖ	-	-	25

Батыс Қазақстанның су ресурстарының негізі жылына орта есеппен 2,7 млрд. М3 құрайтын өзен ағыны болып табылады, оның 80%-ы Ресей Федерациясының аумағынан келеді. Батыс Қазақстан облысында жалпы ұзындығы 2814 км 10 ірі өзен, жалпы ұзындығы 2115 км 34 шағын өзен бар (3-кесте) [11].

Кесте 3 – Облыстағы өзендер арқылы суландыру мүмкіндіктері

Аудан атауы	Өзендер атауы	Ұзындығы, км	Суландыратын алаң, мың га
1	2	3	4
Ақжайық	Бағырлай	239	119,5
	Көшім	334	167
	Шұбарағаш	61	30,5
	Өлеңті	88	44
	Жайық	636	318
Бәйтерек	Быковка	90	41
	Деркөл	86	43
	Емболат	99	41
	Крутая	54	27
	Көшім	48	24
	Рубежка	82	41
	Шаған	116	58
	Жайық	184	92
Бөрлі	Шыңғырлау	138	69
	Қараоба	31	15,5
Бөкей ордасы	Ащыөзек	23	11,5
Жаңақала	Мұқыр	54	27
	Кіші Өзен	68,9	34,4
	Үлкен Өзен	212	106
	Көшім	185,5	92,8
Жәнібек	Кіші Өзен	79,5	39,8
	Ащыөзек	200	100
Қазталов	Кіші Өзен	318	159
Қаратөбе	Жарлы	70	35

1	2	3	4
Сырым	Жақсыбай	130	65
	Қалдығайты	190	95
	Ащысай	59	29,5
	Аңқаты	29	14,5
Сырым	Бұлдырты	195	97,5
	Өлеңті	123	61,5
	Есенаңқаты	130	65
	Жымпиты	70	35
	Қонысшағыл	45	22,5
Тасқала	Шыжың	76	38
	Деркөл	90	45
Теректі	Барбастау	45	22,5
	Жайық	424	212
	Жақсыбөрлі	47	23,5
	Шолақаңқаты	64	32
	Қараоба	30	15
Шыңғырлау	Ащы	190	95
	Жіңішкесай	40	20
	Шыңғырлау	152	76
	Қалдығайты	53	26,5

Бұл кесте бойынша облыстағы әрбір ауданның суландыру мүмкіндіктері анықталған.

Ақпарат бойынша қазіргі таңда облыстың ауылшаруашылық мақсаттағы жайылымдарының 82% суландырылады.

Бұл мәліметке сәйкес құрғақ дала зонасында орналасқан Ақжайық және Тасқала аудандары, шөлейтті зонадағы Қазталов ауданындағы жайылымдардың суландыру дәрежесі жақсы деп айтуға болады.

Батыс Қазақстан облысының жайылымдық аумақтарын сумен жабдықтау мен суландырудың негізгі көздері жер асты суларыда болып табылады, олардың ең үлкен қоры Мұғалжар жазықтарында шоғырланған. Мұғалжар жазықтары Батыс Қазақстан облысының үлкен аумғын алып жатыр. Мұнда жер асты және қысымды сулар жиі кездеседі. Жазықтың әртүрлі бөліктеріндегі жер асты сулары әр түрлі жастағы және генезистегі шөгінділермен шектелген [11].

Құрғақ далалы және шөлейтті аймақтарда орналасқан шалғайдағы мал шаруашылығы жерлеріндегі зерттелген жер асты су көздерінің 79-ы (46%) шахталы ұңғымалар, 94-і (54%) ұңғымалар болып табылады [14].

Қорытынды. Жайылымдарды суландыруды ұйымдастыру аумақтың су ресурстарымен қамтамасыз етілуіне тікелей байланысты.

Бүгінгі таңда Батыс Қазақстан облысында мал суару табиғи су көздерінен (көлдер, өзендер) және жасанды су көздерінен (шахта және құбырлы құдықтар, каналдар) өндіріледі.

Талдаулардың қорытындысы ретінде облыстың құрғақ дала және шөлейт зоналарында жер үсті суларының басым қамтылғанын көруге болады.

Жайылымдық аумақтарды суландыру жөніндегі міндеттерді шешуде суару пункттерінің қажетті санын дұрыс анықтау және оларды орналастыру үлкен маңызға ие.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Арыстанбаев, Я.У. Естественные ресурсы подземных вод, кормозапасы пастбищных территории Южного Казахстана [Текст] / А.Я. Арыстанбаев, А.Е. Абсеметова, Д.Н. Бекжигитова, Л.М. Казанбаева // Сборник материалов

Международной научно-практической конференции «Новая стратегия научно-образовательных приоритетов в контексте развития АПК», посвященной 85-летию Казахского национального аграрного университета (27-28 ноябрь 2015 год). – Алматы: КазНАУ. – IV Том. – С. 122-126.

2. Ли, М.А., Устабаев Т.Ш. Проблемы обеспечения водными ресурсами пастбищ Казахстана / Электронно научно-практический журнал «Сельское, лесное и водное хозяйство». – 2022.

3. Тумлерт, В.А.,Онаев М.К. Обводнение пастбищ Западного Казахстана: современное состояние и перспективы использовния.

4. Оңаев, М.Қ. Обводнение пастбищ в Западно-Казахстанской области: состояние и проблемы [Текст] / М.Қ. Оңаев, Г.С. Ожанов, С.Е. Денизбаев // Ғылымжәнебілім. – 2018. – № 3 (52). – С. 226-233.

5. Оңаев, М.Қ. Батыс Қазақстан облысы жағдайында жайылымды қалқаптарды суландыру мәселесі [Текст] / М.Қ. Оңаев, Г.С. Ожанов, С.Е. Денизбаев, Т.М. Шадьяров // Наука и образование. – 2020. - №2-2. – С. 54-61.

6. Оңаев, М.Қ. Обводнение пастбищ – залог развития отгонного животноводства [Текст] / М.Қ. Оңаев, С.Е. Денизбаев, Г.С. Ожанов, Т.М. Шадьяров// Ғылымжәнебілім. – 2020. – № 4-2 (61). – С. 111-118.

7. Ongayev, M. Engineering and Process Infrastructure of the Agro-Industrial Complex / M. Ongayev, Z. Sultanova, S. Denizbayev, G. Ozhanov, S. Abisheva // International Journal of Emerging Trends in Engineering Research. Volume 7, No. 12, 2019, P. 879-885.

8. Ongayev, M. Underground Water Supply to Pastures / M. Ongayev, S. Denizbayev, G. Ozhanov, T. Shadyarov // International Journal of Mechanical Engineering. – 2021. – No. 3. – Vol. 6. – pp. 98-103.

9. Калиев, Г.А. Развитие пастбищного животноводства в Казахстане [Текст] / Г.А. Калиев, А.И. Сабирова // Проблемы агрорынка. – 2016. – январь – март. – С. 7-14.

10. Нокушева, Ж.А. Рациональное использование пастбищ для развития отгонного животноводства [Текст] / Ж.А. Нокушева, Э.Е. Кантарбаева, Ш.Ш. Шаканова // Исследование, резкльтаты. – 2020. - №3(87). – С. 287-290.

11. Онаев, М.Қ., Жумагазина М.А. Пастбища западно-казахстанской области и их обводнение[Текст] // БҚМУ Хабаршы №3 – 2019.

12. Батыс Қазақстан облысының жер қатынастары басқармасының 2022 жылға есебі

13. Сайт «www.stat.gov.kz/» [Электронный ресурс]. Режим доступа: https://www.stat.gov.kz/region/253160/statistical_information/industry/2714

14. Онаев, М.К., Денизбаев, С.Е., Ожанов, Г.С., Шадьяров, Т.М. Обводнение пастбищ– залог развития отгонного животноводства // Наука и образование. – 2020. - № 4-2 (61). – С. 111-118.

РЕЗЮМЕ

Животноводство является одним из приоритетных направлений сельскохозяйственного производства. В целях расширения использования пастбищных угодий в Западно-Казахстанской области ведется значительная работа по созданию инфраструктуры обводнения пастбищ и водоснабжению животноводческих хозяйств.

В сложившихся социально-экономических условиях практически невозможно создать устойчивое и высокопроизводительное сельскохозяйственное производство в Западно-Казахстанской области без активизации обводнения пастбищ.

В статье рассмотрены статистические данные о состоянии пастбищ Западно-Казахстанской области. В качестве источников орошения изучены сведения об открытых источниках воды в виде рек, каналов, прудов, водохранилищ и подземных водах области.

Анализ показывает, что степная и засушливая степная зона области характеризуется использованием открытых водных источников обводнения пастбищ, включающих реки, каналы. Обводнение пастбищ в полупустынной и пустынной зоне осуществляется в основном за счет использования подземных вод.

Обеспечение мест дислокации животных на территориях, прилегающих к зоне действия оросительно-оросительных систем, решается установкой в них земляных прудов с установкой оросительных площадок. Это решение практически оправдано и экономично для потребителей, хотя возникают проблемы, связанные с постоянным поддержанием надлежащего качества воды.

RESUME

Animal husbandry is one of the priority areas of rural production. In order to expand the use of pasture lands, significant work is being carried out in the West Kazakhstan region to create an infrastructure for irrigating pastures and provide water to livestock farms.

In the current socio-economic conditions, it is practically impossible to create stable and high-performance agricultural production in the West Kazakhstan region without activating the irrigation of pastures.

The article provides statistical data on the state of pastures in the West Kazakhstan region. As sources of irrigation, data on open water sources in the form of rivers, canals, ponds, reservoirs in the region were studied.

The analysis showed that the steppe and dry steppe zone of the region is characterized by the use of open water sources for irrigation of pastures, which include rivers, canals. In the semi-desert and desert zone, irrigation of pastures is carried out mainly due to the use of groundwater.

Ensuring the location of animals in the territories adjacent to the zone of influence of irrigation and irrigation systems is solved by installing ground ponds with the installation of irrigation sites on them. This solution is justified in practice and is economical for consumers, although there are problems associated with the continuous maintenance of proper water quality.

ӘОЖ 664.9

Білім алушы: Кайркулова А. С., студент
Ғылыми жетекші: Байбатыров Т. А., т.ғ.к., қауымдастырылған профессор
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті»КеАҚ, Орал қ.

ӨСІМДІК НЕГІЗІНДЕГІ АҚУЫЗ КОМПОНЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ҚҰС ЕТІНЕН ПАШТЕТ ДАЙЫНДАУ

ТҮЙІН

Мақалада өсімдік негізіндегі ақуыз компоненттерін қолдана отырып, құс етінің функционалдық қасиеттерін зерттеу арқылы жоғары тағамдық құндылық пен диеталық өнімді алу қарастырылады. Мақалада функционалды қоспаға арналған шикізатқа (куркума, ламинария, қарақұмық ұны) әдеби шолу берілген. Ол адам ағзасына әсер ететін функционалды қоспадағы шикізаттың пайдалы қасиеттерін сипаттайды. Функционалды қоспалар ретінде таңдалған шикізаттың химиялық және биологиялық көрсеткіштері көрсетілген. Осы факторларды ескере отырып, біздің мақсатымыз - адам денсаулығына пайдалы диеталық өнімді дайындау болып табылады.

Түйін сөздер: *функционалды қоспалар, куркума, ламинария, қарақұмық ұны, паштет.*

XXI ғасырдың басында Қазақстан үшін ұлттың жалпы және репродуктивті жағдайы маңызды проблемаға айналуда. ҚР халқының денсаулығының жай-күйін нашарлататын факторлардың қатарына қанағаттанарлықсыз экологиялық ахуал мен үлкен эмоционалдық жүктемеден басқа, бүгінгі күні сыни сипатқа ие болған тамақтану проблемасы жатады: нарық сапасыз отандық және импорттық өнімдермен толып жатыр. Витаминдер мен микроэлементтер аз тағамның рөлі айтарлықтай өсті. Мұның бәрі дененің нашарлауына, иммунитеттің төмендеуіне, өмірлік белсенділікке және адамдардың ерте қартаюына әкеледі. Жаһандық әлеуметтік проблемалардың біріне қазіргі адамның денсаулығы жатады, оны шешуге көптеген ғылыми зерттеулер салауатты тамақтану өнімдерін әзірлеуге бағытталған.

Белгілі факт- денсаулықтың жеке өмір салтына, атап айтқанда теңгерімсіз тамақтануға тәуелділігі. Халықтың күнделікті рационында толыққанды ақуыздардың, диеталық талшықтардың, дәрумендердің, минералдардың жетіспеушілігі адам ағзалары мен жүйелерінің ауруларының дамуына әкеледі [1].

Құс еті- пайдалы және дәмді тез сіңетін ақуыздардың, дәрумендер мен май қышқылдарының көзі бар диеталық өнім, ал экономикалық параметрлерге сәйкес құс еті басқа етпен салыстырғанда салыстырмалы түрде қол жетімді болып саналады.

Құс еті адамдардың тамақтануының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Құстың басқа еттерге қарағанда ақуызы көп, ақуызы жоғары болғанымен, май мөлшері 10% - дан аспайды.

Соңғы жылдары құс етін тұтыну айтарлықтай өсті. Мұның бірнеше себептері бар: бағасы шошқа етінен немесе сиыр етінен әлдеқайда төмен. Сонымен қатар, механикалық өңдеу үшін тауық етінің көп мөлшері қолданылады. Көптеген жеңіл кесектер өнім өндіруде айқын тенденцияларға ие. Осыған байланысты ғылыми жұмыста құс етін адам ағзасына құнды диеталық және пайдалы ет ретінде таңдалды және ол жеңіл тағам деп саналды. Құс еті және оны қайта өңдеу өнімдері әлеуметтік маңызы бар өнімдер болып табылады, ал олардың өндіріс және сату көлемі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету критерийлері болып табылады [2].



Сурет 1. Құс етінің және басқа ет құрамындағы ақуыз мөлшері

Суретте көрсетілгендей, ет түрінің ішінде құс етіндегі ақуыз мөлшері көп болады. Себебі, құс еті- диеталық ет түрі, ағзада жеңіл әрі жақсы қорытылады.

1-суретте ет консервілерінің дайындалу технологиясы көрсетілген [3].



Сурет 1. Паштет консерілерінің дайындалу технологиясы

Құс етінен дайындалған паштеттің дайындалу технологиясына кететін негізгі және қосымша шикізаттар: тауық еті, сәбіз, су, өсімдің майы, қарақұмық ұны, дәмдеуіштер (куркума) т.б. 120 г паштет өніміне кететін шикізат мөлшері 1-кестеде көрсетілген.

Сурет 2. Куркуманың жалпы химиялық құрамы

Кесте 1- Паштет өніміне қажет шикізаттар

Атауы	Мөлшері, 100 г өнімге	Мөлшері, 1 кг өнімге	Құны, тг. 1кг
Тауық еті, г	75	750	1500
Сәбіз, г	10	100	250
Пияз, г	5	50	200
Ауыз суы, мл	10	10	15
Дәмдеуіштер, г	5	50	500
Өсімдік майы, мл	5	50	850
Қарақұмық үны	10	100	1000
Ламинар	10	100	8500
Жалпы	**110**	**1100**	**3315**

Өсімдік компоненттері ретінде куркума, қарақұмық және теңіз балдыры (ламинар) таңдалды. Куркума- сопақ жапырақты көпжылдық өсімдік, ол тамыр сабақтарын да өсіреді. Куркума - Оңтүстік-Шығыс Азиядан шыққан зімбір тұқымдасының өсімдік тамырынан алынған ұнтақ-ашық сары бояғыш. Ол кондитерлік өнімдерде, тамақ дайындауда, халықтық медицинада қолданылады. Дели институтының (Үндістан) зерттеулеріне сәйкес, куркума қанды сұйылтады және жүрек қысымын төмендетеді, бұл гипертонияға өте пайдалы. Оның химилық құрамы 2-суретте көрсетілген [4].

Бұл қандағы артық қант деңгейін төмендетеді, жүрек - қан тамырлары жүйесіне пайдалы әсер етеді және Альцгеймер ауруына көмектеседі. Куркума құрамында келесі заттар бар крахмал, эфир майы, куркумин және басқа да көптеген пайдалы заттар. Бұл өсімдік дәмдеуіш, бояғыш ретінде қолданылады. Ол көптеген емдік қасиеттерге ие: метаболизмді қалыпқа келтіреді, жараларды емдейді, бактериялармен жақсы күреседі, қан айналымын жақсартады [5,6].

Куркума - бұл дәмдеуіш қана емес, сонымен қатар ас қорытуды жақсартатын және ішек микрофлорасын қалпына келтіретін тамаша антибиотик. Пайдалы қасиеттері даусыз куркума құрамында К, В, В1, В3, В2, С дәрумендері және микроэлементтер: кальций, темір, фосфор және йод бар. Бірақ олар микродозаларда болғандықтан (мысалы, 100 грамм куркума құрамында тек 0,15 мг В1 дәрумені бар), содан кейін бұл элементтердің тағамға қосылған дәмдеуіштердің маңыздылығы туралы айтудың мағынасы жоқ. Алайда, куркума құрамында микроскопиялық мөлшерде де адам ағзасына емдік әсер ететін компоненттер бар. Бұл эфир майлары және олардың құрамдас бөліктері сабинен, борнеол, цингиберен, терпен спирттері, фелландрен, куркумин және басқа да бірқатар компоненттер. Бұл тізімде куркумин ерекше орын алады. Бұл оның құрамындағы өнімдерге сары түс береді. Куркумин Е100 (турмерик) тағамдық қоспасын жасайды, оны тамақ өнеркәсібі майонез, ірімшік, май, маргарин және йогурт өндіру үшін жиі пайдаланады. Турмерик өнімдерге әдемі сары реңк береді [7].

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, дүние жүзінде 1,5 миллиардтан астам адам йод тапшылығынан туындайтын қалқанша безінің ауруларына шалдығу қаупіне ұшырайды. Йод иммундық жүйенің қалыпты жұмысы мен мидың жұмысы үшін қажет. Бұл қоректік заттардың сіңуіне, жүйке және бұлшықет жүйелерінің жұмысына, терінің, шаштың, тістің, тырнақтың күйіне әсерін көрсетеді. Йод тұздары бірқатар пайдалы қасиеттерге ие: лимфа бездері, рахит, подагра және ревматизм ауруларының алдын алуға және емдеуге ықпал етеді, мидың жұмысын тиімді арттырады [8,9].

Ең пайдалы және қол жетімді теңіз өнімдері-теңіз балдыры. Бұл көкөніс танымал болғанымен, оның сұранысы өте аз. Теңіз балдыры (балдыр) – теңіз қоңыр балдыры, оның көптеген түрлері жеуге жарамды. Азық-түлік үшін негізінен алақанмен бөлінген балдырлар мен қант балдырлары қолданылады, олар теңіз қырыққабаты деп аталады. Теңіз қырыққабаты ежелгі дәуірден бері тұтынылып келеді, бірақ егер бұрын оны тек жағалау аймақтарының тұрғындары тұтынса, қазіргі уақытта бұл өте пайдалы өнім

әлемнің кез келген жерінде белгілі және қол жетімді. Ламинарда органикалық молекулалармен байланысты оңай сіңетін йодтың көп мөлшері бар (құрғақ массасы бойынша 0,3%). Сондықтан ол адам ағзасына оңай сіңеді және қалқанша безінің жұмысын қалыпқа келтіреді. Йод мөлшері бойынша ламинария барлық белгілі дәрілік өсімдіктерден алда. Йод адамның өмірі мен денсаулығына үлкен әсер ететін биологиялық белсенді қосылыстар түзетін микроэлементтердің қатарына жатады. Ламинарияда таңғажайып заттар бар: альгин қышқылының тұздары немесе альгинаттар. Адамның асқазан-ішек жолында олар қорытылмайды, тек қатты ісінеді. Альгинаттардың күшті сорбенттік қасиеттері бар. Тазартылмаған көшедегі тазалаушылар бригадасы сияқты асқазан-ішек жолынан өтіп, альгинаттар токсиндерді, радионуклидтерді және ауру тудыратын бактерияларды байланыстырады және денеден шығарады. Ламинарияны зерттеу кезінде құрғақ ламинарияда 328 мг йод бар екендігі анықталды. Бұл мәнді грамға аудара отырып, біз 1 кг ламинариядағы йод мөлшерін 328 мг аламыз, ал йодтың тәуліктік мөлшері 150-200 мг құрайды. Сондықтан бұл норманы қанағаттандыру үшін 0,0006 кг құрғақ балдырды тұтыну керек [10,11].

Қарақұмық-маңызды микроэлементтер мен жасуша мембраналарына бай маңызды қоректік тағам. Қарақұмық ядросында темір, фосфор, мыс сияқты көптеген микроэлементтер бар. Бұл микроэлементтер адам ағзасына жақсы сіңеді және қандағы гемоглобиннің қалпына келуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, қарақұмық ядросы В1, В2, РР және Р дәрумендеріне бай келеді.

Қарақұмық ұны-жоғары калориялы және басқа дәнді дақылдарға қарағанда биологиялық құндылығы әлдеқайда жоғары. Қарақұмық ұны С дәруменіне өте бай, бауыр мен ішектің жұмысын жақсартады, қант диабеті, анемия және остеоартрит үшін пайдалы.

Сонымен қатар, май қышқылдары, микроэлементтер мен дәрумендер қарақұмық ұнындағы жоғары тағамдық құндылықтарды анықтайды. Қарақұмық ұнындағы тағамдық құндылығы күріш, бидай, арпа және сұлыдан 1,5-2 есе көп болып табылады.

Ет компоненттерінен басқа, олардың құрамына өсімдік шикізатын, басқа тағамдық компоненттерді енгізуге болады. Қазргі нарыққа ұсынылған паштеттер жануарлардың майларының жоғарылауымен, ақуыздың аздығымен ерекшеленеді, бұл пайдалы тағамдарды жобалаудың заманауи ғылыми тұжырымдамасына сәйкес келмейді. Өсімдік компоненті ретінде біріктірілген құс етінен паштет рецептураларына көбінесе астық пен соя өнімдері кіреді. Паштет технологиясы шикізатты ұтымды пайдалануға, сондай-ақ әртүрлі шикізат түрлерін біріктіруге мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1. Соловьева А.А., Актуальные биотехнологические решения в мясной промышленности, Соловьева А. А., Зинина О. В., Ребезов М. Б. // Техника и технология производства продуктов питания, 2018. 34-36 б.

2. Шендеров Б.А. Современное состояние и перспективы развития концепции «функционального питания» // Пищевая промышленность, 2016. 44-47 б.

3. Зинина О. В., Мясные полуфабрикаты, нарезанные ферментированными сырами. Технология и товароведение инновационных продуктов питания, 2017. 19-25 б.

4. Вершинина А. Г., Разработка мясорастительных паштетов для здорового питания. Техника и технология производства продуктов питания, 2018. 1-5 б.

5. Қажғалиев Н.Ет және ет өнімдерін өндеу технологиясы: Окулық / Н. Қажғалиев, Я. Узаков. - Астана: Фолиант, 2018. - 158 б.

6. Функциональные пищевые продукты: общее и частное [Электронный ресурс] : научная статья / А. Кочеткова. М. : 2019. 205 б.

7. Лавриненко, Н. И. Новые виды консервированных продуктов функционального назначения. Продукты длительного хранения. 2018. 22-24 б.

8. Пасичный, В. Н. Производство консервов с пищевыми добавками / В.Н. Пасичный// Мясное дело. 2019. 26-27 б.

9. Криштафович, В. И. Химический состав животных белковых добавок на основе крови / В. И. Криштафович, И. А. Жебелева // Известия вузов. Пищевая технология. Москва. 2017. 16-18 б.

10. Иванкин, А. Н. Современные методы оценки качества и безопасности мясного сырья и мясопродуктов / А. Н. Иванкин, Т. Г. Кузнецова // Все о мясе. 2020. 26-30 б.

11. Гуринович, Г. В. Белковые препараты и пищевые добавки в мясной промышленности / Г. В. Гуринович, Н. Н. Потипаева, В. М. Позняковский. Москва-Кемерово: Издательское объединение «Российские университеты»: Кузбассвузиздат-АСТШ. 2020. 182 б.

РЕЗЮМЕ

В настоящее время в результате постоянно растущей конкуренции необходимо создавать новые рецепты и технологии пищевых продуктов. Продукты, изготовленные с использованием сырья, восполняющего недостаток важных веществ (белка, пищевых волокон, витаминов, минералов и т.д.), повышают сопротивляемость организма к экстремальным условиям, нормализуют умственную и физическую работоспособность.

Усовершенствованный продукт позволил получить сбалансированный по химическому составу функционально ориентированный пищевой продукт, содержащий растительные и животные белки, жиры, достаточное количество углеводов, витамины А, С, Е и биологически важные элементы, такие как железо, кальций, калий, натрий, магний, фосфор, марганец, цинк, йод и др., с высокими органолептическими показателями (приятный внешний вид, гармоничный вкус и др.). Продукт предназначен для систематического потребления в питании всех возрастных групп здорового населения.

RESUME

Currently, as a result of the ever-growing competition, it is necessary to create new recipes and food technologies. Products made using raw materials that make up for the lack of important substances (protein, dietary fiber, vitamins, minerals, etc.), increase the body's resistance to extreme conditions, normalize mental and physical performance.

The improved product made it possible to obtain a chemically balanced functionally oriented food product containing vegetable and animal proteins, fats, a sufficient amount of carbohydrates, vitamins A, C, E and biologically important elements such as iron, calcium, potassium, sodium, magnesium, phosphorus, manganese, zinc, iodine, etc., with high organoleptic indicators (pleasant appearance, harmonious taste, etc.). The product is intended for systematic consumption in the diet of all age groups of a healthy population.

ӘОЖ:633.11

Білім алушы: Тлюжанова А., Тлекқабыл М., студенттер
Ғылыми жетекшілері: Суханбердина Л. Х., Тулегенова Д. К.,
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті»КеАҚ,
Орал қ.

КҮЗДІК ТРИТИКАЛЕНІҢ КОЛЛЕКЦИЯЛЫҚ ҮЛГІЛЕРІН БАҒАЛАУ

ТҮЙІН

Мақалада Батыс Қазақстан облысының жағдайында күздік тритикале үлгілерін зерттеу нәтижелері келтірілген. Өнімділік көрсеткіштері бойынша ерекшеленетін сорттар іріктеліп, селекция процесіне енгізуге ұсынылады.

Түйінді сөздер: *селекция, күздік тритикале, сорттар, егіннің құрылымы*

Зерттеу нысаны - Ресей Федерациясының, Қазақстанның, Беларуссияның селекциялық мекемелерінің күздік тритикаленің коллекциялық үлгілері мен сорттары.

Зерттеудің мақсаты - күздік тритикаленің коллекциялық үлгілерін зерттеу және бейімделгіштігі жоғары, биотикалық және абиотикалық стресстерге төзімді, астық өнімділігінің потенциалы жоғары бастапқы материалды оқшаулау болып табылады.

Зерттеу әдістері. Күздік тритикале питомниктері Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің тәжірибелік танабында салынды.

Топырақ өңдеу, тұқым себу және егістерді күту Батыс Қазақстан облысының бірінші табиғи-экономикалық аймағында күздік дақылдарын өсіру агротехникасына сай жүргізілді. Тәжірибе телімінің топырағы – күңгірт қоңыр. Жыртылмалы қабаттағы қарашірік мөлшері 3,34% құрайды.

Питомниктерді салу, себу тәсілдері, бағалау, бақылаулар мен зерттеулер, есепке алу ВИР әдістемесіне және ауыл шаруашылығы дақылдарын мемлекеттік сұрыптау әдістемесіне сәйкес жүргізіледі [1, 2].

Дәнді дақылдардың маңызды құрамдас бөліктері өнімділік элементтері болып табылады. Өнімділік деңгейі 50% өнімді сабақтың тығыздығына, масақтағы дәндер санының 15% - на және 1000 дәннің массасының 25% - на байланысты. Өсімдіктердің тығыздығы мен өнімді өңдеу коэффициенті сабақтың тығыздығын анықтайды [3].

Өсімдіктердің өнімділік потенциалын жүзеге асыру аудан бірлігіне шаққандағы өсімдіктердің санына, яғни өнімді сабақтың тығыздығына байланысты. Қыстап шығу нәтижелері бойынша күздік тритикале дақылдары қыс мезгілінде аздап зардап шекті. Қыстау кезінде пайызбен есептегенде 2018 жылы 60-75%, 2019 жылы 55-65 %, 2020 жылы 70-75% құрады. 2018 жылы жинауға сақталған өнімді өсімдіктердің саны 1 м2 - ге 181-ден 220-ға дейін, 2019 жылы-1 м2-ге 195-210 өсімдік, 2020 жылы 1 м2-ге 200-ден 225-ке дейін өсімдік болды.

Тритикале дақылының құрылымының негізгі компоненттеріне мыналар жатады: масақтағы дәндер саны, өсімдіктің өнімді сабақтарының саны, 1000 дәннің массасы. Егіннің құрылымында негізгі масақтың дәнділігі мен масақтағы дәннің массасына ерекше мән берілуі керек.

Өнімді сабақ – бұл ауа-райының жағдайына, қолданылатын ауылшаруашылық технологиясына және сорттың тұқым қуалайтын ерекшеліктеріне байланысты өте өзгермелі қасиет. Тритикале үлгілерінің өнімділік сабағы орташа мәні 1,6 дана болды, амплитудамен қоса 1,2-1,5 дана. Сабағының өнімділігі жоғары көрсеткіштері (1,5 дана) стандарт көрсеткішінен асып түсті (1,4 дана). Соның ішінде Балтика, Ацтек сорттарында байқалды.

Масақтағы масақ саны көптеген жағдайларда масақтағы дәндердің санын анықтайды. Зерттелген үлгілерде масақтағы масақ саны 20-дан 26 данаға дейін өзгерді. Масақ санының жоғарылауында ірі масақтармен ерекшеленетін үлгілер болды. Ірі масақты үлгілер: ПРАГ - Д, Папурер, Балтика, Ацтек, Қожа, Таза.

Сурет 1- Күздік трикаленің структуралық құрылымын анықтауда

Кесте 1 - 2019-2020 жылдардағы орташа күздік тритикале сорттарының өнімділік құрылымы

Үлгі	Масақ саны, дана	Бір өсімдіктегі дән саны, шт	1000 дәннің салмағы, г	Бір өсімдіктегі дән массасы, г	Өнімділік, г/м^2
ТИ 17	21,0	48,0	38,6	1,4	202
Кентавр	22,0	68,5	36,2	2,6	220
Эльдорадо	20,4	43,0	39,3	1,9	136
ПРАГ -Д	26,2	65,5	36,9	2,0	135
Papurer	26,0	55,0	35,7	2,0	160
Балтика	25,8	52,2	36.3	1,8	108
3905/09	22,4	47.3	34,0	1,7	144
Ацтек	26,3	59,2	34,2	3,2	165
Балауса 8	23,0	45,1	38,5	2,1	101
Таза	26,0	34,0	33,7	1,7	110
Авиценна	24,0	46,0	35,3	1,5	160
Азиада	24,0	34,0	35,0	1,2	101
Қожа	26,0	34,0	43,0	1,6	127
Орташа	24,0	48,9	36,8	1,9	143,7

Масақтағы дәндердің саны өнімділіктің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, ондағы дәндердің санымен анықталады, масақтағы масақ санына және масақтағы құнарлы гүлдердің санына байланысты. Зерттелген үлгілерде дәндер санында үлкен айырмашылық болды. Бұл мән бір өсімдікте 43 данадан (Эльдорадо) 68,5 данаға дейін (Кентавр) ауытқиды. Алынған мәліметтерге сәйкес, күздік тритикале үлгілерінің көпшілігі астық саны бойынша стандартты ТИ 17 сортынан асып түсті. Масақтың жоғары дәнділігіне ие сорттар құнды бастапқы материал болып табылады. Кентавр, Прага Д – 65,5 дана, Ацтек – 59,2 дана, Папурер – 55 дана үлгілері жоғары дәнділігімен ерекшеленді.

Тритикале дәні үлкен, бірақ көп жағдайда мыжылған. Астықтың қалыптасуы мен дән салу кезеңінің қатаң гидротермиялық жағдайларына байланысты зерттелетін үлгілердің 1000 дәнінің массасы 28-36 г төмен болды. Эльдорадо, Эсид 2, Балаус 8 жекелеген сорттарында астықтың мөлшері 38-43 г – ға жетті, ТИ 17 г стандартты сорты 1000 дәнінің массасында 38,6 г құрады. Зерттелетін үлгілердің өсімдіктері бір өсімдіктен алынған астық массасымен ерекшеленді. Астықтың ең үлкен массасы: Ацтек (3,2 г), Кентавр (2,6 г), Эсид 2 (2,3 г), Праг-Д (2,0 г), Папурер (2,0 г) сорттарында анықталды.

2019-2020 жылдардағы күздік тритикаленің орташа өнімділігі: Кентавр (220 г / м2), Ацтек (165 г/м2), Эльдорадо (136 г/м2), Праг Д (135 г/м2), Папурер (160 г/м2), Қожа (127 г / м2), Балауса 8 (101 г/м2), Балтика (108 г/м2) сорттарында анықталды (кесте.1).

Кесте 2 - Күздік тритикаленің ең жақсы коллекциялық үлгілеріне сипаттама, 2020 ж.

Үлгі	Шығу тегі	Дәндегі ақуыз құрамы, %	Натура, г/л	1000 дәннің салмағы, г	Өнімділігі, г/м2
1	2	3	4	5	6
ТИ 17 (стандарт)	Донской ЗНИИСХ Ростов. обл.	14,04	665	38,6	303
Л 27	Россия, Воронеж. обл.	14,29	711	37,0	376

1	2	3	4	5	6
Хонгор	Россия	13,65	696	37,9	265
Л 9	Россия Воронежская обл.	13,54	732	37,4	254
Модуль	Беларусь, Минск	14,0	725	42,4	242
Легион	Россия, Ростов	13,94	716	45,1	258
Тарасовский	Россия	13,40	722	36,3	242
Timbo	Франция	14,10	741	42,8	232
Тимирязевский 150	Россия Москва	14,33	754	43,6	231
Л 29	Россия Воронежская обл.	13,47	673	312	230
АДМ 8	Украина	13,09	721	37,8	227
ЛОГ 2	Омская обл.	13,3	729	38,6	226
Михась	Беларусь	13,6	703	29,9	215
Торнадо	Россия, Омская обл.	13,4	721	39,9	275
Ладне	Россия, Московская обл	14,3	674	34,5	229
Л.24	Россия Московская обл.	13,39	766	40,3	321
Мара	Россия Московская обл	13,48	687	32,4	235
843 h	Россия Московская обл.	13,0	676	38,7	235
Орташа	-	13,70	712	53,6	255,3

2020 жылы күздік тритикаленің келесі үлгілері натураның, ақуыздың және өнімділіктің жоғары көрсеткіштерімен ерекшеленді: Л 27 (376 г/м2), Л 24 (321 г/м2), ТИ 17 (303 г/м2), Торнадо (275 г/м2), Хонгор (265 г/м2), Л 9 (254 г/м2), Легион (258 г/м2), Модуль (247 г / м2), Тарасовский (242 г/м2), Timbo (232 г/м2), Тимирязевский 150 (231 г/м2), Л -29 (230 г/м2) (2-кесте).

Күздік тритикале дақылының құрылымы элементтерін талдау 2017-2020 жылдары қалыптасқан ауа-райы мен климаттық жағдайлар өнімділіктің жекелеген элементтерінің қалыптасуына теріс әсер еткенін көрсетті. Қалыптасқан құрғақшылықтың күшеюіне байланысты өнімді болмады және өнімді сабақтардың толық пісуіне дейін сақталуы төмен болды. Егін құрылымының элементтерін талдау деректерін қорытындылай келе, бұл белгілер көбінесе күздік тритикале өсімдіктерінің дамуының белгілі бір кезеңдеріндегі метеорологиялық жағдайлармен өте тығыз байланысты екенін білдіреді, бірақ сонымен қатар жыл бойына тұрақты белгілері бар үлгілер анықталды.

Қорытынды. Әр түрлі экологиялық-географиялық шығу тегі бар коллекциялық сорттарды зерттеу нәтижесінде, будандастыруда экономикалық маңызды белгілердің көзі ретінде, жоғары өнімділік пен астық сапасының көрсеткіштерін қолдануға ұсынылатын құнды формалар анықталды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1.Результаты селекции озимой тритикале на качество в РГАУ-МСХА им. К.А. Тимирязева / В. А. Мальцев, В. Н. Игонин, В. С. Рубец, В. В. Пыльнев // Труды Кубанского государственного аграрного университета. – 2015. – № 3.– С. 214-219.

2.Гриб, С.И. Тритикале — ценная зернофуражная культура / С.И. Гриб, Т.М. Булавина, В.Н. Беритевич, Ю.Ф. Хатетовский // Вестник семеноводства в СНГ. - 2002. - № 1. - С. 17-19

3.Куришбаев А.К. Предварительные результаты селекции сортов ярового тритикале в условиях сухой степи Северного Казахстана: проблемы и перспективы /А.К.Куришбаев, С.М. Лукин, А.М.Тысленко, В.К.Швидченко, Т.В.Савин. Вестник науки Казахского агротехнического университета имени С. Сейфуллина (междисциплинарный). - 2017. – № 1(92). - с.4-11

4.Тритикале – первая зерновая культура, созданная человеком // под ред. Ю.Л. Гужова. – М.: Из д-во Колос, 1978. – 285с.

5.Грабовец А.И. Крохмаль А.В. Селекция тритикале при усилении засух: методы и результаты // Роль тритикале в стабилизации производства зерна, кормов и технологии их использования: матер. междунар. научно-практ. конф. - Ростов-на-Дону, 2016. – Часть1.С 28-39

6.Айнабекова Б.А., Уразалиев Р. А.,Булатова К. М, Таджибаев Д. Г., Изучение константных линий яровой тритикале // Роль тритикале в стабилизации производства зерна, кормов и технологии их использования: матер. междунар. научно-практ. конф. - Ростов-на-Дону, 2016. – Часть 1.46-51

7.Гриб С. И., Буштевич В. Н. Результаты и приоритеты селекции тритикале в Беларуси// Роль тритикале в стабилизации производства зерна, кормов и технологии их использования: матер. междунар. научно-практ. конф. - Ростов-на-Дону, 2016. – Часть1.С .67-76

8.Суханбердина Л.Х. Тулегенова Д.К., Денизбаев С.Е. Оценка сортообразцов озимого тритикале в условиях Приуралья / Л.Х Суханбердина. Д.К.Тулегенова., С.Е Денизбаев //Сб. матер. междунар. научно-практ. конф. «Органическое сельское хозяйство – основа производства экологически чистой продукции». – Алмалыбак, 2018. – С. 220-223

9.Селекционно-биологическая оценка озимого тритикале в Казахстане Уразалиев Р.А. Айнебекова Б.А. Тритикале. Материалы международной научно-практической конференции “ Тритикале и его роль в условиях нарастания аридности климата” и секции тритикале отделения растениеводства РАСХН Генетика, селекция, семеноводство, агротехника, технологиии использование зерна и кормов, Ростов -на Дону,2012, С.103-109

10.Ковтуненко Б.В. Тритикале культура больших возможностей/ Тритикале России. Селекция, агротехника, использование сырья из тритикале.: материалы заседания секции тритикале РАСХН. — Ростов-на-Дону- 2008. - Вып. №3. - С.229-233. 69 Ковтуненко В.Я. Тимофеев В.Б. Возделывание тритикале — укрепление кормовой базы животноводства на Кубани / Тр. Кубанского государственного аграрного Университета / КубГАУ.- 2008. - Вып. № 4 (13).- С. 83-89.

11.Суханбердина Л.Х.Исходный материал для селекции озимого тритикале на продуктивность и качество зерна./ Л.Х, Суханбердина, Д.К Тулегенова, А.Ж.Турбаев //Новости науки Казахстана. Научно-технический сборник, №, 2013,с.155-159

12.Руденко М.И., Шитова И.П., Корнейчук В.А., Малкина Р.М. Методические указания ВИР по изучению мировой коллекции пшеницы. - Л., 1978. – 33 с.

13.Федин М.А. Методика государственного сортоиспытания сельскохозяйственных культур. – М.: Изд-во Агропромиздат, 1985. – 263 с

14.Кочурко, В.И. Агротехнические основы формирования урожайности озимого тритикале на дерново-подзолистых легкосуглинистых почвах: /автореф…доктор с.-х.наук .- Жодино, 2002.-307с

РЕЗЮМЕ

В статье представлены результаты изучения коллекции озимого тритикале. В условиях Западно- Казахстанской области. Выделены и рекомендованы к включению в селекционный процесс сортообразцы, отличившиеся показателями продуктивности.

RESUME

The article presents the results of studying the collection of winter triticale. In the conditions of the west kazakhstan region. Selected and recommended for inclusion in the breeding process varieties, distinguished by productivity indicators.

UDC 637.5; 637.5.072
Student: Patsera N., PhD Student, Institute of Food Resources of the National Academy of Agrarian Sciences of Ukraine, Kyi, Ukraine
Scientific adviser: Verbytskyi S., Supervisor
Institute of Food Resources of the National Academy of Agrarian Sciences of Ukraine, Kyiv, Ukraine

STUDY OF THE AMINO ACID COMPOSITION OF POULTRY COMBS AS A NON-TRADITIONAL FOOD RAW MATERIAL

RESUME

Аймақтық жеңіл каштанды орта сортаңды-тұзды орташа қалыңдықты құмды сазды топырақтарда хлоридті сортаңдану жер бетінен бөлініп шығатыны 1-кестеде көрсетілген. Алайда, тұздылықтың хлоридті түрімен 36 см тереңдікке дейін топырақ сортаң емес. Жеңіл еритін тұздардың мөлшері 0,080%-дан аспайды.36 см тереңдікте тұз мөлшері 0,223%, аниондар құрамында хлор және сульфат иондарынан асып түседі, яғни тұздылық түрі хлорид-сульфатты болады. Тұздардың мөлшері әлсіз тұздылықты көрсетеді.Тереңдеген сайын тұздар мөлшері 0,300%-ға дейін артады. Аниондардың құрамында ол хлорид иондарынан, сәйкесінше хлорид тұздылығынан асып түседі. Тұздардың қосындысы орташа тұздылықты көрсетеді. Құмды сазды топырақтан айырмашылығы, жеңіл сазды жеңіл каштан орта сортаң топырақта тұздардың профильдік таралуында айырмашылықтар бар. Біріншіден, топырақтың салмағымен, жоғарыдан оңай еритін тұздар. Екіншіден, тұздардың сапалық құрамы өзгереді. Жер бетіндегі тұздардың қосындысы 0,169% құрайды. Тұздарда сульфаттар көбірек болады. 0-18 см тереңдікте сульфатты тұздану кезінде топырақ сортаңданбайды. Тереңдеген сайын тұздар мөлшері артып, 18-36 см тереңдікте 0,284% құрайды. Сонымен қатар, сульфаттар тұздардың құрамында асып түседі, сульфаттың тұздануы кезінде тұздардың мұндай мөлшері тұзды емес болып саналады. 36 см-ден тереңірек тұздар мөлшері 0,493-0,584% дейін артады. Бұл ретте максималды мөлшер хлоридтер мен сульфаттарға тән. Хлоридті-сульфатты тұздылық кезінде тұздардың мұндай мөлшері тұздылықтың орташа түріне тән. Зоналық топырақтардан айырмашылығы сортаңдардағы тұздардың сандық және сапалық құрамы әртүрлі. Беткейден тұздардың мөлшері профиль бойынша біртіндеп жоғарылай отырып, 0,172% құрайды. 9 см тереңдікке дейін тұздылық жоқ, тұздылық түрі хлоридті-сульфатты. 9 см тереңдіктен әлсіз хлоридті.

Кесте 1 – Топырақтың су сүзіндісің талдаудың нәтижесі

Генетикалық қабат те-рендігіа, см.	Сілтілік	Cl^-	SO_4^{2-}	Ca^{2+}	Mg^{2+}	Na^+	K^+	Тұздар косыңдысы	Тұздану	
									Дәрижесі	Типі
	%/Мг-экв.							%		
392с - Ашық каштан отраша сортаңдалған сорланған орташа құатты құмды топырақ										
А(0-19)	0,016	0,000	0,009	0,003	0,000	0,008	0,001	0,002	0,040	Х	ТЗ
	0,27	0,00	0,25	0,06	0	0,41	0,07	0,10			
$В_1$(19-36)	0,021	0,000	0,031	0,001	0,000	0,005	0,001	0,021	0,080	Х	ТЗ
	0,34	0,00	0,88	0,02	0	0,24	0,08	0,92			
$В_2$(36-59)	0,038	0,000	0,047	0,066	0,000	0,014	0,002	0,056	0,223	ХС	ӘТ
	0,62	0,00	1,31	1,38	0	0,70	0,18	2,43			
Вс(59-78)	0,032	0,000	0,131	0,030	0,000	0,016	0,003	0,087	0,300	Х	ОТ
	0,52	0,00	3,70	0,63	0	0,80	0,25	3,80			
392лс - Ашық каштан отраша сортаңдалған сорланған орташа құатты жеңіл саздақ топырақ											
А(0-18)	0,005	0,000	0,012	0,101	0,000	0,022	0,005	0,023	0,169	С	ТЗ
	0,09	0,00	0,33	2,11	0	1,10	0,45	0,98			
$В_1$(18-36)	0,004	0,000	0,021	0,172	0,000	0,028	0,008	0,051	0,284	С	ТЗ
	0,07	0,00	0,60	3,58	0	1,40	0,65	2,20			
$В_2$(36-56)	0,005	0,000	0,046	0,297	0,000	0,091	0,017	0,037	0,493	ХС	ОТ
	0,09	0,00	1,29	6,18	0	4,53	1,43	1,61			
Вс(56-78)	0,004	0,000	0,092	0,301	0,000	0,050	0,013	0,124	0,584	ХС	ОТ
	0,07	0,00	2,60	6,27	0	2,48	1,05	5,41			
707тс – Шалғың ашық каштан ұсақ сортаң ауыр саздақ топырақ											
А(0-9)	0,035	0,000	0,021	0,062	0,000	0,012	0,001	0,041	0,172	ХС	ТЗ
	0,58	0,00	0,58	1,29	0	0,60	0,05	1,80			
$В_1$(9-26)	0,060	0,000	0,023	0,063	0,000	0,010	0,001	0,055	0,213	ХС	ӘТ
	0,99	0,00	0,66	1,32	0	0,50	0,10	2,37			
$В_2$(26-44)	0,022	0,000	0,152	0,075	0,000	0,015	0,004	0,118	0,386	Х	ОТ
	0,36	0,00	4,29	1,56	0	0,75	0,33	5,13			
Вс(44-69)	0,027	0,000	0,237	0,057	0,000	0,016	0,007	0,161	0,504	Х	КТ
	0,44	0,00	6,69	1,19	0	0,78	0,55	6,99			

Ескерту: С. – сульфатті, Х – хлоридті, ХС - хлоридті-сульфатті, СХ - сульфатті-хлоридті, ТЗ – тұзсыз, ӘТ - әлсіз тұзды, ОТ – орташа тұзды.

КТ-күшті тұзды. Сульфатты тұздану анықталды. 26 см тереңдіктен хлоридті тұздану пайда болады, тұздар мөлшері 0,386-0,504% дейін артады. Тереңдікпен тұздылық түрі орташадан күштіге дейін өзгереді. Тұздың құрамы бізге тұз режимінің нақты бейнесін бермейді, сондықтан біз 78 см қабаттағы тұз қорын есептедік. 2-кестеде аймақтық жеңіл каштанды орта сортаңды-тұзды құмды сазды топырақта 78 см қабаттағы тұз қоры 17,2 т/га құрады, топырақ салмағымен, яғни жеңіл сазды аналогты, тұз қоры 78 ж. см қабаты 41,1 т/га құрады. Жеңіл гранулометриялық құраммен оңай еритін тұздар профиль бойынша жуылады, сондықтан тұз қоры шамалы. Тұзды және лайлы бөлшектердің көбеюімен тұздар гранулометриялық элементтермен сақталады және генетикалық горизонттарда қалады, сондықтан жеңіл сазды топырақта тұз қоры артады. Сортаңдардың тұзсыздануы кезінде тұзды жалаңаштар түзіледі, яғни генезисі бойынша сортаңдарда тұздардың едәуір мөлшері болады. Сондықтан 78 см қабатта тұз қоры максималды болып, 43,2 т/га құрады.

Сонымен, біздің зерттеулеріміздің нәтижелері бойынша тұздың құрамына топырақтың гранулометриялық құрамы да, топырақ түрі де әсер ететінін атап өткен жөн. Тұздану түрі құрғақ дала аймағына тән, тұздардың сандық және сапалық құрамы тереңдікке қарай өзгереді.

Кесте 2 – Тұздар қоры, т/га

Генетикалық қабат те-рендігіа, см.	Топырақ тығыздығы, г/см^3	Топырақ салмағы, т	Тұздың коспа мөлшері, %	Генетикалық қабат бойынша тұздың коспа мөлшері т/га	Тұздың коспа мөлшері, т/га
\392с - Ашық каштан отраша сортаңдалған сорланған орташа құатты құмды топырақ					
А(0-19)	1,2	2280	0,04	0,912	17,2
$В_1$(19-36)	1,2	2040	0,08	1,632	
$В_2$(36-59)	1,3	2990	0,223	6,6677	
Вс(59-78)	1,4	2660	0,300	7,98	
392лс - Ашық каштан отраша сортаңдалған сорланған орташа құатты жеңіл саздақ топырақ					
А(0-18)	1,2	2160	0,169	3,6504	41,1
$В_1$(18-36)	1,3	2340	0,284	6,6456	
$В_2$(36-56)	1,3	2600	0,493	12,818	
Вс(56-78)	1,4	3080	0,584	17,9872	
707тс – Шалғың ашық каштан ұсақ сортаң ауыр саздақ топырақ					
А(0-9)	1,3	1170	0,172	2,0124	43,2
$В_1$(9-26)	1,4	2380	0,213	5,0694	
$В_2$(26-44)	1,5	2700	0,386	10,422	
Вс(44-69)	1,5	3750	0,504	18,9	

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Рузметов М.И., Ахмедов А.У., Мырзамбетов А.Б., Турдалиев Ж.М. Причины засоления и современное почвенно-экологическое состояние орошаемых земель низовьев Амударьи // Научное обозрение. Биологические науки. – 2019. – № 3. – С. 37-41
2. Могханм Ф.С., Донских И.Н. Солевое состояние светло-каштановых почв // Агрогенетическая характеристика орошаемых почв Западного Казахстана и Северного Египта. – Санкт-Петербург – Пушкин, 2009 – с. 95-99).
3. Рахимгалиева С.Ж. Плодородие почв Западно-Казахстанской области // Плодородие. – 2010. - №1(52). – с. 37-38).
4. Добровольский В.В. География почв с основами почвоведения: учебник географии для специальных вузов. – М: Высшая школа, 1989).
5. Рахимгалиева С.Ж., Онаев М.К.; Проблемы землепользования в зоне рискованного земледелия. Саратов. – 2007. – с.42-44.
6. Рамазанова А.Б., Рахимгалиева С.Ж. Гранулометрический состав каштановых почв // наука и образование. – 2013. - №1(30): Приложение. - с. 29-32.
7. Пилипенко В.Н., Яковлева Л.В., Федотова А.В. Современное состояние засоленных почв дельты Волги // Фундаментальные исследования. – 2005. – № 8. – С. 58-60;
8. Рахимгалиева С.Ж. Гранулометрический состав каштановых почв // Современная теория почвообразования. – Уральск – ЗКАТУ – 2016 – с. 16-24.
9. Рахимгалиева С.Ж., Донских И.Н. Состав и свойства целинных каштановых почв // Агрогенетические особенности темно-каштановых почв Западного Казахстана. – Санкт-Петербург – Пушкин, 1998 – с. 32-37.
10. Рахимгалиева С.Ж., Шагирова Л.Ш., Бисенгалиева Д.Ч., Сахипова А.С. Микроагрегатный состав темно-каштановых почв // Наука и образование. – 2014. - №4(37). – с.19-21.
11. Могханм Ф.С., Донских И.Н. Микроагрегатный состав светло-каштановых почв // Агрогенетическая характеристика орошаемых почв Западного Казахстана и Северного Египта. – Санкт-Петербург – Пушкин, 2009 – с. 86-95.

12. Рахимгалиева С.Ж. Микроагрегатный состав светло-каштановых почв // Современная теория почвообразования. –Уральск – ЗКАТУ – 2016 – с. 25-33.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрен вопрос солевого режима почв. Выявлен тип и степень засоления. При разном типе засоления характерна разная степень засоления. Самое страшное засоление для культурных растений содовое засоление. В сухостепной и полупустынной зонах с глубиной количество солей увеличивается, также меняется аннионно-катионный состав почв. По результатам водной вытяжки можно выявить количественный и качественный состав солей.

RESUME

The article considers the issue of the salt regime of soils. The type and degree of salinization was revealed. Different types of salinity are characterized by different degrees of salinity. The worst salinity for cultivated plants is soda salinity. In the dry steppe and semi-desert zones, the amount of salts increases with depth, and the anionic-cationic composition of soils also changes. According to the results of water extract, it is possible to identify the quantitative and qualitative composition of salts.

ӘОЖ 664.78.01/664.788.3
Білім алушы: Қазжанова М.Ж., магистрант
Ғылыми жетекші: Оразов А.Ж., т.ғ.к., аға оқытушы
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ.

ЕМДІК ТАМАҚТАНУДА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН КҮРІШ ПЕН ҚАРАҚҰМЫҚТЫҢ САПА КӨРСЕТКІШТЕРІ

ТҮЙІН

Мақалада емдік тамақтануда кеңінен қолданылатын күріш пен қарақұмық жармаларының қасиеттері, органолептикалық, физико-химиялық көрсеткіштері және емдік тамақтануда қолданылуына негіздеме көрсетілген. Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-технологиялық университетінің жанындағы ғылыми зерттеу институтында жүргізілген зерттеулерге сәйкес, жармаларда зиянкестермен закымдану байқалмады, органолептикалық көрсеткіштер стандарт талаптарына сай келді. Уытты элементтерден қорғасын мөлшері күріште 0,0142 Мг/кг, қарақұмықта 0,0028 Мг/кг болды, ал кадмий мөлшері күріште 0,0078 Мг/кг, қарақұмықта 0,0042 Мг/кг-ды құрады. Радионуклидтерден цезий-137 күріште 7,3 Бк/кг болса, қарақұмықта бұл көрсеткіш нөлге тең болды, ал стронций-90 күріште 157 Бк/кг, қарақұмықта 236 Бк/кг-ды құрады. Нәтижелер бойынша барлық элементтер стандарт талаптарына сәйкес келді, тек стронций мөлшерінің нормадан артық екендігі байқалды.

Түйін сөздер: *жарма, емдік тамақтану, сапа көрсеткіштері, күріш, қарақұмық.*

Кіріспе. Қазіргі уақытта дұрыс тамақтану адам денсаулығының негізін құрайды, организмнің физикалық дамуын және қолайсыз факторларға төтеп беру қабілеттілігін арттырады. Дұрыс тамақтанудың бұзылу салдарынан елімізде ас қорыту, асқазан-ішек жолдарының аурулары көбейіп, халықтың өмір сүру деңгейі төмендеуде. Осы орайда емдеу-профилактикалық мекемелерде стационарлық ем алып жатқан науқастардың

денсаулық жағдайын қалпына келтіру мақсатында ұйымдастырылатын емдік тамақтанудың да маңызы зор.

Адамның денсаулық жағдайын немесе ағзаның жұмыс жасау қағидаларын қалпына келтіруге көмектесетін емдік шаралардың маңызды бөлігі - емдік тамақтану. Мұндай тамақтанудың ерекшелігі – ағзаның жеке қабілеттерін ескере отырып, минералдар мен дәрумендерге бай теңгерімді ас мәзірін ұсыну. Науқастарға ұсынылатын тамақтану олардың физиологиялық қажеттіліктерін өтеп қана қоймай, сонымен қатар, арнайы және емдік функцияларды атқара алуы тиіс [1].

Аурухана науқастарға ұсынылатын тағамның қауіпсіздігі мен сапасынан бөлек, қолданылатын өнімнің немесе шикізаттың нормативтік құжаттарының болуына және сәйкестігіне, тасымалдау шарттарының дұрыс орындалуына, сонымен қатар, құрамында зиянды компоненттердің болмауына жауапты. Әсіресе, саңырауқұлақ, көкөніс және жарма өнімдерін ластайтын ауыр металлдар мен олардың тұздары қатаң қадағалауды қажет етеді. Осындай қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмеу қаупі бар өнімдердің құрамы мен сапасын бақылау тағамтану блогының және аурухана басшылығының жауапкершілігінде болады.

Емдік тамақтанудың негізі таңғы асқа әдеттегіден басымырақ көңіл бөлуден тұрады, ол тәуліктік рационның 25%-ын құрайды. Ал бес мезгілдік тамақтану кезінде, «Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын бекіту туралы» ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығына сәйкес, екінші таңғы ас уақыты қосылады. Бес мезгілдік тамақтанудың 25%-ын таңғы ас, 15%-ын екінші таңғы ас, 30%-түскі ас және 20% мен 10%-ын бірінші, екінші кешкі ас құрайды [2].

Диетологтардың зерттеуінше, таңғы асқа балғын көкөністер, ботқалар, сүзбе және ашытқысыз наннан жасалған бутербродтар жеу пайдалы. Әсіресе, түрлі жармалардан жасалатын ботқалар ағзаның жұмыс жасау қабілеттілігіне оң әсерін тигізіп, көп уақытқа дейін тоқтық сезімін береді, таңғы уақытта асқорыту жолына ауыртпалық түсірмейді [3].

Жарма өнімдері – әртүрлі әдіспен дайындалған дәнді дақылдардың кешені, олар минералдарға, дәрумендерге, әсіресе В тобына, құнды өсімдік ақуызына бай және сонымен бірге төмен калориялы [4].

Емдік тамақтануда кеңінен қолданылатын жарма өнімдеріне күріш, қарақұмық, сұлы, арпа, т.б. жатады. Соның ішінде тек ботқа түрінде ғана емес, сорпа күйінде, бұқтырылған күйінде ұсынылатыны – күріш пен қарақұмық дақылдары.

Күріш пен қарақұмықтағы калийдің көп мөлшері жүрек-қан тамырлары жүйесіне жағымды әсер етеді, ісіну мен тұздардың жиналмауына көмектеседі. Гастрит немесе ойық жара диагнозы қойылған адамдар үшін күріш (әсіресе пісірілген кезде) пайдалы, ол өңештің қабырғаларын ақырын орап, асқазан-ішек қышқылдығын төмендетеді. Қарақұмық ағзаға өзінің ақуызын синтездеуге ықпалын тигізеді, оның құрамына кіретін дәрумендер жүйке жүйесін нығайтады, стресс пен күйзелісті азайтады [5].

Зерттеу объектісі. Зерттеу объектісі БҚО-да орналасқан облыстық көпбейінді ауруханаңың тағамтану блогында қолданылатын «Баракат» күріші мен «Бугульминский» комбинаты дайындайтын қарақұмық жармалары болып табылады.

Зерттеу әдістері. Зерттеу жұмыстары Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті жанындағы ғылыми зерттеу институтында жүзеге асты.

Жарма өнімдерінің физико-химиялық көрсеткіштерін анықтау үшін төмендегі стандарттар қолданылады:

ГОСТ 26929-86 Шикізат және тамақ өнімдері. Сынамаларды дайындау. Уытты элементтердің құрамын анықтау үшін минералдау

ГОСТ 26932-86 Шикізат және тамақ өнімдері. Қорғасынды анықтау әдістері

ГОСТ 26933-86 Шикізат және тамақ өнімдері. Кадмийді анықтау әдістері

ГОСТ 32161-2013 Тағам өнімдері. Cs-137 цезий анықтау әдісі

ГОСТ 32163-2013 Тағам өнімдері. Sr-90 стронций анықтау әдісі

ГОСТ 26312.2-84 Жарма. Қарақұмық жармасы мен сұлы үлпектерінің органолептикалық көрсеткіштерін, қайнатылуын анықтау әдістері

ГОСТ 26312.3-84 Жарма. Зиянкестермен ластануын анықтау әдісі

ГОСТ 26312.7-88 Жарма. Ылғалдылықты анықтау әдістері.

Органолептикалық және физико-химиялық көрсеткіштері бойынша жарма өнімдері мемлекетаралық стандарттардың және Кеден одағының «Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентінің (КО ТР 021/2011) талаптарына сәйкес келуі керек.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Ең алдымен күріш пен қарақұмықтың органолептикалық көрсеткіштері анықталды. Нәтижелер жарма өнімдерінің рұқсат етілген нормасына сәйкес келеді (кесте 1).

Кесте 1 – Күріш пен қарақұмықтың органолептикалық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	**Күріш**		**Қарақұмық**	
	ГОСТ 6292-93	**Зерттеу нәтижесі**	**ГОСТ 5550-2021**	**Зерттеу нәтижесі**
Иісі	Өзіне тән, басқа жағымсыз иістерсіз, көгерген немесе ескірген иістер байқалмайды	Сәйкес келеді	Өзіне тән, басқа жағымсыз иістерсіз, көгерген немесе ескірген иістер байқалмайды	Сәйкес келеді
Түсі	Ақ және түрлі реңктермен араласқан ақ түсті	Сәйкес келеді	Қоңыр және әртүрлі реңктермен араласқан қоңыр түс	Сәйкес келеді
Дәмі	Өзіне тән, қышқыл немесе ащы дәмі жоқ	Сәйкес келеді	Өзіне тән, қышқыл немесе ащы дәмі жоқ	Сәйкес келеді

1-кесте бойынша жармалардың органолептикалық көрсеткіштері стандарт талаптарына сәйкес келді. Өнімнің сапа көрсеткіштерін бақылау үшін физико-химиялық көрсеткіштерді анықтау маңызды. Нәтижелер ГОСТ 6292-93 «Күріш жармасының техникалық шарттары», ГОСТ 5550-2021 «Қарақұмық жармасының техникалық шарттарына» сай болуы керек.

Физико-химиялық көрсеткіштерді анықтау кезінде қара және ақ әйнекті талдау тақтасы (зиянкестермен зақымдануын анықтау үшін), ДС3-2М диафаноскоп құрылғысы (шыны тәріздестігін анықтау үшін), су моншасы (пісу қасиетін анықтау үшін) қолданылды. Нәтижелер 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 2 – Күріш пен қарақұмықтың физико-химиялық көрсеткіштері

Көрсеткіш	**ГОСТ 6292-93**	**Күріш**	**ГОСТ 5550-2021**	**Қарақұмық**
Пісу қасиеті, мин	Дайын болғанға дейін	36	15-25	18
Шыны тәріздестігі	Шыны тәріздес, жартылай шыны тәріздес, ұнтақталған	Шыны тәріздес	Шыны тәріздес, жартылай шыны тәріздес, ұнтақталған	Жартылай шыны тәріздес
Зиянкестермен зақымдануы	Рұқсат етілмейді	Байқалмады	Рұқсат етілмейді	Байқалмады

2-кестеге сәйкес, жармалардың физико-химиялық көрсеткіштерін анықтау нәтижесі күріш пен қарақұмықтың сапа талаптарына сәйкес келді және құрамынан ешқандай зиянкестер табылған жоқ. Зиянкестермен ластануы қара және ақ әйнекті талдау тақтасының көмегімен тексерілді (1а, 1б-сурет).

1а, 1б-сурет. Жармалардың зиянкестермен ластануын анықтау

Күріш пен қарақұмықты талдау тақтасы көмегімен тексеру кезінде ешқандай зиянкестер (кенелер мен жәндіктердің кездесуі) байқалмады.

Шикізат пен өнімнің энергетикалық құндылықтары, құрамымен қоса, оның қауіпсіздік көрсеткіштері өте маңызды. Жармалардың қауіпсіздік көрсеткіштерін анықтау үшін уытты элементтер (Pb, Cd) мен радионуклидтердің (Sr, Cs) мөлшері қаралды. Кадмий мен қорғасынның мөлшерін анықтау үшін МГА-1000 аппараты, ал цезий-137 мен стронций-90 мөлшерін анықтау үшін альфа-бета-гамма сәулелердің белсенділігін өлшеуге арналған спектрометрлік «Прогресс» құрылғысы қолданылды. Нәтижелер 3-кестеде көрсетілген.

Кесте 3 – Күріш пен қарақұмықтың құрамындағы уытты зат пен радионуклеидтер мөлшері

Атауы	Күріш		Қарақұмық	
	КО ТР 021/2011	Зерттеу нәтижесі	КО ТР 021/2011	Зерттеу нәтижесі
Кадмий, Мг/кг	0,1	0,0078	0,1	0,0042
Қорғасын, Мг/кг	0,5	0,0142	0,5	0,0028
Цезий-137, Бк/кг	60	7,3	60	0
Стронций-90, Бк/кг	30	157	-	236

Кестедегі нәтижелерден кадмий, қорғасын және цезий мөлшерінің нормаға сай, ал стронцийдің мөлшері нормадан әлдеқайда жоғары екенін көруге болады. Ядролық немесе радиологиялық төтенше жағдай нәтижесінде радиоактивті элементтер ағып кеткен жағдайда, тамақ өнімдерінде қосымша радиациялық ластану болуы мүмкін. Атмосферадан, су ағындарынан немесе қардан радиоактивті материалдар топырақ арқылы көкөністерді, дәнді дақылдарды және мал азығын зақымдайды [6]. Радионуклидтердің мұндай үлесі шикізатты механикалық және термиялық өңдеу кезінде төмендейді. Жармалар тұтынушыға (науқастарға) бұқтырылған немесе пісірілген күйінде ұсынылатынын ескерсек, бұл көрсеткішті аса қауіпті деп танымауға болады [7].

Қорытынды. Күріш пен қарақұмықтың органолептикалық, физико-химиялық және қауіпсіздік көрсеткіштерін зерттей келе талаптар мен нормаларға сай екенін көруге болады. Зерттеу барысында жармалардың құрамынан уытты заттар мен радионуклидтер те рұқсат етілген нормадан аспады. Осындай нәтижелерге сүйене отырып, Батыс Қазақстан облысында орналасқан облыстық көпбейінді ауруханаңың тағамтану блогы қолданатын «Баракат» күріші мен «Бугульминский» комбинаты дайындайтын қарақұмық

жармасы емдік тамақтануда қолдануға жарамды деп айта аламыз. Аталған өнімдер құрамы мен құндылығы жағынан ғана емес, сонымен қатар, сапасы мен қауіпсіздігі жағынан да сенімді екендігін көрсетті. Осындай жоғары сапалы шикізаттар мен өнімдерді қолдану – еліміздің емдік тамақтану жағдайының дамуына оң әсерін тигізеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. А.А. Кудряшева, Влияние питания на здоровье человека // Питание и здоровье. 12/2004 – 88 б.

2. «Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын бекіту туралы» ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығы.

3. Т.Л. Киселева, Х. Х. Шарафетдинов, О. А. Плотникова, А. А. Кочеткова, и М. А. Киселева, Зерновые в лечебном питании при сахарном диабете 2 типа с позиции современной и традиционной диетологии // Традиционная медицина, вып. 3(54) 2018, 40-52 б.

4. Г.Л. Зеленский, Рис как продукт для диетического и лечебного питания // Научный журнал КубГАУ, №72(08), 2011.

5. Т.Л. Киселева, А.А. Карпеев, Ю. А. Смирнова, Лечебные свойства круп // Традиционная медицина, вып. 4 (19) 2009, 24-30 б.

6. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының ресми сайты // URL: https://www.who.int/ru/news-room/questions-and-answers/item/radioactivity-in-food-after-a-nuclear-emergency

7. В.А. Книжников, М.Н. Савкин, Л.А. Ильин, В.Я. Голиков, Э.В. Петухова, Проблемы гигиенической регламентации радионуклидов в пищевых продуктах // журнал «Гигиена и санитария», 1997. – 73 б.

РЕЗЮМЕ

В статье изложены свойства, органолептические, физико-химические показатели и обоснование использования в лечебном питании рисовой и гречневой крупы, широко используемой в лечебном питании. Согласно исследованиям, проведенным в научно-исследовательском институте при Западно-Казахстанском аграрно- технологическом университете им.Жангир хана, в крупах не наблюдалось заражения вредителями, органолептические показатели соответствовали требованиям стандарта. Содержание свинца из токсичных элементов составило 0,0142 Мг/кг в рисе, 0,0028 Мг/кг в гречихе, а содержание кадмия в рисе составило 0,0078 Мг/кг, а в гречихе-0,0042 Мг/кг. Из радионуклидов цезий-137 в рисе составлял 7,3 Бк/кг, в гречихе этот показатель был равен нулю, а стронций-90 в рисе составил 157 Бк/кг, в гречихе-236 Бк/кг. По результатам все элементы соответствовали требованиям стандарта, отмечалось только то, что содержание стронция превышало норму.

RESUME

The article describes the properties, organoleptic, physico-chemical parameters and the rationale for the use of rice and buckwheat groats in therapeutic nutrition, widely used in therapeutic nutrition. According to the research conducted at the research institute at the West Kazakhstan Agrarian and Technological University named after Zhangir Khan, there was no pest infestation in cereals, organoleptic indicators met the requirements of the standard. The lead content of toxic elements was 0.0142 Mg/kg in rice, 0.0028 Mg/kg in buckwheat, and the cadmium content in rice was 0.0078 Mg/kg, and in buckwheat - 0.0042 Mg/kg. Of the radionuclides, caesium-137 in rice was 7.3 Bq/kg, in buckwheat this indicator was zero, and strontium-90 in rice was 157 Bq/kg, in buckwheat - 236 Bq/kg. According to the results, all elements met the requirements of the standard, it was noted only that the content of strontium exceeded the norm.

ӘОЖ 691.1:[577.15+574](045)
Білім алушы: Даулетқұл М.Е., докторант
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Алматы
Ғылыми жетекші: Тұнғышбаева З.Б.
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Алматы

ТОЗҒАН ТОПЫРАҚТЫ ФЕРМЕНТТЕР КӨМЕГІМЕН НЫҒАЙТУ ЖӘНЕ БЕРІКТІГІН АРТТЫРУ

ТҮЙІН

Мақалада EICP(Enzymatic Induced Calcite precipitation) - ерітіндісінің тозған топырақтың құрылымын нығайту және беріктігін арттыру қабілеті анықталды. EICP - ферменттік индукцияланған кальций карбонатының тұнбасын алу әдісі.Бұл биогеотехникалық әдіс-несепнәрдің гидролизденіп, уреаза ферментімен катализдену нәтижесінде кальций карбонаты тұнбасының ($CaCO_3$)түзілуі жүзеге асырылады[7, 1].Уреаза ферменті соя бұршағының ұнтағынан бөліп алынды [13, 2]. Топырақты(Ақтау құмы) EICP ерітіндісімен өңдеу арқылы, олардың құрамындағы ферменттердің белсенділігін арттырып, карбонаттың тұндырылу дәрежесінің жоғары болуына алып келді.

***Түйін сөздер**: Биогеотехника, топырақ, нығайтылу, биоцемент, EICP.*

Кіріспе. Қазіргі кезеңде жаһандық проблемалардың бірі жердің тозуы және шөлейттенуі болып табылады. Желдің әсерінен құмның көшіп, топырақтың шөлейттенуісалдарынан ауылшаруашылық жерлері шөлге айналуда. Жел эрозиясы - топырақтың тозуының негізгі факторларының бірі, сонымен қатар құрғақ, жалпы алғанда экожүйелердің функционалдығының төмендеуі нәтижесінде аумақтардың биоалуан түрлілігіне теріс әсер көрсетеді. Соңғы жиырма жылдың аралығында «Ферменттік индукцияланған кальций карбонатының тұнбасы (EICP)» әдісі ғылымға таныла бастады. Алғаш рет ғылымға Кнорр енгізген, бірақ, осы әдісті, топырақтың инженерлік қасиеттеріне қолдануды технологиясын алғаш рет Немати мен Вур Доу зерттеді. Олар топырақтың борпылдақтық құрылымының өткізгіштігін төмендеуіне осы әдістің тиімділігін зерттеп, және екі EICP өңдеу циклі топырақтың өткізгіштіктігінің 98% төмендеуіне, $CaCO_3$ тұндырмасымен топрырақтың саңылауларын бітеу арқылы қол жеткізуге болатындығын көрсетті[9]. Бұл әдіс химиялық әдістермен салыстырғанда, бірқатар артықшылықтарға ие - улы емес, қоршаған ортаға зиянсыз, қолдануға ыңғайлы. Бұл технологияны қолдану шөлді аймақтарда жиі болатын шаңды дауылдардың пайда болуын азайтады. Осы технологиялар бойынша құмды нығайту үшін, уреаза ферменті мен кальцит және несепнәр қажет. Құмдарға несепнәрді ыдырататын уреаза ферментін синтездейтін бактериялар мен уреаза ферменттері қосылады. Егерде жер бетінде деградациялану, мысалы несепнәрдің ыдырауы сияқты процесстер болмаса жер беті азоттық қалдықтарына толып кетер еді[4]. Бірақ, табиғатта (суда, табиғатта және т.б) несепнәрдің гидролизденуі барысында ыдырауын катализдейтін заттар бар. Бұл катализаторлар – уреаза ферменттері болып табылады. Уреаза ферменті несепнәрді аммиак пен көмірқышқыл газына дейін ыдыратады[9]. Реакция теңдеуі 1-формулада берілген.



Зерттеу әдістері мен обьектілері:

Соя бұршағының ұнтағынан уреазалық ферменті бөліп алу.

Тазартылмаған соя ұнтағын белгілі бір концентрацияда дистильденген сумен араластыру арқылы уреаза алынды. Кептірілген соя бұршақтарының дәндерінен дезинтегратормен ұнтақталып, електен соя ұнтағыөткізілді. 100 г соя ұнтағын 1 литр дистильденген сумен 30 минут бойы араластырды. Ерітінді магнитті араластырғышпен 6 минут бойы суспензияның біртекті ерітіндісін алғанға дейін тағыда араластырылды. Тоңазытқышта 4°С температурада 24 сағат сақтағаннан кейін, соя ұнтағының ерітіндісі 15 минут ішінде 3000 айн/мин центрифугадан өткізіліп, жинақталған уреаза ерітіндісін кейінгі зерттеу жұмыстарына қолданылды. (1- суретте) берілген.



Сурет 1. Соя бұршағының ұнтағы.

Топырақ бағанының EICP ерітіндісімен өңделуі.

Топырақты өңдеу үшін, өңдеуші ерітінді құрамы 1М несепнәр, 0,6 М кальций хлориді, және 3 г/л фермент құм бағансына қосылды. Бұл концентрациялар сынауықта жасалған тәжірибиелер көрсеткендей, жоғары тұндырылу массасын түзуге қабілеттілігін көрсетті. Зерттеу жұмыстарына түссіз,мөлдір жұқа қабырғалы акрильді биіктігі 10 см және диаметрі 5 см (4 "х 2") цилиндр пішінді бағаналар қолданылды. (2 – суретте) берілген.



Полипропиленді жабын

Акрильді бағана

Тұздың қалдықтары

Пластикалық тығын

Шприц

Сурет2. Нығайтылған құм бағанының үлгісі

Өңделген үлгілерді алу үшін цилиндр тәрізді бағаналардың ішкі бөлімі полипропиленмен бекітілді. Електен өткізілген Ақтаудың құмы қолданылды. Құмның бастапқы көлемінен азайғаны байқалды және құмда бос кеңістіктер пайда болды. Осы бөліктерді нығайту үшін торырақтың үстінгі бөлігінен механикалық соққылар жасалынып, тығыздалды. Алғашқы құм бағаналары тұндырылу арқылы дайындалса, кейінгі төрт құм бағаналары ерітінді қосып, араластырылып нығыздалды, әр цикл сайын тұндырылып отырды. Дайын биоцеметтік үлгілер тұндыру арқылы өңделіп, ал цилиндр тәрізді бағаналарда орналасқан құрғақ құм бөліктері тығыздық мөлшері 47%-дық көрсеткіште болды. Содан кейін құм бағанының жоғарғы бөліміне EICP өңдеу ерітіндісі қосылды, төменгі бөлімі арнайы тығындар арқылы жабылды. Топырақты нығайту үшін, цементтеуші ерітінді бір көлемдік қатынасы қосылып бірінші циклында перколяция арқылы жасалынды[11].

Құм бағандары дайындау араластырылу және нығыздалу арқылы жасалынды, тығыздық көрсеткіші 47%-дық құрғақ құмдарға 70 мл EICP ерітіндісі қосылды. құмның тығыздық көрсеткіші 47%-дық шамаға келетін ерітіндіні құм бағанасындағы бөліктеріне сәйкес қосылды.Дайын болған үш үлгілер қосымша өңдеуден өткізілді (2,4 өңдеу циклдарында). Әр өңдеу циклінен кейін барлық үлгілер, 7 күнге бөлме температурасында кептірілді. Құм бағанын кептіру барысында, булану процессі кезінде ерітіндінің концентрацисының азаюынан сақтау үшін, бетін нейлон материалынан жасалған эластикалық лентамен жабамыз.Үлгілер кептірілген соң құм бағанының астынғы бөлігіне шприцті орналастырамыз. Содан кейін үлгілерге бағанның жоғарғы жағынан бір көлемдік мөлшерде (яғни ~ 70 мл) деионизацияланған су қосылып, ол өңдеу циклінен кейін қосылып, оның құм бағанының төменгі бөлігіне ағып кетуіне мүмкіндік берді. Әр деионизацияланған су қосылғаннан соң, құм бағананының астынғы бөлігін жабық күйде өңдеуші ерітінді қосылды.

Зерттеу нәтижелері. Тұндырылу массасы артуының әсерінен нығайтылған құмдарда саңылаудың көлемінің азаюынан және әр өңдеуден кейін үлгіде қалған ерітіндінің болуына байланысты бірінші өңдеу циклімен салыстырғанда, ерітінді аз мөлшерде қосылды. Соңғы өңдеу циклнан кейін үлгілер 60 мл деионизацияланған су қосылып, тұрақты массасы қалыптасқанша, 40°C температурада пеште кептірілді. Кептірілген үлгілерді зерттелді. Оларды шектеусіз қысу күшіне беріктігі тексеру үшін құм бағанының үстінгі және астыңғы бөлігін арнайы темір пластикалық тегістеуші құралмен тегістелді. Шектеусіз қысу күшіне сынақтар 1,28 мм/мин деформация жылдамдығымен жүргізілді. Шектеусіз қысу күшіне сынақтар аяқталғаннан кейін, үлгілерге тұндырылған, кальций карбонатының массассы қышқылдық ашу жолымен анықталды. Бұл әдістер негізінде нығайтылған құм үлгілері 4 М тұз қышқылы (HCl) қайнауы тоқтағанша қосылды[8]. Қышқылды ашытуға дейін және одан кейін үлгінің массасының азаюы, топырақтағы карбонаттың тұндырылу массасына тең болды. Құм бағанының нығайтылу дәрежесінің тиімділігінің артуына 65% және 91%-дық араластырылу және нығайтылу арқылы бір циклдық өңдеумен жасалуы да әсер етеді.. Карбонат мөлшері, тұндырылу коэффициенті шектеусіз қысу күшіне беріктігінің көресткіші және құм бағанының салыстырмалы 47%-дық тығыздығы 2- кестеде берілген.

Кесте 1- Салыстырмалы тығыздығы 47% топырақ бағандарын ерітіндімен өңдеу нәтижелері.

	Араластыру және перколяция, арқылы бірінші циклден кейін алынған тұндырылу көрсеткіштері			Тұндырылу шамалары		
Цикл #	CaCO3(%)	Тұндырылу жиілігі(%)	q(кПа)	CaCO3(%)	Тұндырылу шамасы (%)	q(кПа)
1	1.2	80%	NA	1.22	85%	100
2	2.0	83%	NA	2.19	94%	295
3	2.7	91%	NA	3.07	97%	434
4	3.6	93%	NA	3.68	73%	1270

Қорытынды. Кальций хлориді, несепнәр және уреаза ферментінің әртүрлі концентрацияларында тұндырылуы мен тұндырылу массаларының қатынасын жүйелі бағалау жүргізілді Құрамында 1М несепнәр, 0,67М CaCl және 3 г/л уреаза (уреазалық ортаға белсенділігі 3600 бірлік/г) ферментінен құралған EICP ерітіндісіферменттік әдісі ретінде қолдануылының таңдаулы құрамы, яғни жоғары тұндыру массасы үшін де, жоғары тұндыруға да тиімділігіменде анықталды

EICP ерітіндісінде кальцит түйіршіктерінің болуы тұндырылу морфологиясын жақсарта алатыны дәлелденді. Араластыру және перколяция арқылы жасалған, бастапқы салыстырмалы тығыздығы 47% болатын Ақтаудың 20/30 құм бағандарының EICP ерітіндісімен өңдеу үшін матрицадан шығарылғаннан кейін бағанның тұтастығын сақтау үшін құм бөлшектерінің арасындағы берік байланыс орнап, кристал түзетін цементтенуі жүрмейтіндігіне әкеледі [13]. Бастапқы салыстырмалы тығыздығы 47% болатын тұндырылу арқылы жаслған құм бағанының, оның барлық бөлігінде берік байланыстардың нәтижесінен акрильді құм бағанынан алынған үлгілер деформацияға ұшырамады. Шектеусіз қысу күшіне тексеру барысында, карбонаттың шекті мөлшерінің болатындығы көрсетіліп, және топырақты EICP ерітіндісімен өңдеу арқылы оның беріктігі күрт артады яғни, микробиологиялық индукцияланған кальций карбонатының тұнбасы

ағылшынша Microbial Induced Carbon Precipitation MICP ерітіндісі арқылы өңделген топыраққа арналған басқада зерттеулер нәтижелерімен салыстыра алғанда[2]. Дегенмен, EICP арқылы өңдеген топырақтың беріктігіне тек тұндырылу механизмі ғана емес, сонымен қатар топырақты нығайтудың әдістемесіне немесе биоцементтік үлгілерді дайындау технологиясына және құм бөліктерінің дұрыс байланыс орнауыда байланысты. EICP арқылы өңдеген топырақтың деионизацияланған сумен жуылуы нәтижесінде, топырақтың арасындағы берік байланысты ажырататындығы дәлелденді. Сканерлеуші электронды микроскоппен көрсетілгендей, үлгілерде беріктік қасиетінің жойылуы, нығайтылған топырақтағы органикалық заттардың шайылуынан және ерітінділер арқылы өңделген топырақта аммоний хлориді тұздарының тұнбасынан туындауынан болатындығы көрсетілді. Бұл тұжырым EICP және MICP ерітінділерімен өңделген топырақты өлшеу алдында, әрқашан сумен мұқият шаю керек екенін көрсетедіжәне органикалық заттар мен тұздардың тұндырылуы көптеген далалық жұмыстарда қолдану кезінде топырақтан шайылып кетуі мүмкін.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Burbank, M., Weaver, T., Green, T., Williams, B., and Crawford, R. (2011). "Precipitation of Calcite by Indigenous Microorganisms to Strengthen Liquefiable Soils". Geomicrobiology, 28(4), 301-312.

2. Chu, J., Stabnikov, V., and Ivanov, V. (2012). "Microbially induced calcium carbonate 516 precipitation on surface or in the bulk of soil". Geomicrobiology, 29(6), 544-549.

3. DeJong, J., Fritzges, M., and Nüsslein, K. (2006). "Microbially Induced Cementation to Control Sand Response to Undrained Shear". J. Geotech. Geoenviron. Eng., 132(11), 1381-1392.

4. Gomez, M., Anderson, C., DeJong, J., T., Nelson, D., and Lau, X. (2014). "Stimulating In situ Soil 529 Bacteria for Bio-Cementation of Sands." Proceedings of Geo-Congress 2014: Geo characterization and Modeling for Sustainability, ASCE, 1674-1682

5. Kavazanjian, E. and Hamdan, N. (2015). "Enzyme Induced Carbonate Precipitation (EICP) Columns for Ground Improvement". Proc., International Foundation Congress and Equipment Exposition (IFCEE 2015), ASCE Geotechnical Special Publication, 10.1061/9780784479087.209.

6. Khodadadi T., H., Kavazanjian, E., van Paassen, L., and DeJong, J. (2017). "Bio-grout Materials: A Review". Proceedings of Grouting 2017, ASCE, doi.10.1061/9780784480793.001

7. Kong, J., and Yu, S. (2007). "Fourier transform infrared spectroscopic analysis of protein secondary structures". Acta Biochimica et Biophysica Sinica, 39(8), 549-559.

8. Loste, E., Wilson, R., Seshadri, R., and Meldrum, F. (2003). "The Role of Magnesium in Stabilizing Amorphous Calcium Carbonate and Controlling Calcite Morphologies". Crystal Growth, 254(1-2), 206-218

9. Montoya, B. and DeJong, J. (2015). "Stress-Strain Behavior of Sands Cemented by Microbially Induced Calcite Precipitation". J. Geotech. Geoenviron. Eng., 141(6), 04015019.

10. Neupane, D., Yasuhara, H., Kinoshita, N., and Putra, H. (2015). "Distribution of grout material within 1-m sand column in institute calcite precipitation technique". Soils and Foundations, 55(6), 1512-1518

11. Oliveira, P. J. V., Freitas, L. D., and Carmona, J. P. (2016). "Effect of Soil Type on the Enzymatic Calcium Carbonate Precipitation Process Used for Soil Improvement". Journal of Materials in Civil Engineering, 29(4), 04016263.

12. Putra, H., Yasuhara, H., and Kinoshita, N. (2017). "Applicability of Natural Zeolite for NH-Forms Removal in Enzyme-Mediated Calcite Precipitation Technique". Geosciences, 7(3), 61.

13. Whiffin, V., van Paassen, L., and Harkes, M. (2007). "Microbial Carbonate Precipitation as a Soil 587 Improvement Technique". Geomicrobiology 24(5), 417-423.

14. Yasuhara, H., Neupane, D., Hayashi, K., & Okamura, M. (2012). "Experiments and predictions of 590 physical properties of sand cemented by enzymatically-induced carbonate precipitation". Soils and Foundations, 52(3), 539-549.

15. Zhao, Z., Hamdan, N., Shen, L., Nan, H., Almajed, A., Kavazanjian, E., & He, X. (2016). "Biomimetic Hydrogel Composites for Soil Stabilization and Contaminant Mitigation". Environmental Science & Technology, 50(22), 12401-12410.

РЕЗЮМЕ

В статье описаны результаты проведенной исследовательской работы по определению способности раствора EICP (Enzymatic Induced Calcite precipitation) укреплять структуру и повышать прочность деградированных почв. Данным биогеотехническим методом осуществляется гидролиз мочевины и образование осадка карбоната кальция (CaCO3) в результате катализа ферментом уреазой [7, 1]. Фермент Уреаза был выделен из порошка соевых бобов [13, 2].. Почву (Актауский песок) обработали с раствором EICP, повысили активность содержащихся в них ферментов, что привело к высокой степени осаждения карбоната

RESUME

The article describes the results of the research work carried out to determine the ability of the EICP (Enzymatic Induced Calcite precipitation) solution to strengthen the structure and increase the strength of degraded soils. By this biogeotechnical method, urea is hydrolyzed and calcium carbonate precipitate (CaCO3) is formed as a result of catalysis by the urease enzyme [7, 1]. The urease enzyme was isolated from soy bean powder [13, 2].. The soil (Aktau sand) was treated with an EICP solution, the activity of the enzymes contained in them was increased, which led to a high degree of carbonate precipitation.

УДК 664.681.9
Обучающийся: Богдашкина А.А., студентка 2-го курса магистратуры
Санкт-Петербургский Политехнический университет Петра Великого
Научный руководитель: Русинов А.В., доцент, к.т.н.
Санкт-Петербургский Политехнический университет Петра Великого

РАЗРАБОТКА ТЕХНОЛОГИИ КОНДИТЕРСКИХ ИЗДЕЛИЙ С ДОБАВЛЕНИЕМ МИКРОВОДОРОСЛИ *SPIRULINA PLATENSIS*

АННОТАЦИЯ

Представлены результаты разработки различных функциональных продуктов с добавлением микроводоросли *Spirulina Platensis*. Проведена оценка питательных свойств полученных продуктов. Показано, что разработка функциональных продуктов с добавлением спирулины является перспективным направлением в области нутрициологии.

***Ключевые слова*:** *Спирулина, микроводоросль, функциональный продукт, нутрициология.*

Здоровый образ жизни, приобретающий всё большую популярность в современном обществе, включает в себя, поддержание хорошей физической формы и соблюдение принципов здорового питания. Постоянно растет количество людей, активно и регулярно занимающихся спортом. Все это способствует развитию сегмента функциональных продуктов питания, предназначенных не только для профессиональных спортсменов, но и для приверженцев здорового образа жизни, занимающихся спортом. Согласно ГОСТ 34006-2016, количество биологически активных компонентов в таких продуктах должно быть достаточном для оказания положительного эффекта на здоровье и самочувствие человека, что составляет не менее 15% от уровня рекомендуемого суточного потребления в разовой порции.

Анализ ассортимента продуктов функционального спортивного питания на рынке РФ позволил выделить несколько их классификационных признаков: 1) назначение; 2) количество содержания белка; 3) вид белка (аминокислот); 4) происхождение белка; 5) особенности состава продуктов в целом. Полученные данные позволили определить направление для разработки функциональных продуктов здорового питания с использованием микроводоросли рода *Spirulina Platensis* (спирулина).

Спирулина – это нитевидный организм, размножающийся вегетативным путем и растущий в виде плотной закрученной спирали. Клетки спирулины содержат большое количество каротина, фикоцианина, хлорофилла, ксантофилла и других пигментов, играющих важную роль в процессах метаболизма.

Обширный биохимический состав спирулины, обуславливает её использование в качестве источника важных питательных веществ и компонентов для организма человека, что особенно актуально в условиях плохой экологии или мегаполисов.

Спирулину можно принимать в качестве пищевой добавки, как детям, так и взрослым людям. В период беременности и лактации употребление в пищу спирулины позволяет восполнить возрастающую потребность женского организма в железе, йоде, цинке, селене, витаминах группы В. Прием микроводоросли улучшает всасывание железа и способствует устранению анемии.

Спирулина широко рекомендуется при хронических гастритах, язвенных болезнях желудка и двенадцати перстной кишки, гепатитах или при других болезнях, вызывающих нарушение работы или расстройство пищеварения. При приеме спирулины, можно получать необходимые вещества в небольшом концентрированном объеме, при этом не перегружая пищеварительную систему [1, 2]. Кроме того, она снижает уровень холестерина в крови, поэтому она имеет особое значение в кардиологии при различных болезнях сердца.

Водоросль широко используется в лечении диабета. Поскольку, снабжая организм минеральными и органическими веществами, в частности калием, который помогает инсулину в поддержании нормального сахара в крови, она обеспечивает сбалансированное питание. Благодаря фикоцианину в составе водоросли, ее активно применяют при лечении онкологических заболеваний [2].

В таблице 1 представлен основной состав Спирулины [1].

Таблица 1 – Биохимический состав Спирулины

Компонент, гр/100гр	
Белок	60-70
Углеводы	15-20
Липиды	6.5-8.0
Зола	7.5-8.0
Клетчатка	3.6
Минеральные вещества, мг/100гр	
Кальций	120
Фосфор	118
Калий	1363
Натрий	1048
Магний	195
Железо	28.5
Цинк	2
Витамины, мг/100гр	
β-каротин	0.34
B_1	2.38
B_2	3.67
PP	12.82
C	10.11
E	5.00
Пигменты, мг/100гр	
Каротиноиды	0.22-0.40
Хлорофилл	0.76-0.94
Фикоцианин	0.8-1.0
Полиненасыщенные жирные кислоты, %	
Линолевая	1.1-1.4

γ-линоленовая	0.9-1.2

Добавление в состав продуктов микроводоросли, повышает их биологическую значимость, поскольку *Spirulina Platensis* содержит целый ряд ценных витаминов, микроэлементов и аминокислот. Состав минеральных веществ, аминокислот и витаминов спирулины является сбалансированным, что является существенным преимуществом. Микроводоросль также содержит фикоцианин (синий пигмент), который является антиоксидантом и повышает выносливость организма [3].

Обеспечить полноценный рацион людей, занимающихся спортом, помогают полезные перекусы, это могут быть протеиновые батончики, мармелад, различные обогащенные хлебобулочные изделия. В состав этих функциональных продуктов входит повышенное количество питательных веществ, которые помогут восполнить потерянные запасы энергии при утомительных тренировках [3]. Кроме спортсменов полезные перекусы могут использовать в пищу другие группы населения, так как данные изделия содержат полезных веществ больше, чем прочие наименования кондитерской продукции [2].

Нами были разработаны и изготовлены следующие функциональные продукты питания: леденцовая карамель; протеиновые батончики; пудинг из семян чиа; ПП панкейки. Исходные компоненты, использованные для приготовления продуктов, представлены в таблице 2.

Таблица 2 – Исходные компоненты, использованные для приготовления изделий

Наименование	Состав
Леденцовая карамель	• Изомальт; • Глюкозный сироп; • Вода; • Порошок *Spirulina Platensis*; • Кокосовая стружка
Протеиновые батончики	• Тыквенные семечки; • Семена подсолнечника; • Кокосовая стружка; • Порошок *Spirulina Platensis*; • Банан; • Финик
Пудинг из семян чиа	• Соевое молоко; • Семена чиа; • Кокосовая стружка; • Порошок *Spirulina Platensis*
ПП панкейки	• Кефир; • Куриные яйца; • Рисовая мука; • Сода; • Кокосовое масло; • Сироп агавы; • Порошок *Spirulina Platensis*

Процесс приготовления полученных изделий включает в себя измельчение, смешение ингредиентов, в отдельных случаях термическую обработку. В случае приготовления леденцов спирулина добавляется в смесь при температуре 90°С, пока леденцовая смесь еще жидкая.

Массовое содержание сухого порошка *Spirulina Platensis* на 100 грамм полученного продукта представлено в таблице 3.

Таблица 3 – Массовое содержание порошка *Spirulina Platensis* на 100 грамм полученного продукта

Продукт	Содержание сухого порошка *Spirulina Platensis* на 100 грамм продукта, г
Леденцовая карамель	1.3
Протеиновые батончики	2
Пудинг из семян чиа	1.5
ПП панкейки ПП панкейки	2.5

Процентное содержание порошка микроводоросли было определено исходя из нормы потребления спирулины взрослым человеком в день (около 7 грамм) [1]. Особое внимание уделялось органолептическим характеристикам. Известно, что добавление микроводорослей в качестве компонента продукта, иногда придает травянистый вкус. У приготовленных нами функциональных продуктов, на основании дегустации, неприятный болотистый привкус или неприятный травянистый запах не обнаруживается.

Выводы:

1. Были приготовлены продукты с добавлением микроводоросли Spirulina Platensis
2. Содержание порошка спирулины в исходной смеси компонентов составило около 1.5-2.5 %, что позволяет отнести их к функциональным продуктам
3. Дегустация полученных продуктов показала отсутствие неприятного вкуса, обычно характерного для изделий, содержащих микроводоросли.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Кедик, С.А. Спирулина – пища XXI века // М.: «Фарма Центр», – 2006. – 166 с.
2. Олейникова, А.Я., Магомедов Г.О., Мирошникова Т.Н. Практикум по технологии кондитерских изделий. СПб.: ГИОРД, 2005. 456 с.
3. Пшендин, П. И. Рациональное питание спортсменов / П. И. Пшендин. — М.: ДеЛипринт, 2004. – 68 с.
4. Henrikson R. Spirulina - World Food: How This Micro Algae Can Transform Your Health and Our Planet // CreateSpace Independent Publishing Platform, – 2010. – 192 p.
1. Алтуньян М.К., Лебедев А. Б., Маликов А. В. Новые рецептуры кулинарных соусов для функционального питания //Известия вузов. Пищевая технология – 2018 - №1. С. 52-53.
2. Терещук Л. В., Старовойтова К. В., Павельева Е. Г. Производство эмульсионных масложировых продуктов. Технология майонезов и майонезных соусов: учебное пособие, Кемерово – 2019 - С. 169.
3. Куткина М. Н., Елисеева С. А. Русская кухня. Из глубины веков и до наших дней: Учебное пособие для вузов, Санкт-Петербург – 2023 – С.170.
4. Феофилактова О.В., Заворохина Н.В. - Разработка эмульсионных соусов, оптимизированных по составу ПНЖК, Вестник Южно-Уральского государственного университета. Серия: Пищевые и биотехнологии - 2022г. №4. С. 5-17.
5. Бобренева И. В., Функциональные продукты питания и их разработка — Санкт-Петербург : Лань, 2022. - С. 172.
6. Бурова Т. Е., Баженова И. А., Баженова Т. С., Технология замороженных готовых блюд: учебное пособие – Санкт-Петербург, 2022. – С. 146.

7. Рязанова О. А., Дацун В. М., Позняковский В. М., Экспертиза рыбы, рыбопродуктов и нерыбных объектов водного промысла. Качество и безопасность – Издательство «Лань», 2021. – С. 572.

8. Панина Е. В., Исаев Е. А. - Исследование применения нетрадиционных ингридиентов в майонезных соусах//Технологии и товароведение сельскохозяйственной продукции - 2018г. №2. – С. 145.

ТҮЙІН

Спирулина Платенсис микробалдырлары қосылған әртүрлі функционалды өнімдерді дайындау нәтижелері ұсынылған. Алынған тағамдардың тағамдық қасиеттері бағаланды. Спирулина қосылған функционалды өнімдерді әзірлеу диетология саласындағы келешегі бар бағыт болып табылады.

RESUME

The results of the development of various functional products with the addition of Spirulina Platensis microalgae are presented. The nutritional properties of the obtained products were evaluated. It is shown that the development of functional products with the addition of spirulina is a promising direction in the field of nutrition.

UDC; 69.034.7

Student: Zhanataev B.T., doctoral student
Kazakh National Pedagogical University named after Abai Almaty, Kazakhstan
Scientific adviser: Tungushbaeva Z.B., Head
Kazakh National Pedagogical University named after Abai Almaty, Kazakhstan

THE ROLE OF SPOROSARCINA PASTEURII IN CHANGING SAND PARAMETERS AS A FUNCTION OF TEMPERATURE AND RESISTANCE TO WIND EROSION

ABSTRACT

This article focuses on the precipitation of calcite from sands. Bacteria of the species Sporosarcina pasteurii, urea, and calcium chloride were used to precipitate calcite from sands. This experiment resulted in a strong biocement that is resistant to wind erosion. This research represents a new method that can help improve soil fertility and biocomposition of sand, preventing migration in many regions of Kazakhstan.

The result showed that the highest bacterial activity was observed at 60 °C, and according to the test results, the average compaction of 56% is the best performance of the sand. According to the results, the biocomposition method could improve the properties of sand and increase its strength when tested for resistance to wind erosion.

Key words: *Sporosarcina pasteurii, calcite, compression, temperature, sand.*

Жолды дұрыс жоспарламаудың тағы бір көрсеткіші ретінде жолмен жасалатын қосымшалардың есептеп салынбауында. Оған бірден бір себебі ретінде елімізде жыл сайын болатын су тасқыны, яғни құбырлар мен арықтардың жоқтығымен түсіндіріледі. Облыстың көптеген аудандары мен ауылды елді мекендердегі үйлер су астына кетіп, көптеген отбасылар зардап шекті. Су көлік жолдарына тасып, көлік апаттарына да себеп болады. Бұндай жол апаттарын, елді мекендердің зардабын алдын алу үшін жол мен көше бойларына жасанды құрылыстарды: құбыр, көпір мен арықтар салу қажет. Құбырлар жол үстіне су өткізетін құрылыстардың 85% пайызын құрауы шарт. Аязға төтеп бере алатын тасты шығаратын жұмыс орнына тікелей жақындағанда құбыр немесе кіші көпірдің орнына бекем топыраққа бөгет қондырады, ал төменгі жағын бірдей үлкен тастардан тұрғызады. Бұл үйімге келген су тастардың кесектерінен өтеді. Тастан жасалған материалды үнемдеу мақсатында фильтрлі қабат жасауға болады. Бұнда тас деңгейі тірелген су деңгейінен төмен орналасады, ол фильтрлі жер үйімінен құбырға орналастырылған құрлыстың су өткізуін үлкейтеді. Сай мен алқаптардың жолда қиылысқан жерінде су қоймалардың су деңгейін дұрыстау үшін көтерілетін жайма тақта көпірлерін салады. Егер аз қозғалысы бар жерде 0,4 м тереңдікте уақытша суды өткізуге болатын болса, белгіленген жерде өткел қондыруға болады. Өткелдің түбі қатты, су ағысы өтетін жердің жағасы жалпақ болуы керек. Өткел түбі қатты болмаған жағдайда, 25-30 см қабат тас салу керек. Жасанды құрылыстың өту жолының ені 5-6 м кем болмайды. Екі жағынан міндетті түрде қадалар қондырылып,тура сызық учаскесінде 10 м жиі,ал қисық сызығында 5 м жиі болмауы шарт. Қадаларды үнемі ауыстыру қажет, әсіресе су тасқыны мен сең жүргеннен кейін. Өткелдің екі жағынан белгі іліп, жасанды құрылыстың тереңдігін белгілеу қажет.

Құрылысты тиімді жобалауымыздың басты көрсеткіші ретінде құбыр мен көпірлердің бағасы барлық жолдардың құны 20% , ал таулы аймақтарда 50% дейін немесе одан да жоғары пайыз көрсеткіш құрауын айтамыз. Құбыр жолдың үйім табанының төмен жағындағы бөлігінде орналасқан, ол үнемі немесе мерзімді суғарудың аздау су шығының өткізу үшін жасалады. Аз шығын болған кезде құбыр құрылысы кіші көпір салғаннан арзан. Оған қоса құбырлар пайдалануда да қолайлы, өйткені ол жер жабыны мен жоғары жабынының үздіксіз жұмысын сақтайды. Ол болса өз кезегінде қозғалыстың қауіпсіздігі мен жылдамдығын арттыра түседі. Жол бойында көпір мен құбыр саны ауа-райы, жер бедер және гидрологиялық желінің орналасуына байланысты болады. Мысалы, қуаң, шөлдік немесе жартылай шөлдік аудандара бір су өткізгіш құрылыс орта шаққанда жолдың әр 3 км-не, жазық,яғги түзу аудандарда 2 км-ге, ал батпақта 1 км және таулы жерлерде 0,5 км-ге дейін салынады [12, 13, 14].

Құбырдың және кіші көпірдің өлшемін гидравикалық есеп арқылы табады. Сазды жерлерде жол салынса есепсіз әр 1...2 км сайын 2...3 м кіші көпір орналастырылады. Ауа-райы әдетте қатал аудандарда құбырларды орналастыру ықтималдылығы аз, оған себеп

болатын мұз немесе ағаштар құбырларға тұрып бітеліп қалады. Су өткізетін құбырлар мен көпірлер тек суды өткізіп қана қоймай, барлық берілген мерзім ішінде көліктердің қауіпсіз және үздіксіз қозғалысын қамтамасыз етеді.

Елді мекен көшелерінде су тасқының алдын алу үшін кәріз құрылысын ұйымдастыру тиімді. Жолдағы нөсерлі кәріз (2-сурет) - бұл жаңбыр мен еріген суды тас жолдардан, муниципалды учаскелерден және жеке аумақтардан ағызуды қамтамасыз ететін инженерлік құрылым. Жаңбыр суы нөсер су жүйелері арқылы канализацияларға және әртүрлі су қоймаларына жіберіледі. Нөсер ағындары, кәріз құдықтары, нөсер суының құятын саңылаулары, құм ұстағыштар, коллекторлар, кәріз құбырлары – мұның бәрі күрделі нөсерлі кәріз жүйесінің бір бөлігі. Оның барлық элементтері бір-бірімен тығыз байланысты және біркелкі жұмыс істеу үшін өте маңызды.

Нөсер суын бұру жүйелерінің тиімділігі жобаның қаншалықты егжей-тегжейлі ойластырылғанына және әзірленгеніне байланысты. Жобалық құжаттамада барлық маңызды тармақтарды ескеру қажет. Әсіресе факторлар, мысалы: кәсіпорындардың, жанармай құю станцияларының және өнеркәсіптік нысандардың жұмысына байланысты ластану. Экологиялық жағдайға теріс әсер ететін жағдайлардың болуы тазарту жабдықтарын міндетті түрде орнатуды қарастырады.

Сарапшылар дауыл жүйесінің үш негізгі түрін ажыратады: ашық, жабық және аралас (олар жиналған шөгінді судың дауыл дренажына түсу тәсілімен ерекшеленеді). Мұндай жүйелерді жобалау, орналастыру және құрастыру кезінде олардың әрқайсысының жұмыс істеу принципін ескеру маңызды.

Төмен температурада жердің жоғарғы қабаттарында жиналатын жер асты сулары қатып, кеңейіп, жолды бұзады. Олар елеулі деструктивті фактор болып табылады. Уақыт өте келе, пайда болған жарықтарға қосымша ылғал түседі, ол топыраққа еніп, жойылу процесін жеделдетеді. Жолдарда судың көп жиналуы көбінесе жол-көлік оқиғаларын тудырады, өйткені доңғалақтардың жол төсеміне жабысуы бұзылып, көлік құралын басқару мүмкін емес болады (гидроұшу әсері). Қалалық көлік қозғалысының тығыздығы жағдайында бұл әсіресе қауіпті, өйткені ол жүргізушілер мен жаяу жүргіншілердің өміріне қауіп төндіреді. Бүкіл нөсерлі кәріз жүйесі жолдың шетіне немесе жолдың астына орнатылады. Оның құрамына арнайы суағарлар мен жиектерге арналған науалар кіреді.

2 – сурет (Жолдағы нөсерлі кәріз және құрылысының көріністері)

Судың тиімдірек ағып кетуін қамтамасыз ету үшін жабын жол жиегіне еңіспен (бір жақты немесе екі жақты) төселеді. Бұл жол бір жақты болған жағдайда бір жақты еңіс қолданылады. Көп жолақты тас жолда еңіс екі бағытта жобаланған, соның арқасында су арықтар арқылы дауыл торларына өтеді. Ағынды сулар шеткі науалар бойымен ағызылатын жерлерге жіберіледі. Қажет болса, арнайы еңіс жобаланады. Орталықта жолақ

саны көп жолдарда артық су ағатын құбырлармен жиек арықтарға жалғанған қабылдау науалары орнатылады.

Қорытындылай келе, жол құрылысын салу өте күрделі әрі маңызды процесс, сондықтан берілген аумаққа сәйкес көлік қозғалысы мен жол бойындағы көше, үйлер мен ғимараттарды қауіпсіздік ережелеріне сәйкес ұйымдастыру қажет.

Барлық мүмкіндіктерден жоғары нәтижеге жетіп, жақсы көрсеткіштерді көрсету үшін жол құрылысының түрлерін, жердің гидроморфологиясын талдап, олардың орналастыруын, қауіпсіздігін және ұтымды экономикалық өндірісін қамтамасыз ету керек. Жолдарды ұйымдастыру кезінде табиғи және экономикалық ерекшеліктеріне аса маңызды көңіл аудару қажет. Себебі табиғи жағдайлардың көрсеткіштері, жауын-шашынның түсетін мөлшері, температура, белгілі бір аймақтағы қабылданған келісімдердің ұтымдылығына көрсеткіші болады. Бұл әдетте жерді пайдалану мен орналастыруда және өндіріс шығындарын табуда маңызды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының “Жер Кодексі”, Астана, 2003ж.
2. Қазақстан Республикасының “Автомобильдік жолдары туралы Заңы”, 17 шілде 2001ж.
3. Қазақстан республикасының “Электр энергиясы туралы” 2004ж 9 шілде 588-11 Заңы
4. Қазақстан Республикасының Су кодексі №37, қыркүйек 2003ж.
5. Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
6. А.К.Кадырбаев және басқалары. Сельскохозяйственная мелиорация: защита растений и агроэкология. – Алматы, «Бастау», 2011 г.
7. А.К.Кадырбаев. Инженерные сети и оборудование. Кн. 1. – Алматы, «Бастау», 2012.
8. https://egemen.kz/article/327924-zhol-qurylysyndaghy-ghylymnynh-roli
9. The Handbook of Road Safety Measures 2nd Revised edition by Elvik Rune (Author, Editor)
10. Красильщиков, Елизаров: Проектирование автомобильных дорог, 2022.
11. Величко Г.В., Филиппов В.В. CREDO III. Особенности трассирования в системе дороги // Автомобильные дороги. — 2004.
12. Федотов Г.А. Инженерная геодезия: Учебник / 2-е изд. исправл. М.: Высшая школа, 2004.
13. Кулижников А.М. В разведку с георадаром // Автомобильные дороги. — 2002.
14. И. К. Яцевич, Е. И. Кононов. // Основы проектирования автомобильных дорог – 2016.

РЕЗЮМЕ

В данной статье описывается важность дорожного строительства и соединения элементов вдоль дороги. Правильное строительство дороги обеспечивает не только сохранность автомобилей, но и сохранность жилья и недвижимого имущества вдоль дороги, поэтому очень важна правильная планировка дороги и организация связанных с ней приложений. В этой статье мы сосредоточимся на актуальных проблемах дорожного планирования, включая их последствия, и рассмотрим способы их предотвращения.

REZUME

The article describes the importance of road construction in the country and the connection of the elements along the road. Correct construction of the road ensures not only the safety of cars, but also the safety of housing, buildings and real estate along the road, therefore, proper planning of the road and organization of related applications is very important. In this article, we

will focus on the actual problems in road planning, including their consequences, and consider ways to prevent them.

ӘОЖ 664.66:664.642.2:633.791
Білім алушы: Болат Б.Б., магистрант
Ғылыми жетекші: Жұмаева А.Қ., PhD докторы,
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ.

ҚҰЛМАҚ ШИКІЗАТЫНЫҢ НАН ӨНДІРІСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

ТҮЙІН

Қазіргі уақытта ашытқысыз нан жасау үшін құлмақ ашытқысы жиі қолданылады. Мақалада бөгде микрофлораның дамуына кедергі келтіретін, бактериоцидтік заттарға өте бай құлмақ шикізатын қолдана отырып ашытқы жасау қарастырылған.

Құлмақ шикізатының химиялық құрамы, құлмақ негізінде дайындалған нанның адам ағзасына пайдасы келтірілген.

Кілт сөздер: *Құлмақ, ашытқысыз нан, ашытқы, ақуыз, дәрумен*

Нан-негізгі және күнделікті тағамдардың бірі. Соңғы жылдары қандай нанды пайдалы деп санауға болатындығы туралы пікірталастар тоқтар емес. Қазіргі таңда өз денсаулығы үшін алаңдайтын әрбір адам жасанды түрде өсірілген термофильді ашытқылар, сахаромицеттерді қолданбай табиғи ашытқымен нан пісіруді қолдайды. [7]

Ашытқы-сұйық және жартылай сұйық, органикалық заттарға бай субстраттарда өмір сүруге байланысты мицелий құрылымын жоғалтқан бір клеткалы саңырауқұлақтардың таксономиялық емес тобы. Ашытқы РН төмен ортада (5,5 және одан да төмен), әсіресе көмірсулар, органикалық қышқылдар және басқа да оңай жойылатын органикалық көміртегі көздері болған кезде өсе алады. Олар мицелий саңырауқұлақтары өсе алмайтын кезде 5-10 °С температурада жақсы дамиды. [7]

Ашытқының ағзаға тигізетін зияндарына мыналар жатады: ашытқы саңырауқұлақтары экспоненциалды түрде көбейіп, ішек микрофлорасының бұзылуына және ішек ішіндегі шірік процестердің басталуына, соның салдарынан пайдалы бактериялардың көпшілігінің жойылуына әкеліп соғады, иммунитеттің әлсіреуі мен қатар дисбиоз пайда болады. Асқазанның ортасын қышқылдандырады және крахмалмен бірге жаралардың, гастриттердің пайда болуына, созылмалы іш қатуға және бауыр мен өт тастарының пайда болуына ықпал етеді. Саңырауқұлақ флорасының қатысуымен қан құрамы өзгеріп, ағзадағы кальций мөлшері төмендейді. Жасанды нан ашытқысын жасау кезінде оларға зиянды химиялық қосылыстар(фосфор, калий, азот және т. б.) мен ауыр металдар(мыс, мырыш, молибден, кобальт, магний және т.б.) енеді. Мұндай ашытқыны қолдану қан айналымының бұзылуына және әртүрлі органдар мен жүйелерде қатерлі ісіктердің пайда болуына әкеледі.[2] Алайда аса қатты қорқудың қажеті жоқ, барлығы біз ойлағандай жаман емес,тек жасанды түрде өсірілген термофильді ашытқылардан, сахаромицеттерден дайындалған наныды ашытқысыз нанға яғни табиғи жолмен әзірленген нанға алмастырсақ жеткілікті.

Ашытқысыз нан - бұл кәдімгі наубайхана ашытқысын қолданбай, арнайы технологиямен жасалған нан. Ашытқысыз нан жасау үшін құлмақ ашытқысы қолданылады. Дұрыс тамақтануды ұнататындар ашытқысыз нанды жеудің пайдасына көптеген дәлелдер келтіреді.

Ашытқысыз нан пісірудің басқа нан өнімдерінен ерекшелігі құрамында адам ағзасына зиян келтіретін наубайхана ашытқысының болмауында. Мұндай пісіру өте ұзақ уақыт бойы ас қорыту жолдарының ауруларының алдын алу және емдеу үшін қолданылған. Органолептикалық қасиеттерінің арқасында ол ішектің мінсіз жұмысына ықпал етеді, асқазан-ішек жолдарының бұлшықеттерінің белсенді жұмысын ынталандырады. Жоғары тығыздығы мен қаттылығы тағамның жақсы сіңуіне және ас қорыту жүйесінің тиімді жұмысына ықпал етеді. Ашытқысыз нан пісіру бауырдың жұмысын жақсартады, ұйқы безінің тұрақты жұмысына ықпал етеді, сонымен қатар асқазанның қышқыл ортасын төмендетуге қабілетті, осылайша әртүрлі мәселелерден арылуға көмектеседі. Ашытқысыз нанды біржола қолдану метеоризмнен арылуға көмектеседі. Мұндай нанды диетологтар жиі ұсынады, өйткені ол нан өнімдерінің басқа түрлеріне қарағанда аз калориялы. Нағыз ашытқысыз нанның құрамында көп мөлшерде тағамдық целлюлоза талшықтары бар.

Ашытқысыз нанның құрамында пайдалы компоненттер бар: ақуыздар мен көмірсулардың синтезіне тікелей қатысатын фосфор, ойлау процестерін ынталандыратын және миды оттегімен қамтамасыз ететін калий, стресске қарсы әсері бар магний және басқа элементтер. Сондай-ақ, бұл өнімде В тобындағы дәрумендер мен РР дәрумені көп, олар пісіру процесінде жоғары температурада жойылмайды. В дәрумендері метаболизмді жақсартуға көмектеседі, мидың жұмысын белсендіреді. А, РР дәрумені кортизол, инсулин, тестостерон, прогестерон және т.б. сияқты маңызды гормондардың түзілуіне қатысу арқылы гормоналды фонды қалыпқа келтіреді.

Материалдар мен әдістер:

Сурет 1-Құлмақ шикізатының химиялық құрамына зерттеу жүргізу

Құлмақ тамақ өнеркәсібі үшін маңызды шикізат болып табылады. Құлмақты көптеген адамдар сыра қайнату процесімен байланыстыратын өсімдік деп біледі. Бір қызығы, ол тек сыра қайнату үшін ғана емес, сонымен қатар медицинада және нан өндірісінде қолданылады. Құлмақ шикізатының құндылығы конустарында кездесетін басқа өсімдіктерде жоқ күрделі құрамдағы ащы заттар мен шайырлардың болуында. Ащы заттар құрамының номенклатурасы 25-тен астам атаудағы қосылыстарды қамтиды. Бұл заттардың негізгі компоненттері-гумулон (альфа қышқылы), лупулон (бета қышқылы), жұмсақ және қатты шайырлар. Құлмақтың пайдасы өте мол, сонымен қатар көптеген емдік қасиеттері бар.

Құлмақ өнімдерін өндеу мынадай қасиеттерге ие болып табылады. Құрамында азотты, азотсыз экстрактивті, минералды және фенолды заттар, дайын өнімнің сапасын арттыруға мүмкіндік беретін амин қышқылдар, сондай - ақ құлмақ құрамында микрофлораның дамуын тежейтін мирцен және мирценол, кариофиллен, гераниол, линалол, борнеол, гумулен эфир майлары мен ащы қышқыл ацилфлороглюцидтер (лупулон, гулупон, гумулон) бар . Құлмақ шикізаты қазіргі таңда көпке белгілі бауыр мен бүйрек проблемаларына, сондай-ақ жүрек-қан тамырлары ауруларына ем болып келеді. Тыныс алуды реттейді және метаболизм процестерін белсенді етіп, әйел гормоны эстрогенді шығарады. Асқазан проблемалары бар адамдарға тағайындалады. Секреторлық безді белсендірудің арқасында асқазан сөлі бөлініп, тәбет жоғарылайды. Витамин тапшылығының алдын алады және ас қорыту жақсарады. Бұл бізге өз кезегінде дұрыс тамақтануға септігін тигізеді.

Кесте1- "Құлмақтың" тағамдық құндылығы мен химиялық құрамы.

Нутриент	Саны	Қалыпты мөлшері
Калория мөлшері	609 кКал	1684 кКал
Ақуыздар	18.6 г	76 г
Майлар	53.7 г	56 г
Көмірсулар	13 г	219 г
Диеталық талшық	7 г	20 г
Күл	3.7 г	-
Витамин		
А дәрумені	3 мкг	900 мкг
В4 дәрумені, холин	52,1 мг	500 мг
В9 дәрумені, фолий қышқылы	40 мкг	400 мкг
Е дәрумені, альфа-токоферол	24,6 мг	15 мг
РР дәрумені	6,2 мг	20 мг
Макроэлементтер		
Калий, K	748 мг	2500 мг
Кальций, Ca	273 мг	1000 мг
Магний, Mg	234 мг	400 мг
Натрий, Na	10 мг	1300 мг
Күкірт, S	178 мг	1000 мг
Фосфор, P	473 МГц	800 мг
Хлор, Cl	39 мг	2300 мг
Микроэлементтер		
Йод, I	2 мкг	150 мкг
Селен, Se	2.5 мкг	55 мкг
Фтор, F	91 мкг	4000 мкг

Кестеде 100 грамм өнімнің (калория, ақуыз, май, көмірсулар, дәрумендер мен минералдар) мөлшері көрсетілген. Осы мақалаға дайындалу барысында құлмақ шикізатының химиялық құрамына зерттеу жүргіздім.

Шикізаттың сыртқы түрі, түсі мен иісі органолептикалық түрде анықталады Қалыпты нормадағы құлмақ түсі ашық сары-жасылдан алтын-жасылға дейін. ГОСТ-32912 нормасы бойынша құлмаққа тән емес көгерген, сынған, шикі, түтінді, валериандық немесе басқа бөгде иістің болуына жол берілмейді.

Өнімнің күлділігін ГОСТ 10847-74 арқылы анықтадық. Ең алдымен 1, 3, 5 мм ситада тазалап, кейін ұнтақтадым. Фарфор ыдысына өлшеніп Муфильді пешке t-530 °С дейін қыздырып, 6-сағатқа күл түсі ақ немесе сәл сұр түске айналғанша қара бөлшектер толығымен жойылғанша қойдық. Эксикаторда салқындатылады және өлшенеді. Пипетка көмегімен 3-4 тамшы арнайы әзірленген ерітіндіні 3-4 тамшы тамызып, қайтадан муфильді пешке 3-сағатқа қалдырамыз. Суыған өнімді эксикаторға суытып, өлшеп күлділік массасын анықтадық.

Майды анықтау үшін фильтр қағазға шикізатты 2 граммнан бөліп саламыз. Кейін полуавтоматты экстракт аппаратындағы колбаға 50 мл диэтил эфирін құйып, үш пробамызды орналастырып 6-сағатқа қойып қойдым. Өшіріп, суытып алған соң бастапқы процесті қайталап қайтадан 3-сағатқа қойып, одан кейін бөлме температурасында ұстап, кейін кептіргіш шкафқа 2-сағатқа орналастырдым. Эксикаторға салып, салмағын өлшеп зерттеуді аяқтадым.

Құлмақ құрамында аспарагин қышқылы, глутамин қышқылы, треонин, тирозин, аланин, пролин, глицин, серин, аспарагин, гистидин, цистеин. Сондай-ақ, қымыздық, кәріптас, лимон, шарап, аскорбин қышқылы сияқты көптеген қышқылдар. Біздің ағзамызға қажетті дәрумендер В, РР, С, Н, токоферол, пектин және таниндер бар. Осылайша, қазіргі әлемде нан өнімдерін өндіруде қарапайым құлмақты қолдану бүгінгі күні өзекті болып табылады. [4]

Құлмақ негізінде дайындалған ашытқының артықщылықтары:

-құлмақ наны картоп ауруына төзімді;

-құлмақ нанында бөгде (ашытуға қатыспайтын) микроорганизмдер аз болады;

-наны жақсы дәм мен жағымды хош иіске ие;

-құлмақ наны ұзақ сақталады;

-құлмақ нанында құлмақ отварында болатын кейбір дәрілік компоненттер бар. Сонымен, құлмақ наны бұл ашытқы ашытудың қалыпты өнімі, дәмді, берік, пайдалы.

- ашытылған нан оңай сіңеді

- ашытқыларға қарағанда сүйектер мен тістердің жұмсаруын төмендетеді.[6]

Бұл мақаланы қорытындылай келе құлмақ шикізатының нан өндірісіндегі маңызы туралы таныстық. Құлмақ шикізатының химиялық құрамын зерттеу барысында оның көпке белгілі бауыр мен бүйрек проблемаларына, сондай-ақ жүрек-қан тамырлары ауруларына ем болып келетінін және құлмақ шикізатынан жасалған нанның адам ағзасына пайдасын білдік.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Иванщиков Юрий Васильевич1, Доброхотов Юрий Николаевич1, Васильев Александр Олегович1, Григорьев Алексей Олегович Подготовка Прессованного Хмеля К Преработке [Текст] / Иванщиков Юрий Васильевич1, Доброхотов Юрий Николаевич1, Васильев Александр Олегович1, Григорьев Алексей Олегович // Биологизация Земледелия - Основа Воспроизводства Плодородия Почвы. — 2018. — № . — С. 275-281.

2. Покшина Д. Ю., Петрова А. С. Влияние Дрожжей Хлебопекарных На организм человека [Текст] / Покшина Д. Ю., Петрова А. С. // Региональная Россия: история и современность. — 2021. — № . — С. 121-124.

3.Печенкина О.Н., Печенкина М.Е., руководитель - Гилязова Г. А Забытые старые традиции выпечки хлеба на основе шишек хмеля [Текст] / Печенкина О.Н., Печенкина М.Е., руководитель - Гилязова Г. А // Областная студенческая научно-техническая конференция «Молодежь. Наука. Технологии производства». — 2019. — № . — С. 32-35.

4. З.Р. Мударисова, А.Р. Нафикова Применение соплодий хмеля обыкновенного в хлебопечении [Текст] / З.Р. Мударисова, А.Р. Нафикова // Научные основы развития АПК: Сб. науч. тр. по материалам XXI Всерос. (нац.) научн.-практ. конф. студентов, аспирантов и молодых ученых с международным участием. — 2019. — № . — С. 231-233.

5.Биктагиров Б., ХЛЕБ НА ХМЕЛЕВОЙ ЗАКВАСКЕ [Текст] / Биктагиров Б., // Дни студенческой науки: сборник научных трудов международной студенческой конференции – Казань: Изд-во «Печать-сервис XXI век». — 2019. — № . — С. 440-441.

6.Печенкина О.Н., Печенкина М.Е., руководитель - Гилязова Г. А. Забытые старые традиции выпечки хлеба на основе шишек хмеля [Текст] / ПЕЧЕНКИНА О.Н., ПЕЧЕНКИНА М.Е., руководитель - Гилязова Г. А. // . — . — № . — С. 3.

7. Леонов А.Л. Польза и вред для здоровья человека хлебопекарных дрожжей [Текст]/ ЛЕОНОВ А.Л. // Сборник научных трудов по итогам международной научно-практической конференции. — 2016. — № . — С. 35-43.

РЕЗЮМЕ

В настоящее время дрожжи хмеля часто используются для приготовления бездрожжевого хлеба. В статье рассматривается изготовление дрожжей с использованием хмельного сырья, очень богатого бактерицидными веществами, препятствующими развитию посторонний микрофлоры.

Приведен химический состав хмельного сырья, польза хлеба приготовленного на основе хмеля, для организма человека

РЕЗЮМЕ

Currently, hop yeast is often used to make yeast-free bread. The article discusses the production of yeast using hop raw materials, very rich in bactericidal substances that prevent the development of extraneous microflora.

The chemical composition of hop raw materials, the benefits of bread made on the basis of hops for the human body are given.

ӘОЖ 637.3
Білім алушы: Жалғасбаева М.Т., студент
Ғылыми жетекші: Оразов А.Ж., аға оқытушы, т.ғ.к.
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ.

ЕШКІ СҮТІНЕН ГЛАЗУРЛЕНГЕН ЖИДЕКТІ ІРІМШІК ТЕХНОЛОГИЯСЫН ӘЗІРЛЕУ

ТҮЙІН

Мақалада ешкі сүтінің негізгі қасиеттері мен сипаттамалары және ешкі сүтінен нәтижелері көрсетілген. Ешкі сүтінің физикалық-химиялық, қасиеттері анықталды және глазурленген сүзбелі ірімшіктің рецептурасы жасалды. Ассорттиментті кеңейту мақсатында өнімге шие қосылды. Жаңа өнімнің тағамдық құндылығы есептелді. Зерттеу жұмысы ешкі сүтінен дайындалған өнімдердің ассортиментін кеңейту және әзірлеу мәселелеріне арналған. Зерттеу барысында ешкі сүтінің сүт өнімдеріне сезімталдылығы жоғары адамдарға пайдасы туралы жалпы заңдылықтары зерттелді.

Түйін сөздер: *сүзбелі ірімшік, ешкі сүті, лактоза, тағамдық құндылық.*

Ешкі сүті барлық басқа төлдердің сүтінің түрлеріне қарағанда пайдалы. Ол асқазанда жеңіл қорытылады, сонымен қатар ешкі сүтінде альфа-1s-казеин жоқ болғандықтан, ол гипоаллергенді болып саналады. Ешкі сүтінің құрамында бета-казеин сиыр сүтінен бірнеше есе көп, бұл оны құрамы бойынша ана сүтіне жақындатады. Ешкі сүтінде басқа сүттерге қарағанда кобальт 6 есе көп. Бұл витамин гемопоэзге жауап береді және

метаболизм процестерін бақылайды. Ешкі сүтінің сапасы сиыр сүтінен әлдеқайда жоғары, сапалы ақуыздары бар, басқа тағамдарға қарағанда пиакрин мен тиамин көп. Айта кетсек, тиамин тобының В дәрумені ең маңызды дәрумендеріне жатады. Жалпы, ешкі сүті көптеген дәрумендерге бай: А, В тобы (1, 2, 3, 6, 9 және 12), С, D, Е, Н, РР. Тиісінше, оны үнемі ішетіндер витаминдер кешенінің қажетті дозасына ие болады, бұл өз кезегінде бүкіл ағзаның жағдайына оң әсер етеді және авитаминозды жояды. Бұл өнімнің құрамындағы витаминдер суық тиюден, сондай-ақ аса ауыр аурулардан және медицинада емдік шаралардан кейін қалпына келтіруге көмектеседі [1].

Жаңа сауылған ешкі сүті бактерицидтік қасиетке ие. Оның құрамында сиыр сүтінде жоқ биологиялық белсенді заттар бар. Соның арқасында ешкі сүті ұзақ уақыт бойы балғын болып сақталады. Бөлме температурасында үш күн бойы қышқылданбайды, тоңазытқышта бір аптадан артық сақтауға мүмкіндік береді. Және де ешкі сүті косметология саласынада да үлкен қолданыс көзін тапты, ол түрлі маскалар мен тониктер дайындау үшін қолданылады [2].

Біздің зерттеуіміз дәстүрлі сиыр сүтінен дайындалған өнімдерді алмастыра алатын сүзбелі ірімшіктерді әзірлеуге бағытталған. Сүзбелі ірімшікті дайындау үшін шикізаттың перспективалы түрі-ешкі сүті таңдалып алынды Зерттеу жұмысының мақсаты ешкі сүтін пайдалана отырып рецептура негіздеу және сүзбелі ірімшіктің технологиясын жақсарту болып табылады, осыған орай келесідей міндеттер қойылды:

- сүт өндірісінде қолданылатын ешкі сүтінің ғылыми-өндірістік мүмкіндігін зерделеу, ғылыми ақпараттарға талдамалық шолулар жүргізу;
- ешкі сүтінен дайындалған өнімдерінің технологиялық параметрлері бойынша негізгі және қосалқы шикізатты таңдау және негіздеу;
- ешкі сүтінің негізгі физика-химиялық көрсеткіштерін зерттеу;

Зерттеу материалдары мен әдістері

Өнімді дайындау үшін шикізат ешкі сүті мен қосымша шикізат ретінде шие алынды. Осыған орай, зерттеу әдістемелерінің қолданылу мақсаты: ешкі сүтін пайдалана отырып дайындалған жидекті сүзбелі ірімшіктің технологиясын дайындау және дайын өнімнің сапалық және қауіпсіздік қасиеттерін, органолептикалық, физико-химиялық, көрсеткіштерін зерттеу.

Зерттеу әдістемелері: ГОСТ- 31453-2013 «Сүзбенің техникалық шарттары» және ГОСТ- 32147-2013 «Жеміс-жидек десерттері» мамлекетаралық стандартында қойылатын техникалық талаптар мен зерттеу әдіс стандартарына сәйкес анықталады. Органолептикалық зерттеу дегеніміз ол өнім сапасына баға беру деген мағына береді. Өнімнің сыртқы түрі, дәмі, түсі, иісі, консистенциясын анықтау. Тұтыну немесе порциялық шағын қаптамадағы сүт және сүт өнімдері үшін белгілі бір қаптама мөлшерін алады. Сынамаларды бағалау алдында қаптамасында жазылған стандартқа сәйкес көрсетілген сақтау температурасында сақталады.

Зерттеу нәтижелері

Ешкі сүті негізінде дайындалған сүзбелі ірімшіктің құрамына қосалқы шикізаттар қосылды. Шие жидегін қосу арқылы ассортиментті кеңейту мақсаты орындалды. Сүзбелі ірімшікке қажетті ингриденттер мөлшері анықталды. Ешкі сүтінен глазурленген жидекті ірімшікке қажетті өнімдер мөлшері 1-кестеде көрсетілген:

Кесте 1 - Ешкі сүтінен глазурьленген жидекті ірімшіктің құрамындағы ауыр металдардың мөлшері

Қажетті ингриденттер	Мөлшері г/мл
Ешкі сүзбесі	350,0
Ванилин	15,0
Қант ұнтағы	100,0
Сары май	70,0

Шие	30,0
Шоколад	450,0
Күнбағыс майы	30,0
«Гуарлы камедь» стабилизаторы	2,0

Ірімшік дайындау технологиясы өндіріс үшін оңтайландырылған. Әр технологиялық процесстің бірізді орындалу үшін қажетті процесстер алгоритмі жасалды. Шикізаттарды өңдеу режимдері төменгі температурада өткізіледі. Дайындалу технологиясына қажетті процесстер мен процесстердің жүргізілу температурасы 1-сызбада келтірілген.



Сызба 1. Ешкі сүтінен глазурленген жидекті ірімшіктің технологиялық сызбасы

Өнімді дайындау технологиясы. Ең алдымен 15%-дық 350 г. сүзбе массасы дайындалады, оған 15г. ванилин қосып жақсы араластырамыз. Жақсы араласқан біртекті массаға 100 г. қант ұнтағы мен 70 г. ерітілген сары май салынады. Шикізаттарды қосып, сүзбелі масса дайындау процессі 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1. Сүзбе массасын дайындау процессі

Жидекті массаны әзірлеу үшін 30 г. шиеге 20 г. қант ұнтағы мен 2 г. тұрақтандырғыш қосамыз. Дайын болғанда жидекті массамызды сүзбе массасына қосып 4-5 минут араластырамыз. Бұл процесстер 2 суреттен көруге болады. Екі масса бір-бірімен жақсы араласып болғанда қалыптарға салып қатырамыз.

Сурет 2. Шие мен сүзбе массасын қосу технологиялық процессі

Дайын сүзбе ірімшіктерін глазурьге батырамыз, яғни 450 г. шоколадқа 3 ас қасық сұйық май қосып глазурімізді әзірлейміз. Әзірленген глазурге ірімшігімізді салып глазурлеу 3-суретте көрсетілгендей жүргізілді.

Сурет 3. Глазурь дайындау және глазурьлеу процессі

Дайын өнімі 4–суретте көрсетілген. Өнімді тоңазытқышта 8°С аспайтын температурада сақтаймыз. Сүзбелі ірімшіктің қаптамасы дайндалды. Қаптамада өнімінің тағамдық қасиеттері көрсетілген.

Сурет 4. Дайын өнім және оның қаптамасы.

Органолептикалық көрсеткіштер бойынша зерттеу нәтижелері ешкі сүтінен глазурьленген жидекті ірімшіктің органолептикалық көрсеткіштері ГОСТ-32147-2013

«Жеміс-жидек десерттері» мемлекетаралық стандарт талаптарына сай келетіндігі 2-кестеде көрсеттілді. Жұмыстану барысында өнімнің дәмі, иісі, консистенциясы мен сыртқы түрі толықтай берілген нормаларды қанағаттандырды.

Кесте 2 - Ешкі сүтінен глазурленген жидекті ірімшіктің органолептикалық көрсеткіштері

Органолептикалық көрсеткіштері	ГОСТ-32147-2013 бойынша	Зерттеу нәтижелері	Ескертпе
Сыртқы түрі мен консистенциясы	Біркелкі бөлінген немесе туралған жемістермен араласқан формалы масса	Жеміс түйіршіктері араласқан формалы масса	Сәйкес
Дәмі мен иісі	Пішінін сақтамаған жемістер мен компоненттерге табиғи, тән қоспалар дәмі мен иісі	Шие, ванилиннің және сүзбенің араласқан тәтті-қышқыл дәмі, иісі табиғи компоненттерге сай	Сәйкес
Түсі	Десертті дайындау кезінде қосылған компоненттерге тән түс	Ашық қызғылт түсті	Сәйкес

Физика-химиялық көрсеткіштерді зерттеу нәтижелері ешкі сүтінен глазурьленген жидекті ірімшіктің физика- химиялық көрсеткіштері ГОСТ-32147-2013 «Жеміс-жидек десерттері» мемлекетаралық стандарт талаптарына сай болуы тиіс (3-кесте). Жұмыстану барысында өніміндегі май мен ақуыздың массалық үлесі, қышқылдылық көрсеткіштері, лактоза мөлшері және қату температурасы берілген нормаларға нақты сәйкес екендігіне көз жеткізілді.

Кесте 3 - Ешкі сүтінен глазурленген жидекті ірімшіктің физика-химиялық көрсеткіштері

Физика-химиялық көрсеткіштері	ГОСТ-32147-2013 бойынша	Зерттеу нәтижелері	Ескертпе
Майдың массалық үлесі, %, кем емес	5,0	7,3	Сәйкес
Қышқылдық, °Т, жоғары емес	21,0	20,1	Сәйкес
Лактоза, %, кем емес	2,8	3,1	Сәйкес
Қату температурасы, °С	4±2	4±2	Сәйкес
Ақуыздың массалық үлесі, %, кем емес	14,0	15,6	Сәйкес

Ауыр металдар (мыс, мырыш, темір, қорғасын) жануарлардың денесіне жеммен (өсімдіктерден) және сумен, сондай-ақ сиырлар және басқа жануарлар жайылымда бояулар мен түрлі элементтерді жалап алған кезде енеді. Ауыр металл қосылыстары сүтке сүт өндірісінде қолданылатын жабдықтар мен құрылғылардан енуі де мүмкін. Сауудың механикаландыру, тот баспайтын болаттан жасалған жабдықты пайдалану, сүттің қоршаған ортамен тікелей байланысын жою ауыр металдардың ең қауіпті көзі өсімдік тектес жем болып табылады. Ауыр металдар бойынша жүргізілген зерттеу нәтижиесі 4-кестеге түсірілген.

Кесте 4 - Ешкі сүтінен глазурьленген жидекті ірімшіктің құрамындағы ауыр металдардың мөлшері

Ауыр металдар	НТД сәйкес (аспауы қажет)	Мөлшері мг/кг
Қорғасын(Pb)	0,3	0,014
Кадмий(Cd)	0,1	0,002

Марганец(Mn)	0,2	0,034
Темір(Fe)	0,07	0,049
Хром(Cr)	0,3	0,029
Мыс(Cu)	0,8	0,592
Цинк(Zn)	2,5	1,952

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында дайын өнімнің қауіпсіздік және сапа көрсеткіштері анықталынды. Яғни, ешкі сүтінен глазурленген жидекті ірімшіктің органолептикалық, физика-химиялық, көрсеткіштеріне талдау жұмыстары жүргізілді және де бекітілген нормалар мен талаптарға сәйкестігі дәлелденді. Дайын өнімнің органолептикалық, физика-химиялық көрсеткіштерін анықтау барысында дәмі, иісі, сыртқа түрі мен консистенциясы, өнімнің құрамындағы майдың, ақуыздың, лактозаның және де қышқылдылықтың мөлшерін анықтау үшін зерттеу жұмыстары жүргізілді. Әрбір өнім сұранысқа ие болу үшін оның өзіндік құны да сәйкес болу керек. Соған байланысты өзіндік құны есептеліп, тұтынушыларға қолжетімді бағада ұсынылды.

Ешкі сүтінен жаңа өнім жасау қазіргі уақытта өзекті болып табылады өйткені бұл дұрыс тамақтануға қадам.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Карнаухова И. В., Ширяева О. Ю. Качественный состав и свойства молока зааненской породы коз //Известия Оренбургского государственного аграрного университета. – 2016. – №. 5 (61). 164 б

2. Вобликова Т. В., Буеракова Д. Ю. Козье молоко потенциальный источник сыропригодного сырья //Научные труды SWorld. – 2012. – Т. 10. – №. 4. 3 б.

3. Становая А. М. Творожный глазированный сырок «Настасья» //Смотр-конкурс научных, конструкторских и технологических работ студентов Волгоградского государственного технического университета. – 2017. 79 б.

4. Спирина Т. В., Матушкина Е. В. Оценка качества глазированных сырков, реализуемых в розничной торговой сети г. Екатеринбурга //Аграрное образование и наука. – 2015. 9 б.

5. Толокнова М. Р., Неупокоева А. А., Ленивкина И. А. Квалиметрическая оценка уровня качества глазированных сырков с вареной сгущенкой //Проблемы биологии и биотехнологии. – 2017. 102 б.

6. Яшкова Н. В. и др. Обеспечение продовольственной безопасности за счет рынка молочной продукции //Московский экономический журнал. – 2021. – №. 6. 444 б.

7. Менялкина А. С., Скачков Д. А. Творожные глазированные сырки //Смотр-конкурс научных, конструкторских и технологических работ студентов Волгоградского государственного технического университета. – 2018. 288 б.

8. Ситникова А. М., Короткова А. А. Стабилизация консистенции творожных глазированных сырков //инновации в пищевой биотехнологии. – 2019. 379 б.

9. Становая А. М., Короткова А. А. Улучшение органолептических и функциональных свойств сырков творожных глазированных //Пищевая индустрия. – 2018. – №. 4 (38). 16 б.

10. Кондратюк а. В. И др. Критерии выбора глазированных сырков молодежью //Молодежь и наука: шаг к успеху. – 2021. 288 б.

РЕЗЮМЕ

Возникла идея приготовить творог из козьего молока, а не из коровьего. Это связано с тем, что козье молоко вызывает аллергические реакции реже, чем коровье. Это связано с тем, что в нем содержится примерно на 10% меньше лактозы, чем в корове, а также в нем отсутствует один из основных аллергенов - белок альфаС1 – казеин. На практике по рецепту готовили сыр творог, глазированный из козьего молока. Результаты исследования соответствуют требованиям нормативных документов творога.

RESUME

There was an idea to make cottage cheese from goat's milk, and not from cow's milk. This is due to the fact that goat's milk causes allergic reactions less often than cow's milk. This is due to

the fact that it contains about 10% less lactose than in a cow, and it also lacks one of the main allergens - the protein alphaS1 – casein. In practice, cottage cheese glazed with goat's milk was prepared according to the recipe. The results of the study comply with the requirements of the regulatory documents of cottage cheese.

Мазмұны📖Содержание

ВЕТЕРИНАРИЯ, МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ ТЕНДЕНЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ ВЕТЕРИНАРИИ, ЖИВОТНОВОДСТВА И ЭКОЛОГИИ

Тасқараева Г., Ищанова А.С.
ПАСТЕРЕЛЛЕЗ АУРУЫНЫҢ ЭТИОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ **5**
Абилкайрова Г.С., Абуғалиев С.Қ.
СИММЕНТАЛ ТҰҚЫМДЫ СИЫРЛАРДЫҢ АСЫЛТҰҚЫМДЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ МЕН ӨНІМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ.....**8**
Агишева Э.Р., Кужебаева У.Ж.
ІРІ ҚАРА МАЛДЫҢ МАСТИТ АУРУЫНА ТӨЗІМДІЛІГІ **13**
Алдешова Ж.Б., Әбілов Б.А., Ахметалиева А.Б.
ҚАЗАҚТЫҢ АҚБАС ТҰҚЫМЫ ТӨЛДЕРІНІҢ ӨСІП-ЖЕТІЛУІ **18**
Альпейсова Н., Губашева Б.Е.
АТМОСФЕРАДАҒЫ ЛАСТАУШЫ ЗАТТАРДЫҢ КОНЦЕНТРАЦИЯСЫНЫҢ ЖЕЛ ЖЫЛДАМДЫҒЫНА, АУА ТЕМПЕРАТУРАСЫНА ТӘУЕЛДІЛІГІ.....**22**
Бексултан А.Е., Гинаятов Н.С.
ТҰЙЫҚ СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚОНДЫРҒЫЛАРЫ ЖАҒДАЙЫНДА ӨСІРІЛЕТІН БЕКІРЕ БАЛЫҚТАРЫНЫҢ УЛАНУЫН АЛДЫН АЛУ ҮШІН АЙНАЛМАЛЫ СУДЫҢ ГИДРОХИМИЯЛЫҚ ТЕПЕ-ТЕҢДІГІН АНЫҚТАУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ **27**
Жаксыбаева А.А., Көптілеуова Н.Б., Абекешев Н.Т.
ТҮЙЕ ҚҰМЫРЫНА ҚАРСЫ ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚОСПАНЫҢ ЭКСТЕНСТИІМДІЛІГІН АНЫҚТАУ.....**32**
Жеткерген А., Габдуллина А.Т.
КЛАРИЙ ЖАЙЫНДАРЫНЫҢ (CLARIAS GARIEPINUS) ДЕРНӘСІЛДЕРІН ЖАСАНДЫ ОРТАДА ӨСІРУ.....**36**
Курбангалыева А.М., Ахметалиева А.Б.
ӘУЛИЕКӨЛ ТҰҚЫМЫ ТӨЛДЕРІНІҢ ӨСУ, ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ **41**
Қырықбаева А., Нургалиев Б. Е.
ОРАЛ-КӨШІМ СУАРУ-СУЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНЕН АЛЫНҒАН БАЛЫҚТАРДЫ СЕЗІМДІК ЖӘНЕ ИНВАЗИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ **46**
Малик М.Н., Аккереева Э.К.
ЖАЙЫҚ ӨЗЕНІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ.....**51**
Рамазанов О.У., Ахметалиева А.Б.
ҚАЗАҚТЫҢ АҚБАС ТҰҚЫМЫНЫҢ ТӨЛДЕРІНІҢ ӨНІМДІЛІК ҚАСИЕТТЕРІНЕ АҚУЫЗ-ВИТАМИНДІ-МИНЕРАЛДЫ КОСПАСЫНЫҢ ӘСЕРІ.....**56**
Сатыбаев Б.Г., Каиргалиева Г.З.
ОРГАНИКАЛЫҚ АРА ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘЛЕМ МЕН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БОЛАШАҒЫ **60**
Талғат А.Т., Айсабаева А.Т., Ертлеуова Б.О.

ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫНЫҢ МЕДИАНДЫ ЛАПАРОТОМИЯЛЫҚ ТІЛІГІН ЖАБУ ӘДІСТЕРІН САЛЫСТЫРМАЛЫ БАҒАЛАУ.....**65**
Төлегенов Н. С., Кереев А.К.
МЫСЫҚТАРДАҒЫ КЕСАРЬ ТІЛІГІ КЕЗІНДЕ ӘРТҮРЛІ ЖАНСЫЗДАНДЫРУ ТӘСІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТИІМДІЛІГІ.....**71**
Уразова Г.М., Бейшова И.С.
МИКРОСАТЕЛЛИТТІ МАРКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ЕДІЛБАЙ ҚОЙ ТҰҚЫМЫНЫҢ ГЕНЕТИКАЛЫҚ ПОЛИМОРФИЗМІ.....76
Утегалиева М.Б., Кереев А.К.
ЖАНУАРЛАР ЖАРАЛАРЫНДАҒЫ МИКРОФЛОРАНЫ ЖӘНЕ ПРОПОЛИСТІҢ ОЛАРҒА ҚАРСЫ АНТИБАКТЕРИАЛЬДЫҚ ҚАСИЕТІН ЗЕРТТЕУ.....**81**
Джуматаева К.К., Джуланов М.Н.
ИСКУССТВЕННОЕ ОСЕМЕНЕНИЕ КОРОВ С ПРИМЕНЕНИЕМ РАЗЛИЧНЫХ СХЕМ СИНХРОНИЗАЦИИ ПОЛОВОЙ ОХОТЫ.....**86**
Жалғасбаева Ә.М., Кереев А.К.
ИССЛЕДОВАНИЕ МОРФОЛОГИЧЕСКИХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ КРОВИ ПРИ СТРЕССЕ У ЯГНЯТ ПОСЛЕ ОТЬЕМА ОТ ОВЦЕМАТОК **90**
Касанова Ж.Е., Ульянов В.А.
ЛАБОРАТОРНЫЕ МЕТОДЫ, ИСПОЛЬЗУЕМЫЕ ДЛЯ ДИАГНОСТИКИ БРУЦЕЛЛЕЗА И ИХ ЭФФЕКТИВНОСТЬ.....**95**
Кузьмин С.И., Насамбаев Е.Г.
ВОСПРОИЗВОДИТЕЛЬНАЯ СПОСОБНОСТЬ БЫЧКОВ КАЗАХСКОЙ БЕЛОГОЛОВОЙ ПОРОДЫ РАЗНЫХ ЗАВОДСКИХ ЛИНИЙ.....**100**
Марат М.Б., Душаева Л.Ж.
ИЗУЧЕНИЕ ТОКСИКОЛОГИЧЕСКИХ И АЛЛЕРГИЧЕСКИХ СВОЙСТВ АНТИСЕПТИКОВ ПРИРОДНОГО, НЕХИМИЧЕСКОГО ПРОИСХОЖДЕНИЯ.....**103**
Boysinova N.B., Abdurakhmanova N.S., Ibragimov F.M., Kholmuminov F.U., Ibragimov F.B.
BIOLOGICALLY ACTIVE FEED ADDITIVES IN POULTRY AND VETERINARY AND SANITARY EVALUATION OF BROILER MEAT.....**110**
Сахацкая А.И., Насамбаев Е.Г.
ПЛЕМЕННЫЕ И ПРОДУКТИВНЫЕ КАЧЕСТВА КОРОВ КАЗАХСКОЙ БЕЛОГОЛОВОЙ И АБЕРДИН-АНГУССКОЙ ПОРОД.....**117**
Сёмкина Д.Р., Тайгузин Р.Ш.
АНАТОМО-ТОПОГРАФИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ВНУТРИОРГАННОГО ЛИМФАТИЧЕСКОГО РУСЛА ЛЕГКИХ У КОЗ **121**
Терешкин Ш.Р., Нуржанова Ф. Х.
ЗАРАЖЕННОСТЬ ТОВАРНОЙ РЫБЫ ЛИЧИНКАМИ НЕМАТОДЫ ANISAKIDAE.....**126**
Черняева С.А., Насамбаев Е.Г.
ГЕНЕТИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА МОЛОДНЯКА ГЕРЕФОРДСКОЙ ПОРОДЫ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ МИКРОСАТЕЛЛИТНЫХ МАРКЕРОВ ДНК.....**130**
Шанбаева А.К., Тусупов С.Д.
ОСОБЕННОСТИ СОВРЕМЕННЫХ МЕТОДОВ ДИАГНОСТИКИ ГЕПАТОЗА БРОЙЛЕРОВ В ТОО “ПРИИРТЫШСКАЯ БРОЙЛЕРНАЯ ПТИЦЕФАБРИКА”.....**135**
Шолох К.Ю., Кармалиев Р. С.
ИНВАЗИРОВАННОСТЬ ОВЕЦ ГЕЛЬМИНТАМИ В АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ.....**140**

АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ, АГРОНОМИЯ ЖӘНЕ ЖЕР РЕСУРСТАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПРОДОВОЛЬСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ,

АГРОНОМИИ И ЗЕМЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ

Дукеева А.К., Насиев Б.Н.
ЗАВИСИМОСТЬ УРОЖАЙНОСТИ И МАСЛИЧНОСТИ ПОДСОЛНЕЧНИКА ОТ РЕЖИМОВ МИНЕРАЛЬНОГО ПИТАНИЯ.....**143**
Аюпнабиева А.Б., Мақсот А.Б., Оразов А.Ж.
СҮТ ӨНЕРКӘСІБІНДЕГІ САПА ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕСІНІҢ МАҢЫЗЫ.....**146**
Бисенова Л., Рахимгалиева С.Ж.
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ КАЗТАЛОВ АУДАНЫ БОЛАШАҚ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ТОПЫРАҚ ЖАМЫЛҒЫСЫ ҚҰРЫЛЫМЫН БОНИТЕТТІК БАҒАЛАУ.....**150**
Ғаділбекова Г.Қ., Умирзакова Г.А.
БҚО ПЕРСПЕКТИВТІ ОТАНДЫҚ ҚАТТЫ БИДАЙ СҰРЫПТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....**155**
Гайнетдинова М. Ж., Шектыбаева Г.Х., Тулегенова Д. К.
БАТЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚУАҢШЫЛЫҚ АЙМАҒЫНДА НОҚАТ СОРТТАРЫНЫҢ ӨНІМДІЛІГІ МЕН ҚҰНДЫЛЫҒЫ.....**159**
Есенғалиева Ш.С., Утегалиева Н.Х.
БҚО БОЙЫНША ЖЕР РЕСУРСТАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ.....**163**
Айтжанов Б.Б., Сакиева З.Ж.
ТАҒАМ ҚАУІПСІЗДІГІ: ТАҒАМДЫҚ ҚОСПАЛАР ҮШІН ЖАҢА ҚР СТ ОІС/SMIIC 24-2022 ХАЛАЛ СТАНДАРТЫН НЕГІЗДЕУ.....**169**
Кайнушева Д.Р., Оңаев М.Қ.
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ЖАЙЫЛЫМДАРЫН СУЛАНДЫРУ IRRIGATION OF PASTURES OF WEST KAZAKHSTAN REGION **174**
Кайркулова А. С., Байбатыров Т. А.
ӨСІМДІК НЕГІЗІНДЕГІ АҚУЫЗ КОМПОНЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ҚҰС ЕТІНЕН ПАШТЕТ ДАЙЫНДАУ **180**
Тлюжанова А., Тлекқабыл М., Суханбердина Л. Х., Тулегенова Д. К.
КҮЗДІК ТРИТИКАЛЕНІҢ КОЛЛЕКЦИЯЛЫҚ ҮЛГІЛЕРІН БАҒАЛАУ **185**
Patsera N., Verbytskyi S.
STUDY OF THE AMINO ACID COMPOSITION OF POULTRY COMBS AS A NON-TRADITIONAL FOOD RAW MATERIAL.....**190**
Кокабаева Н.А., Хасимова А.А., Асангалиева Ж.Р.
БАЛАЛАР ТАҒАМЫНА АРНАЛҒАН ЕТ- КӨКӨНІС КОНСЕРВІЛЕРІН ӨНДІРУ АССОРТИМЕНТІН КЕҢЕЙТУ.....**194**
Әлеукенова А., Рахимгалиева С.Ж.
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРҒАҚ ДАЛА АЙМАҒЫНЫҢ ҚАРА ҚОҢЫР ТОПЫРАҚТАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ **198**
Тулегенова Б.М., Амангелдіқызы З.
ҮЙ ЖАҒДАЙДА ЖЕМІС ДАҚЫЛДАРЫНЫҢ ТҰҚЫМДАРЫНАН ӨНІМ АЛУ.....**202**
Суншалиева А.С., Есмагулова Б.Ж.
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ЛАНДШАФТАРЫНДАҒЫ БҮЛІНУ ДЕҢГЕЙЛІГІН ГАЖ БАҒДАРЛАМАСЫНДА АНЫҚТАУ.....**208**
Мұратов Ә.С., Жұмаева А.Қ.
КЛАССИКАЛЫҚ «ТАР-ТАР» ТҰЗДЫҒЫНЫҢ ДАЙЫНДАЛУЫ МЕН ҚОЛДАНЫЛУЫ..... **216**
Сембаева А., Калиева Л.Т.
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАЗДЫҚ БИДАЙ ЕГІСІНДЕ ГЕРБИЦИДТЕРДІ ҚОЛДАНУ **220**
Бітімова Д.А., Ғабділкәкім Ә.Б., Жолмұқанова А.Ж., Тасанова Ж.Б.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖЕР КАДАСТРЫНЫҢ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖЕР РЕСУРСТАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ МАҢЫЗЫ **225**
Ералы Д.Ғ., Оразов А.Ж.
ЕДІЛБАЙ ТҰҚЫМДЫ ҚОЙЛАРДЫҢ ЕТТІ-МАЙЛЫ ӨНІМДІЛІГІ ЖӘНЕ ТАҒАМ ӨНДІРІСІНДЕ ҚОЛДАНУ НЕГІЗДЕМЕСІ..... **230**
Амантай А.Қ., Умирзакова Г.А.
БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ШИКІЗАТТЫ ҚАНТТЫ ПЕЧЕНЬЕГЕ ҚОЛДАНУ..... **233**
Курмангалиева А.Н., Оңаев М.Қ.,
РАСПРЕДЕЛЕНИЕ ПЛОЩАДЕЙ ЛИМАНОВ УРАЛО-КУШУМСКОЙ ОРОСИТЕЛЬНО-ОБВОДНИТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЫ..... **236**
Бекбусинова А.О., Умирзакова Г.А.
ВОЗМОЖНОСТИ ПРИМЕНЕНИЕ ПРОРОСШЕЕ ЗЕРНО В ПРОИЗВОДСТВЕ ПРОДУКТОВ ПИТАНИЯ..... **243**
Сатаева А.Ж., Калиева Л.Т.,
ЖАЗДЫҚ БИДАЙ ТҰҚЫМЫН ОЗОНДАУ..... **247**
Зайдуллина А.С., Нұғманов Қ.С., Оразов А.Ж.
ҚҰС ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ҚҰС ӨНІМДЕРІНІҢ АДАМ ТАМАҚТАНУЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ **252**
Жумашова Д.А., Байбатыров Т.А.
АЛМА КҮНЖАРАСЫН КОНДИТЕРЛІК ӨНІМДЕРДІ ӨНДІРУДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ **256**
Дарханқызы А., Рахимгалиева С.Ж.
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ЖАҢАҚАЛА АУДАНЫ ҚЫЗЫЛОБА АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ТОПЫРАҒЫНЫҢ ФИЗИКА-ХИМИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ..... **263**
Баяшева Ж.Н., Жұмаева А.Қ.
ЖЕРГІЛІКТІ ҚАРА ҚАРАҚАТТАН АЛЫНҒАН ҚЫШҚЫЛ-ТӘТТІ ТҰЗДЫҒЫНЫҢ ЖАСАЛУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ..... **266**
Максутова Н.Б., Жұмаева А.Қ.
БИДАЙ ҰРЫҒЫНЫҢ ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ПАЙДАСЫ..... **270**
Мугалова А., Рахимгалиева С.Ж.
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ЖАҢҒАЛА АУДАНЫ ҚЫЗЫЛОБА АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ТҰЗДЫҚ СІҢІРУ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ТҰЗ РЕЖИМІ **274**
Қазжанова М.Ж., Оразов А.Ж.
ЕМДІК ТАМАҚТАНУДА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН КҮРІШ ПЕН ҚАРАҚҰМЫҚТЫҢ САПА КӨРСЕТКІШТЕРІ..... **278**
Даулетқұл М.Е., Тұңғышбаева З.Б.
ТОЗҒАН ТОПЫРАҚТЫ ФЕРМЕНТТЕР КӨМЕГІМЕН НЫҒАЙТУ ЖӘНЕ БЕРІКТІГІН АРТТЫРУ..... **283**
Богдашкина А.А., Русинов А.В.
РАЗРАБОТКА ТЕХНОЛОГИИ КОНДИТЕРСКИХ ИЗДЕЛИЙ С ДОБАВЛЕНИЕМ МИКРОВОДОРОСЛИ SPIRULINA PLATENSIS..... **288**
Zhanataev B.T., Tungushbaeva Z.B.
THE ROLE OF SPOROSARCINA PASTEURII IN CHANGING SAND PARAMETERS AS A FUNCTION OF TEMPERATURE AND RESISTANCE TO WIND EROSION..... **292**
Маметов З.Т., Кекибаева А. К.
ҚАРАҚҰМЫҚ УЫТЫ НЕГІЗІНДЕ КВАС СУСЫНЫН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ САПА КӨРСЕКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУ..... **296**
Симанчук Е.А., Купряинов А.Н.

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ ТЕМІР РУДАСЫ КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ҮЙІНДІЛЕРІНДЕ ӨСІМДІК ЖАМЫЛҒЫСЫНЫҢ ТҮЗІЛУІН ЗЕРТТЕУ.....**301**
Смангали А., Нургожина Ж.К.
ҚАРА БИДАЙ НАНЫ ТЕХНОЛОГИЯСЫНДА ЗЫҒЫР ДӘНІН ҚОЛДАНУ **306**
Шаграева А.К., Атыханова М.Б.
ФУНКЦИОНАЛДЫ МАҚСАТТАҒЫ ӨНІМДЕРДІҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ **310**
Масимова М.Ф., Асқарбеков Э.Б.
БАЛ МЕН ЗІМБІР НЕГІЗІНДЕГІ АЛКОГОЛЬСІЗ СУСЫННЫҢ РЕЦЕПТУРАСЫН ӘЗІРЛЕУ.....**313**
Досмағанбетова Ш., Қалабаев Е., Тасанова Ж.Б.
АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЖЕРЛЕРІНДЕ ЖАСАЛАТЫН МЕЛИОРАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАР.....**316**
Саганаев М.К., Турақова Г.Қ., Тасанова Ж.Б.
ЖЕР КАДАСТРЫ: ЖЕР РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ҚҰРАЛЫ.....**321**
Испусинова Д., Қәдір Д., Ожанов Г.С.
ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫН ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ САЙ ҰЙЫМДАСТЫРУ.....**324**
Болат Б.Б., Жұмаева А.Қ.
ҚҰЛМАҚ ШИКІЗАТЫНЫҢ НАН ӨНДІРІСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ.....**329**
Жалғасбаева М.Т., Оразов А.Ж.
ЕШКІ СҮТІНЕН ГЛАЗУРЛЕНГЕН ЖИДЕКТІ ІРІМШІК ТЕХНОЛОГИЯСЫН ӘЗІРЛЕУ.....**333**

«ҒЫЛЫМҒА ЖОЛ – 2023» атты
білім алушыларға арналған
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
2023 жылдың 12 сәуірі
I том

***

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
Международной научно-практической конференции
обучающихся **«ПУТЬ В НАУКУ – 2023!»**
12 апреля 2023 года
Том I

***

COLLECTED PAPERS
Of the International Scientific-Practical Conference
of students **"THE PATH TO SCIENCE – 2023"**
12th of April, 2023
Tom I

Авторлар ұсынған түпнұсқалар сапасына
толық сәйкестікте басылды

“Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық
университеті” КеАҚ Жарнама-баспа орталығы

Форматы 60 х 84 1/8 Офсетті қағаз 80 м/г
Көлемі 43 б.б.
12.04.2023 ж. басуға қол қойылды.
090009 Орал қ., Жәңгір хан көшесі, 51